

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘӨЖ 37.016:81'342.622.512.1

Қолжазба құқығында

КӨПБОСЫНОВ БЕКЖАН КӨМЕКБАЙҰЛЫ

Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығы

8D02310 – «Филология» Білім беру бағдарламасы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған
Диссертация

Ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., проф. С.Р. Боранбаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., проф. К.С. Саматов

Шымкент, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ	6
1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ: ТЕОРИЯСЫ, ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	12
1.1 Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі.....	12
1.2 Қазақ фонетикасының мәселелері: сингармонизм және сөздік екпін.....	25
1.3 Сингармонизм бірліктердің анықтамасы мен модельдері.....	35
1.4 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі және үндесімі.....	49
1-тарау бойынша тұжырым.....	59
2 ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ: ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ҮНДЕСІМІ.....	61
2.1 Түркі тілдеріндегі үндесімнің зерттелуі.....	61
2.2 Түркі тілдеріндегі дауыстылардың езу және ерін үндесімі.....	71
2.3 Түркі тілдеріндегі дауыссыздардың үндесімі.....	93
2-тарау бойынша тұжырым.....	120
3 ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ДИАЛЕКТІЛЕРІ МЕН СӨЙЛЕНІСТЕРІНДЕГІ ҮНДЕСІМ.....	122
3.1 Дауыстылардың езу және ерін үндесімдерінің пайда болуы.....	122
3.2 Жазба ескерткіштердегі үндесімнің ерекшеліктері.....	127
3.3 Қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесімнің ерекшеліктері.....	134
3-тарау бойынша тұжырым.....	149
ҚОРЫТЫНДЫ.....	151
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	156

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттар негізге алынды:

1. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014/links>
2. 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2021 жылғы арналған жол картасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 50 қаулысы.
4. 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Ұлттық жоспары және «Мәдени мұра» – Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығымен.
5. «Халық тарих толқынында» – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысы.
6. «Рухани жаңғыру» – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 167-өкімі. Қоса беріліп отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022 – 2024 жылдарға арналған жол картасы.
7. «Ұлы даланың жеті қыры» – «QazExpoCongress» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2015 – 2024 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.
8. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 8 қыркүйек 2025 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Сингармофонема – бұл бір дыбыстық бірліктің (фонеманың) бірнеше үйлесімді, гармондық түрде өзгертін түрлері, яғни дыбыстық вариациялары.

Аллофон – бір дыбыстың айтылуындағы ауытқу, басқаша айтқанда, фонеманың жүзеге асырылуы, оның айналасындағы нақты фонетикалық жағдайға негізделген нұсқасы. Аллофонды фонеманың сөйлеу үстінде кездесетін әртүрлі реңктері, фонеманың варианты десек те болады.

Аллосингармофонема – бұл бір фонеманың әртүрлі дыбыстық нұсқалары (аллосы), яғни фонеманың бір-бірінен дыбыстық тұрғыда аз ерекшеленетін түрлері, бірақ сөздің мағынасына әсер етпейді.

Сингема – тіл білімінде мағына бірлігін сақтай отырып, сөз немесе морфема деңгейінде дыбыстық бірлікті білдіретін ең кіші бірлік.

Аллосингема – бұл бір сингеманың әртүрлі нұсқалары, яғни мағына бірлігін сақтай отырып, дыбыстық немесе формалық тұрғыдан өзгертін түрлері.

Сингармофонологиялық бағыт – тілдегі дыбыстардың (фонемалардың) сингармофонема және аллосингармофонема деңгейінде зерттелуін басым етіп қарастыратын фонологиялық бағыт.

Дыбыстық жүйе – тілдегі дыбыстардың (фонемалардың) белгілі бір заңдылықпен өзара байланысып, сөздер мен мағыналарды қалыптастыратын жүйесі.

Дәстүрлі фонема – тіл білімінде фонетика мен фонологияда қолданылатын негізгі дыбыстық бірлік, яғни сөздің мағынасын өзгертетін ең кіші дыбыс бірлігі.

Фонетикалық құрылым – тілдегі дыбыстардың (фонемалардың) нақты айтылу формасы мен олардың өзара байланысы.

Субстрат – бұл тіл ауысқан кезде немесе жаңа тіл үстем болған кезде бұрынғы тілдің қалдықтары, ықпалы, яғни бастапқы тілдің әсері жаңа тілде сақталады.

Адстрат – бұл екі тілдің өзара жақын тұрғыда қарым-қатынасы кезінде бір-біріне әсер етуі, яғни бір тілдің екінші тілге ықпалы, бірақ тілдік үстемдік жоқ.

Сингармонизмнің просодикалық қызметі – сөздегі дыбыстардың үйлесімін реттеп, сөздің ырғағы, екпіні және дыбыстық бірлігі сақталуына көмектесу.

Агглютинация – тіл білімінде морфемалардың (негізгі сөздің + жұрнақтардың) анық әрі ажыратылатын біртіндеп қосылу жүйесі, яғни әр морфема өз мағынасы мен функциясын сақтай отырып қосылады.

Ассимиляция – тіл білімінде бір дыбыстың (фонеманың) көршілес дыбысқа әсер етуі нәтижесінде өзгеруі.

Артикуляциялық аспект – дыбыстардың ауыз, тіл, ерін, көмей және тыныс жолдары арқылы қалай жасалатынын зерттейтін аспект.

Акустикалық аспект – дыбыстардың сөйлеу кезінде шығаратын дыбыс толқынының физикалық қасиеттерін зерттейтін аспект.

Сегменттік деңгей – сөзді дара дыбыс бірліктеріне (фонемалар, дауыссыз және дауысты дыбыстар) бөлу арқылы зерттеу.

Просодикалық деңгей - сөз немесе сөйлемнің ырғағы, екпіні, интонациясы, дауыстың ұзақтығы мен күшін зерттейтін деңгей.

Перцепциялық (естілім) табиғат – бұл дыбыстың адамның құлағына қалай жетіп, қабылданатынын, яғни естілетін қасиеттерін зерттейтін аспектісі.

Глоттогенез – тілдің туынды немесе даму тарихындағы қалыптасу процесін зерттейтін бөлім.

Контактология - бұл тілдердің өзара байланысы, әсерлесуі және ықпалы мәселесін зерттейтін тіл білімі саласы.

Буын үндестігі – тілдегі сөздегі дауысты дыбыстардың буын бойынша бір-бірімен үйлесуі, сәйкес келуі.

Интуитивті-сингармониялық талдау – бұл музыкалық шығарманың гармониялық құрылымын, аккордтар мен тональдық қатынастарды интуиция және тыңдау арқылы анықтау әдісі. Яғни, ноталарды, аккордтарды немесе гармониялық қозғалысты жазбаша теорияға сүйенбей, өз құлағыңыз арқылы сезіну.

Лабияльды дыбыстар – бұл дыбыстарды шығару кезінде еріндердің қатысуы.

Лингвальды дыбыстар – дыбыстарды шығару кезінде тілдің (латынша lingua – тіл) негізгі артикуляциялық орган ретінде қатысуымен пайда болатын дыбыстар.

Пратілдік – лингвистикада бірнеше туыстас тілдерге ортақ болған, бірақ жазба деректермен тікелей сақталмаған бастапқы (ата) тіл деген ұғым

Туран тілдері – XIX ғасыр тіл білімінде ұсынылған, генеалогиялық туыстығы дәлелденбеген, бірақ агглютинативті құрылымы, қосымшалардың бірізді жалғануы және сингармонизм сияқты типологиялық белгілері ортақ тілдерді шартты түрде біріктіретін атау.

Перфокарталау тәсілі – тілдік (немесе өзге де) деректерді жүйелеу, топтастыру және сандық-құрылымдық талдау мақсатында әрбір бірлікті (дыбыс, морфема, сөз, форма, құбылыс т.б.) арнайы белгілер арқылы карточкаға түсіріп, оларды механикалық немесе логикалық сұрыптау арқылы зерттеу әдісі.

Просодема – сөйлеудегі дауыстық құралдардың (екпін, ұзақтық, екпіннің күшеюі, дауыс биіктігі, темп) жиынтығы арқылы берілетін фонетикалық бірлік.

Интонома – сөйлемдегі дауыс ырғағының екпін мен әуеннің үйлесімінен құрылған мағыналық бірлік.

Дивергенция – бір тілдің ішіндегі немесе тілдер арасындағы айырмашылықтар мен бөліністердің пайда болуы.

Унификациялау – тіл білімінде терминдерді біріздендіру.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі де, тарихи даму барысында ортақ құрылымдық белгілерін сақтай отырып, өзіндік фонетикалық және фономорфологиялық ерекшеліктерін қалыптастырды. Түркі тілдерінің табиғатын, олардың ішкі заңдылықтары мен туыстық байланыстарын терең тану үшін бұл тілдердің тарихи дамуын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның ішінде сөз ішіндегі дыбыстардың үйлесімін айқындайтын сингармонизм заңын кешенді түрде қарастыру өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының ғылым және білім саласындағы заңнамалық құжаттарында, мемлекеттік стандарттарында, сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауларында жоғары деңгейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мен білімді ұрпақ тәрбиелеу мәселесі басты басымдық ретінде айқындалған. Осы талаптар аясында тіл білімінің іргелі проблемаларын, соның ішінде түркі тілдеріне тән үндестік заңын қазіргі ғылыми парадигма тұрғысынан зерделеу өзектілігін арттыра түседі. Сөз тілдік жүйеде номинативтік бірлік ретінде белгілі бір фонетикалық құрылымға негізделіп қалыптасады. Бұл құрылымның басты белгілерінің бірі – сөз құрамындағы дыбыстардың өзара үйлесімге түсуі. Түркі тілдеріндегі сөздердің басқа тілдерден басты типологиялық айырмашылығы да осы дыбыстық үйлесім заңдылығымен, яғни сингармонизм құбылысымен тікелей байланысты. Сингармонизм түркі тілдерінде жуан-жіңішке, еріндік-езулік оппозициялар негізінде түбір мен қосымшаның біртұтас фонетикалық жүйе құруын қамтамасыз етеді.

Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысы ғылымда ерте кезеңнен бастап зерттеле бастады. Оның ғылыми тұрғыдан сипатталуы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінен бастау алады, кейін қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Төреқұлұлы, Т.Шонанұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Ермеков, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Томанов, Ш.Сарыбаев, Б.Сағындықов, Ж.Аралбаев, З.Базарбаева, Ә.Жүнісбек, Ж.Әбуұлы, А.Фазылжан және басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тауып, сингармонизм қазақ тілінің ұлттық дыбыстық жүйесінің өзегі ретінде қарастырылды. Аталған зерттеулерде үндестік заңы фонетикамен қатар морфология, сөзжасам және орфоэпиямен тығыз байланыста қарастырылып, агглютинативті тілдер үшін жүйекұраушы заңдылық екені дәлелденді. Түркі тілдеріндегі сингармонизм мәселесін В.Радлов, Н.Баскаков, А.Щербак, А.Канонов, Т.Талипов, И.Батманов, В.Котвич, В.Насилов, Г.Өлмесов, Ғ.Айдаров, А.Маметов, Ж.Түймебаев, М.Ескеева, М.Сабыр, С.Боранбаев, А.Гаркавец, Н.Дмитриев, Э.Севоротьян, А.Ахундов, Х.Ченгель, С.Екер, А.Ынан, М.Өнер, Р.Чалығыр, Г.Раева жалпы фонология теориясы аясында (В.Богородицкий,

Н.Трубецкой), морфонологиялық құбылыс ретінде (А.Реформатский, Ф.Джалилов, В.Касевич, В.Богородицкий), сөзтудырушы құрал ретінде В.Радлов, И.Бодуэн де Куртенэ қарастырды. Сондай-ақ, сингармонизмнің просодикалық қызметі де лингвистер тарапынан талданды (Л.Адам, И.Бодуэн де Куртенэ, А.Щербак, В.Виноградов). Сонымен қатар ассимиляция сингармонизмнің бір көрінісі болғандықтан, сингармонизм ассимиляциялық яғни үйлесімдік тұрғысынан да қарастырылды (М.Граммон, Е.Поливанов, А.Кононов). Мұнан басқа дыбыс үндесімі заңдылығының агглютинациямен тығыз байланыста болатындығы жайында пікірлер айтылды (М.Черкасский, Б.Серебренников, Э.Азизов, Э.Тенишев, Т.Бертагаев, О.Суник, Г.Мельников), сингармонизм түбірден тыс, тек қосымшаларға ғана таралады деген көзқарастар да ұсынылды (В.Богородицкий, Н.Трубецкой, Ф.Кязимов).

Жалпы тіл білімінде сингармонизм әртүрлі теориялық бағыттар аясында түсіндірілді. Бірқатар ғалымдар оны фонологиялық принцип ретінде қарастырса, екінші бір бағыт өкілдері морфонологиялық немесе ассимиляциялық процесс деп таныды. Сонымен қатар сингармонизмнің просодикалық қызметі, оның сөз екпінімен арақатынасы, артикуляциялық және акустикалық негіздері де арнайы зерттеу нысанына айналды. Бұл көзқарастар сингармонизмнің тек дыбыстық үйлесім емес, тілдің құрылымдық және типологиялық белгісі екенін айқындады. Қазіргі қазақ тіл білімінде сингармонизм мәселесі дыбыстар жүйесінің қалыптасуы, олардың тарихи дамуы, артикуляциялық-акустикалық қасиеттері және сөз просодикасының ұйымдасуы тұрғысынан зерттеліп келеді. Бұл зерттеулер негізінен екі бағытта дамыды: біріншісі – дәстүрлі фонема және екпін теориясына сүйенсе, екіншісі – дыбыстардың коартикуляциясына негізделген үндесім теориясын басшылыққа алады. М.Қашқари, А.Байтұрсынұлы, Ә.Жүнісбек бастаған ғылыми мектептер еңбектерінде сингармонизм буын мен сөздің құрылымын айқындайтын іргелі заңдылық ретінде дәлелденді.

Диссертациялық жұмыста қазіргі түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысының көрініс табу ерекшеліктері салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырылады. Үндестік заңының ортақ белгілері мен тілдер арасындағы айырмашылықтарының себептері айқындалып, ерін үндестігінің бұзылу құбылысы тек экстралингвистикалық факторлармен ғана емес, тіл дамуының ішкі заңдылықтарымен де байланысты екені нақты тілдік деректер негізінде тұжырымдалады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі түркологияда сингармонизм құбылысы көбіне дәстүрлі акценттік-фонемалық ұстаным негізінде «дауыстылар» немесе «буын үндестігі» ретінде ғана сипатталып, оның түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін ұйымдастыратын негізгі фонологиялық тетік ретіндегі қызметі толық айқындалмаған. Бұл жағдай сингармонизмнің фонологиялық мәртебесінің, артикуляциялық, акустикалық және перцепциялық сипаттарының, сондай-ақ оның дыбыстық жүйенің тарихи дамуы мен ішкі өзгерістерін түсіндірудегі рөлінің ғылыми тұрғыдан бірізді

тұжырымдалмауына алып келді. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде қалыптасып келе жатқан сингармофонологиялық бағыт сингармонизмді тілдің жүйекұраушы заңы ретінде қайта қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты сингармонизм теорияларының эволюциясын, қолданылған әдіснамалық үлгілерін және терминологиялық аппаратын саралап, үндесім құбылысының тілдегі қызметін кешенді түрде айқындау қазіргі түркология және мен жалпы тіл біліміндегі **өзекті** ғылыми мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Зерттеу жұмысының негізгі нысаны – қазіргі түркі тілдеріндегі сингармонизмге негізделген дыбыстық жүйе. Осы нысан аясында түркі тілдерінің әдеби тілдерінде, диалектілері мен сөйленістерінде (говорларында) үндестік заңының көрініс табу ерекшеліктері, оның ішкі (фонологиялық, фономорфологиялық) және сыртқы (тарихи-элеуметтік, тілдік ықпалдастық) факторлармен байланысы қарастырылады

Зерттеу пәні. Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығының тарихи қалыптасуы мен даму үдерісіндегі фонологиялық қызметі, оның дыбыс, буын және сөз деңгейлерінде жүзеге асу механизмдері, артикуляциялық (жасалым), акустикалық (айтылым) және перцепциялық (естілім) негіздері, сондай-ақ үндесім бірліктерінің (сингемалар мен аллосингемалардың) құрылымдық типтері мен жүйелік қатынастарының салыстырмалы сипаттамасы.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазіргі түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығының фонетикалық және фонологиялық табиғатын кешенді түрде айқындап, оның тарихи қалыптасуы мен даму үдерісін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау, сондай-ақ әртүрлі түркі тілдеріндегі көрініс дәрежесі мен құрылымдық қызметін нақты тілдік материалдар негізінде анықтау. Жұмыста мақсатқа қол жеткізу үшін төменде көрсетілген негізгі **міндеттер** қойылды:

- сөз просодикасы теориясына шолу жасау;
- түркі, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі үндесім құбылысы мен сөздік екпінге арналған зерттеу еңбектерді саралап, түркі тілдеріне тән сөз просодикасының негізін анықтау;
- түркі сөздерінің просодикасын қарастырған зерттеу еңбектерге ғылыми-теориялық тұрғыдан шолу жасау;
- сөздіктер мен грамматикалардағы сөздерді просодика тұрғысынан жіктеу;
- сөз артикуляциясының сингармонизм белгілерін анықтап, оның сипаттамасын беру;
- сөздегі сингармонизмнің просодикалық моделін жасау және үндесім сөздердің просодикалық варианттарының құрамын талдау;
- түркі тілдеріндегі дыбыстардың генезисін тарихи тілдік материалдармен негіздеу.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Жұмыста тарихи тілдік материалдар (көнеғасырлық Орхон жазба ескерткіштері, Махмұд Қашқари

еңбектері, ортағасырлық түркі жазба деректері, тарихи сөздіктер), басқа түркі тілдерінің әдеби тілдері мен диалектілері бойынша жинақталған фонетикалық және морфонологиялық мәліметтер, сондай-ақ сингармонизм, үндесім, сөз просодикасы және фонетика саласындағы қазақ және шетелдік зерттеушілердің ғылыми-теориялық еңбектері мен дыбыстық, артикуляциялық зерттеулер қолданылды.

Зерттеу жұмысының материалдары. Түркі тілдерінің, әсіресе қазақ тілінің әдеби тіліндегі сөздер мен сөйлемдер, тарихи жазба деректер, сондай-ақ түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі дыбыстық және морфонологиялық деректер пайдаланылды. Зерттеуде қазақ тіліндегі үндесім бірліктерін сипаттау үшін профессор Ә.Жүнісбектің фонетикалық терминологиясы қолданылып, қазақ тілінде 75 үндесім дыбыс (9 дауысты, 66 дауыссыз) бар екені анықталды. Үндесім дыбыстардың және үйлесім (ассимилятив) дыбыстардың талданымы өз алдына жүргізілді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

- Түркі тілдеріндегі дыбыстық құрам мен олардың фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктерін кешенді талдау жүргізіліп, сингармонизм заңдылығының табиғаты қазіргі тілдік материалдарға сүйене отырып сипатталды.

- Қазіргі түркі тілдеріндегі үндестік заңына жүйелі зерттеу жасалып, тек дауыстылар ғана емес, дауыссыз дыбыстардың үндестік ерекшелігі қарастырылды, бұл сингармонизм құбылысының көріну деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік берді.

- Алғаш рет қазіргі түркі тілдерінің материалдары негізінде үндестік заңының ортақ және айырым ерекшеліктері салыстырмалы түрде анықталды.

- Қазақ сөздерінің XIX ғ. жазба үлгілеріндегі сингармонизм әуездері толық сақталған тізбесі жасалып, қазіргі фонетика теориясының негізінде олардың артикуляциялық моделдері құрастырылды.

- Сөз артикуляциялық модельдері сөздегі дыбыстардың өзара байланысын және үстеме артикуляциялық белгілерін ескеріп, сөздердің біртұтас артикуляциялық құрылымын көрсетуге мүмкіндік берді.

- Тарихи жазба материалдар мен грамматикалық анықтамалар негізінде қазақ сөздерінің айтылым үлгілері дәл сипатталып, артикуляциялық және естілетін белгілер кестелер мен көрнекі модельдер арқылы жүйеленді.

- Дыбыс, буын және сөз деңгейіндегі сингармониялық бірліктердің (сингемалардың) құрылымы мен жүйелік қатынастары ғылыми тұрғыдан анықталып, олардың фонетикалық және фонологиялық қызметі нақты тілдік деректерге сүйене отырып дәлелденді.

Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік ғылыми еңбектер назарға алынды.

Зерттеу жұмысының әдістері мен тәсілдері. Жұмыста типологиялық, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы зерттеу, перфокарталау, тарихи-фонологиялық, эксперименталды-фонетикалық, сингармониялық талдау, сөз

құрамындағы үндесім дыбыстардың артикуляциялық талданымы, сөздердің үндесім орфоэпиясы, үндесім бірліктердің (дыбыс, буын, сөз) құрылымын модельдеу секілді әдістер мен тәсілдері қолданылды.

Зерттеу барысында зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысы жалпы тіл білімі және түркология ғылымдары үшін теориялық тұрғыдан маңызды, себебі ол түркі тілдеріндегі үндестік құбылысының фонетикалық, фонологиялық және артикуляциялық табиғатын кешенді түрде қарастырады. Түркі тілдеріндегі сөздердің құрылымдық негізі ретінде саналатын үндестік теориялары мен акценттік-фонемалық теорияларды жан-жақты талдау тілдің ішкі заңдылықтарын, оның тарихи қалыптасуын және даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау фонология, фонетика, фонеморфология, глоттогенез, контактология және басқа да тілтанымдық теорияларды тереңдетіп талдауға, зерттеу аясын кеңейтуге және жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға жағдай жасайды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Қазіргі түркі тілдерінің үндестік заңын теориялық, практикалық тұрғыдан зерделеуге, жинақталған материалдар мен жұмыс нәтижелерін талдап, саралап, тұжырымдап, алынған қорытындыларды жоғары оқу орындарында, орта мектепке арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын жазуда, тілтанымның фонология, фонеморфология, фонетика және т.б. салалары бойынша арнайы семинарлар мен курстар өткізу барысында пайдалануға болады. Талдау нәтижелерін түркі әлемінің жазуын унификациялауда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:

- түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығын талдау оның басты ерекшеліктері туыстас түркі халықтарының этногенезі мен глоттогенезінің біртұтас екендігін көрсетеді;
- түркі, оның ішінде қазақ тілінің сөз просодикасы сингармонизмге негізделген;
- түркі грамматикаларында сөздік екпінге қатысты берілген тұжырымдар жаңсақ болып келеді;
- түркі тілтанымында сингармонизм мен сөздік екпіннің арасында теориялық қайшылық бар;
- түркі тілінің дыбыс, буын және сөздерінің артикуляциясы негізгі және үстеме болып бөлінеді;
- түркі сөзінің айтылым үлгілері үстеме артикуляцияның нәтижесі болып табылады;
- түркі тілінің сөз просодикасын жасалым (артикуляциялық) және естілім (перцепциялық) тұрғыдан көрнекілеп көрсетуге болады.

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ұсынған журналдардағы мақалалары:

1. Тілдің даму тарихының өзіндік қырлары. Қазақстанның ғылыми әлемі, №3 (37). Астана, 2011. Б.66-68.

2. Қазақ тілі фонетикасының (дауысты дыбыстар) зерттелуі. Қазақстанның ғылыми әлемі, №3 (43). Астана, 2012. Б.30-33.

3. Сингармонизмнің тілдің фонетикалық, морфологиялық және морфонологиялық деңгейлеріндегі көрінісі жайлы тұжырымдар. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №5 (49). Астана, 2017. Б.204-206.

4. Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі. Ясауи университетінің хабаршысы, №4 (126). Түркістан, 2022. Б.19-28.

5. Character and synharmony of consonants in the Kazakh language. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, №2 (151). Астана, 2025. Б.77-87.

6. Көне ұйғыр және қазақ тілдерінің лексикалық парадигматикасы. Тілтаным, №3 (99). Алматы, 2025. Б.24-34.

7. Features of vowel harmony in the dialects of modern Turkic languages. Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы, № 4. Көкшетау, 2025. Б.344-361.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

1. Түркі тілдеріндегі сингармонизм мәселесі. «Кусеин Карасаев: Өрнектүү өмүр-өчпөс мурас» атты К.Карасаевтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері, №3. Бишкек, 2012. Б.155-157.

2. Қазақ тілі дауысты дыбыстар жүйесінің зерттелуі. «Елбасы жолдауы және тіл біліміндегі жаңа ізденістер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент, 2012. Б.137-141.

3. Қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесімнің ерекшеліктері. «IV Юнусов оқулары: халықаралық интеграция жағдайында білім және ғылымның даму тенденциялары мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларының еңбектер жинағы. Шымкент, 2021. Б.92-99.

4. Алаш зиялыларының қазақ тіліндегі сингармонизм мәселесіне қатысты тұжырымдары. «Әуезов оқулары – 23: Хакім Абайдың-180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том 1. Шымкент, 2025 ж. Б.99-104. Сертификат.

5. Қазіргі түркі тілдерінің жазуын бірлестірудің фонологиялық мәселелері. «Raqamlashtirish davrida o‘zbek tilini davlat tili va xorijiy til sifatida o‘qitish masalalari: mahalliy va xorijiy tajriba» mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy anjuman materiallari. Toshkent, 2025-yil 13-oktabr. – 292. Б.23-33. Сертификат.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлім үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

I ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ: ТЕОРИЯСЫ, ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

1.1 Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі

Тілдердің барлығында номинативтік бірлік болып сөздердің фонеморфологиялық және фонетикалық құрылымы тек өзіне тән ерекшеліктерімен көрініс береді. Бұл ерекшеліктер негізінен сөздердің дыбыс тіркестеріндегі айрықша заңдылығы екені айқын. Осы тұрғыдан қарасақ, түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің өзге топтағы тілдерден айырмашылығы бар. Оның басты және типтік ерекшелігі сингармонизм заңдылығы болып табылады.

Сингармонизм – дыбыс үндестігінің айрықша түрі. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің жалғамалылық бейнесі оның үндесімдік ерекшелігін байқатады. Түркі тілдерінде сөзөзгерім мен сөзжасамдар түбірге қосымшалар жалғану арқылы жүзеге асады. Олар түркі тілінің нақты бір семантикалық- құрылымдық заңдылығы бойынша сөздер арнайы реттілікпен, бірізділікпен жасалады. Түркі тілдеріндегі аффикстердің линиялық өнігу қасиеті ондағы сөздердің дыбыстық сипатына да әсер еткені анық [1, 433 б.]. Бүгінгі таңда түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысының фонологиялық және фонетикалық сипатына түркологтар мен өзге де лингвистер тарапынан жасалған зерттеулер мен берілген пікірлер жинақталды. Сингармонизм заңдылығының фонетикалық, фонологиялық теорияларының даму деңгейі жан-жақты сипатталды. Сингармонизм заңдылығы дауысты дыбыстардың өзара үндесіміне негізделетін тілдік құбылыс ретінде лингвистердің назарына ерте кезеңнен-ақ ілігіп, түркі тіл білімінде маңызды зерттеу нысанына айналды. Түркі тілдеріндегі үндестік заңының зерттелуі белгілі XI ғасырда өмір сүрген белгілі түрколог М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» еңбегінен бастау алады. Ол алғаш рет түркі тілдеріндегі дыбыстардың тіркесу заңдылықтарына назар аударып, дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесімді түрде келуін табиғи тілдік құбылыс ретінде сипаттайды [2]. Кейінен отандық және шет елдік түрколог ғалымдар түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне, соның ішінде қазақ тіліндегі үндесім құбылысына да айрықша көңіл бөлді. Соған қарамастан, сингармонизмнің тіл құрылымындағы табиғатын айқындайтын фонологиялық және фонетикалық (артикуляциялық) сипаттамалары жан-жақты зерттелмеді, оның қызметтік аясын толық ашатын жүйелі ғылыми тұжырымдар жасалмады. Үндесімге қатысты ғылыми пікірлер сингармонизм теориясының даму сатыларына сәйкес түрліше сипатталғанымен, зерттеушілер көбіне ортақ принциптерге сүйеніп, оны барлық түркі тілдеріне біркелкі үлгіде қолдануға тырысты. Нәтижесінде үндесім белгілерін анықтайтын негізгі ережелер бірізді ұсынылып, фонетикалық-фонологиялық зерттеулерде айтарлықтай қайшылықтар мен алшақтықтар кездеспеді. Сол арқылы сингармонизм заңдылығы жалпы түркі тілдеріне тән ортақ фонетикалық құбылыс ретінде

танылып, оның тарихи дамудағы орны мен қызметі бірқатар еңбектерде тұрақты сипатқа ие болды.

Түрколог Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі түркі тілдерінің фонетикасын алғаш ғылыми түрде сипаттаған маңызды зерттеу болып табылады. Бұл еңбектің «Түрік сөздерін түзгенде қолданылатын, әріптер түзгенде қолданылатын әріптер жайында», «Етістіктерден жасалған есімдер жайында», «Сөздердің қанша әріптен түзіліп, құралатындығы жөнінде», «Есімдердегі үстеме әріптер жөнінде», «Етістіктердегі үстеме әріптер және етістіктердің түзілуі жөнінде», «Сөздердің өз түзілімі бойынша ілгері-кейін келу тәртібі», «Әріптердің ілгері-кейін қойылу тәртібі туралы», «Түрік тілдері туралы», «Тілдегі және сөйлегендегі өзгешеліктер жайында» бөлімдерінде түрік тілінде қолданылатын негізгі әріптерді он сегіз деп көрсетіп және жазуда жоқ, ауызшада қолданылатын жеті әріп бар «түрік тілдері бұларсыз оқылмайды» деген мәлімет береді [2. 34-57 бб.]. Жоғарыдағы бөлімдерде ғалым түркі тілдеріндегі дыбыстарды дауысты және дауыссыз деп бөліп, дауыстылардың жуан-жіңішке болып үндесуін, яғни сингармонизм заңын көрсетеді, сондай-ақ дауыссыз дыбыстардың алмасуын (й~ж, д~т, б~м т.б.) және сөздің әр позициясындағы дыбыстық өзгерістерді сипаттайды. Сонымен қатар ол оғыз, қыпшақ, қарлұқ сияқты түркі тайпалары тілдерінің фонетикалық айырмашылықтарын салыстыра отырып, түркі тілдерінің тарихи фонетикасын зерттеуге негіз қалады және қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін тануда құнды деректер қалдырды.

Белгілі ғалым И.Ильминский қазақ тілі туралы пікірін: «... Оны тек қырғыздар (қазақтар) арасында жүріп зерттеуге болады» [3, 5 б.] деп жазды. Зерттеушінің осы пікіріне ерекше тоқталуымыздың себебі: қазақ тіліндегі сөздердің анық әрі таза үндесім үлгісін тек қана ауызекі сөйлеуіне бақылау жүргізе отырып қана қағазға дәл, нақты түсіруге болады. Бұл принципті М.Қашқарида қолданған, түрколог түркі елдерін аралап ауыз екі сөйлеуге бақылау жүргізе отырып жоғарыдағы мәліметтерді қалдырған. Негізінде сөздердің жазылым үлгісі тілдің үндесім белгісін таза көрсете алмайды, сондықтан сингармонизмнің бұзылу жағдайлары жиі орын алады. И.Ильминский қолданған «жуан, жіңішке» терминдері дәл осы кезеңдерде біртіндеп қалыптасып, ғылыми айналымға ене бастағанын байқауға болады. Ең бастысы, зерттеуші орыс тіліндегі «твёрдый, мягкий» ұғымдарын қазақ немесе түркі фонетикасына тікелей аудармастан, олардың мағынасын дәл беретін «толстый, тонкий» деген баламаларды алғаш рет пайдаланды. Бұл терминдердің кейінгі фонетикалық еңбектерде орнығуына, тіпті қазіргі қазақ тіліндегі негізгі ғылыми атаулардың біріне айналуына үлкен ықпал етті. Осыдан келіп сөздің жуан және жіңішке сипатта айтылуы тек артикуляциялық айырмашылық қана емес, тілдің ішкі құрылымын айқындайтын маңызды фонологиялық белгі екендігі анықталды.

Қазіргі зерттеулерге назар аударғанда, дауысты дыбыстардың жуандық-жіңішкелік қасиеттері қазақ тілінің дыбыстық жүйесін сипаттайтын негізгі классификациялық белгілердің біріне айналғанын көреміз. Бұл

ерекшелік тек фонетикалық сипаттаманың деңгейінде қалып қоймай, морфонологиялық заңдылықтармен де тығыз байланысып, тілдің үндестік жүйесін ұйымдастырушы күшті механизм ретінде танылды. Осылайша, И.Ильминский енгізген терминдер қазақ тіл білімінде тұрақты ғылыми категориялар болып қалыптасып, кейінгі зерттеулерде негізгі талдау нысаны ретінде кеңінен қолданыс тапты.

Зерттеуші В.Радлов өз еңбектерінде сингармонизм заңдылығының табиғатын арнайы қарастырып, оның фонетикалық мәнін «тіл мен еріннің бірдей артикуляциялық позицияда іске асуы» [4, 2 б.] деп түсіндіреді. Ғалымның бұл пайымы сингармонизмнің ең алдымен артикуляциялық негізге сүйенетінін нақты көрсетеді. В.Радлов үшін үндестік құбылысы тіл мен еріннің өзара үйлесіміне құрылатын тұтас фонетикалық жүйе болып танылады. Ғалым ұсынған дыбыстардың артикуляциялық тұрғыдан жіктелімі қазіргі фонетикалық еңбектерде қолданылатын ғылыми атаулармен толық сәйкес келе бермегенімен, оның ішкі мазмұны, принциптері мен бөлудің негізгі белгілері бүгінгі қазақ тіл біліміндегі классификациямен толықтай ұштасады. В.Радлов көрсеткен тілдің қатысу дәрежесі, еріннің әрекеті, дыбыстардың жуан-жіңішке қатарларда орналасуы секілді параметрлер – қазіргі фонетикада қолданылатын сипаттамалармен мазмұндық жағынан біркелкі. Осы арқылы оның еңбектері сингармонизм заңдылығын ғылыми тұрғыдан түсіндірудің негізін қалаған маңызды зерттеулердің бірі ретінде бағаланады. В.Радлов сөздігінің ішіндегі материалдарды сараптай келе, үндесімге байланысты көптеген мысалдар таптық, әйткенмен оның бәрін тізіп көрсетудің қажеттілігі жоқ. Негізінен «Сөздік» алпысыншы жылдары қайтадан басылғандықтан, көпшілік қауымға таныс екені анық. Біз қазақ сөздерінің тек үндесім үлгілерін бірыңғай көрсететін сөздерінен бірнеше мысалдар береміз.

Алғашқы түркі, оның ішінде қазақ тілін зерттеушілердің еңбегіне зер салсақ, сөз қалай айтылса, солай жазылып алынғанын байқауға болады. Тек қазақ тілі емес көптеген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысының көрінісін осы мысалдардан аңғаруға болады. Мысалы: *түйө-мүйө, құлұн-мұлұн, үңүл-түңүл; түйөші, қойшы, түсүнүб отыр, ұрұс, ұшұқ; ұран, ұйал, ұрұн келді, ұлы, ұйұ, үі тігүү, үі көтөрүү, ұуқ, ұуқ бау, тұурлық, түңдүк, үірөк, күлдрөwүш, күлүмдө, кәйтүү, етүү, бүітүү, сүітүү, тұрұу, жатұу, отұрұу, жүрұу, кетүү, сүңгүүүр, сүйөм, сүйөл, сүңгү, т.б.*

Алғашқы хатқа түсірілген осы сөздерден ерін үндестігі анық байқалады. Қазір бұл сөздер басқаша жазылады, айтылуы да соған сай өзгеріске түскен. Қазақ тіліндегі үндесімнің ерекшелігіне деген көзқарастар, өзге түркі тілдеріндегі пікірлермен ұштасып келеді [5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 12]. Көп жағдайларда сингармонизмнің фонетикалық сипатына көңіл бөлініп, негізгі тілдік қызметі тасада қалып қояды.

Қазақ тіліндегі сингармонизм мәселесіне қатысты негізгі ғылыми тұжырымдар С.Мырзабековтің еңбектерінде жан-жақты берілген. Ғалым өз зерттеулерінде қазіргі қазақ тіл білімінде кең таралған, оқу құралдары мен

оқулықтарда жиі қолданылатын сингармонизм заңына қатысты қағидаларды, олардың ғылыми негіздерін айқындап көрсетеді. С.Мырзабеков ұсынған анықтамалар сингармонизмнің тіл жүйесіндегі қызметін кең ауқымда сипаттайды. Тіл біліміндегі үндесімге байланысты қалыптасқан анықтамалар мен негізгі теориялық пікірлердің басым бөлігі ғалым еңбектерінен бастау алатыны, әрі кейінгі еңбектердегі тұжырымдардың басым бөлігі оның концепцияларымен үндес келетіні анық. Сондықтан өзге ғалымдардың пікірлерімен салыстырғанда аздаған ерекшеліктер ғана байқалатындықтан, мазмұндық жағынан бір-біріне жақын көзқарастарды қайталап жатуды қажетсіз деп есептейміз. Мысалы, профессор С.Мырзабеков сингармонизмге: «Тіліміздегі сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке, сондай-ақ бірыңғай еріндік не езулік буынды болып... үйлесіп тұруын дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы дейміз. Бұл заң – дыбыстау мүшелерінің үнемді қимыл-қозғалысының нәтижесі. Буындар мен дыбыстардың өзара үндесуінің нәтижесі – үндестік (сингармонизм)» [5, 137-139 бб.], – деп анықтама береді. Байқағанымыздай, қазақ тілінде үндестік заңы болып буын үндестігі мен дыбыс үндестігі бірге қарастырылған. Бұл жерде жуаннан кейін жуан, жіңішкеден кейін жіңішке буындар келеді деп, оны буын үндестігі ретінде атаса, қатаңнан соң қатаң, ұяңнан кейін ұяң, үндіден кейін үнді дыбыстардың т.б. келуін дыбыс үндестігіне жатқызған. Осыдан келіп қазақ тіл біліміндегі дыбыс пен дыбыстың, буын мен буынның фонетикалық тіркесуі түгелдей үндестік заңының аясынан көрінеді. Қазіргі қазақ лингвистикасында, оқу-құралдары мен оқулықтарда үндестік заңын көбіне дауысты дыбыстармен байланыстыру мәселесі қатысты жағы ескерусіз қалуда. Үндестік заңының табиғаты жайлы сөз болғанда тек дауысты дыбыстарға ғана көңіл бөлінетінін жоғарыда берілген сілтемелерден көптеп байқауға болады. Қазақ тіл біліміндегі сингармонизмге қатысты осындай біркелкі және бірізді көзқарастан алшақтаған профессор Ә.Жүнісбек [6] болатын. Қазіргі кезеңде сингармонизм заңына қатысты көзқарастардың жаңарып, өзгеріп келе жатқанын байқауға болады. Сингармонизмді сөздің бүкіл құрылымына ортақ, оны тұтастай қамтитын просодикалық бірлік ретінде қарастыру үрдісі күшейді. Осы бағыттағы жаңа пайымдар сөздің құрылымындағы буын мен буындардың, сондай-ақ түбір мен қосымшалардың алдыңғы тұрған сегменттің ықпалына қарай үндеседі деген түсініктің теріске шығарылуына алып келді. Сол себепті сөз құрамындағы буындардың реті (буын және буын), сондай-ақ түбір мен қосымшаның тіркесуі негізіндегі үндестік құбылысы енді синтагматикалық (тіркестік) құбылыс ретінде қарастырылмайды. Осыған дейін қазақ тілтанымында үндесім құбылысының ішкі жіктелімі айқындалып, оны екі түрлі деңгейде қарастыру орныққан болатын. Сөздің тұтас акустикалық құрылымына тән, бүкіл сөз бойына таралатын үндесуді сингармонизм ретінде түсініп, сөздің әуездік реңкіне қарай үндесім деп аталды. Ал іргелес орналасқан дыбыстардың өзара әрекеттесіп, бір-біріне артикуляциялық жағынан икемделуі сингармонизм шеңберінен шығарылып, дыбыстың әуездік тұрқына негізделетін үйлесім деп

карастырылды. Осылайша сингармонизм құбылысы сөз деңгейіне тән жоғары просодикалық бірлік ретінде танылса, үйлесім құбылысы дыбыстық деңгейге қатысты төменгі ассимилятивтік бірлік ретінде сипатталып жүр. Тілдің екі түрлі сегменттік және просодикалық деңгейлерде байқалатын құбылыстарын бір ұғым аясында жинақтау ғылыми тұрғыдан орынсыз деген пікір орныға бастады. Бұл бағыттағы зерттеулердің нәтижесінде әр деңгейге тән арнайы атаулар мен ұғымдар қалыптасып, олардың қолданылу аясын нақты ажырату мүмкін болды: сөздің құрамындағы дыбыстардың, сөздегі орнына қарамастан, әуездік тұрғыдан бір-біріне икемделуі үндесім деп аталып, ал іргелес дыбыстардың сөз ішіндегі орны мен артикуляциялық тәртібіне сәйкес өзара икемделуі үйлесім деп белгіленді. Сондықтан тілдің фонетикалық жүйесін сипаттауда сингармонизм мен үйлесімнің қызметі мен деңгейі екіге жіктелген теориялық жүйеге айналып кетті.

Қазақ тіл біліміндегі дыбыстық жүйенің зерттелуі жайлы сөз болғанда бұл салада XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің еңбегінің ерекше болғанын атап өткен жөн.

Жалпы қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі даму мен зерттелу жайын профессор Ж.Әбуұлы төрт кезеңге топтастырады:

1. XIX ғасыр – сингармонизмнің ауызекі сөздер арқылы талдану кезеңі. Бұл уақытта қазақ тілін алғашқы болып зерттегендер халықтың сөйлеу тілінің сипатына, оның естілім ерекшелігіне бақылау жасады. Осы кезеңдерде қазақ тілінің дыбыстар жүйесі естілім сипаты арқылы, яғни қалай естілсе, дәл солай жазылып алынды (Н.Ильминский, В.Радлов, т.б.).

2. XX ғасырдың басынан 1937 жылдарға дейінгі кезең. Бұл аралықты интуитивті-сингармониялық талдау деп атаған дұрыс, өйткені тілімізде сингармонизмнің дыбыстардың басын құрап сөзге айналдыруда алатын орнының айрықша екенін тіл зерттеушілері көкірек көзімен ұғынды [7, 3-4 бб.]. Осы кезең тілдің болашағы үшін алаштықтардың елеулі еңбек сіңірген дәуірі болатын. А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Төреқұлұлылар қазақ тілінің орфографиясы мен әліпбиін сингармонизм заңдылығының негізінде жасау қажеттігін ұсына отырып, бүгінге дейін өзекті тұжырымдар жасады.

3. XX ғасырдың 40-60 жылдарындағы сингармониялық талдау кезеңі. Бұл уақытта қазақ тілінің дыбыс жүйесі үнді-еуропалық тілтаным теориясының фонологиялық терминдері мен түсініктерінің негізінде түсіндірілді де, сингармонизм құбылысы дыбыстық жүйеден тыс қарастырылды. Қазақ тіл біліміндегі дыбыстық жүйе дәстүрлі түрде акцентті-фонемалық теория негізінде түсіндіріліп келді. Акцентті-фонемалық теория басым кезде сингармонизмді тек дауысты дыбыстардың үндесуі деген түсінік барынша кең тарады.

4. Кейінгі 70-90 жылдардағы және одан бүгінге дейін теориялық-сингармониялық талдау кезеңі. Бұл кезеңде қазақ тілінің дыбыс жүйесі сингармонизм заңының басымдығымен ерекшеленді. Қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысының негізін қалаған, теориялық түрде талдап берген

тұлғалар Ә.Жүнісбек, М.Жүсіпұлы, Ж.Әбуұлы – осы кезеңнің негізгі өкілдері.

Қазақ тіліндегі дыбыстық жүйенің тарихында екінші кезеңнің, яғни интуитивті-сингармониялық дәуірдің маңызы ерекше. Бұл аралық өзектілігі жоғары болуына қарамастан, талай жылдар бойы лингвистер назарынан тысқары қалып қойды. Алаш қайраткерлері осы екінші кезеңде әрі тілді қолданушы ретінде, әрі ішкі түйсіктеріне сүйеніп, сингармонизмнің тіліміздегі рөлін дәл анықтай алды. Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің арқасында қазақ халқының алғашқы әліпбиі, оның жазу ережелері мен емлелері, дыбыс құрамы жүйеге келтірілді. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасын зерттеп жүрген ғалымдардың көбі өткен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы зерттеулерге жоғары баға береді. Қазақ тілтанымының іргетасын қалаған тұлғалар А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы Қ.Кемеңгерұлы мен Н.Төреқұлұлылардың зерттеулері мен тұжырымдарында сингармонизмге айрықша көңіл бөлініп отырды.

XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш зиялыларының елеулі еңбегіменен қазақ тіл білімінің көптеген салалары, өзекті мәселелері, жазуы, емлесі, терминологиясы қалыптасты. Қазақ тілтану ғылымының атасы Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімінің өзекті мәселелерін жүйеге келтіру, елдігімізді нығайту, ұлтты ұйыстыру идеясын әрі қарай Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Әлімхан Ермеков, Құдайберген Жұбановтар өздерінің оқу құралдары мен зерттеу мақалаларында жалғастырып, жан-жақты қырынан талқылады. Орынборда өткен 1924 жылғы тұңғыш съезде аталған тұлғалардың қазақ тілтанымы тарихындағы орны анықталды. Алаш қайраткерлерінің тілге қатысты сол кезеңдегі көзқарастары тіл білімі ғылымының қордаланған мәселелерін шешуде үлкен рөл атқарды. Сол кезден күні бүгінге дейін тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, ұлттық мәртебесін, болашағын айқындау, оны өзге тілдердің ықпалынан аман алып қалу мәселелері өзектілігін жоғалтпай келеді. Алаш қайраткерлері қазақ әліпбиін, дыбыс жүйесін, жазуын, емлесін қалыптастыра отырып, тіл тазалығы мен оның қолдану мәдениетін жүйеге келтіру бағытында күресумен болды. Көпшілігі өз еңбектерінде қазақ дыбыс жүйесінің өзегі саналатын сингармонизмді айналып өтпеді. Х.Досмұхамедұлы жазған «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Н.Төреқұлұлы шығарған «Ауропа сөздері» атты зерттеулерде қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық нормалары, тіл табиғатының сақталу жайы, тілімізге өзге тілдердің әсері, т.б. өзге де күрделі мәселелер ғылыми саралаудан өткізілді.

А.Байтұрсынұлы ерте кезден қазақ сөздерінің негізгі просодикалық ерекшелігі сингармонизмде жатқанын түсінді. Сонымен бірге Х.Досмұхамедұлы да тіл білімінде сингармонизмге дауысты дыбыстардың емес, жалпы «дыбыстардың үндесімі» деп, алғашқылардың бірі болып анықтама берген.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі үндесім заңына байланысты тұжырымына арнайы тоқталған дұрыс: «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [8, 390 б.]. Ғалымның бұл тұжырымының біз үшін аса маңызды жері қазақ тілінің дыбыстар жүйесін сингармонизм теориясында жуан және жіңішке деп жіктегенімен, «сөздің ішіндегі дыбыстардың барлығы...» деген тұсы болып отыр, өйткені А.Байтұрсынұлы сингармонизм құбылысын тек дауысты дыбыстармен ғана шектеп қоймай, дауыссыз дыбыстармен де байланыстырған. Біздің пікірімізше, қазақ тіліндегі үндестік заңы жайлы сөз болғанда дауыстылармен қатар дауыссыз дыбыстардың да жуан және жіңішке болғанының маңызы жоғары. Жалпы фонетикада сөз просодикасы тілдегі барлық дыбыстардың басын біріктіріп, тұтастай сөзге айналдыратын фонетикалық бірлік ретінде көрінеді. Лингвистикада бұл анықтама толық қалыптасты десек болады. А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Фонетиканың қарастыратыны – тілде қандай дыбыстар бар, олар сөз ішінде бір-бірімен қалай байланысатындығы» [8, 392 б.]. Тіл білімінде фонетиканың дыбыстарды қарастыратынын көпшілік білгенмен, сөз ішінде дыбыстардың өзара «қалай байласатындығын» тағы да фонетика зерттейтінін көбі біле бермейді. Сол үшін «тілде қанша және қандай дыбыстар бар?» деген сұрақ қаншалықты маңызға ие болса, олардың «бір-бірімен өзара қалай байласатындығы» одан да маңызы жоғары болып тұр. Тілдің дыбыстар жүйесінде «қандай және қанша дыбыстар бар?» деген мәселеге сөздің просодикасы арқылы нақты жауап беруге болады. Орыс тіліндегі дыбыстар жүйесін сөздік екпінсіз елестете алмаймыз, сонымен қатар буынға негізделетін тілдердің дыбыстық жүйесін тон арқылы ажыратамыз. Қазақ тіліндегі дыбыс жүйесіне тек сингармонизм заңы арқылы нақты талдау жүргізуге болады. А.Байтұрсынұлы «фонологияға» қатысты ойларын, тіл болса, оның заңы болу керектігін былайша тұжырымдап көрсетеді. Қазақ тілінде бір сөзге жуан мен жіңішке дыбыс ешқашан араласып кірмейтінін айта келе, бұның тіліміздің «заңы» екенін жеткізеді. Әрі қарай бұрынғы жазған сөздері мен қазіргі жазғандарының барлығы фонетикаға тиесілі сөздер екенін айтады. Ғалым үндесім фонологиясын қазақ тілінің «заңы» түрінде көрсетіп отыр. Ғалым өз ойын былай пайымдайды: «...19 дыбыстың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» [8, 324 б.]. Осындай тұжырымдарды ғалым қазақ тіліндегі сөздердің үндесім просодикасына байланысты айтқанын көреміз. Осы ойларын негізге ала отырып, ғалымның қазақ тілінің фонетикасында «43 дыбыс бар» деген тұжырым жасағанын білеміз. Профессор Ә.Жүнісбектің пікіріне сәйкес, «... түркі сөзінің сегменттік фонологиясын сингармонизмнен табамыз» [6, 39 б.] дейтін болсақ, қазақ тілінің фонология теориясының бастауы А.Байтұрсынұлының тұжырымдарында жатқанын байқай аламыз. А.Байтұрсынұлының пайымдауына жақын пікірлерді Х.Досмұхамедұлының зерттеулерінен табуға болады. Ол өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі сингармонизм

жайын терең түсіндіріп береді. Ғалым осы мақаласында «Тіл – құралға» көбірек сілтеме жасайды. Соған қарағанда, ғалымның А.Байтұрсынұлымен бір пікірде болғандығын және оны қолдап, қуаттайтындығын аңғаруға болады. Ғалымның пікіріне сәкес, қазақ тілінде жалпы сөздің түбіріндегі дыбыстар жуан-жіңішке болып араласып, ешқашан естілмейді. Қазақ тіліндегі негізгі жалқы сөздерінің түбірінде жуан және жіңішке дыбыстар еш уақытта араласып ұшыраспайды. Бір сөз ішіндегі барлық дыбыстардың бірдей дауыспен (жуан не жіңішке) ұйқасып, үйлесіп айтылуын білім тілінде «сингармонизм» деп атайды. Сингармонизм сөзі қазақша айтсақ, үндестік, ұйқастық деген мағынада... Қазақта сингармонизмге көнбейтін сөз немесе сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм заңы тілімізді үйренуге де, үйретуге де жеңілдетіп тұр, тілде жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып, ...адастырмайтын қарақшы даңғыл жол болып тұр [13, 14 б.]. Зерттеушінің осы пікіріндегі «сөз ішіндегі барлық дыбыстардың...» деген сөзінен дауыстылар мен дауыссыз дыбыстарды түгел қамтығанын байқаймыз. Ең бастысы, сингармонизм терминінің «ұйқастық, үндестік» деген қазақша алғашқы үлгісін, қазақы баламасын табамыз.

Х.Досмұхамедұлы сингармонизмге қатысты былай дейді: «Бірқатар білгіштердің ойынша, сингармонизм дауысты дыбыстардың үндес болып ұйқасып, бір дауыспен (не жуан, не жіңішке) айтылуынан шығады. Дауысты дыбыстар қалай айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар солай айтылмақшы. Сондықтан сингармонизм заңы дауыстылардың гармондесу заңы я дауыстылардың гармоние заңы деп те айтылады» [13, 62-63 бб.]. Сингармонизмді дауыстылардың ғана үндесуі деп қарамау керектігін ғалым ерте байқаған. Содан соң жоғарыдағы анықтамаға өзінің қарсы пікірін айтады. Сөздің не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып екі түрде айтылуы қазақ-қырғыз тіліндегі әрбір дыбыстың бірде жуан, бірде жіңішке болып қос айтылуынан шығады. Дыбыс жуан айтылса, тілдің артқы жағымен айтылып, тамақтан (яғна көмейден) шыққан секілді ауыр болып сезіледі; дәл сол дыбыс жіңішке айтылса, тілдің ұшымен сөйлеген секілді ауыздың алдыңғы бөлігінен шыққандай болып көрінеді. Ғалым дауысты дыбыстарда бұның анық байқалатынын, дауыссыз немесе жарты дауысты дыбыстарда дұдамалдау сезілетінін алға тарта отырып, өзінің ойын былайша тұжырымдайды: «Сондықтан біз «дауыстылар гармониесі» дегеннің орнына «дыбыстар гармониесі» деп айтқанды дұрыс көреміз» [13, 63 б.]. Ғалымның тұжырымын негізге алсақ, сингармонизм үшін дауыстылармен қатар дауыссыздардың да маңызға ие екенін байқаймыз. Қазақ тілінің іргелі заңдылығы бойынша біреуі артық, біреуі кем дыбыс болмайды. Қазақ сөздерінің үндестігі айқын болуы үшін сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың бәрінің бірдей болғаны шарт. Сөздің әуезіне, яғни тембріне назар аударғанда дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың фонологиялық қызметіне тең дәрежеде қараған дұрыс. Бұған байланысты профессор М.Жүсіпұлы ғалымға былай деп баға береді: «Х.Досмұхамедұлы тіл білімінің тарихында алғашқы болып сингармонизмді дауыстылар

үндестігі емес, сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндестігі деді. Бұл ғылыми тұжырым сингармонизмді фонологиялық деңгейге көтеріп, түркі тілінің дыбыс жүйесін зерттеу болашағына әрі үлкен, әрі жаңашыл, әрі ғылыми болжамы мол жол ашып береді» [7, 70 - 71 бб.]. Осы пікірге қарап, ғалым ұсынған анықтаманың қазіргі күнге дейін құндылығын жоғалтпағанын байқаймыз. Ә.Жүнісбектің осы бағыттағы тұжырымдары да Х.Досмұхамедұлының пайымдарымен үндесіп отырғанын байқауға болады: «...сингармонизм арқылы біз барлық дыбыстардың, дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да біртекті тембралды ұйымдастырылуын түсінеміз, бұл сөздің тұтастай фонетикалық көрінісін құрайды» [9, 23 б.]. Х.Досмұхамедұлының әлемдегі тілдерінің жіктелуіне қатысты жасаған талдауы оның сол дәуірдегі жалпы тіл білімі саласындағы мол білімін айқын көрсетеді. Зерттеуші өз еңбегінде әлемдегі тілдік топтарды жіктеп қана қоймай, олардың басты құрылымдық және фонетикалық ерекшеліктерін кешенді түрде саралаған, сонымен қатар тілдер арасындағы ықтимал өзара әсер ету үдерістерін де ғылыми тұрғыдан болжай білген. Бүгінгі таңда қазақ тіліне еніп, араласып кеткен батыс сөздерінің қазақша икемделген нұсқасына назар аударсақ, зерттеушінің сол кезеңде айтқан мына сөздері көңілге қонымды: «...Ауропа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Ауропа сөзін асыл нұсқасынан алып өзгертіп қолдану керек» [13, 67 б.]. Х.Досмұхамедұлының қазақ тілтаным тарихындағы алатын орнын С.Мырзабеков жоғары бағалай отырып, ғалымның әсіресе қазақ сөздерінің айтылым үлгісіне байланысты пікірлерін, сонымен бірге әлеуметтік тіл білімі саласындағы тұжырымдарын насихаттап жүргенін байқаймыз. Негізгі мамандығы дәрігер болғанына қарамастан, әртүрлі ғылым саласында өнімді еңбектер қалдырған Халел Досмұхамедұлын тілдің зерттеушісі деп ерекше айту керектігін айтады [14, 17 б.]. Ғалымның сингармонизмді алғашқы болып қазақ тілінде жан-жақты талдап, жоғары деңгейде зерттеп бергеніне ерекше назар аударып, бұдан кейін «тіл үндестігін Халелше түсініп, Халелше пайымдаған абзал» [14, 134 б.] деп түйіндейді. Бұдан шығатын қорытынды, Х.Досмұхамедұлының тілтаным ғылымындағы бірегей еңбегін ғылыми көпшілік ұмытпай, қайта жаңғыртып келе жатқанын бағамдауға болады. Х.Досмұхамедұлының «Сингармонизм тілімізді үйренуге, үйретуге жеңілдетіп тұр, жаңа сөздер тудырып, сөз қосып, тілімізді байытқанда ылақырмайтын, адастырмайтын қарақшылы даңғыл қара жол болып тұр» [13, 89 б.] деген құнды көрегендік сөзі бүгінгі қазақ тілін үйренушілерге көрсеткен «даңғыл жолы» іспетті. Ендеше сингармонизм заңдылығының тақырыбын мектептегі оқу бағдарламасында бірер сағатпен ғана өтіле салатын көп тақырыптардың бірі етпестен, жыл бойы өтілетін тұрақты пәнге айналуын қолға алуымыз керек.

Түркі халықтарының тілдері үшін сингармонизмнің маңызы жоғары екеніне айрықша көңіл бөлген тіл жанаашырларының бірі Н.Төрекүлұлы болатын. 1926 жылғы Әзербайжан елінің астанасы Бакуде өткен І Бүкілодақтық түркітанушылардың съезінде жалпы түркі тілдеріндегі

сингармонизм құбылысына байланысты түрколог Б.Чобанзаде тұжырымына Н.Төрекүлұлы былайша қарсы ой айтады: «Чобанзаде жолдастың пікірінше, сингармонизм – уақытша құбылыс. Еуропа мәдениетінің ықпалы неғұрлым күшейген соң, күні жеткенде өзінен-өзі жойылып кететін, тіпті 30, бәлкім, 50 жылдан соң мүлдем жоғалатын заңдылық. Меніңше, сәуегейлік таныту біздің міндетімізге жатпайды. Біздің міндетіміз – тап осы тарихи кезеңдегі әрбір тілдің жүйесін һәм фонетикалық құрамын белгілеу, оны тарихи құбылыс ретінде тану, оның динамикасы мен даму тенденциясын анықтау, осы арқылы жазудың белгілі бір жүйесін қалыптастыру». Н.Төрекүлұлы өзінің осы ойлары арқылы үндестік заңына басымдық бермейтін малқар және қарашай тілдерінен, осы заңдылықты барынша қолданатын қазақ, қырғыз және башқұрт тілдерінде маңызы жоғары екеніне назар аударады. Осы айтылған ой арада 100 жыл уақыт өтсе де өзінің құндылығын жоймай келеді.

Қазақтың көрнекті лингвистерінің, тіл жанашырларының бірі – Қошке Кемеңгерұлы екені анық. Сингармонизм заңына байланысты ғалымның пікірлері қазіргі кезде де аса өзгеріске ұшыраған жоқ. Қ.Кемеңгерұлы өзінің зерттеуінде былай жазады: «Үндестік заңының мәні, егер сөзде кем дегенде бір жұмсақ (жіңішке) дыбыс болса, онда бұл сөздің барлық басқа дыбыстары жұмсақ, ал, керісінше қатты (жуан) болса, басқа барлық дыбыстары қатты дыбыспен айтылуы керек» [10, 28 б.]. Осы ой біздің қазіргі сингармонизм заңы жайлы түсінігімізбен тура келіп отыр. Бұл жерде де сөздегі дыбыстардың барлығы деген сөзге басымдық бергеніне көңіл бөлу керек. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін сингармониялық талдаудың үшінші кезеңіне ХХ ғасырдың 40-60 жылдарындағы зерттеулер жатады. Осы кезеңде дыбыстық жүйе барынша индо-еуропалық тіл білімінің теориясы негізінде, фонетикалық, фонологиялық терминдері мен ұғым-түсініктері бойынша түсіндіріліп отырды. Қазақ тілінің фонетикасын дәстүрлі түрде қарастыратын акцентті-фонема теориясы басымдыққа ие болды. Акцентті-фонема теориясы белең алып тұрғанда сингармонизмді тек дауысты дыбыстар үндесімі деген түсінік қалыптасты. Жалғамалы қазақ тілінің дыбыс жүйесіне негіз болған сингармонизм заңы ұзақ уақыт бойы дауысты дыбыстардың ғана үндестігі ретінде қарастырылып келді. Сонымен қатар қазіргі таңда жарық көріп жатқан көптеген басылымдарда, сондай-ақ түрлі оқулықтар, оқу құралдары мен сөздіктер ішінде де осы көзқарастың кеңінен орын алып отырғаны анық.

К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегіндегі «Фонетика» тарауы акцентті-фонема теориясының қағидаларына сүйене отырып түсіндіріледі. Аталған еңбекте дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сингармонизм ретінде сипаттап, ал дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсер етуін және олардың өзара үндесу құбылысын ассимиляция деп анықтайды. Мұндай сипаттамалар мен тұжырымдар көптеген лингвистикалық әдебиеттерде де жиі ұшырасып жатады. Ғалым өз еңбегінде дауысты дыбыстардың өзара әсерін, бір-бірімен үндесіп айтылуын да олардың артикуляциясымен байланыстырып, сингармонизмді ассимиляцияның бір түрі деп қарастырады. «Бірақ басқа тілдердегідей емес, түркі тілдерінде

сингармонизм құбылысы (дауыстылардың бір-бірімен өзара үндесіп айтылу құбылысы) айрықша орын алады. Бұл құбылыс түркі тілдерінде өте-мөте кең тараған» [10, 24 б], – дей келе сингармонизм заңының түркі тілдерінде барынша кең тараған қасиет екеніне назар аударады.

Қазіргі қазақ тілтанымында дыбыс жүйесінің тарихын, оның зерттелу жолдарын, сондай-ақ қазақ тілі дыбыстарын просодикалық және сегменттік деңгейлер тұрғысынан сипаттауға арналған ғылыми еңбектердің саны жеткілікті. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар, олардың реңктері, әртүрлі дыбыстардың артикуляциялық қасиеттері сөз просодикасының жүйелі ұйымдастырылуы бойынша айқындалатыны анық. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін қарастыратын еңбектер екі үлкен топқа бөлінеді. Бірінші топ дыбыстар мен дыбыс реңктерін, сөз просодикасы мен дыбыстардың артикуляциялық қасиеттерін дәстүрлі акценттік-фонема теориясының әдістеріне сүйеніп түсіндірсе, ал екінші топ сингармонизм заңына, дыбыстардың коартикуляциясына негізделеді, сондықтан сингармония теориясының әдістеріне басымдық береді. Қазақ тіл біліміндегі дыбыс жүйесінің зерттелуінің 4-кезеңінде сингармонизм құбылысы лабораториялық жолмен ғылыми түрде жүйелі түсіндіріліп берілді. Бұл кезеңнің көрнекті лингвистері Ж.Әбуұлы мен Ә.Жүнісбек сингармонизмді дауысты-дауыссыз дыбыстар үндесімінің тең нәтижесі [15, 14 б.] деген тұжырым жасап, сингармонизм заңы теориясын акцентті-фонема қағидаларының теориясынан ажыратып берді. Дәстүрлі теорияның негізімен қалыптасқан «дауыстылардың үндестігі» деген тұжырымды жоққа шығарып, сингармонизмді сөз немесе буынды құрайтын барлық дыбыстардың түгел (дауысты, дауыссыз) бірыңғай тембрлік жағынан тұтастануы ретінде көрсетті.

Жалпы тіл білімінде қалыптасқан және көпшілік тарапынан қабылданған просодикалық бірліктер қатарына, негізінен, тон мен екпін жатады. Просодияның құрылымдық табиғатын зерттеген ғалымдар көбіне осы екі компонентті негізгі просодикалық көрсеткіш ретінде таниды. Алайда түркі тілдерінің просодикалық жүйесін арнайы қарастырған Ә.Жүнісбектің еңбектерінде бұл мәселе өзгеше түсіндіріледі. Ғалым түркі тілдеріндегі дыбыстық ұйымдасудың өзіндік ерекшеліктеріне сүйене отырып, буынды – осы тілдерге тән ең кіші әрі толыққанды айтылым бірлігі ретінде анықтайды.

Ғалымның пікірінше [16], оңтүстік-шығыс және еуропалық тілдерде дауысты мен дауыссыз дыбыстардың жеке сегменттері айтылым ағынын бөлшектеуде барабар қызмет атқарғанымен, қазақ тілі сияқты түркі тілдеріндегі фонетикалық үдерістерді дәл сипаттауға жеткіліксіз. Шығыс тілдерінде ең кіші қызметтік бірлік ретінде тонема танылса, еуропа тілдерінде бұл міндетті фонема атқарады. Алайда түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі тонемаға, классикалық фонемаға сәйкес келмейді. Мұндай сәйкессіздік түркі тілдерінің өзіне тән просодикалық тұтастығын түсіндіру үшін жаңа теориялық бірлікті қажет етеді. Осыдан барып сингармония теориясы аясында арнайы бірлік ретінде жаңа термин

калыптастыру қажеттілігі туындайды. Түркі тілдерінде сингармонияның тембрлік тұтастығын қамтамасыз ететін ең кіші қатаң регламенттелген бірлік – буын болып табылады. Сондықтан Ә.Жүнісбек және оның ізбасарлары осы бірлікті белгілеу үшін сингармонизм теориясының негізінде «сингема» терминін ұсынады. Бұл термин әлі ғылыми айналымға толық енгенімен, балама нұсқалар ретінде «сингармема» және «синема» атаулары да ұсынылып келеді. Жалпы тіл білімінде «фонология» ғылымы дәстүрлі түрде фонеманы зерттейтін сала ретінде сипатталады. Классикалық фонологиялық парадигма тілдердің дыбыстық жүйесін фонема төңірегінде түсіндіретіндіктен, бұл ғылым негізінен еуропалық тілдерге тән құрылымдық ерекшеліктерді талдауға бағытталған. Дегенмен ғылыми әдебиеттерде фонология терминін түркі тілдеріндегі сингеманы немесе шығыс тілдеріндегі тонеманы зерттейтін бағыттардың атауы ретінде қолдану әлі де кездеседі. Мұндай қолданыс теориялық тұрғыдан дәл емес, себебі бұл екі жүйе фонемалық модельге толық сәйкес келмейді және өздерінің дербес просодикалық категорияларына сүйенеді. Осыған байланысты фонологияны тек фонеманы қарастыратын, яғни құрылымы еуропа тілдерінің дыбыс жүйесіне негізделген ғылыми сала деп тану орынды. Себебі фонема – еуропалық тілдердің ең кіші функционалдық бірлігі ретінде қалыптасқан, ал түркі тілдеріндегі сингема немесе шығыс тілдеріндегі тонема мұндай классикалық модельге сыймайды. Сондықтан әр тілдік жүйенің табиғатына сай фонологиялық категориялар мен оларды зерттейтін арнайы ғылым салаларын саралап қолдану қажеттілігі туындайды. Демек, ғалымның пікірінше, шығыс тілдерінде тонеманы қарастыратын ғылым саласына тонемология, ал түркі тілдерінің сингемасын қарастыратын ғылымға сингемология деген терминдерді қолданған орынды.

Аталған мәселелерге орай Ә.Жүнісбек жалпы фонетикаға мынадай құрылымдық жүйені енгізуді ұсынады:

- фонология – фонема туралы ғылым;
- тонемология – тонема туралы ғылым;
- сингемология – сингема туралы ғылым [12].

Бұл жүйенің терминологиясын жетілдіру және жалпылау мақсатында сөздің просодикалық элементтерін зерттеу типологиясына сай ғалым ұсынған «фонология» терминін «фонемология» терминімен ауыстыруға болады.

Профессор Ә.Жүнісбек сөз тоны, сөз екпіні және сөз сингармонизмі үшеуі бірдей қызмет атқаратындығын, сонымен бірге олардың сөздердің дыбыстық сегментін (тонема, фонема, сингема) біріктіре алатынын атап көрсетеді. Шындығында, тай-қытай тілдерінде сөз бірлігінің просодикалық құралы қызметін сөз тоны, үнді-еуропа тілдерінде фонетикалық деңгейде просодикалық қызметті сөз екпіні, ал түркі тілдерінде просодикалық қызметті сөз сингармонизмі атқарады. Сондықтан ғалымның төмендегі жүйелеу схемасын ұсынамыз:

1. Жалпы тіл білімінде дыбыстық жүйені сегменттік тұрғыда зерттеу үшін «тон – тонемология», «фонема – фонемология» және «сингема – сингемология» терминдерін енгізу керек.

2. Дыбыстық жүйені просодикалық тұрғыда қарастыру үшін «тон – тонология», «екпін – акцентология» және «сингармонизм – сингармонология» терминдерін енгізген дұрыс.

Бұл жерде көңіл бөлетін бір жайт, осы саланы болашақта әрі қарай зерттеушілерге интонология термині қарастыратын тілдік бірлікке интонома атауы ұсынылады.

Ж.Әбуұлы мен Ә.Жүнісбектің пікірі бойынша, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін зерттеу сөз просодикасын қарастырудан басталғаны дұрыс: тілдегі сөздердің буынға немесе дыбысқа бөлшектенуінің заңдылығы просодияға тікелей байланысты, демек, тек қана просодия олардың акустикалық және артикуляциялық қасиеттерін нақты анықтайды [17].

Эксперименталды-фонетикалық және теориялық зерттеулердің нәтижесінен көрінгендей, дауысты-дауыссыз дыбыстар мен дыбыстар реңктерінің акустикалық және артикуляциялық қасиеттерін сипаттау барысында қазақ тіліндегі дыбыстық жүйе саласы біршама фонетикалық нәтижелерге қол жеткізді. Ж.Әбуұлы мен Ә.Жүнісбектің жүргізген ғылыми зерттеулері нәтижесінде тіл білімінде бұрыннан орныққан көзқарастарды қайта қарауға бағытталған жаңа тұжырымдар қалыптаса бастады. Атап айтқанда, Ленинград фонологиялық мектебінің негізін қалаған және ұзақ жылдар бойы әлемдік лингвистикада кеңінен қолданылып келген акцентті-фонемалық теорияның шын мәнінде тек үнді-еуропа тілдерінің фонологиялық табиғатын түсіндіруге ғана жарамды екені дәлелдене түсті. Бұл теорияның басты қағидалары еуропалық тілдерге тән акценттік жүйені, фонемалық оппозицияларды және олардың функционалдық қызметін сипаттауға бейімделгенімен, түркі тілдерінің фонологиялық құрылымындағы ерекше просодикалық құбылыстарды толық қамти алмайды.

Салыстырмалы талдаулар түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі акцентті-фонемалық модельге сыймайтын өзіндік заңдылықтарға ие екендігін айқын көрсетті. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, аталған тілдердің фонологиялық табиғатын тек сингармонизм теориясының ұстанымдары тұрғысынан ғана ғылыми тұрғыдан дұрыс әрі тұтастай сипаттауға болады. Сингармонизм теориясы түркі тілдеріндегі просодикалық бірліктердің, буынның, тембрлік үйлесімнің және артикуляциялық тұтастықтың қызметін жүйелі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан қазіргі кезеңде бұл бағыт түркітанымдағы фонологиялық зерттеулердің негізгі әдіснамалық платформасына айналып келеді.

Қазіргі қазақ фонетикасындағы даулы мәселелер әлі де шешімін таппай келеді. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін қарастырып жүрген лингвистер үндесімге байланысты түрлі анықтамалардың тууына негіз болды. К.Аханов сингармонизмді лабиальды және лингвальды деп екіге бөлсе, М.Жүсіпұлы

сингармониялық теория саласындағы зерттеулерді сингармофонологиялық және сингармонологиялық теория деп бөліп қарастырады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі сингармонизм заңдылығының қаншалықты маңызды екенін жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінен байқауға болады. Күні бүгінге дейінгі жалпы түркі, соның ішінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде акцентті-фонемалық теориялар негізінде қалыптасып қалған, сингармонизмді тек дауыстылармен ғана байланыстыратын «гармония гласных» теориясымен салыстырсақ, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекүлұлы, Қ.Кемеңгерұлы секілді ғалымдардың ұсынған ғылыми анықтамаларының аса дәлдікпен құрылғанын айрықша атауға болады. Ендігі осы саладағы зерттеулер мен талдаулардың әрі қарай осы бағытпен жүргізілу керектігін, сонда ғана қазақ тілінің дыбыс жүйесінің фонетикалық табиғаты туралы дұрыс нәтижелерге қол жеткізуге болады деп есептейміз. Қазақ тілінің дыбыс жүйесін эксперименталды-фонетикалық және теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеген Ж.Әбуұлы, Ә.Жүнісбек, М.Жүсіпұлы сияқты отандық фонетист-ғалымдардың еңбектері бұл саладағы ғылыми ізденістердің дамуына айрықша серпін берді. Аталған ғалымдар қолданған заманауи эксперименттік әдістер мен теориялық талдаулар қазақ тілінің фонетикалық табиғатын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік берді. Жүйелі зерттеулердің нәтижесінде сингармониялық теорияның негізгі терминдері мен ұғымдары нақты құрылымға келтіріліп, ғылыми айналымда орнықты түрде қолданыла бастады. Бұл ғалымдар сингармонизм заңдылығының түркі тілдерінің ішкі табиғатына тән, тарихи қалыптасқан әмбебап құбылыс екенін жан-жақты дәлелдеп, оның фонологиялық жүйедегі негізгі қызметін айқындап берді. Сингармонияның буындық құрылыммен, тембрлік үйлесіммен және артикуляциялық тұтастықпен тығыз байланыста екенін көрсету арқылы олар қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің өзіндік ерекшелігін ғылыми негіздеп берді.

1.2 Қазақ фонетикасының мәселелері: сингармонизм және сөздік екпін

Қазақ тіліндегі сингармонизм жайына көшпес бұрын, қазіргі теориялық фонетикадағы күрделі мәселенің шешімін тауып алу керек болады. Мәселе сөздік екпін мен сингармонизмнің ара қатынасына байланысты. Түркі тілдеріндегі сөздік екпінге алғаш күмән келтірген профессор Ә.Жүнісбек болды. Зерттеушілер қазақ сөзінің жуан/жіңішке үндесім әуезін нақты анықтады, қазақ тілінің төл дыбыс құрамын тиянақтады, үндесім жазуды қалыптастырды. Бертін келе зерттеушілер қазақ тілінің фонетикасын үнді-еуропа тілдерінің негізінде фонемаға сала отырып, қазақтың дыбыстық жүйесіне фонема ұғымын ендірді, фонетика саласына фонема терминін орнықтырды. Түркі тілтанымындағы екпін теориясының орнықты қалыптасқан тұсы да осы кезден басталды [18; 19; 20]. Түркі тіліндегі екпін жайлы теорияның қалыптасуына ертеректегі еңбектердің ықпалы болғаны мәлім. Қазақ тілін

алғаш зерттеушілердің бірі Н.Ильминский: «Қырғыз (қазақ) тіліндегі екпін әрқашан сөз соңында қойылады, бірақ буынды мүлде ұзартпайды. Екпін дыбыстардың табиғи ұзақтығы мен қысқалығын бұзбайды, сондықтан екі буынды сөздерде бірінші буында екінші буынға қарағанда дауысты дыбысы ұзактау болып, бірінші буынға екпін түсіргендей болып айтылады: сағым, арыс» [3, 15 б.] деген анықтама ұсынады. Қарап отырсақ, осы бір ұстаным әртүрлі түрлене отырып осы күнге жеткенін байқаймыз. Зерттеушілер екпіннің барына күмән тудырмайды, сондықтан оны мойындаудың түрлі амалдарын қарастырады. Осы тектес үрдіс түркі тілдерін зерттеушілердің көбіне тән десе де болады.

Көрнекті шығыстанушы ғалым В.Бартольд екі нәрсеге көңіл бөледі. Түркі жұрты дайын әліпбиді өз тілдеріне икемдеп толықтырып барып пайдаланғанын атап көрсетеді. Сонан соң тілінің дыбыс үндесім (звуковая гармония) заңдылығына лайықтап, фонетикалық ерекшеліктерін қамтитын ұтымды жазу қалыптастырғанын ескереді. «Түркілер дайын әліпбиді алып қана қоймастан, оған жаңа белгілер қосқан секілді... Сонымен бірге түркілер әліпбиді өз тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне, әсіресе, дыбыстық үйлесімділік заңына бейімдеді; нәтижесінде түркі алфавиттерінің ең көнесі бір уақытта түркілер қолданған алфавиттердің ең кемелдісі деп танылуы керек» [21, 9 б.] деп жазады ғалым. Түркі тілінің өз заңдылығы «гармония звуков» дегені қазіргі ұғымдағы «сингармонизм» екенін оңай аңғаруға болады. Ендеше үндесім (сингармонизм) жазу түркі тарихымен қатар жасап келе жатқан жетістік екені анық.

Келесі үлкен лингвистикалық шығарма — В.Радлов сөздігі. В.Радлов сөздігінде сол кездегі қазақ тілінің сөздерінің мол үлгісі берілген. Ең бастысы сөздер үндесім (сингармонизм) айтылымымен жазылып алынған. Басқаша айтқанда, қазіргі кездегідей орфографияның ықпал әсері жоқ: қалай айтылса солай жазылып алынып отырған. Сондықтан қазақ сөзінің дәл үндесім сипатын тікелей бақылауға болады. Сөздік жайлы оның кіріспесінде «Түркі сөздігінің тәжірибесі» — көрнекті ғалым, отандық түркология мектебінің негізін қалаушы академик В.Радловтың жарты ғасырлық жұмысының нәтижесі. Көптеген бүгінгі және көне түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологизмдерінің бірегей бай жинағы ретінде жалпыға ортақ мойындалады... көптеген түркі тілдері мен диалектілері туралы материалды кейде тек осы сөздіктен табуға болады» [4] деп жазылған.

Жалпы тілдегі сингармонизмді аңғару, сөздерді үндесім күйінде таңбалау — сол дәуірдің зерттеушілерінің бәріне тән. Сингармонизм құбылысын тек дауыстылармен ғана байланыстырмай, сөз құрамындағы барлық дыбыстардың қатысы бар екенін Н.Ильминский атап көрсеткен. Дауыстылар сияқты дауыссыздар да жуан және жіңішке болып бөлінеді. Тамақ (жұтқыншақ) дыбыстары бұл тұрғыдан соншалықты айқын ерекшеленеді, сондықтан оларға арнайы таңба бермеуге болмайтын еді; ал басқа дауыссыздардың барлығы да, әрқайсысы да өзінен кейін келетін дауысты дыбысқа байланысты жуан не жіңішке болып айтылады, мысалы:

ат, ет. Бұл құбылыс дыбыстар жүйесімен (біз көлбеу жазумен ерекшелеуді көрсеткендей) айқындалатындықтан, біз дауыссыздардың осындай екі түрлі реңкін (жуан-жіңішке) ешқандай ерекше таңбамен ажыратпадық [3, 8 б.] деген қорытынды ұсынады. Мұндағы басты назар аударатын жай дауыссыздарға қатысты, дауыссыздарды жуан/жіңішке болып айтылады деп арнайы атап көрсетеді. Бұл, шындығында, үлкен теориялық жаңалық еді. Одан әрі: «Қай сөз қаншалықты ұзын болса да, оның барлық дауысты және дауыссыз дыбыстары не түгелдей жуан, не түгелдей жіңішке болып айтылуға тиісті деген үндестік заңы – түркі тілдерінің бәріне ортақ заң, ол қырғыз (қазақ) тілінде де бар» [3, 14 б.] – деп аяқтайды. Ғалым сингармонизм заңының сөз құрамындағы барлық дыбыстарға тән екенін тағы да атай келіп, заңдылық барлық түркі тілдеріне тән екенін, сөйтіп қазақ тіліне де қатысты екенін көрсетеді. Сөз құрамындағы дыбыстың санына қарамай, қанша созылса да үндесім сақталатынын баса айтады.

Ерін үндестігі жайлы ұстаным ертеректегі түркі зерттеушілерінің көрнекі мысалдарына қайшы келіп жатқанын аңғару қиын емес. Біз оның орфографиялық себептеріне тоқталып жатпаймыз. Сонымен, алғашқы зерттеушілердің (И.Ильминский, М.Мелиоранский, В.Радлов т.б.) қолында, профессор Ә.Жүнісбектің пайымдауынша, дайын тілдік материал болған жоқ. Сондықтан да олар қазақ тілінің сөздерін елдің ішін аралай жүріп жинақтап, қалай естіген болса, солай жазып алды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған еңбектерде қазақ сөзінің үндесім (сингармониялық) үлгісі сол таза ауызша айтылым күйінде ендіріліп жатты. Қазақ тілі дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айна-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, ерін үндестігіне қатты көңіл бөліп, көп буынды сөздердің соңғы буынына дейін таңбалады. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады. Зерттеушілер үндесім құбылысының сырын дұрыс түсініп, ол туралы теориялық пайымдаулар ұсынған, сондай-ақ қазақ тілінің дыбыс құрамын дәл анықтап, ерін үндестігін сөздің аяғына дейін жеткізіп берген. Өйткені естілім дәуірінің жазба мұрағаттары қалай естілсе, солай жазылған күйінде бізге жетіп отыр. Түркі тілдеріндегі просодикалық жүйе, жалпы алғанда, өзге әлем тілдеріндегі просодикалық құбылыстармен сабақтас болғанымен, олардың ішкі иерархиясы мен қызметтік салмағы жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие. Түркі тілдерінде просодикалық құралдар кешені бірнеше деңгейден тұрады: олардың бір бөлігі тілдің фонологиялық құрылымын айқындайтын негізгі компоненттер ретінде көрінсе, қалғандары сөйлеу ағынын ұйымдастыруда көмекші қызмет атқаратын қосымша құралдар ретінде сипатталады.

Осы жүйеде сингармонизм – сөздің тұтас фонетикалық құрылымын реттеп отыратын, оның артикуляциялық және акустикалық сипаттарын жүйелі түрде белгілейтін жетекші просодикалық белгі болып табылады. Ал екпін, керісінше, мағыналық және интонациялық айырымдылықты

камтамасыз ететін қосымша акценттік механизм ретінде қызмет етеді. Сондықтан да сингармонизм құбылысы неғұрлым тұрақты, бірізді және толық сақталған жағдайда, сөздің құрамындағы екпіннің айрықша рөлі соғұрлым төмендейді, яғни ол фонологиялық деңгейде шешуші қызмет атқармайды. Белгілі бір тілдік жүйеде үндестік заңы әлсіреп, сөз ішінде немесе морфемалар жігінде вокалдық не консонанттық үйлесім жиі бұзылатын болса, онда сөз құрамындағы айырмашылықтарды анықтауда, грамматикалық тұлғаларды ажыратуда немесе демеулік мән тудыруда екпіннің қызметі күшейеді [22]. Мұндай жағдайда екпін просодикалық жүйедегі қосымша құрал мәртебесінен көтеріліп, морфологиялық және синтаксистік айырымды нақтылауға мүмкіндік беретін маңызды грамматикалық көрсеткіштердің бірі ретінде танылып, оның функционалдық салмағы артады.

Сөздің буынындағы просодикалық құбылыс сингармонизм ғана емес, тілдік қызметі ұқсас сөздердің просодикасы өзге де тілдерде кездесіп отырады. Буын тілдерінің маманы профессор М.Гордиананың «Жеке дыбыстар, буын элементтері, фонетикалық позицияға байланып, бір-біріне тәуелді болады» [23] деген тұжырым келтіреді. Ал профессор Н.Баскаковтың пікірі М.Гордиананың пікірін толық қолдайды: «Кейбір зерттеушілер сингармониялық буындар дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстарға немесе дауысты дыбыстардың дауыссыз дыбыстарға біржақты тәуелділігіне негізделіп жасалмайды, буынның табиғатына, яғни дауысты және дауыссыз элементтерден тұратын фонеманың табиғатына қарай анықталады деп есептейді. Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстар буынның ғана емес, тұтас сөздің сипатын анықтайтындықтан, парадоксальді түрде фонема ұғымы, егер дауыссыз-дауысты-дауыссыз түріндегі буын дербес сөздің мағынасында қатар келсе, тұтас буынмен ғана емес, тұтас сөзбен де сәйкес келеді» [23,17 б.]. Осы ойдың басты ерекшелігі буын құрамында дауысты дыбыстар емес, керісінше, дауыссыз дыбыстардың фонологиялық рөлі басымдыққа ие деген тұсы болып отыр. Демек тіл білімінде мызғымастай қалыптасып үлгерген «гармония гласных» деген ұғымның орнына буынның негізгі құрылымы дауыссыз дыбыстарға қатысты деген теория алға шығады. Осы пікірінің практикалық дәлелі түрінде профессор Н.Баскаков былай дейді: «Дауыссыз дыбыстардың басымдыққа ие екенін олардың буынның, морфеманың және тұтас сөздің фонологиялық құрылымында басым екендігінен, дауысты дыбыссыз да сөзді графикалық түрде белгілеуге болатындығынан, ал дауыссыз дыбыссыз бұл мүмкін еместігінен көреміз» [24,18 б.].

Сингармонизм мен сөздік екпіннің арасындағы тепе-теңдік мәселесі қазақ зерттеушілерінің арасында талас тудырып келеді. Профессор Бодуэн де Куртэннің пікірінше, егер де сингармонизм буындардың басын біріктіріп сөз құрайтын тілдік бірлік болса, она бір буынды сөздердің үндесімін қалай түсіндіруге болады? Осы жерде «сингармонизм дыбыстардың басын біріктіріп буын құрайтын, одан соң барып буындардың басын біріктіріп сөз

құрайтын тілдік заңдылық» [10] деген қағиданың бар екенін еске алған дұрыс.

Қазақ тілтанымындағы сөздік екпінге көзқарасты профессор М.Томанов және І.Кеңесбаев еңбектерінен толық табамыз. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, екпін сөздің соңғы буынына түсетіні белгілі. Қазіргі қазақ тілінің мына фактісі айрықша назар аудартады: бұйрық рай тұлғасы қарқынмен айтылса, соңғы буындағы екпін бір буын кейін (сөздің басына) ығысады, қысқасы, сөздің қарқынмен айтылуы сөз екпінінің қай буынға түсуіне бейтарап емес. Екпіннің соңғы буыннан алға қарай жылжуы сын есімнің интенсив формаларынан да айқын байқалады: қап-қара, шіп-шикі, аппақ т.б. сөздер құрамында екпін алдыңғы күшейтпелі буынға түседі. Қазақ тілінде екпіннің алдыңғы буынға қарай жылжуы, әсіресе, лепті сөйлемдер құрамында кездеседі. Лепті сөйлемдер құрамында жұмсалған одағайлар экспрессивтік мәнерге қарай екпіннің орнын өзгертіп отырады: сөз кенеттен болған қорқынышты білдірсе, екпін басқы буынға түседі, егер таң қалуды білдірсе, соңғы буынға ауысады [25, 40 б.]. Айта кететін нәрсе, өзге лингвист-фонетолог мамандар да дәл осы көзқараста болды. Мысалы, қазақ екпінінің тек соңғы буынға түсе бермейтіндігін, кейде басқа да буынға да ойысатынын, сонымен бірге екпін әрқашан мағына ажыратпайды деген пікірінің шындыққа жанаспайтынын дәлелдеді.

А.Фазылжан өз еңбегінде қазақ екпінінің бірнеше қызметін ажыратады. Мысалы: делимитативтік-сөз ағымы бірліктерінің аражігін ажыратушы; кульминативтік-сөйленім мен күрделі фразалық тұтастық сияқты ірі сөз ағымы бірліктерінің аяқталғанын көрсетуші; мағына ажыратушылық – лексикалық мағыналарды көрсетуші; форма ажыратушылық – грамматикалық мағыналарды көрсетуші; эмоциялық – сөйлеушінің көңіл-күйін білдіруші; коммуникативтік (тема-рема) – сөздегі жаңа ақпарат пен ескі ақпаратты айқындаушы. Осылайша, А.Фазылжан қазақ екпінін тек фонетикалық құбылыс ретінде емес, сонымен бірге мағыналық және коммуникативтік функциясы бар көпқырлы тілдік құрал ретінде қарастырады [26].

Жалпы түркі тілдеріндегі екпін жайлы мәліметті «Языки народов СССР. Т.2. Тюркские языки» атты жинақтан табуға болады. Жинақта отызға жуық түркі тілдерінің мәліметтері бар. Қазақ тілі тарихының көрнекті зерттеушісі М.Томанов: «Дауыстылар гармониясы заңдылығы екі жағдайда: жуан дауыстылардан соң жуан, жіңішке дауыстылардан соң жіңішке дауыстылардың айтылуынан көрінеді...» деп, сөздің езулік үндесімін атап көрсетеді және оны дауысты дыбыстармен тікелей байланыстырады. Ал дауыссыздардың үндесімге қатысы жайлы мәлімет жоқ. Ал ерін үндестігі жайлы «... қазақ тілінде еріндік үндесу екінші буыннан аспайды, кейінгі буындарда көмескіленген, сондықтан жазуда ескерілмейді» [25, 40 б.] дегені қазіргі қазақ лингвистикасында қалыптасқан қағида екені белгілі.

Профессор М.Жүсіпұлы сингармонизм мәселесіне арналған еңбектерінде бұл құбылысты кешенді сипатта қарастырудың қажеттілігін

атап өтеді. Ғалымның пікірінше, тілдің дыбыс жүйесін сингармонизмнің фонологиялық қырынан зерттеу үшін, ең алдымен, зерттеуші алдында тұрған мәселелерге функционалдық, яғни динамикалық тұрғыдан қарау қағидатын қалыптастыру керек. Екіншіден, қазақ тіліндегі сөйлеу процесінде жинақталған дыбыстау дағдысының, сондай-ақ қазақ тілінің артикуляциялық базасының (яғни дыбыстауға қатысатын мүшелер жүйесінің) сингармонизм заңдылықтарына толықтай бейімделгенін айқындау қажет. Осылардың барлығының өзегінде сингармонизмнің жатқандығы, сол себепті бұл құбылыстың табиғаты сингармониялық және бейсингармониялық (акцентті-фонемалық) дыбыстау дағдыларын, сондай-ақ олардың артикуляциялық негіздерін салыстыра зерттеген жағдайда ғана айқын көрінеді. Сонымен қатар, ғалым сингармонизм мәселесін жан-жақты ашу үшін оны оқшау күйде қарастыру жеткіліксіз екенін, керісінше, өзге тілдердегі ұқсас просодикалық жүйелермен салыстыра талдау қажеттігін ұсынады. Мұндай салыстырмалы тұрғыдағы зерттеу сингармонизмнің типологиялық орнын, оның жалпы фонологиялық үрдістермен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, сингармонизм құбылысын тек құрылымдық емес, оның тілдік қарым-қатынастық қызметін ескере отырып, функционалдық аспектіден қарастырғанда ғана бұл заңдылықтың ішкі табиғаты мен қызмет ету тетіктері нақты әрі толық ашылады. Басқаша айтқанда, «Сингармонизм сөздің фонологиялық және фонетикалық бейнесінің просодиялық таңбасы болып табылады да, сөз құрамындағы барлық (дауысты, дауыссыз, жарты дауысты) дыбыстарды қамтиды; сөзді акустикалық және мағыналық жағынан тура қабылдаудың кепілі... Сингармонизмнің тағы бір коммуникативтік қызметі – сөздің құрамындағы дыбыстарды біріктіру. Сөз, сөздің құрамындағы буындардың барлығы бір сингармониялық тембрмен сипатталады» [7, 107 б.].

Сонымен сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріндегі сөздердің негізгі просодикалық көрсеткіші ретінде қарастырылатын аса күрделі фонологиялық құбылыстардың бірі болып табылады. Бұл заңдылық сөздің құрамындағы барлық дыбыстарды толық қамтып, олардың артикуляциялық және акустикалық тұрғыдан өзара үйлесім табуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде сөзді құрайтын жекелеген дыбыстардың басын біріктіріп, біртұтас фонологиялық жүйе ретінде қабылданады. Басқаша айтқанда, сингармонизм сөздің ішкі құрылымын бірегейлендіріп, оның тұтас фонетикалық блок ретінде ұйымдасуына ықпал етеді. Осыған сәйкес, түркі тілдеріндегі сөздердің дұрыс және табиғи қалыпта айтылуы ең алдымен сингармонизм заңдылығының сақталуына тікелей тәуелді. Түбір мен қосымша, буын мен дыбыс арасындағы фонетикалық үйлесім осы заң арқылы реттеліп, сөздердің қалыпты жасалу механизмі де осы принципке негізделеді. Демек, сингармонизм тек дыбыстардың өзара сәйкестігін білдіретін құбылыс ғана емес, сонымен қатар сөзжасам, сөзтүрлендіру және жалпы сөйлеу үдерісінің табиғи жүруін қамтамасыз ететін негізгі фонологиялық тетік болып табылады.

Сингармонизм құбылысы сөздің бүкіл дыбыстық құрамын толық қамтуымен ерекшеленіп, оның мағына өзгертушілік қызметін іске асыратын маңызды фонологиялық тетік ретінде көрінеді. Бұл құбылыстың ықпалы сөздің ішкі құрылымындағы барлық сегменттердің артикуляциялық және акустикалық үйлесімділігі арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, сингармема (немесе сингема) жүйесіне кіретін дыбыстық элементтер жуандық-жіңішкелік корреляциясы негізінде жіктеледі, бірақ олар жеке-дара фонема дәрежесіне көтерілмей, просодикалық сипаттағы бірліктер ретінде танылады. Түркі тілдерінің көпшілігінде ерін сингармонизміне қарағанда езу сингармонизмінің басымдылығы жайлы пікір орныққанымен, ғылыми зерттеу барысында екі типтің де бірдей деңгейде қарастырылуы қажетті деп есептеледі. Себебі еріндік және езулік үйлесімдердің әрқайсысы белгілі бір тілдік жүйенің табиғи фонетикалық заңдылықтарын көрсетеді және екеуі де сингармонизмнің толық көрінісін ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, ерін және езу сингармониясының салыстырмалы түрде зерттелуі тілдің фонетикалық құрылымын жан-жақты сипаттауға жағдай жасайды. Сингармонологияда теориялық позицияның қызметі мен түрі толық айқындалмайды. Үндесім құбылысы сөз құрамындағы барлық дыбыстар мен буындарды түгел қамтығандықтан, сингеманың позициялық түрлері болмайды деген тұжырым қалыптасқан болатын [27]. Қазіргі таңда позиция ұғымы біртін-біртін ендіріліп жатыр, алайда бұл принцип ғылыми ұғым деңгейіне әлі көтерілмеді. Мұның басты себебінің Ленинград фонология мектебінің (ЛФМ) теориялық ұғымдарында жатқанын көреміз. ЛФМ-ның теориясына сәйкес позициялық принцип негізгі ұғым болып табылмайды. Ал сингема (сингармема), сингармонология теориясын дамытушы ғалымдар Ж.Әбуов, Ә.Жүнісбеков, т.б. осы ғылыми мектептің түлектері болып табылады.

Қазақ тіл білімінде сөз екпінінің тек фонетикалық функциясы бар және ол қызметінің өзі орыс тіліне қарағанда тым әлсіз. Қазақ тіліндегі сөздік екпіннің фонетикалық функциясы логикалық екпінмен бірлесіп қызмет атқарғанда ғана айқын байқалады. Мысалы: *Асан жылдам сөйлейді* (Асан, Айжан емес). *Асан жылдам сөйлейді* (жылдам, жай емес). *Асан жылдам сөйлейді* (сөйлейді, ән салмайды). Осы үш сөйлемде сөздер бірдей дыбысталғанмен, логикалық екпіннің үш түрлі ауысқанын көреміз. Өзіне логикалық екпін түскен сөз әдетте көтеріңкі дауыс ырғағымен не белгілі бір дәрежеде созылықты түрде айтылады. Сөйлеу барысында байқалатын мұндай интонациялық ерекшелік сол сөздің мағыналық тұрғыдан бөлектеніп, сөйлемдегі маңызды компонент ретінде танылуына мүмкіндік береді. Логикалық екпіннің әсерінен сөздің құрамындағы буындардың ішінде, әсіресе соңғы буынның ерекше фонетикалық реңкпен айтылуы жиі кездеседі. Бұл жағдай қазақ тілінде сөз екпінінің көбіне соңғы буынға түсуімен түсіндіріледі және оның табиғи үлгісі ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі сөздік екпіннің фонетикалық қызметі тек сөйлеудің интонациялық ұйымдасуында ғана емес, поэзиядағы рифма мен өлең

өлшемінің ритмикалық құрылымын жасауда да айқын сезіледі. Екпіннің ырғақтық жүйеге қатысуы қазақ өлеңінің әуезділігін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Дегенмен жалпы типологиялық сипаттама тұрғысынан алғанда, қазақ тілінің сөз екпіні үнді-еуропа тілдеріндегі сияқты күшті динамикалық екпінге ие емес. Қазақ тілінде екпін мағынаны түбегейлі өзгертуге немесе жаңа лексикалық бірлік жасауға қызмет етпейді; ол көбіне сөздің жалпы әуездік құрылымын реттеп, сөйлеу ағымындағы просодикалық бірізділікті сақтауға бағытталған қызмет атқарады.

Ә.Жүнісбектің «Үндестік заңы» деген мақаласында қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деп білетін ғалымдардың қатарында М.Жүсіпұлының тұрғанын көреміз. «Ал кейінгі зерттеушілер бұл екі сөз просодикасының (сингармонизм мен екпін) бір тілдің дыбыс жүйесінде қатар кездеспейтіндігін алға тартады» [28, 431 б.]. М.Жүсіпұлы, жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл тұжырымды қолдамайды. Ғалымның зерттеу еңбектерінде қазақ тілінде сөз екпіні мүлде жоқ деген пікір кездеспейді. Алайда қазіргі кезеңде түрлі ғылыми конференцияларда ұсынылып жүрген баяндамалар мен талқылауларда қазақ тілінде сөздік екпіннің жоқтығын дәлелдеуге бағытталған концепцияның да ғылыми тұрғыдан өмір сүруге толық мүмкіндігі бар екендігін байқаймыз. Бұл көзқарас қазақ тілінің табиғи просодикалық жүйесін тереңірек түсінуге талпыныс ретінде қабылданады. Расында да, қазақ тілінде сөздік екпіннің логикалық, ырғақтық (ритмикалық), сондай-ақ поэтикалық мәтіндерде ұйқастық функцияларды атқаратыны күмән туғызбайды. Алайда осы қызметтерді үнді-еуропа тілдеріндегі динамикалық сөз екпінінің функциялары арқылы салыстыра қарастырған жағдайда, қазақ тіліндегі сөз екпінінің қызмет аясы әлдеқайда тар, қолданылу өрісі шектеулі екендігі анық байқалады. Осы негізде қазақ тіліндегі сөз екпіні тек фонетикалық деңгейде ғана қызмет атқарып, сөздің әуездік құрылымын ұйымдастырушы элемент ретінде ерекшеленеді. Ол өзге тілдердегі сияқты морфонологиялық немесе фонологиялық мәнге ие бола алмайды. Басқаша айтқанда, қазақ тілінің акценттік жүйесі сөздің грамматикалық формаларын ажыратуға немесе мағыналық дифференциациялауға бағытталған қызметтерді атқармайды. Демек, қазақ тіліндегі сөз екпінін кең ауқымды қызметтер жүктейтін акценттік механизм емес, сөйлеу ағымындағы просодикалық үйлесімділікті қамтамасыз ететін фонетикалық құбылыс ретінде сипаттауға болады. Сөз екпіні фонологиясында негізгі сегментті бірлік ретінде фонема қарастырылатыны белгілі. Алайда қазақ тілінің просодикалық жүйесінде бұл бірлік таза акценттік қасиетке емес, ең алдымен сингармониялық просодикалық сипатқа ие тілдік құрал ретінде бағаланады. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде «сингармофонема» деген арнайы термин қолданылады. Бұл атау қазақ тіліндегі дыбыстық жүйенің сингармонизм заңдылығымен өңделетінін, яғни фонологиялық тұрғыдан дыбыс емес, сингармониялық реңкпен біріккен дыбыстық бірлік негізгі қызмет атқаратынын көрсетеді. Демек, сингармофонологиялық теорияда

бірінші кезекте «фон» ұғымы тұрады. Өйткені фон – жоғары деңгейдегі сегменттелетін тілдік бірліктердің (буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, фраза және т.б.) іргетасы болып табылатын базалық элемент. Ол өзі қатысатын құрылымдарды байланыстырып, олардың қалыптасуына негіз болады. Фон сөз құрамынан бөлек те дербес айтылып, жеке дыбыстала алады.

Ал сингармонизм, интонация, екпін сияқты бейсегментті просодикалық құралдар фонға қарағанда мүлдем басқа сипатқа ие: олар сөз құрамынан тысқары жеке айтылмайды, дербес дыбыстала алмайды. Бұл тілдік құбылыстар әрқашан сөздің құрамында, фондармен бірге жүріп қана іске асатын, сол арқылы тілдік қызмет атқаратын құрылымдар болып табылады.

Осы себепті жалпы сингармонизм теориясында, соның ішінде сингармофонологияда ғылыми зерттеудің негізгі нысаны ретінде сегментті бірлікті – сингармониялық фонеманы, яғни сингармофонеманы дұрыс тану қажет. Бұл бірлік қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық үйлесімі мен просодикалық ұйымдасуының заңдылықтарын толық ашуға мүмкіндік береді және тілдің табиғи фонологиялық жүйесінің өзегін құрайды. Ә.Жүнісбек сингармониялық теорияның негізгі зерттеу нысаны деп негізгі ғылыми термині ретінде сингармонизмді, әрі қарай бөлшектенбейтін суперсегменттік тіл құралын айтады [29].

А.Байтұрсынұлының фонетика саласына арналған еңбектері жалпы тіл білімінде фонология теориясы дербес ғылыми бағыт ретінде енді ғана пайда болып, қалыптасу кезеңін бастан өткеріп жатқан уақытпен тұспа-тұс келеді. Ғалымның ғылыми тұжырымдары мазмұны жағынан фонологиялық деңгейде жасалғанымен, ол бұл ұстанымдарды арнайы зерттеу әдісі ретінде жүйелі түрде қолданды ма, әлде интуитивтік сипатта пайдаланды ма деген мәселені нақты айқындау қиын. Өйткені зерттеуші өз еңбектерінде қолданған зерттеу тәсілдері мен әдістемелік амалдарына егжей-тегжейлі тоқталмай, негізінен қол жеткізген ғылыми нәтижелерін ғана ұсынады. Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін сақталған деректер фонология теориясының, нақтырақ айтқанда сингармонизм теориясының толыққанды теориялық жүйесін емес, сол теориялық пайымдаулардың қорытынды нәтижелерін ғана қамтиды. А.Байтұрсынұлының фонетика саласындағы еңбектерін ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде арнайы зерттеп келе жатқан профессор М.Жүсіпұлы ғалымның қазақ тіліндегі дыбыстарды фонологиялық тұрғыдан мағыналы бірліктерге бөліп, жіктеу мәселесіне айрықша мән бергенін атап көрсетеді. Осы орайда оның «...қазақ тілінің просодиялық доминантасы деп Ахмет Байтұрсынұлы сингармонизмді түсінген» деген тұжырымы [7, 56 б.] қазіргі лингвистер тарапынан ғалым мұрасына беріліп отырған ғылыми тұрғыдан негізді әрі әділ баға ретінде қабылданады. А.Байтұрсынұлының фонология саласындағы қағидалары орыс лингвистерінің де назарына ерте ілігіп, жоғары бағаға ие болды. Олар бір жағынан «... Әліпбидегі әріптер санын азайтудың бірдей әдісін түркі-татар тілдерінің біріне, яғни «сингармонизм» заңын толық сақтаған қазақ (бұрынғы қырғыз) тіліне қолдану – жергілікті қазақ, мәдениет қызметкерлерінің бірі А.Байтұрсыновтың интуитивті түрде

ойлап тапқан тәсілі... Алынған формуланы барынша мінсіз қолдануға жаңа мүмкіндіктер береді» [30, 144 б.] деп орыс зерттеушілері ғалымға теориялық тұрғыдан баға берсе, «...Дауыстылардың жұптылығын (сингармонизмін) дауыссыздар арқылы білдіру тәсіліне, оған қоса арнайы жұмсарту белгісін енгізу арқылы толықтырылған бұл әдісті біз қазақтың «Байтұрсынов орфографиясынан» көреміз...» [31, 158 б.] дей отырып, екінші жағынан, практикалық тұрғыдан жоғары бағалайды.

Аталған тұжырымдардың барлығының теориялық негізінде А.Байтұрсынұлының «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» деген белгілі анықтамасы [8, 390 б.] жатыр. Бұл пайымдауда ерекше назар аударатын мәселе – «жуан сөздің құрамындағы дыбыстардың барлығы жуан болады, жіңішке сөздің құрамындағы дыбыстардың барлығы да жіңішке болады» деген тұжырымның айқын әрі жүйелі түрде берілуі. Мұнда ғалым сөз құрылымындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың фонологиялық қызметін бірдей деңгейде қарастырып, олардың сингармониялық сипаттағы қызметін тең дәрежеде бағалайды. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлының еңбектерінде «дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішке айтылу мүмкіндігі дауысты дыбыстарға тәуелді» [8, 390 б.] деген мазмұндағы жарыспа анықтамалардың да ұшырасуы оның ғылыми көзқарасының күрделілігі мен тереңдігін көрсетеді. Біз үшін ғалымның көкірек көзімен анықтаған қазақ сөздерінің алғашқы просодикасы жайлы пікірлері қашан да басымдыққа ие болады. Қазіргі қазақ тілтанымындағы теориялық фонетиканың «гармония гласных» делінген жаңсақтықтан арылатын тұсы мен тоқтамы осы А.Байтұрсынұлының онды тұжырымы болып отыр. Алайда қазақ тілінің теориялық фонетикасы, оның ішінде практикалық фонетика (қазақ тілінің оқу-әдістеме құралдары мен оқулықтары) «гармония гласных» дегеннен әліге дейін арыла алған жоқ. Қазақ фонетикасын зерттеушілердің тобы бүгінде жаңа мамандармен толықты, олардан: С.Мырзабеков [5], Б.Қалиев [32; 33;], Ә.Жүнісбек [28], М. Жүсіпұлы [7], т.б. сөз просодикасына тоқталып жатты. Зерттеушілердің екінші бір тобы Ж.Әбуов [17], М.Исаев [34], З.Базарбаева [35], А.Қошқаров [36], С.Татубаев [37], М. Райымбекова [38], т.б. Ресейдің белгілі ғылыми орталықтарына барып, кәсіби-тәлімгерлік тәрбиесінен өтіп, жаңа зерттеу әдістерін меңгеріп келіп жатты. Қазіргі таңда теориялық ұстанымдар көрнекі мәліметтермен толықтырылды. Қазақ фонетикасының әртүрлі бағыттары бойынша зерттеу жұмыстарына зерттеушілердің жас ұрпағы үндесім, сингармонизм, фонетика саласына – Ж.Нәзбиев [39], С.Сәдуақас [40], І.Оразалин [41], А.Бәйімбетова [42], үйлесім фонетика саласына – Ж.Исаева [43], Г.Қайдарова [44], А.Молдашева [45], тарихи фонетика саласына – М.Әлімбаев [46], әуен фонетика саласына – А.Фазылжанова [26], А.Аманбаева [47], Ж.Жұмабаева [48] келіп жалғастырып әкетті. Сонымен қазіргі кезде қазақ фонетикасы жан-жақты

зерттеліп жатыр: дыбыс құрамы мен жүйесі, дыбыс түрленімі, сөз әуезі, әуен ырғағы т.б.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің көмегімен қазақ тілінің фонетика саласы, сингармонизм заңдылығы, сөз екпіні мәселелері біршама зерттеліп, жүйеге келтірілді. Десек те XX ғасырдың басындағы Ахаң бастаған қазақ ғалымдарының сингармонизм турасындағы қағидалары әлі де оңды шешімге ие бола алмай тұр. Көпшілік зерттеушілер бүгінге дейін сингармонизм мен екпінді түркі тілдеріне тән біртұтас бірліктер деп қарастырып келеді. Сондықтан да, мысалы, қазақ фонетикасында екпінге де, сингармонизмге де қатар орын берілген. Кей зерттеушілер сингармонизмге екпінге қарағанда басым мәртебе берсе, өзге лингвистер керісінше бағыт ұстанды. Аталған екі құбылыс та түркі тілдеріне тән болғанымен, олардың тілдік жүйедегі атқаратын қызметтері мен функционалдық жүктемелері бірдей емес. Осыған байланысты екпін мен сингармонизмді өзара тең құбылыстар ретінде қарастыруға, яғни бір деңгейде теңдестіруге ғылыми негіз жоқ.

Біздің анықтауымызша, сөздің дыбыстық тілінің құрамында екі просодия қатар кездесуі мүмкін, алайда міндетті түрде оның біреуі доминантты (күшті) болады да, екіншісі бейдоминантты, яғни әлсіз болады. Нақтырақ айтатын болсақ, тілдік құралдың құрамында кездескен екі просодия қызметі жағынан ешқашан тең болмайды. Просодиялық бірліктердің біреуінің функциясы анық, универсалды болады, атап айтсақ, қазақ тілінің сингармонизм құбылысы, ал екіншісінің функциясы әлсіз, универсалды емес, айқын байқалмайды, оған қазақ тіліндегі сөз екпінін жатқызуға болады. Сөз екпінінің тілімізде әлсіз, бейдоминантты болуынан бұл просодияны жоққа шығаратын пікірлердің айтыла беретіндігіне ғылыми себептер жетерлік.

1.3 Сингармонизм бірліктерінің анықтамасы мен модельдері

Қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысына берілген анықтамалар алуан түрлі болып келеді. Көп жағдайда сингармонизмді дауыстылардың үндесімі (гармония гласных) немесе буын үндестігі деп те атайды. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін де сингармонизм құрамында қарастыру да бар. Соңғы жылдары сингармонизм құбылысына деген теориялық көзқарас түбегейлі өзгерді. Соның нәтижесінде сингармонизмнің анықтамасы да тұрақтанды. Сонымен:

- буын құрамындағы дыбыстардың (дауысты, дауыссыздардың) біркелкі әуезбен айтылуын;
- сөз құрамындағы буындардың біркелкі әуезбен айтылуын;
- сөздің бастан аяқ бір әуезбен айтылуын *сингармонизм* дейміз.

Келтірілген анықтамалар сингармонизмнің табиғатын ашып береді. Сингармонизмді *дыбыс, буын, сөз* үндесім әуезі деңгейінде сатылап талдап-тануға болатынын көріп отырмыз.

Бүгінде дәстүрлі анықтамалар секілді дауыссыздарды ескерместен, сингармонизмді тек дауыстылармен байланыстыру қағидасы өзгерді. Соның нәтижесінде дауыстылар мен дауыссыздардың сингармологиялық (фонологиялық) мәртебесі тең болып отыр. Осылайша қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысының табиғатын ақиқат түсініп, фонетикалық талданымды жаңа жүйеге түсіруге жол ашылды. Профессор Ә.Жүнісбек үндесім жайлы былай дейді: «Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар тек белгілі реңктегі дауыссыздармен ғана тіркеседі, және керісінше, көршілес дауыстыларға байланысты дауыссыздар да әртүрлі реңкке ие болады. Олардың ешқайсысын негізгі деп атауға болмайды... Олардың барлығы – бір фонеманың тең дәрежелі реңктері» [49, 72 б.]. Осылайша түркі фонетикасының бірегей құрылымы анықталады. Сонымен, сингармонизмнің тілдің дыбыс, буын, сөз деңгейін түгел қамтитынын көруге болады.

Жалпы түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің сингармонизм заңдылығының зерттелу тарихына көз жүгіртсек, «Радлов дәуірінің» орны ерекше, себебі сингармонизм аясындағы әңгімелердің айтыла бастауы сол кезеңнен басталды. Сол кездегі тіл зерттеушілерінің бәрі де сингармонизм құбылысының фонетикалық сипатын, атап айтқанда, сөздердің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болатынын аңғара білген. В.Радлов болса, сингармонизмнің сөзқұрауыштық рөлін де, фонологиялық қызметін анықтап берді.

Ол кезеңде қазақ тілінің көптеген сөздері әлі хатқа түспегендіктен, зерттелімнің негізгі көзі ретінде сөздердің естілім үлгілері қолданылды. Сол себепті де сөз қалай айтылса, қалай естілсе, солай хатқа түсіріліп отырды. Осы кезеңде хатқа түскен сөздердің фонетикалық сипатын, жуан және жіңішкелік тұрпатын дәл пайымдауға мүмкіндік мол. Ал енді тіл зерттеушілері қалдырған деректерде сөздердің еріндік-езулік айтылымына сәйкес ала-құлалық кездесіп жатады. Екі-үш буыннан тұратын түбір сөздердің еріндік сипаты түгел берілсе, қосымшаларды белгілеуде бірде көрсетіліп, бірде көрсетілмеген. Сонда да болса, көп буынды сөздердің ішіндегі еріндік буындар сөздің соңына дейін таңбаланып берілген мысалдарды көптеп таба аламыз [50, 22 б.]. Бұл дегеніміз сол замандағы сингармонизм әлі теория түрінде қалыптасып үлгермесе де, қазақ тілінің іргелі тіл заңдылығы ретінде лингвистер назарына іліге бастағанының дәлелі бола алады. Қазақ сөздерінің сол кезеңдегі үндесім үлгілерін сақтай отырып берілген жазба деректері қазіргі заманның тіл зерттеушілеріне бағыт-бағдар болатыны ақиқат.

Біз қолда бар жазба дереккөздерде қамтылған мәліметтерге негіздей отырып, қазақ тіліндегі сөздердің артикуляциялық ерекшеліктерін сипаттауды мақсат етеміз, әрі осы талдау нәтижелері арқылы сингармонизм құбылысының дыбыс, дыбыстар тіркесі, буын және тұтас сөз деңгейлеріндегі көрініс табу формаларын айқындап, жүйелі түрде пішіндемесін ұсынуды көздейміз. Сингармонизм турасында сөз қозғалғанда әуелі жалаң үндесім жайында айтпасақ болмайды. Жалаң үндесім деп қазақ тіліндегі сөздердің

біртұтас, бірыңғай әуезбен айтылу ерекшелігін білдіретін фонетикалық құбылысты атаймыз. Жалаң үндесімнің көрінісі буын құраушы дауысты дыбыстардың сапасына байланысты сөз құрамындағы буындардың әуездік сипатының өзгеріп отыруымен айқындалады. Осыған сәйкес, егер буын құраушы дауысты дыбыс жуан болса, мұндай буын жуан үндесім буын деп аталады, ал дауысты жіңішке болған жағдайда жіңішке үндесім буын ретінде сипатталады. Сол сияқты жақтың қатысына қарай, буын құраушы дауысты ашық болса, ол ашық үндесім буын деп белгіленеді, ал дауысты қысаң болса, қысаң үндесім буын деп аталады. Еріннің қатысына байланысты дауысты еріндік сипатта болса, мұндай буын ерін үндесім буын деп, ал дауысты езулік болған жағдайда езу үндесім буын деп атау ұсынылады. Алайда бұл атаулар мен ұғымдарды дәстүрлі түрде қалыптасқан буын түрлерімен, яғни ашық, тұйық және бітеу буындармен, шатастырмау қажет, өйткені олардың жіктелу негіздері мен қызметтік белгілері әртүрлі. Бұндай дәстүрлі буын ұғымдарының үндесімге ешбір қатысы жоқ.

Үндесім буындардың таза әуезді түрінде кездеспеуінен, әуездің түрлері күрделі болып келетінін көреміз. Буын үндесімі жуан мен жіңішке және езу мен ерін дыбыс әуездерінің араласуынан жасалса, буын әуезінің құбылымы былай жіктеледі:

- буынның ашық жуан езулік әуезі;
- буынның ашық жіңішке езулік әуезі;
- буынның қысаң жуан еріндік әуезі;
- буынның қысаң жіңішке еріндік әуезі;
- буынның қысаң жуан езулік әуезі;
- буынның қысаң жіңішке езулік әуезі.

Қазақ тіліндегі сингармонизмнің түрлерін сараптаудың негізгі ұғымдары осы терминдерден басталады. Сингармонизм заңының қазақ сөзіндегі сипаты тіліндегі дыбыстардың басты артикуляциялық жіктеліміне қарай беріледі. Үндесімнің тіліміздегі ең негізгі нұсқасы ауыз қуысындағы тілдің көлденең қалыпта жатуынан туындайды. Осыған орай, бір сөздің құрамында кездесетін дыбыстардың барлығының бірыңғай жуан немесе, керісінше, бірыңғай жіңішке сипатта келу құбылысы тіл үндестігі деп аталып, ғылыми әдебиетте осылайша қолданылып келеді.

Бұның екінші нұсқасы еріннің қалпына қатысты болады. Дауысты дыбыстардың бір сөздің ішінде еріннің қатысына қарай өзара үйлесіп, ыңғайласып келуінен ерін үндестігі жасалады. Аталған заңдылыққа сәйкес, егер сөздің алғашқы буынында еріндік дауысты дыбыс келсе, одан кейінгі буындардың құрамында да еріндік дауыстылардың сақталуы, яғни олардың жүйелі түрде қайталанып отыруы талап етіледі [5, 150 б.] деген анықтамалардың бар екенін білеміз. Қазақ тіліндегі сөздерінің сингармонизм ұғымдарын талдауда тіл зерттеушілерінің қолданатын басты артикуляциялық ережесі осыған жақын болып келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстар үндестігінің екі бұл екі нұсқасы бірдей бағаланып жатқан жоқ. Сөздегі дыбыстардың жуан мен жіңішке нұсқалары

толық жүзеге асқанмен, сөздегі дыбыстардың еріндік-езулік нұсқалары жартылай ескеріліп жүр. Тіпті тіл зерттеушілерінің ішінде жазудың әсерімен жойылып келе жатқан еріндік үндесімге байланысты: қазіргі қазақ емлесі негізінде еріндік дауыстыларды тек алғашқы буында ғана жазамыз да, айтқанда да сол жазылым үлгісі бойынша дыбыстаймыз. Енді тіпті қазақ сөздерінде ерін үндестігі жоқ деп айтуға жақын тұрмыз деген назар аударарлық алаңдаушылық бар. Қазіргі қазақ тіліндегі қатар тұрған іргелес дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуі (қатаңға қатаң, ұяңға ұяң, үндіге үнді және т.б.) сингармонизм заңының құрамынан мүлде шығып кетті. Сингармонизм заңдылығының фонологиялық қызметін, яғни оның тілдік жүйедегі рөлін түбір мен қосымшаның арасын тұтастырып, біріктіріп тұратын негізгі тілдік тетік ретінде бағалаған ғалым – профессор Қ.Жұбанов. Ол сөз құрамындағы мүшелерді өзара берік байланыстырып ұстайтын құралдардың ішіндегі ең пәрмендісі түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі екенін атап көрсетіп, осы заңдылықты сингармонизм деп түсіндіреді. Ғалым бұл ойды түйіндей келе: «Түбір мүшенің соңғы буыны жуан айтылса, қосымшалардың бар буыны да жуан айтылады; түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, қосымшалар да жіңішке айтылады» деп тұжырымдайды [51, 208 б.]. Осылайша Қ.Жұбанов сөз құрылымындағы сөзжасамдық сегменттердің әуездік жағынан жуан немесе жіңішке сипатта қалыптасуын «үндестік» ұғымы арқылы сипаттайды. Мұнда, бастысы, сингармонизмнің қызметін тілдік бірліктердің басын біріктіруші тілдік заңдылық екенін дәлелдеп берді.

Профессор С.Мырзабеков қазақ тіліндегі сингармонизм заңдылығының шынайы бейнесі деп алғашқы жазылған сөздіктерді айтады. Ол сөздіктегі сөздерді үндесімнің қазақ тіліндегі сөздердің айтылым сипатындағы маңызын дәлелдеу үшін негізгі құрал түрінде қолданады. Сөздіктердің біріне қатысты айтқанда, Н.Ильминскийдің еңбегі қазақша-орысша сөздіктің тұңғыш нұсқасы болып саналады және ол тек лексикалық қана емес, фонетикалық тұрғыдан да аса құнды еңбек болып есептеледі. Ғалым өз тұжырымында: «Біз бұдан қазіргі орыс графикасына негізделген жазуымыздың тәй-тәй басқан алғашқы қадамдарын көреміз, орфоэпия мен орфографиямыздың даму жолын зерделейміз. Сондай-ақ, сөздердің бірыңғай жуан немесе жіңішке болып келуі тек қазақ тілінде ғана емес, барлық түркі тілдеріне тән құбылыс екенін айтып қана қоймай, оны сөздігі арқылы дәлелдейді» [5, 8 б.] деп көрсетеді.

Біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болып отырған сөздер де дәл осы ерте кезеңде жарық көрген туындыларға жатады және қазақ тіліндегі сөздердің айтылымдық ерекшеліктерін таза, бастапқы күйінде жеткізетін деректер ретінде маңызды болып табылады.

Ә.Жүнісбеков өзінің зерттеу еңбектерінде [27, 82 б.] еріндік дауысты дыбыстардың жасалуын инструменталды талдау негізінде дәлелдеп, жаңаша қырынан нақты анықтамаларды ұсынды. Ғалымның пікіріне сәйкес, сингармонизмнің екі түрі де фонетикалық та, фонологиялық та тұрғыдан тең

құбылыс болып саналады. Соған қарай ол түрлер бүтін бір жүйенің құрамдас бөлшектері болып танылады.

В.Радлов қалдырған жіктеудің артикуляциялық атауында айырмашылықтар кездескенмен, ішкі мазмұны жағынан қазіргі жіктелу белгілерімен толықтай сай екенін көруге болады. Біз ғалымның атақты «Сөздігінен» жіктелім түрлеріне лайық мысалдарды тауып, өз тарапымыздан көрнекіледік.

– Еріннен көмейге дейін – ауыз қуысының толық қалпы, яғни: ұйқұ, ұмтұл, түйұқ, тұмұлдұрұқ, жұқтұр, жұлұқ, жұлдұз, жұлдұздұ, жұтқұз, жұтұм, жұмұшишұ, сүйұқ, сулу (сұулұ), шұқұр, бүйрұқ, бұрұш, мұрұндұқ.

– Тістен көмейге дейін – ауыз қуысының ықшамдалып тұратын қалпы: ақша, айқай, қара, алдау, найза, науа, нақақ, тақта, таңдай, даула, жайдақ, сайра, аңды, айқыш, қайың, намыс, нақыш, тақыйа.

– Еріннен тіл алдына дейін – ауыз қуысының жартылай қалпы: күндүз, күртүк, түкүр, түкүрүк, түйүн, түтүк, түтүн, түстүк, түшкүр, түшкүрүк, жүгүрүс, жүгүрүстүр, жүрүстү, сүйүктү, шүйүншү.

– Тістен тілдің алдына дейін – ауыз қуысының жарым-жартылай Ықшамдалып тұратын қалпы: жәрийә, нәубәт, тәрізді, кәрі, іңір, дәрі, кіріс, кірлі, жігіт, кірпік т.б. [27, 23 б.].

Осы мысалдардан ғалымның қазақ дыбыстарының артикуляциясын өте дәл сипаттап шыққанын және өте орынды пайдаланғанын көруге болады. Ғалымның дыбыс жасалымына барынша мән бергенін көреміз. Дыбыстың жіктеліміне оның жасалымын негіз етіп алған. В.Радлов ұсынған «Сөздіктің» ішіндегі қазақ тіліне тән лексикалық мәліметтерді саралай отырып, сингармонизмге қатысы бар бірегей көптеген сөздерді табуға болады, дегенмен оның барлығын тізіп көрсетудің қажеті шамалы. Біз қазақ тіліндегі үндесім сөздердің бірыңғай үлгілерін байқататын сөздерді ғана мысал ретінде беруді дұрыс көрдік. Кез келген тілдің фонетикалық (артикуляциялық) талданымы сол тілдің артикуляциялық базасының талданымынан басталады. Сөйлеу мүшелері физиологиялық тұрғыдан алғанда адамзат баласының бәріне бірдей ортақ, яғни физиология және анатомия тұрғысынан қарағанда барлық ұлттардың айтылым мүшелерінің жұмысы мен құрылымында елеулі ерекшелік жоқтың қасы. Сонда да сол бәріне ортақ сөйлеу мүшелерін әр ұлттың өз тілінде пайдалану жолдары әртүрлі болады. Бір сөйлеу мүшесі бір тілде белсенді болса, екінші тілде қалыс қалып отырады. Тіптен, белгілі бір сөйлеу мүшесінің қызметі әр тілде әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан фонетиканың басты міндеті ең алдымен сөйлеу мүшелерінің арнайы бір тілге тән жасалымын (артикуляциялық базасын) анықтап алу қажет болады. Тілдердің жасалымын жалпы фонетика (общая фонетика) ғылымы тұрғысынан қарастырғанда, оны «Артикуляциялық база – белгілі бір тіл үшін тән сөйлеу органдарының позициялары мен қозғалыстарының жиынтығы» деп сипаттайды [27, 80 б.]. Қазақ тілінің жасалымына қатысты бұл ұғым мынадай түрде ұсынылған: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды өндіруге қатысатын сөйлеу мүшелері мен

олардың қозғалыстарының жиынтығы» [9]. Осылайша, қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалу процесінде сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысында өзіне тән ерекшеліктердің болуы сөзсіз және даусыз факт болып табылады. Қазақ тілінің артикуляциялық базасының анықтамасы мен талданымын алғаш жасаған профессор Ә.Жүнісбек болып табылады. Артикуляциялық база жайлы мәліметті ғалым еңбегінен алып отырмыз.

Қазақ тіліндегі төл дыбыстардың құрамын нақтылап, оны дұрыс жүйемен сипаттау үшін ең алдымен оның қазақ тіліндегі жасалым орнын анықтап алу керек. Олай болмаған жағдайда, қазақ тілінің дыбыс құрамы дәл анықталмайтын болады, сондықтан дыбыс жүйесі дұрыс сипатталмайды. Жаңсақтықтардан арылудың негізі тек қазақ тілінің жасалымына сүйену арқылы табылады. Қазақ тілі көп әуезді (политембральный), өйткені әрбір сөздің өз айтылым әуезі бар. Қазақ тілінде төрт әуез бар. Сөз әуезінің (тембрдің) осы ерекшелігі тілдің просодикалық жіктелім белгісі болып табылады. Қазақ фонетика ғылымына сингема ұғымы ұсынылды. Сондықтан сингема қазақ тілінің жіктелім белгілерінің бірі болып табылатынын зерттеу барысында пысықтай түсуге тырыстық. Үндесім немесе сингармонизм тілдердің ара жігін ажыратудың негізгі белгісі болғандықтан, ол тек түркі тілінің құрылымына ғана тән екенін байқаймыз. Сондықтан сингармонизмді орыс не қытай тілінің құрылымынан іздемеу керек екендігін проф. Ә.Жүнісбек ескертті [27, 26 б.].

Сингармонизм сөз әуезі мен сөз құрамындағы буындардың айтылым қарқынын біркелкі ұстайды, осыдан келіп сингармология және сегментология терминдері ұсынылды. Жалпы фонетикадағы дәстүрді сақтай отырып, *сингармология*, *сегментология*, *сингема*, *аллосингема* ұғым-атауларын айналымға ендіру басталды.

Қазақ тілі дыбыстарының талдану жолдары мен жіктелімін профессор Ә.Жүнісбек ұсынған амалдармен ұсынып отырмыз.

Фонетикалық талдау мынадай аспектілерді қамтиды:

- дыбыстың артикуляциясы – дыбыс жасалуына қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қалпын сипаттайды;
- дыбыстың акустикасы – дыбыстың айтылым ерекшеліктерін, ауыз қуысы мен көмей қуысының өзара әрекеттесуін анықтайды;
- дыбыстың перцепциясы – дыбыстың естілімін, яғни тыңдаушы тарапынан қабылдану ерекшелігін айқындайды.

Үндесім (сингармониялы) талдау:

- дыбыстардың үндесім артикуляциясын;
- дыбыстардың үндесім акустикасын;
- дыбыстардың үндесім перцепциясын анықтайды.

Үйлесім (ассимилятивті) талдау:

- дыбыстардың үйлесімді артикуляциясын;
- дыбыстардың үйлесімді айтылымын;
- дыбыстардың үйлесімді естілімін анықтайды.

Сингармонизмде осы аталған амалдардың бәрінің маңызы зор. Мысал үшін бір «а» дыбысының *жасалым, үндесім, үйлесім* амалдарына тоқталайық.

Артикуляциялық анықтамасы: А дауысты дыбысы жақтың толық еркін ашылуы және тілдің төмен бағытта түсуі арқылы пайда болады. Тілдің тік қалпына байланысты бұл дыбыс ашық дауысты деп саналады. А дыбысын жасағанда ерін бейтарап күйде қалып, езу мен еріннің қатысына қарай ол езулік дыбыс болып есептеледі. Сонымен қатар, дыбыстың жасалуында тіл ауыз қуысының артқы бөлігінде орналасады. Тілдің көлденең қалпына қарай ол тіл арты дауысты дыбыс ретінде сипатталады. Жалпы, тілдің тік қалпына байланысты – *ашық*, еріннің қатысына қарай – *езу*, ал жасалу орны бойынша – *тіл арты дыбыс* болып табылады.

Үндесім анықтамасы: А дыбысы тілдің артқы бөлігі арқылы жасалғандықтан жуан әуезді болып естіледі.

Үйлесім анықтамасы: А дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында артқа шегініп жатады. Тілдің көлденең қалпына қарай – кейінді дауысты. Дауысты өзге дыбыстармен осы кейінді белгісімен тіркеседі. Қазақ тілінің барлық дауысты/дауыссыз дыбыстарын осы ретпен сипаттап шығуға болады.

Барлық тілде сөздің құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың барлығын үйлестіріп, бір бүтін сөз жасап тұратын заңдылық болады. Түркі тіліндегі мұндай заңдылық – сингармонизм заңы немесе үндесім құбылысы делінеді. Сөз немесе буын құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың түгел бір әуезбен айтылуын *үндесім құбылысы* деп атайды. Егер дыбыстар буын құрап тұрса *буын құрауыш* ал, сөз құрап тұрса *сөз құрауыш* дейміз. Үндесім құбылысы жалпы төрт түрлі әуездің (жуан мен жіңішке, еріндік пен езулік) араласып келуінен жасалады.

Үндестік әуезді арнайы белгімен көрсету үшін қабылданған халықаралық дәйекшелер (дәйекшелердың орны тұрақты, әрқашан әріптің оң жағындағы жоғарғы бұрышқа) қойылады:

- жуан езулік әуез *дәйекшесіз* тік жақша ішінде нөлдік белгімен (белгіленбейді) беріледі - [];

- жіңішке езулік әуез *сызықша дәйекшемен* беріледі - ['];

- жуан еріндік әуез *шеңбермен* беріледі - [°];

- жіңішке еріндік әуез *сызықша және шеңбер дәйекшемен* беріледі - ['°].

Қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысы: жуан әуез, жіңішке әуез, еріндік әуез және езулік әуез болып төрт әуезден құралады.

- жуан әуезді дауыстылар: [a], [ɪ], [u], [o];

- жіңішке әуезді дауыстылар: [ä], [i], [ü], [ö], [e];

- еріндік әуезді дауыстылар: [u], [ü], [o], [ö];

- езулік әуезді дауыстылар: [a], [ä], [ɪ], [i], [e].

Айта кететін жайт, қазақ тілінің құрамында үндесім әуездер таза күйінде кездеспейді, яғни тілдің ілгерінді/кейінді қалпы мен еріннің еріндік/езулік қалпы арласып, күрделі әуез түрінде болады. Сондықтан дыбыстар әрі қарай тағы жіктеле береді.

Дауысты дыбыстардың жіктелімінен олардың езулік/еріндік құрамын аңғарамыз. Қазақ тілінің жіңішке дауыстылары түгелдей тіл ортасы арқылы жасалады (*кесте-1*).

Кесте 1 – Қазақ тілі дауыстыларының жіктелімі

Құрамы	Жасалу орны	Тіл ортасы		Тіл арты	
	ерін қатысы жақ қатысы	езу(лік)	ерін(дік)	езу(лік)	ерін(дік)
жалаң	қысаң	і	ү	ы	ұ
	ашық	ә		а	
қ ұ р а н д ы		е	ө		о

Қазақ сөзінің мағынасын түрлендіретін ең кішкене бөлшек – үндесім дыбыс, оны *үндесім фонема* немесе *сингармофонема* деп атап жүрміз. Үндесім фонеманың варианттарын *үндесім аллофон* немесе *аллосингармофонема* деп атау ұсынылды [27]. Европацентризмге бармас үшін *үндесім фонема (үндесім аллофон)* немесе *сингармофонема (аллосингармофонема)* атауларын қысқартып, ықшамдап *сингема* және *аллосингема* атауларымен қолданғанды дұрыс деп санаймыз. Теориялық жалпы фонетика тұрғысынан әлем тілдеріне тән фонологиялық бірліктер жүйесі төмендегідей болады:

<i>Екпінді (акцентті)</i> тілдер үшін:	фонема және аллофон
<i>Буын (әуен)</i> тілдер үшін:	тонема және аллотонема
<i>Үндесім (сингармониялық)</i> тілдер үшін:	сингема және аллосингема

Қазақ тілінде 3 дауысты [а], [ы], [о], 17 дауыссыз [б, д, ғ, ж, з, й, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш], барлығы 20 тірек сингема (дыбыс) бар деген қорытынды шығады. Қазақ тілінде жалпы 75 үндесім дыбыс (оның 9-ы дауысты үндесім, 66-сы дауыссыз үндесім) бар деп есептеледі. Қазақ тіліндегі сөздердің барлығы осы үндесім әуезді 75 дыбыстан жасалады.

Біз қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың талдауы мен үйлесім (ассимилятив) дыбыстарының талданымын жеке-жеке көрсетуді жөн санадық. Лингвистика ғылымында дауыссыздар жүйесі *консонантизм* деп аталса, дауыстылар жүйесі *вокализм* деп аталады. Дауысты дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедіргісіз еркін өтуінен пайда болып, дауыс желбезегінің толық тербелімі арқылы жасалады. Дауыстылар буын құрайды.

Үндесім бірліктердің құрылымы (сөз, буын, дыбыс деңгейінде) жалаң, қос, тоғыз, он екі құрамды болады. Аталған бірліктердің үндесім модельдерін

жіктеу үшін қысаң **ы, і, ұ, ү** дауыстыларын пайдаланамыз. Себебі бұл дауыстылар үндесімнің төрт әуезін түгел қамтуға мүмкіндік береді. Ал қалған дауыстыларда ондай мүмкіндік бола алмайды.

Мысалы:

- **а** дауысты дыбысының **ә** жіңішке әуезді сыңары ғана бар, бірақ қысаң езулік сыңары жоқ;

- **о** дауысты дыбысының **ө** жіңішке әуезді сыңары болғанмен, қысаң еріндік сыңары жоқ;

- **е** дауысты дыбысының жуан да, жіңішке де әуезді сыңарлары жоқ.

Сондықтан **а, ә, о, ө, е** дауысты дыбыстарының үндесім құрамы толық емес болып шығады. Ал қысаң дауыстыларда төрт әуезді сыңарлары түгел болғандықтан олардың үндесім құрамы – толық [27].

Мысалы:

- **ы** деген езулік жуан әуезді дыбысының **і** езулік жіңішке әуезді сыңары, **ұ** деген еріндік жуан әуезді дыбысының **ү** еріндік жіңішке әуезді сыңары бар;

- **і** деген езулік жіңішке әуезді дыбысының **ы** езулік жуан әуезді сыңары, **ұ** еріндік жуан әуезді дыбысының **ү** еріндік жіңішке әуезді сыңары бар.

Қазақ тіліндегі үндесім бірліктердің жүйесі осылай құралады.

Тыс, тіс, тұс, түс сөздерінің жасалым және үндесім сипаттамасының талданымын мысал ретінде ұсынғанды жөн санап отырмыз.

Жасалымы:

Тыс сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліссіз;

ы – тіл арты, қысаң, езу (лік);

с – тіл ұшы, жуысыңқы, тербеліссіз.

Тіс сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліссіз;

і – тіл ортасы, қысаң, езу (лік);

с – тіл ұшы, жуысыңқы, тербеліссіз.

Тұс сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліссіз;

ұ – тіл арты, қысаң, ерін (дік);

с – тіл ұшы, жуысыңқы, тербеліссіз.

Түс сөзінің құрамындағы: т – тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліссіз;

ү – тіл ортасы, қысаң, ерін(дік);

с – тіл ұшы, жуысыңқы, тербеліссіз.

Үндесімі:

Тыс сөзінің құрамындағы: т – езулік, жуан;

ы – езулік, жуан;

с – езулік, жуан.

Тіс сөзінің құрамындағы: т' – езулік, жіңішке;

і – езулік, жіңішке;

с' – езулік, жіңішке.

Тұс сөзінің құрамындағы: т° – еріндік, жуан;

ұ – еріндік, жуан;

c° – еріндік, жуан.

Tys сөзінің құрамындағы: t° – еріндік, жіңішке;

i – еріндік, жіңішке;

c° – еріндік, жіңішке.

Жалаң үндесім. Жалаң құрамды үндесім өзінің аты айтып тұрғандай үндесім бірліктің сыңары болмайды. Жалаң құрамды үндесім көбінше сөз деңгейінде кездеседі. Мысалы:

- **jas** жалаң үндесім бірлігінің езулік жіңішке, еріндік жуан/жіңішке әуез сыңарлары жоқ;


- **māz** жалаң үндесім бірлігінің езулік жуан, еріндік жуан/жіңішке үндесім әуез сыңарлары жоқ;

- **sor** жалаң үндесім бірлігінің езулік жуан/жіңішке, еріндік жіңішке үндесім әуез сыңарлары жоқ;

- **mör** жалаң үндесім бірлігінің езулік жуан/жіңішке, еріндік жуан үндесім әуез сыңарлары жоқ.

Tis/tis/tus/tüs тәрізді төрттік үндесім бірліктердің үндесім әуезі түгел. Сөзіміз дәлелді болу үшін кесте түрінді өрнектеп көрейік (*кесте-2*):

Кесте 2 – *Tis/tis/tus/tüs* тәрізді төрттік үндесім бірліктері



жасалым (артикуляция)			естілім (перцепция)	
жоғарылы	ілгерінді/ілгерінді/ кейінді/кейінді	езулік/езулік еріндік/еріндік	жіңішке/жуан/ жіңішке/жуан әуезді	езулік/ езулік/ еріндік/ еріндік

[l/i/u/ti] бастау морфем үлгісі

Егіз үндесім. Егіз құрамды үндесім бірліктің екінші сыңары болады. Бұл үндесім бірлік буын және сөз деңгейінде кездеседі. Езулік **is/is** тәрізді егіз үндесім бірліктердің еріндік жуан/жіңішке үндесім әуез сыңарлары жоқ.

Үштік үндесім. Үштік құрамды үндесім бірліктің үш сыңары болады және буын мен сөз деңгейінде кездесе береді. Мысалы: *sız/siz/süz* тәрізді үндесім бірліктердің жуан еріндік әуез сыңары жоқ.

Төрттік үндесім. Төрттік құрамды үндесім бірліктің төрт сыңары бар. Бұл да буын және сөз деңгейінде кездесіп отырады [27, 26 б.].

Қазақ тіл білімінің фонетика саласын зерттеуде сингармония теориясының басты терминдері, ұғымдары, зерттеу бағыттары қалыптасқан деп айтуға негіз бар. Зерттеу, талдау бағытының нәтижелері сингармофонологиялық, акцентті-фонемалық, өзге де теориялардың бағытымен жасалған қағидалардан басқаша.

Сингармониялық теорияның негізгі ұғымдары деп М.Жүсіпұлы [7] мыналарды атап көрсетеді:

- 1) Сингармонизм – доминантты просодия.
- 2) Сингармонизм – сингармониялық тембрлер жиынтығы (езу жуан, езу жіңішке, езу-ерін жуан, езу-ерін жіңішке).
- 3) Сөз екпіні жоқ.
- 4) Қазақ тілінің дыбыс жүйесі (фонологиясы) бір өлшемді (одномерная). Ол өлшем – сингармонизм.
- 5) Сингема (сингармема) - негізгі зерттеу бірлігі (фонема емес, сингармофонема емес).
- 6) Бейфонемалық (фонемалық емес) жуандық жіңішкелік корреляция.
- 7) Бірінші қатарда "фон" емес, "сингармонизм" тұрады, яғни бөлшектенбейтін (суперсегментті) тіл құралы дыбыс жүйесін зерттеу ғылымының негізгі объектісі, негізгі ұғымы.
- 8) Сөз мағынасын сингармонизм мен сингармониялық фон (фондар) бірігіп өзгертеді.
- 9) Позиция жоқ. (Сингема тек әлді позицияда зерттеледі. Фонологиялық позицияның барлық түрлері ескерілмейді).
- 10) Сингема қамтитын төрт сингармониялық дыбыс мәні мен қызметі жағынан, яғни статусы бойынша тең (езу жуан, езу жіңішке, езу-ерін жуан, езу-ерін жіңішке).
- 11) Сингеманың құрамындағы сингармониялық дыбыстар қызметтерінің айырмашылықтарына байланысты классификацияланбайды [7]. М.Жүсіпұлы өз еңбектерінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі үш түрлі фонологиялық теорияның негізінде зерттелген деп, екінші теорияны сингармонизм фонологиясының ұғымдары мен Москва фонология мектебінің кейбір ұғымдарының синтездендірілуі арқылы жасалған теория дейді. Бүгінде ол бұл теорияны «сингармофонология теориясының бастамасы» дейді де, соның құрамына ендірді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі сингармофонологиялық теорияның категориялары, ұғымдары, зерттеу әдіс-тәсілдерінің қолданылу нәтижелеріне сәкес үш бірдей сингармония фонемаларының топтарынан тұрады:

- 1) Дауыстылардан құралған сингармофонема (сингармония вокализмі). Сөз ішінде буын жасап тұрады.

2) Дауыссыздардан құралған сингармофонема (сингармония консонантизмі). Сөз ішінде буын жасай алмайды.

3) Сонантты сингармофонема (сингармония сонантизмі). Сөз ішінде кей позицияда буын жасай алады да, кейбірінде буын жасай алмайды.

Осындағы 3-топтағы фонемаларға у әрпімен келетін дыбыстар жатқызылады. Төрт дыбыстан тұратын осы топты екі сонанттық сингармофонема құрайды:

/y/,/ɤw/,/ɤw/ – бұлар буын жасай алатын сингармонияның инварианттары;

/w/,/w/ – буын жасай алмайтын сингармония вариациялары. Бұған мысал ретінде, *дау, деу; бару, келу* сөздерін жатқызуға болады. У дыбысы сингармониялық қасиетіне қарай вокалдық, сонанттар және консонанттық фонемалар болып бөлінеді. Тілдің қатысуына қарай жуан тіл арты (/ɤw, w/), жіңішке тіл алды (/yw, / w/) болып жіктеледі. Сондықтан осы теория негізіне сәйкес қазақ тіліндегі дыбыстық жүйе корреляция, яғни жуан-жіңішкелік екі түрлі қарама-қарсы дыбыстардан тұрады.

Осы теориялық негізгі ұғымдарының барлығы сингармонизм аясында қарастырылады. Қазақ тіліндегі сөздердің просодикалық доминантты, яғни бөлшектенбейтін құралы сингармонизм болып табылады, сөз екпіні болса, жанама просодикалық құралы болып келеді. Жалпы сингармофонема немесе сингармофонология теориясы негізінен қарасақ, қазақ тілінде сөз екпіні бар деуге болады. Алайда қазақ тіліндегі сөз екпінінің тым әлсіз екенін байқау қиын емес. Орыс тіліндегі секілді сөз екпінінің біздің тілімізде морфонологиялық та, фонологиялық та қызметі жоқ. Сол үшін қазақ тіліндегі сөздік екпінді қосымша, жанама, яғни бейдоминантты тілдің просодиялық құралы деп қарастырған дұрыс. Тіліміздің сингармофонема қорын жасауда сөздік екпіннің қызметі мен мәні жоқ десек те болады, өйткені қазақ тілінде сөз екпіні:

- сөздің әркелкі буындарына ауыспайды;
- сөз мағыналарын өзгерте алмайды;
- дауыстылар сингармофонемасының үндесім дыбыстар жиынтығына қатыспайды;
- сөздегі формалардың өзгерісіне қатысты орнын алмастыра отырып, дауыстылардың позициялық-бейпозициялық алмасуларына себеп болмайды [7].

Қазақ тіліндегі дыбыстық жүйені, оның фонологиясын көп өлшемді деп айтуға болады. Дыбыстық жүйенің құрамында фонемалық және просодиялық құралдар бар. Олар мыналар:

- сингармонизм – тіліміздің басты доминантты, суперсегментті құралы;
- сөз екпіні – тіліміздегі жанама, бейдоминантты просодикалық құралы;
- бөлшектенетін сингармофонемалық сегментті құралдар.

Ә.Жүнісбек қазақ тіліндегі дыбыстық жүйені, яғни фонологияны бір өлшемді деп түсіндіреді. Тілімізде дыбыстық жүйе сингармонизмнен, яғни суперсегментті құралдар жиынтығынан жасалады [27].

Қазақ тіліндегі сингармофонологиялық теорияда вокализмдік жүйенің ішіндегі жуан және жіңішке дыбыстар сингармофонемалық статуска ие. Мысалы: *а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і* дыбыстары жеке, яғни сөз құрамынан тысқары дыбыстала алады.

Консонантизмдік жүйе құрамында кездесетін жіңішке дыбыстар жинағының сингармофонема статусы болмайды, өйткені бұл дыбыстар жеке тұрып, сөз құрамынан тысқары дыбыстала алмайды. Мысалы, *ал-әл* сөздерінің ішіндегі жуан [л] және жіңішке [л] жеке тұрып сингармофонема болмайды. Жуан [л] мен жіңішке [л] дыбыстары бір сингармофонеманың (л) тең дәрежелі сингармовариациялары болып табылады.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, сингармофонологиялық теория төңірегінде жасалған зерттеу қорытындыларына қарасақ, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып келуі жеке сингармофонемалар дәрежесіне дейін дамыған да, ал дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігі жеке сингармофонемалар дәрежесіне дейін дамымаған. Сондықтан жуандық және жіңішкелік айырма көрсеткішінің консонантизм жүйесі мен вокализм жүйесіндегі функциялары тең деңгейде емес.

Қазақ тіліндегі сингармофонологиялық теория терминдерін, ұғымдарын жүйеге келтіру үшін әлемдік фонологияның жетістіктерін пайдаландық, сол себепті Москва фонология мектебінің (МФМ) теориялық терминдерінен А.Байтұрсынұлы жасаған түпнұсқа негізінде позиция атауын, фонеманың позициясы ұғымдарын алып, оларды қазақ тілінің қасиеттеріне сай икемдеп, жаңаша мағынада қолдануға әрекет жасадық [7]. Мәселен, Мәскеу фонология мектебінің позиция принципі қазақ тіліндегі айтылымның негізгі жуан және жіңішкелік дыбысталуындағы сингармония позициясының түсінігіне сай келеді. Мәскеу фонология мектебінің теориясына сәйкес үш позицияны қамтыған фонема түрлері кездеседі, оларды қазақ тіліндегі дыбыстық жүйенің ерекшелігіне қатысты қарастырсақ, дауысты дыбыстар сингармофонемасының позициялық сингармо ұғымдары анықталады, олар: сингармоинвариант, сингармовариант және сингармовариация. Сонымен сингармофонема дегеніміз сингармодыбыстар жиынтығы болып табылады.

Сонымен, сингармофонология теориясының М.Жүсіпұлы ұсынған негізгі ұғымдары мыналар:

1. Сингармонизм – универсалды просодиялық қасиет.
2. Сингармонизм – сингармотембрлер жиынтығы (езу жуан, езу жіңішке, езу-ерін жуан, езу-ерін жіңішке).
3. Езу сингармонизмі ерін сингармонизмінен басым. Сондықтан зерттеу процесінің көп жағдайында ізденіс жұмыстары езу сингармонизміне байланысты терминдерге алып барылады.
4. Сингармонизм фонеманың, сөздің құрамындағы негізгі (доминантты) просодиялық қасиет.
5. Сөз екпіні бар, бірақ ол өте әлсіз, яғни бейдоминантты (негізгі емес, жанама) просодиялық қасиет. Тек фонетикалық қызмет атқарады.
6. Сингармониялық фонема (сингармофонема).

7. Сөз мағынасын өзгертуге тек фон (дыбыс) қатынаспайды, фонның, сөздің құрамындағы сингармонизмнің түрі де қатынасады.

8. Сингармофонема-сингармодыбыстар жиынтығы (сингармоинвариант, сингармовариация, сингармовариант).

9. Позиция бар. Ол сингармониялық позиция (сингармопозиция): әлді (күшті, қуатты, нық) позиция; әлсіз (күшсіз, қуатсыз) позиция.

10. Позициялық (фонологиялық), бейпозициялық (морфонологиялық) алмасулар сөздің сингармотембрінің түріне тәуелді, яғни сөйлесім процесіндегі дыбыстардың алмасуының барлық түрі – сингармониялық.

11. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі (фонологиясы) көп өлшемді (многомерная): 1) сингармонизм – негізгі (доминантты) просодия; 2) сөз екпіні – жанама (бейдоминантты) просодия; 3) сингармофонемалық (сегментті) құралдар [7].

Демек, акцентті-фонема, сингармофонология, сингармония теорияларының атауларында, категориялары мен зерттеу тәсілдерінде өзгешеліктермен қатар ұқсастықтар да бар. Негізінде өзгешеліктер басым әрі күрделі болып келеді. Сондағы процессуалдық әрі ұғымдық айырмашылықтар осы ғылыми бағыттарды қазақ тіл білімі саласында фонологияның үш теориясы түрінде қалыптастыра алды.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттейтін ғылым саласындағы негізгі үш теорияның шығу тегі А.Байтұрсынұлының осы салаға арналған еңбектерінен бастау алады [7; 8;].

Профессор Ә.Жүнісбектің бастамасымен қазақ тілінің іргелі заңдылықтары, оның ішінде үндесім (сингармонизм) құбылысы, зерттеу әдістерінің негізіне айналды. Біздің зерттеулерімізде де ғалым ұсынған үндесім теориясы кеңінен қолданылып, басшылыққа алынды. Ең маңыздысы, қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгеріп, үндесімнің жуан/жіңішке әуезі мен еріндік/езулік әуезі сингармологиялық (фонологиялық) мәртебесі бірдей деңгейдегі бірліктер ретінде қарастырылды [27, 26 б.]. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі дыбыстардың әліпби құрамынан тыс олардың үндесімдік және үйлесімдік құрылымы айқындалды. Жасалымдық (артикуляциялық) фонетика зерттеудің негізі ретінде ерекше назарға алынды. Біз үндесім құбылысының жіктелуінде артикуляциялық белгілерді кеңінен қолдандық және оны көрнекі сызбалар арқылы көрсетуге мүмкіндік жасалынды. Қазақ тілінде дайындалған академиялық грамматика мен академиялық фонетика осы ғылымның жетістігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, дыбыс, буын және сөз деңгейінің естілім, жасалым, айтылым белгілерінің, оның сыртындағы үйлесім және үндесім амалдарының, фонетикаға қатысты әрбірінің өзіне тән терминдері мен ұғымдары бар. Қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесі қай позициядан сипатталса, ұғымдар мен атаулар да сол позициядан қарастырылу керек. Біз жұмысымыздың осы бөлімінде қазақ тіл біліміндегі сингармонизм бірліктерінің жиынтығын дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі деңгейінде ендіре отырып талдап шықтық. Үндесім бірліктерге жалаң, қос, тоғыз, он екі

құрамды дыбыстар жүйесі бойынша жіктедік, мысалдармен, кестелермен көрнекіледік, үндесім бірліктердің модельдерін жасадық.

1.4 Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі және үндесімі

Тілдің ауызша жасалымында дыбыстар сингармонизм заңына сай үнемі жымдасып, үйлесіп қолданылады. Егер айту барысында осы үндестік сақталмайтын болса, мұның өзі айтылу мен жазылудың арасын ажырата алмаудан туындайды. Себебі жазу сөздердің айтылуын дәлме-дәл бере алмайды. Оған қоса морфологиялық принципке негізделген қазақ жазуында түбірдің соңғы дыбысы негізінен өзгеріссіз, сол қалпында жазылады. Мысалы: жан – етістігінен өрбитін *жанды, жанбады, жанған (жоқ)* секілді сөздерде түбірдің бастапқы қалпы сақталып жазылады. Бірақ осындағы **н** әрпі айтылым барысында үш формада үш түрлі дыбысталады.

Егер де әлгі сөзформалардың ішіндегі **нб, нғ** тіркестерін дәл сол жазылуындай айтатын болсақ, үндестік заңы бұзылады. Бұл заң бойынша **нб, нғ** тіркестері дауыстың қатысы жағынан бір-біріне сәйкес келгенімен, жасалымы (артикуляциясы) жағынан қиыспайды; сондықтан қос еріндік **б** дыбысы өзінің алдында тұрған тіл алды **н** дыбысын қос ерін **м** дыбысына, ал тіл алды **ғ** дыбысы тіл арты **ң**-ға икемдеп беріп отырады. Осы өзгерістің әсер етуімен **нб** іргелес дыбыс тіркесі **мб** болып (жамбады), **нғ** іргелес дыбыс тіркесі **ңғ** болып (жаңған) дыбысталады. Көріп отырғанымыздай, **н** дыбысы бірде **м** болса, бірде **ң** дыбысына айналып кетеді. Бұл алмасуда **м, ң** дыбыстарының сөзөзгерімде ешбір фонемалық мәнінің жоқ екеніне көз жеткіземіз.

Сонымен қатар: *қарағой (қара қой), ағешкі (ақ ешкі), ағжүн (ақ жүн), қабы (қап-ы), жаспала (жас бала), тарағы (тарақ-ы)* деген сөздерде де дыбыс алмасулары көрініс табады. Бұл жердегі алмасулар (**қ-ғ, п-б, б-п**) көрші дыбыстардың бір-бірін дауыстың (салдырдың) қатысы арқылы игерудің нәтижесінен болады.

Алмасу – (лат. *alternatio*, орыс. *чередование*) – түрлі сөзформалардың құрамында кездесіп отыратын, морфеманың ішіндегі бір дыбыстың көрші дыбыс әсерінен басқа бір дыбысқа өзгеріп кетуі.

Жалпы дыбыстардың алмасуы фонетикалық ықпалдасудың (іргелес дыбыстардың бір-біріне әсері) нәтижесі болып табылады. Бұл үдерісті позициялық (шеп, жағдай) не комбинаторлық (тіркестіру, біріктіру) өзгеріс деп атасақ та болады [19, 125-126 бб.]. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жайлы алғашқы зерттеу материалдары Н.Ильминский, В.Радлов, П.Мелиоранский еңбектерінде көрініс тапса, А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың зерттеулері ана тіліміздегі талдаулардың алғашқы үлгілері болғанын білеміз. Сонымен бірге Қ.Кемеңгерұлының Е.Омаровтың, т.б. зерттеулерінде де дауыссыз дыбыстарға байланысты алғашқы жіктелімдер жасалды. Бертін келе: Ж.Аралбаев, І.Кеңесбаев, Б.Тайлақбаев, Ә.Жүнісбек, А.Қошқаров, С.Омарбеков, С.Мырзабеков, М.Райымбекова, С.Оразалин,

Ә.Бәйімбетова, Б.Баймұханов, А.Молдашева, Ж.Исаева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде дауыссыз дыбыстар мәселесі жан-жақты талқыланды.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі дауыс желбезегінің қатысымы арқылы жіктеліп жүр. Тіліміздегі дауыссыз дыбыстардың жасалу орны тербеліс толқындары жиілігімен сипатталып, дауыс желбезегінің қатысуымен жасалым белгілері негізге алынатын болды. Сол себепті дауыстың желбезегі толықтай тербелуінен – дауыстылар, жиірек тербелуінен – үнді дауыссыз дыбыстар, жарым-жартылай тербелуінен – ұяң дауыссыз дыбыстар, мүлдем тербелмегенде – қатаң дауыссыз дыбыстар жасалады. Егер дауыс желбезегінің жарым-жартылай тербелуінен ұяң дауыссыз дыбыстар жасалса, оның өзге де жасалу белгілерінің бар екенін ұмытпау керек. Езу мен еріннің қатысуына, іргелес дыбыстардың біріне-бірінің әсер етуіне қарай дауыссыздардың түрленуі де түрлі-түрлі болып келе береді [5, 63-64 бб.]. «Тіліміздегі дыбыстардың бір бөлігі тонмен байланысты болады: бұлар – дауысты дыбыстар. Келесі бір бөлігі салдырмен байланысты болады: бұлар – дауыссыз дыбыстар. Тонға қатысты дыбыстар музыкалы болады да, салдырға қатысты дыбыстарда бұл қасиет кездеспейді», - дейді І.Кеңесбаев [52, 223 б.]. І.Кеңесбаев жиырма бес дауыссыз дыбысты (*б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, (у), һ, ф, х, ц, ч, ш, щ, қ, ң*) көрсетіп, *в, ф, х, ц, ч* орыс тілінен енген фонемалар екенін айтады [52, 241 б.]. І.Кеңесбаев өзінің зерттеулерінде дауыстың қатысуына қарай дауыссыздарды *қатаң, ұяң, үнді* деп үш топқа бөледі. Қатаң мен ұяң екеуін бірге үнсіздер деп атады. Үнді дауыссыздарды дыбыстағанда дауыс басым, ал салдыр аз болады. Ұяң дауыссыздарды дыбыстағанда, керісінше, салдыр дауыстан басым түседі. Қатаң дауыссыздарды дыбыстағанда дауыстың, яғни дауыс шымылдығы тербелуінің қатысы болмай қалады.

«Үнділер: *м, н, ң, р, л, (у, й)*.

Ұяңдар: *б, в, г, ғ, д, ж, з*.

Қатаңдар: *п, т, к, қ, ф, с, ш, ч, щ, ц, х, һ*» - дейді [52, 256 б.]. Шұғыл (эксплозив) фонемалар: *п, б, т, к, г, қ, д, ч, ц*; ызың (фрикатив) фонемалар: *ф, в, с, ғ, ш, х, з, ж, һ*», – деп жабысыңқы-жуысыңқы, үздікті-үздіксіз терминдерін қатар қолданып, дауыссыз дыбыстарды Қ. Жұбановтың топтауымен бірдей жіктеген [52, 257 б.]. Бірақ І.Кеңесбаев “*ғ*” дыбысын үздікті (жабысыңқы) дауыссыз, яғни эксплозив емес, фриктив фонемалар тобына қосады. Ж.Аралбаев та осы пікірде екендігін көреміз: Салдырдың жасалу жолына қарай дауыссыздар (аффрикат дыбыстардан өзгелері) екі топқа жіктеледі:

1. Шұғыл дауыссыздар. Шұғыл дауыссыздардың үнсіз (салдыр) және үнді түрі бар. Үнсіз шұғылдар: *б, п, д, т, г, к, қ*. Үнсіз шұғылдардың жасалуында үш түрлі артикуляциялық фаза болады”, - деп, *п* шұғылын айтқанда бірінен соң бірі жалғас келетін үш түрлі артикуляциялық фаза болатынын, оның біріншісі, дыбыстау мүшелерінің бір-бірімен жабысу (имплозия) фазасы, екінші, дыбыстау мүшелерінің жабысып тұрған кезеңі (имплозияның жалғасы), үшінші, дыбыстау мүшелерінің жабысу кезеңі бітіп,

бір-бірінен кенет айрылу кезеңі (эксплозия) болатынын айтады [53, 67 б.]. Ызың (фрикатив) дауыссыздарға *ф, в, с, з, г, ж, ш, х* дыбыстары жататынын айта келіп, Ж.Аралбаев: «Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшеміздің жабыспай, жуысуынан пайда болады», - дейді [53, 68 б.].

Қазақ тіліндегі салдыр шұғыл дауыссыздардың дыбыстық ерекшеліктері кезінде ғалым Б.Тайлақбаев зерттеуінде қарастырылған еді [54]. Ғалым *п, б, т, д, к, г* фонемалары шұғыл айтылуы арқылы өзге салдыр дыбыстардан ерекшеленетінін, салдыр шұғыл дауыссыз дыбыстар жүйесінде дыбыстар қатаң-ұяң, қарқынды-қарқынсыз, қысқа-ұзақ айтылуы арқылы қарама-қарсы қойылатынын көрсетеді. Ол *бақа-баққа, жапа-жаппа, теке-текке, аты-атты*. т.б. сөздерді қосақтап мысалға келтіріп, осы сөздер құрамындағы бірдей қос дауыссыздың қатар келуі (геминат) сөз мағынасына әсер ететіндігін, осы фонемалардың ұзақ-қысқа айтылуы қарама-қарсы қойылатынын айтады. Сондай-ақ, дауысты дыбыстар арасында келген қатаң дыбыстардың ұяңдауы фонетикалық құбылыс екендігін *балық-балығы, қап-қабы, ек-егін*, сөздерін мысалға келтіре отырып баяндаған. Ал *тап-тау* сөздерінде *п-у* фонемалары қарқынды-қарқынсыз айтылуы арқылы қарама-қарсы қойылатындығын айтады. Ғалым қазақ тілінде сөз басында және сөз аяғында дауыссыз дыбыстардың қатар келмейтіндігін де дауыссыз дыбыстардың қарқынды-қарқынсыз қарама-қарсы қойылуымен қарастырады. Б.Тайлақбаев салдыр шұғыл дауыссыздар жөніндегі өз байламын төмендегіше баяндаған: «... Қазіргі қазақ тіліндегі ызың (шулы) қатаң дауыссыз фонемалар жүйесі мыналардан тұрады: қатаң, күшті айтылатын, тұйық – **п**; ұяң, тұйық және екі еріндік – **б**; қатаң, күшті айтылатын, тұйық және тіл алды – **т**; ұяң, тұйық және тіл алды – **д**; қатаң, күшті айтылатын, тұйық және тіл арты – **қ**» [54, 37 б.].

Жаңа бағытта қазақ тілінің дыбыстарын зерттеудің ғылыми ұстанымдарын негіздеген Ә.Жүнісбектің шәкірттері ғалымның басшылығымен ғылыми жетістіктерге негіздеп зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Атап айтқанда, Ә.Бәйімбетова зерттеуінен тоғысыңқы дауыссыз дыбыстардың дыбыстық түрленімі жайлы талдауларына көңіл бөлу қажет [55]. Сөйлеу мүшелерінің бірімен-бірінің тоғысуы арқылы пайда болатын тоғысыңқы дауыссыз дыбыстарды сөйлеу мүшелерінің бірімен-бірінің жанасуынан пайда болатын жуысыңқы дауыссыздарға қарама-қарсы қойып, тоғысым-жуысымның айырыма ерекшеліктерін талдап берді. Тоғысыңқы дауыссыздардың түрленімін, пайда болуын көрсету мақсатында сөйлеу мүшелерінің қозғалысын талдап шықты. Фонетикалық талдауларының көмегімен тоғысыңқы дауыссыз дыбыстардың жасалым, айтылым, естілім сипатының жүйелерін жан-жақты сипаттады.

Қазақ тіл біліміндегі дауыссыз ызың дыбыстардың жіктелімі С.Оразалин еңбектерінде жан-жақты қырынан талданды [41]. Ғалым соңғы ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып, қазіргі таңда қолданысқа кеш енген қазақ тіліндегі ғылыми терминдерді қолданған. Дауыссыз дыбыстар жүйесіндегі дауыс желбезегінің қызметіне көңіл бөледі. Дауыс желбезегінің

тербелісіне қарай, тербеліңкі болса, ұяң болатынын *с, ш, з, ж* дыбыстарының жасалу орнына қарай жуысыңқы дауыссыз екенін дәлелдеп, дыбыстардың түрленуіне құрылымдық талдау жасады. Дыбыстардың тоғысым-жуысым деп бөлінуі тербеліңкі дауыссыздардың жасалым ерекшелігіне байланысты болатынын, тербеліңкі-жуысыңқы дауыссыз дыбыстардың жасалуы сөйлеу мүшелерінің жуысуынан екенін дәлелдеп, жуысыңқы дауыссыз дыбыстардың жасалу жолына жан-жақты сипаттама берді. Ғалым өз еңбегінде жайылыңқы жуысыңқы (*ш, ж*) және жинақы жуысыңқы (*с, з*) деп дауыссыз дыбыс түрлерін екіге бөліп қарастырады. Барлық жуысыңқы дауыссыз дыбыстардың фонетикалық нұсқаларына талдау жүргізген.

Қазақ тілтанымында тіліміздің табиғатына сәйкес, дыбыс жүйелерін сингармонизм теориясы бойынша зерттеуге баса назар аударылып жүр. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен олардың айтылым, жасалым, естілім сипаттары фонология және фонетика тұрғысы жағынан жүйелі зерттеу қолға алынды. Б.Баймұхановтың дауыссыз дыбыстарға қатысты зерттеулерінде қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың дауыс желбезегінің тербелісіне қатысы мен қатаң дауыссыздардың үндесім тұрғысынан жасалымы қарастырылған [56]. Қатаң дауыссыздардың құрылымы мен құрамын фонологиялық және фонетикалық сипаттарына сәйкес тани алудың ғылыми маңызының жоғары екенін дәлелдеп, осы бағыттағы белгілі ғалымдардың тұжырымдарын дәйектейді. Тілімізді *к-қ* қатаң дауыссыз дыбыстарының фонологиялық жасалымы жайлы ғылыми тұрғыда дәлелін тапқан пікір жоқ екенін нақты мысалдармен дәлелдеп, өз көзқарасымен: «Шынында, *қ* мен *к*, *з* мен *г* дауыссыз дыбыстарының арасындағы ерекшелік өзге дауыссыз дыбыстардың жуан және жіңішке түрлерінің айырмашылығынан басқаша. Бұлардың сөйлеу мүшелеріндегі бірінен-бірінің жасалу орындары тым алшақ, сонымен бірге естілім сипаты да бір-біріне ұқсамайды», - деп қорытындылайды [57, 9 б.].

Қазақ тіліндегі дыбыстар мен орыс тіліндегі дыбыстардың табиғатының айырмашылығын *айтылым, жасалым, естілім* сипатының ерекшелігінен салыстыра келіп, тіл дыбыстарының жазылуы мен айтылуын шатастырмай, дербес қарастыру жөн екенін айтады. Қазақ және орыс тілдерінің артикуляция базасындағы ерекшелігінің дыбыстық табиғаты туралы берілген теориялық қағидаларға талдау жасап, қазақ тілі дыбыстарының жасалуындағы қатаң дауыссыздардың түрленімі төңірегінде тың деректер келтірген. Мәселен, «*саз*» сөзінің ішіндегі жуысыңқы қатаң *с* дауыссыз дыбыстың жасалымын былай жүйелейді: біріншіден, тіл ұшы тіс пен қызыл иектің шекарасына жақындайды; екіншіден, тіл ұшы мен үстіңгі күрек тістің түбі арасында аз ғана саңылау болады; үшіншіден, дауыс желбезегі бейтарап күйде қалып қояды, демек, тербелмейді [57, 12 б.]. *С* қатаң дауыссызы қазақ тілінде тіл ұшымен, ал орыс тілінде тіл алды болып жасалады, сол себепті бұл дыбыстың естілімі жағынан қазақ тілінде «суыл дауыссыз», ал орыс тілінде «ысқырық» күші басымырақ екенін жеткізеді [56, 14 б.]. Ғалым Б.Баймұханов дауыссыз дыбыстардың сөйлеу кезінде де,

естілім тұрғысынан да аңғарыла бермейтін жасалым белгілерін көптеген мысалдармен дәлелдейді. Сингармонизмге құрылған қазақ тілінің акцентті тілдерден, әсіресе, орыс тілінен фонологиялық айырмашылығын анықтап берді. Тіл дыбыстарына фонологиялық және фонетикалық талдама жүргізуден зерттеулер басталатынын, қазақ тілінің төл дыбыстары деп 7-8 дыбысты бөліп алып қарастырудың дұрыс еместігін әдістемелік әрі ғылыми тұрғыдан дәйектеген. Бұл еңбекте қазақ тіліндегі қатаң дауыссыздардың моделі мен құрамы талқыланып, дауыссыздарды жасалу тәсілі мен жасалу орны қарай жүйелеп берген. *Жасалу орны* бойынша **п** дыбысы – ерін, **т, с, ш** дыбыстары – тіл ұшы, **к** дыбысы – тіл ортасы, **қ** дыбысы – тілшік; *жасалу тәсілі* бойынша **п, т, к, қ** дыбыстары – тоғысыңқы (шұғыл), **с, ш** дыбыстары – жуысыңқы (сүзілмелі) деп бөлінеді [27, 16 б.]. «Қазақ тілінде дауысты дыбыстар қатаң дауыссыз дыбыстардың барлығымен еркін тіркесе алады және ол тіркес сөздің барлық бөлігінде кездесе береді», - деген тоқтам жасайды [27, 17 б.]. Осыған сәйкес қатаң дауыссыздардың іргелес дыбыстармен үйлесімдік моделін жасады. Қатаң дауыссыздардың үндесім нұсқалары іргелес тұрған дауыстыларға байланысты екендігіне, олардың айтылым сипатына, тілдің тік (жақ) және көлденең қалпына, ауыз, ерін, көмей қуысының қатысымына ғылыми пікірлер берген.

Дауссыз дыбыстардың айтылу жолына қарай жіктелуіне, соның ішінде ызың дауыссыздардың фонетикалық ерекшеліктеріне аспапты құралдар арқылы сипаттама берілген күрделі еңбек ғалым А.Қошқаровтың зерттеуі болды [35]. Зерттеуде фрикатив дауыссыздар деп алынған ызың дауыссыз дыбыстарға фонетикалық және фонологиялық тұрғыда талдау жасалды. Әрбір дыбыстық айтылым, естілім ерекшелігі, соған орай жасалымы, олардың басты айырым белгілері жүйелі талданды. С.Мырзабеков шұғыл, ызың дыбыстардың үшінші тобы діріл дыбыстар деп көрсетіп, оған «р» дауыссызын жатқызады [5, 58 б.]. Бұл дыбыс тіл ұшының дірілдеуінен ғана пайда болатынын айтады.

З.Бадамбекқызының қазақ тілінің артикуляция базасындағы дыбыстар санын нақтылап, дыбыстардың айырым сипаттарын көрсеткенінің, тілдегі дыбыс қорының фонемаларын сингармофонология саласынан қарастырған зерттеуінің маңызы жоғары. Ғалым қазақ тілінің әрбір дыбысының айырым белгілерін, фонемалардың дыбыс қорларын талдап, жүйеледі. А.Молдашеваның еңбектерінде ұяң дауыссыздардың жасалым сипаты жүйеге келтірілді [45]. Ұяң дауыссыздардың жасалым моделі дауыс желбезегінің тербелісіне байланысты жіктеліп, дыбыстардың жуан-жіңішке үндесім белгілеріне қарай айырым және ортақ ерекшеліктері талданды. А.Молдашева ұяң дауыссыздардың жасалуын сөздің, сөз тіркесінің және сөйлемнің құрамында жіктеп, дыбыстардың артикуляция үндесімін көрсетті. Зерттеу жұмысында ғалым **з-з** ұяң дыбыстарының сөздің басында тоғысыңқы, сөздің ортасында жуысыңқы болатындығын дәлелдеп берді. Мұнда тағы ұяң дауыссыздардың ерін мен езудің қатысуына қарай түрленіп отыратындығының мысалдары берілген. Тіліміздегі үнді дауыссыздардың

үйлесім түрленімі Ж.Исаеваның зерттеулерінде талданды [43]. Үнді дауыссыз дыбыстардың қазақ тіліндегі фонетикалық ерекшеліктері, сөз ішіндегі қолданысы, үйлесім түрленімі жөнінде жүйелі талдау жасалды. Дауыссыз дыбыстардың ассимиляциялық ерекшеліктері М.Райымбекованың зерттеулері арқылы анықталды.

Ә.Жүнісбек еңбектерінде қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар саны 17 екенін көрсетеді. Лингвист *з-з, қ-к* дыбыстарды бір ғана дауыссыз дыбыстың үндесім нұсқалары дейді [27]. Дауыссыздар жасалымының үш айырым белгісі бар: дауыстың қатысы, жасалудың орны, жасалудың тәсілі. Дыбыстардың айтылымының екі айырым белгісі кездеседі: тоғысым және жуысым күштері, көмей мен ауыздың қуысының қатынастары, дыбыстардың естілім сипатының екі түрлі айырым белгісі бар: үн қатысуы арқылы сипатталуы, тоғысым және жуысымның қарқыны. Ә.Жүнісбектің пікірінше, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді деп үшке бөлінуі жасалымға емес, естілім қасиетіне қатысты, әйтсе де олар қазақ тілінің фонетика саласында жасалым белгілері түрінде қалыптасқан. Сондықтан ғалым бұлардың жаңа терминдерге ие болғанын қалайды: қатаңды «тербеліссіз», ұяңды «тербелінкі», үндіні «тербелімді» деп атауды ұсынады. Дауыссыздардың басты жіктелім белгісіне дауыстың қатысы жатады деген түйін жасалады.

Ә.Жүнісбектің еңбектерінде дауыссыздар төмендегі тізбекпен топтастырылған:

1. Дауыстың қатысымына қарай:

а) қатаң дауыссыз дыбыстарды жасағанда дауыстың желбезегі тербеліссіз болады (қ-к, п, ш, с);

ә) ұяң дауыссыз дыбыстарды жасағанда дауыстың желбезегі жарым-жартылай тербеледі (б, д, ж, з, ғ-г) ;

б) үнді дауыссыз дыбыстарды жасағанда дауыстың желбезегі көбірек тербеледі (р, л, м, н, ң, й, у).

2. Жасалым орнына қарай:

а) ерін-ерінді дауыссыздар ерін мен еріннің жуысымы (немесе тоғысымы) көмегімен жасалады (б, п, м, у) ;

ә) тілдің ұшы дауыссыздар тілдің ұшы мен қызыл иектің жуысымынан (немесе тоғысуынан) жасалады (д, ж, з, т, н, с, р, ш, л);

б) тілшік пен тіл ортасы дауыссыздары (тілдің ортасымен) тілдің түпкі жағының (таңдайдың) жуысымы (немесе тоғысымы) көмегімен жасалады ғ (-г), (қ (-к), ң, й).

3. Жасалым тәсіліне қарай:

а) тоғысыңқы дауыссыздар сөйлеу мүшелерінің бірімен-бірінің жуысымы (немесе тоғысымы) көмегімен жасалады (ғ-г, қ-к, п, б, м, т, д, н, ң);

ә) жуысыңқы дауыссыздар сөйлеу мүшелерінің бірімен-бірінің жуысымы (немесе тоғысымы) көмегімен (ғ-г, ж, с, з, ш, й, у, жанама жуысымы – л, діріл жуысымы – р,) жасалады.

Дауыссыздардың фонетикада саласында тірек дауыссыздар түрінде тек жуан езулік үндесім нұсқалады алынғаны белгілі. Ә.Жүнісбек осы

мәселелерді ескертіп, дауыссыз дыбыстарды үндесу ерекшелігіне сай топтастырды. Осы мақсатқа сәйкес, үндесім дауыссыз дыбыстардың жасалу сипаттамасын беруде «еріндік-езулік», «ілгерінді-кейінді» деген ұғымдарды ұсынды [57, 79 б.].

Сингармонизм талданым дыбыс деңгейінен басталады. Үндесім талдаудың нәтижесінде қазақ тілінің үндесім дыбыстарының құрамы түгел анықталады. Сонда қазақ тілінің кез келген сөзі осы дыбыстардың араласымынан (комбинациясынан) құралады. Соның нәтижесінде сөз дыбыстардың өзара үндесе кірігуінің арқасында табиғи дыбысталып, табиғи естілетін болады. Егер сөз құрамындағы дыбыстар өзара бей ретсіз кірігетін болса, ол сөз ұлттық сөз болып шықпайды.

Қазақ тіліндегі сингармонизм төрт әуезді болып келеді: жуан әуез, жіңішке әуез, еріндік әуез, езулік әуез. Алайда буын немесе сөз құрамында екі әуездің басы бірігіп барып қана кездеседі:

- жуан езулік әуез – [tɯs, taraq]
- жіңішке езулік әуез – [t'is', t'ir'ek']
- жуан еріндік әуез – [t°us°, t°usaq]
- жіңішке еріндік әуез – [t°üs'°, t°ül'°ök'°] [27, 80 б.].

Сөз үндесімі әуезді болу үшін оның көп буынды болуы міндетті емес, бір буынды сөздер де үндесім әуезді бола береді, яғни сингармонизм бір буынды сөзге де тән. Бұл әбден қалыптасып қалған «гармония гласных» деген қағиданың орынсыз екенін дәлелдейді, өйткені «гармония гласных» болу үшін сөзде кем дегенде екі буын болуы қажет. Қазақ тілі дауыссыздарының үндесім құрамын кестеде беріп отырмыз (кесте 3).

Кесте 3 – Қазақ тілі дауыссыздарының үндесім құрамы (Ө.Жүнісбек нұсқасы)

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДАУЫССЫЗДАРЫНЫҢ ҮНДЕСІМ (СИНГАРМОЛОГИЯЛЫҚ) ЖІКТЕЛІМІ						
жасалу тәсілі		дауыс қатысы	жасалу орны			
			ерін-ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
Тоғысыңқы		қатаң	p p' p° p'°	t t' t° t'°	k' k'°	q q°
		ұяң	b b' b° b'°	d d' d° d'°	g' g'°	γ γ°
		үнді	m m' m° m'°	n n' n° n'°	ŋ' ŋ'°	ŋ ŋ°
Жайылыңқы	жайылыңқы жуысыңқы	қатаң		ʃ ʃ' ʃ° ʃ'°		
		ұяң				γ γ°
		Үнді				у

						y°
жинақы жуысыңқы	қатаң		ss' s° s'°			
	Ұяң		zz' z° z'°	g' g'°		
	Үнді	ww'		y' y'°		
			rr' r° r'°			
			ll' l° l'°			
Діріл						
Жанама						
жабысыңқы (аффрикат)	қатаң					
	Ұяң		jj' j° j'°			
	Үнді					

Кестенің талданымы бізге дауыссыздар төрт үндесім әуезден құралады деген нәтиже беріп отыр. Дауыссыз дыбыстардың негізгі жасалым орны өзгермейді, тек оған үстеме артикуляция жүктеліп отырады. Үстеме артикуляция дауыссыздың үндесім әуезін көрсетеді.

Дауыссыз дыбыстар (ерін-еріндік).

П, б, м үндесім дауыссыздары: жуан әуезбен айтылады, естілім белгісіне қарай *жуан әуезді* дауыссыз дыбыстар болады; езулік әуезбен айтылғандықтан естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* болып табылады.

Естілім белгісі: *жуан езулік әуезді* дауыссыздар.

П', б', м' үндесім дауыссыздары: жіңішке әуезбен айтылып, естіліміне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыз дыбыстар болады; езулік әуезбен айтылғандықтан естілім белгісіне қарай *езулік әуезді* болып табылады.

Естілім белгісі: *жіңішке езулік әуезді* дауыссыздар.

П°, б°, м°, у° үндесім дауыссыздары: жуан әуезбен айтылып, естіліміне қарай *жуан әуезді* дауыссыз дыбыстар болады; еріндік әуезбен айтылғандықтан естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* болып табылады.

Естілім белгісі: *жуан еріндік әуезді* дауыссыздар.

П°, б°, м°, у° үндесім дауыссыздары: жіңішке әуезбен айтылып, естіліміне қарай *жіңішке әуезді* дауыссыз дыбыстар болып табылады; еріндік әуезбен айтылғандықтан естілім белгісіне қарай *еріндік әуезді* болып табылады.

Естілім белгісі: *жіңішке еріндік әуезді* дауыссыздар.

Қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары да осы жүйемен түрленеді.

9 құрамды үндесім бірліктер.

Т, д, н үндесім дауыссыз дыбыстары: жуан езулік әуезбен айтылып, естілім белгісіне қарай *жуан езулік әуезді* дауыссыздар болады.

Т', д', н' дауыссыз дыбыстары: жіңішке езулік әуезбен айтылып, естілім белгісіне қарай *жіңішке езулік әуезді* дауыссыздар болады.

Т'°, д'°, н'° дауыссыз дыбыстары: жіңішке еріндік әуезбен айтылып, естілім белгісіне қарай *жіңішке еріндік әуезді* дауыссыздар болады.

Қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары да, 12 құрамды үндесім бірліктері де осы жүйемен түрлене береді [27, 80 б.]. Сингармония (сингема) теориясында дауыссыз дыбыстардың сингармониялық түрі кездеседі. Бұл сингармония дыбыстары әлді позицияда ғана ұшырасады. Әлсіз позицияда сингармофонемалар сингармония теориясында арнайы қарастырылмайды. Позициялық концепция сингармония (сингема) теориясының негізгі ұғымдары түрінде зерттелмейді. Сондықтан қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесінде 66 сингармония дыбысы қызмет етеді деген пікір айтылды.

М.Жүсіпұлы сингармофонология теориясында позицияға көбірек көңіл бөлді де, оны сингармония позициясы деп атады. Сингармо-позиция әлді, әлсіз болып екі түрге бөлінеді. Әрбір сингармодыбыстың сөздің құрамында барлық позицияда атқаратын қызметі анықталды, содан бір дауыссыз сингармодыбыстың тек қана төрт түрлі сингармофонемаларда емес, сегіз және он екі түрлі сингармофонемаларда қызмет атқара алатындығы көрінді. Мәселен, әлді позицияларда: /Н/→[Н], [Н°], [Н'], [Н°]; әлсіз позицияларда: [М], [М'], [М°], [М°], [Ң], [Ң'], [Ң°], [Ң°] болып келеді. Мысалы: *Асанғалы, Есенкелді, тон киді, түн келді; қон, көн, нан, сән; қон ба, көн бе, нан ба? сен бе?* т.б. [7].

Сонымен, сингармофонологиялық теория аясында жүргізілген талдаулардың қорытындысы бойынша, қазақ тілінде 105 түрлі сингармониялық дауыссыз дыбыстың әлді және әлсіз позицияларда қызмет атқаратыны анықталды. Бұл 105 сингармофонема 17 дауысты сингармодыбыс құрамына кірмей, керісінше 21 дауыссыз сингармодыбыс құрамында болатыны анықталды.

Қазіргі кезде қазақ тіліндегі «у» деген үнді дауыссызы төңірегінде көптеген даулы мәселелер бар. Бұл дыбыс *бау, тау, сау* сияқты сөздердің құрамында кездесе, буын құрамайды деген қағидалардың әсерінен «у» үнді дауыссыз дыбысы жарты дыбысқа айналып кетті. Сонымен бірге бұл дыбыс орыс тіліндегі «у» деген дауысты дыбыспен салыстырылып, біздің тілімізде де дауысты дыбысқа да айналды. Қазір жұртшылыққа «у» дыбысының үнді дыбыс екенін, тіліміздің дыбыс жүйесіндегі басқа дауыссыздар секілді толық дауыссыз екенін ұғындыру қиын. "У" деген таңбамен берілген сөздерді буынға бөлу тіпті күрделі болып отыр. "У" дыбысының орфоэпиялық үлгісінен тым алшақтап кеттік. Алаш қайраткері Х.Досмұхамедұлы бұл проблеманы ертеректе шешіп берген еді. «Тұу, сұу, бұу сияқты сөздерде бұрын ұұ жазғанымыз дұрыс емес болатын. Бүгінде хатамызды түзеттік; екі «ұ»-ны қатар қоймай ұұ-ның орнына ұу жазатын болдық» [7, 98 б.] деген қағидасын басшылыққа алып, *ту, су, бу* деп жазбастан, біз де қатемізді түзеп: *тұу, бұу, сұу* деп жазғанымыз абзал. Бізге Х.Досмұхамедұлы қатені түзетудің жолдарын да көрсетті. Сол жолмен қате түзетілсе, "у" дыбысының толық дауыссыз дыбыс екенін жұртшылыққа дәлелдеп, *су-ы, ту-ы, бу-ы* деп буын

құрамын бұзбай, *тұ-уы, сұ-уы, бұ-уы* деп буынға дұрыс бөлуге жол ашылады.

Қазақ тілінде дыбыстардың тілдік қызметі тұрғысынан **тіл үндестігі** деп бір сөздің құрамындағы барлық дыбыстардың бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке сипатта үйлесіп, сәйкес келу құбылысы аталады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде сингармонизм заңы алдымен тіл үндестігі түрінде танылып отыр. Себебі бұл заң тіліміздегі ежелгі сөздерді түгел қамти алады, ал бірақ ерін үндестігі жазудың арқасында елеусіз қалып қойды. Қазақ тілі дыбыстарының жасалым негізінің көрнекі пішіндемесіне (моделіне) түгел тоқталып жатпай, тек біршама мысалдар келтірдік. Пішіндеме сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының қазақ тілі дыбыстарының жасалымына қатысын нақты көрсетіп отыр. Қысқаша тоқталатын болсақ:

- тілдің ауыз қуысындағы қалпы төртке бөлінеді: тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты, тілшік.

- қазақ тілі дыбыстарын жасауға ерін қатысы да күрделі, бес түрлі: ашық ерін, қысаң ерін, емеурін ерін, доғал ерін, сүйір ерін;

- жасалу тәсілінің түрлері де күрделі: ашық, қысаң, жуысыңқы (жанама жуысыңқы, діріл жуысыңқы, жайылыңқы жуысыңқы, жинақы жуысыңқы);

- дауыс желбезегінің қатысы тербеліссіз, тербелімді, тербелінкі, тербелмелі болып төрт түрден құралатынын анықтадық. Қазақ тілінің артикуляциялық базасының талданымы қазақ тілінде тіл алды дауысты/дауыссыздың және тіл арты дауыссыздың жоқ екенін көрсетті. Сондай-ақ кейбір дауыссыздардың жасалым орны үндесім варианттары үшін ортақ болса, кейбір дауыссыздардың жасалым орны үндесім варианттары үшін алшақ жататыны анықталды.

Сөзімізді қорытындылай келе, қазақтың көрнекті ғалымдары, фонетиктері қазақ тіліндегі дыбыстарды сингармонизм құрамында да, одан тысқары да талдап, дыбыстардың толық сипаттамасын жасап шықты. Қазақ тіліндегі дыбыстар айтылым, жасалым, естілім белгілеріне қарай жіктеліп, сөйлеу мүшелерінің қатысуымен жасалу орындары анықталып, әліпбидегі тірек дыбыстардың позициясы айқындалды. Дыбыстардың фонологиялық сипатына сәйкес сингармонизм белгілері ашылды, тіл табиғатына сай жүйелі жіктеліп берілді. Бүгінде дауысты дыбыстардың үндесіп келетіні дау тудырмағанмен, дауыссыз дыбыстардың үндесімі бір шешімін таба алмай келеді. Сингармониялық тілде дауыссыз дыбыстың да өзіндік рөл атқаратынын тілге тиек еттік. Дауысты мен дауыссыз дыбыстың өзара үндесуін әлді әлсіз позицияда қарастырдық. Дыбыстардың жасалым, естілім сипатын лабораториялық жолмен зерттеген ғалымдардың көбі осындай шешімге тоқтайды. Біз, ең бастысы, сингармонизмнің сөз ішінде дыбыстардың, буындардың, ал сөйлесімде сөздердің басын біріктіріп, сөйлеуді жеңілдетіп тұратынын баса айтқымыз келеді.

1-тарау бойынша тұжырым

Диссертацияның I тарауы **«Қазақ тіліндегі сингармонизм: теориясы, зерттелуі және фонетикалық жүйедегі орны»** деп аталады. Бұл тараудың 1.1 «Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі» деп аталады. Бұл тараушада М.Қашқари еңбектерінен бастау алған үндесім заңдылығы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Н.Төрекұлұлы және XIX ғасырдағы шет елдік ғалымдар И.Ильминский мен В.Радлов, қазақ ғалымдары К.Аханов, С.Мырзабек, І.Кеңесбаев, Ә.Жүнісбек, Ж.Әбуұлы, М.Жүсіпұлы, К.Аханов зерттеулері негізінде қарастырылды. Осындай ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, сингармониялық теорияның негізгі терминдері мен ұғымдары ғылыми тұрғыдан нақтыланып, олардың тіл біліміндегі орны айқындалды. Сингармонизмнің түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән ішкі, тарихи қалыптасқан әмбебап заңдылық екені дәлелденіп, оның фонологиялық жүйедегі жетекші қызметі көрсетілді. Сонымен қатар сингармонияның буындық құрылыммен, тембрлік үйлесіммен және артикуляциялық тұтастықпен өзара тығыз байланысы ашылып, қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің өзіндік табиғатын айқындайтын басты белгілердің бірі екені ғылыми негізде тұжырымдалды.

1.2 тараушасы **«Қазақ фонетикасының мәселелері: сингармонизм және сөздік екпін»** деп аталады бұл тараушада қазақ тіліндегі сингармонизм мен сөздік екпіннің өзара қатынасы қарастырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сингармонизм – сөздің барлық дыбыстарын қамтитын негізгі фонологиялық заңдылық болып, дауысты, дауыссыз және жарты дауысты дыбыстарды жүйелі түрде үйлестіреді. Бұл құбылыс сөздің артикуляциялық, акустикалық және коммуникативтік тұтастығын қамтамасыз етіп, қазақ тілінің фонологиялық құрылымын ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Сөздік екпін қазақ тілінде қосалқы, бейдоминантты просодиялық құбылыс болып, көбінесе интонациялық және ырғақтық ерекшеліктерді көрсетуге қызмет етеді, кейде морфологиялық немесе синтаксистік айырымдарды айқындай алады. Тарихи және салыстырмалы зерттеулер көрсеткендей диссертациялық жұмыста сингармонизм құбылысы қазақ тілінің төл фонологиялық жүйесінің негізгі белгілерінің бірі болып, түркі тілдеріндегі ұқсас просодиялық жүйелермен сабақтасып, олардың типологиялық ерекшелігін айқындайтыны дәлелденді (А.Байтұрсынұлы, І.Кеңесбаев, Ә.Жүнісбек, А.Фазылжан). Қорыта келе қазақ тіліндегі сингармонизм басымдыққа ие болып, сөздің дыбыстық тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі просодиялық механизм ретінде қызмет атқаратындығы, ал сөздік екпін сөйлеу ағымындағы ритм мен интонациялық мәнерді нақтылайтын қосалқы құрал болып табылатындығы дәйектелді.

1.3 тараушасы **«Сингармонизм бірліктердің анықтамасы мен модельдері»** деп аталады. Бұл тараушада, қазақ тіліндегі сингармонизм құбылысы дыбыстық жүйенің негізгі просодиялық заңдылығы ретінде сөз, буын және дыбыс деңгейінде кешенді сипатталады. Ә.Жүнісбек, Қ.Жұбанов, В.Радлов секілді ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, сингармонизм тек

дауыстылардың үндестігімен шектелмей, дауыссыздардың үйлесімдік өзгерістерін де қамтиды, бұл қазақ тілінің толық фонологиялық жүйесін үйлестіруші құрал рөлін айқындайды. Қазақ тіліндегі сингармонизм бірнеше деңгейде көрініс табады: **(дыбыстық деңгейде, буын деңгейінде, сөз деңгейінде)**. Профессор Қ. Жұбанов пен Ә. Жүнісбек зерттеулері сингармонизмнің фонетикалық және фонологиялық тұрғыдан тең құбылыс екенін көрсетеді. Сондықтан қазақ тіліндегі сингармонизмді зерттеу тілдің фонетикалық-тұтастық құрылымын түсінуде, сондай-ақ сөздердің дұрыс айтылымын қалыптастыруда маңызды теориялық және практикалық мәнге ие болып отыр.

1.4 тараушасы **«Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі және үндесімі»** деп аталады бұл тараушада қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі тілдің фонетикалық құрылымында негізгі орын алатындығы және оның дыбыстық табиғаты мен айтылым ерекшеліктері сөз болады. Қорыта айтқанда, қазақ тіл біліміндегі фонетикалық зерттеулер дыбыстардың сингармонизм аясында да, одан тыс та жан-жақты сипатталғанын көрсетеді. Ғалымдар дыбыстарды айтылым, жасалым, естілім белгілеріне сүйене отырып жүйелеп, олардың артикуляциялық негізін, фонологиялық қызметін және әліпбидегі тірек дыбыстармен байланысын айқындады. Зерттеулер нәтижесінде дауысты дыбыстардың үндесімі толық мойындалса, дауыссыз дыбыстар үндесімінің күрделілігі әлі де терең талдауды қажет ететіні анықталды. Соған қарамастан, сингармониялық жүйеде дауыссыз дыбыстардың да маңызды қызмет атқаратыны, дауысты мен дауыссыздардың өзара әлді-әлсіз позицияда үндесуі тіл табиғатына сай құбылыс екені дәлелденді. Ең бастысы, сингармонизмнің сөз ішіндегі дыбыстар мен буындарды, сондай-ақ сөйлесімдегі сөздерді тұтастырып, сөйлеу процесін жеңілдететін әмбебап фонологиялық механизм екені тұжырымдалады.

II ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ: ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ҮНДЕСІМІ

2.1 Түркі тілдеріндегі үндесімнің зерттелуі

Түркі тілдеріндегі сингармонизм проблемасының зерттелу тарихына көз жүгіртер болсақ, түркі тілдеріндегі бұл ерекше құбылыс тек түркологтар ғана емес, көптеген зерттеушілердің, жалпы тіл білімі теоретиктерінің назарларына ерте іліккенін байқаймыз. Сингармонизм теориясын қарастырған лингвистердің барлығы түркі тілдерін басқа генеалогиялық тілдермен салғастырмалы-типологиялық зерттеу жүргізе отырып, сингармонизм заңының тек түркі тілдерінде ғана толық күйінде көрініс тапқанын айтады. А.Реформатский былай дейді: «Сингармонизм түркі тілдерінде жай ғана фонетикалық құбылыс емес, тіпті ассимиляцияның бір түрі де емес, ол – тілдің фонетикалық құрылымының барлық деңгейіне де, морфологиялық деңгейіне де әсер ететін іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс» [58, 198 б.]. Н.Дмитриев сингармонизмді дыбыстар ассимиляциясының бір түрі деп қарап, мына тұжырымды жасайды: «Белгілі бір мағыналық біртұтастығы бар толық дыбыстық кешен формалық жағынан да бірізді болуы тиіс, яғни артикуляция тұрғысынан барынша жақын дыбыстардан тұруы керек» [59, 38 б.]. Жалпы тілдерде сөздердің мағыналық тұтастығын дыбыс тіркесімдерінің көмегімен білдіруден дауысты дыбыстар сингармонизмі пайда болған деген алғашқы көзқарасты А.Шлейхер айтқан. Кейін бұл пікірді И.Бодуэн-де-Куртенэ, В.Радлов, Л.Адам, А.Щербак [60] т.б. өзге де ғалымдар жалғастырды.

Жоғарыда келтірілген пікірлерді қорыта келгенде, сингармонизм түркі тілдеріне тән кездейсоқ немесе жекелеген фонетикалық құбылыс емес, тілдің бүкіл құрылымын айқындайтын жүйелі, іргелі заңдылық екені айқын көрінеді. Ғалымдардың тұжырымдары сингармонизмнің тек дыбыстардың өзара ықпалы шеңберінде ғана емес, сөздің мағыналық тұтастығын, морфологиялық құрылымын және тілдің типологиялық сипатын қамтамасыз ететін әмбебап механизм екенін дәлелдейді. Профессор А.Реформатский алғашқылардың бірі болып сингармонизмді тілдің іргелі заңдылығының қатарына қосты. Сонымен бірге үндесім құбылысының тілдердің жіктелім белгісі болатынын айтты. Бұл жұмыс сингармонизмнің теориялық тұрғыда дамуына үлкен үлес қосты. А.Реформатскийдің пікірлерінен сингармонизмді тілдің фонетикалық және морфологиялық деңгейлерін тұтастыра байланыстыратын құрылымдық қағида ретінде бағаласа, Н.Дмитриев оны ассимиляцияның бір түрі деп қарастыра отырып, дыбыстық бірізділіктің мағыналық біртұтастықпен тығыз байланысын көрсетеді. Ал А.Шлейхерден бастау алған, кейін Бодуэн-де-Куртенэ, В.Радлов, Л.Адам сынды ғалымдар дамытқан көзқарастар сингармонизмнің пайда болуын сөз мағынасының тұтастығын дыбыстық ұйымдасу арқылы бейнелеумен байланыстырады. Осылайша, сингармонизм түркі тілдерінің өзіндік табиғатын айқындайтын,

оларды өзге тілдерден типологиялық тұрғыдан даралайтын басты белгілердің бірі болып табылады және оны зерттеу жалпы тіл білімі үшін де теориялық мәні зор мәселе болып қала береді. Морфонология морфология мен фонология салаларының арасындағы буын екенін, ол жеке деңгей құрамайтынын, алайда морфологияға да, фонологияға да енетін ерекше сфера деп тану керекпіз [61, 93 б.]. Бұған: «Морфонология – фонология мен морфологияның арасындағы байланысты зерттейтін тіл білімінің бір саласы, яғни сөзөзгерім мен сөзжасамда фонологиялық құралдарды пайдалану» [62, 232 б.] деген анықтама берілген. Ф.Джалилов дыбыс үндесімін морфонологияның аясында қарастырып, оны аблаут құбылысы өзінің қызметін тек түркі тілінде жоғалтқандығымен түсіндіреді [63, 63 б.]. Г.Шухардтың осыған байланысты пікіріне тоқталамыз. Фонетикалық заңдар өз әрекетін «белгілі бір уақыт кезеңінде» тікелей көрсетпейді және ерекшелік байқатпайды. Басқаша айтқанда, олардың әрекеті мен сипаты тек осы уақыт кезеңі аяқталғаннан кейін ғана айқындалып, анықталады. Осы аралықта фонетикалық заң тілді қолданатын бүкіл аумақта әрекет етеді және сөйлеу материалының бүкіл жиынтығына қатысты күшінде болады [64, 36 б.]. Сонымен сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріне қатысты фонетикалық құбылыс болғандықтан түркі халықтары жайлаған барлық қонысты жүзеге асады деп айтуға негіз бар. Ал В.Касевич сингармонизмнің морфонологиямен тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Біріншіден, сингармонизм заңдары морфемалардың фонологиялық құрылымын нақтылайтын механизм ретінде қызмет атқарады, яғни морфема құрамында қандай фонемалардың қатар келу мүмкіндігі барын және қайсысы келмеуі мүмкін екенін белгілейді. Екіншіден, сингармониялық тілдерде қосымшалардың фонемалары өздері жалғанатын түбірдің фонологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріп, түрленіп отырады. Үшіншіден, сингармонизм заңдары сөздің немесе сөз формасының жалпы фонологиялық бейнесін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны белгілі [65, 119-120 бб.]. Т.Садыков та түркі тілдерінде сингармонизмнің алломорфтардың басты қайнары екендігін көрсете отырып, сингармонизмді морфонологияның құбылысына жатқызады [66, 19 б.]. Қорыта айтқанда, келтірілген ғалымдардың пікірлері сингармонизмнің түркі тілдерінде жай фонетикалық заңдылық қана емес, морфонологиялық деңгейде қызмет атқаратын кешенді құбылыс екенін дәлелдейді. Ол морфемалардың фонологиялық құрылымын реттеп, қосымшалардың алломорфтық түрленуін қамтамасыз етеді және сөздің тұтас фонологиялық бейнесін қалыптастырады. Сондықтан сингармонизм түркі тілдерінде тарихи тұрғыдан қалыптасқан, кең аумақта бірдей әрекет ететін әрі морфонологиямен тығыз байланысқан іргелі тілдік заңдылық ретінде бағалануы тиіс.

Қазіргі кезде көптеген түрколог ғалымдар дауысты дыбыстар үндесімінің сөздің шегін көрсететін және сөзді жеке, тұйықталған фонетикалық кешен екендігінен көрінетін шоғырландыру қызметіне назар аударуда. Сингармонизм заңының пайда болуында дауысты дыбыстардың

өзара байланысу заңдылықтары басты рөл атқарады. Үндесім заңының басты факторларының бірі – олардың ішкі байланыстарының негізгі принципі болып табылатын қарқынды-қарқынсыз дыбыстардың иерархиясы. Тендес және қарқынды дыбыстардың өзара әрекеттесулері де осы иерархияның негізінде жүзеге асады. Сингармонизм заңында қарқынды дыбыстардың қарқынсыз (әлсіз) дыбыстармен тіркесулері де кездеседі, бұдан аталған байланыс жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне де көз жеткіземіз.

М.Юсифовтың сингармонизмге қатысты мына пікірін келтіреміз: «Алайда түркі тілдерінің агглютинативті сипатының арқасында мұндай парадокстік құбылыс негізінен сөйлеу мен тілдің өзара қатынасының қалыпты заңдылығына айналып, үндестік заңының дамуының жаңа кезеңі ретінде танылады. Парадокстік байланыстардың нормаға айналуында маңызды рөл атқаратын тағы бір жайт – сөздің бірінші буыны күшті позицияға ие болса, кейінгі буындар әлсіз позицияда болады». Ол өзінің ойын әрі қарай былайша жалғастырады: «Бір-біріне қарама-қарсы күшті және әлсіз дыбыстар әрекетке түсіп, әлсіз позицияда тұрған дыбыс күшті дыбыспен қатынасып, әлсіз дыбыстың күшті сапада естілуін қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, парадокстік жағдайларда күшті мен әлсіз дыбыстардың иерархиясы сөздің күшті және әлсіз позицияларымен реттеледі» [67, 25 б.].

Жалпы түркологияда, нақты бір түркі тілін зерттеуге арналған біршама талдауларда сингармонизмді ассимиляцияның бір түрі ретінде қарастыру белең алған. Дауысты дыбыстардың бір-бірімен алмасу заңдылығы анықтау бір тілдің материалын өзге түркі тілдерінің материалдары мен салыстыру негізінде вокализмді сипаттаудан басталды. Сингармонизм көптеген уақыт бойы сөздегі дауыстылардың ғана үндесуі делініп, ал дауыссыз дыбыстардың үндесімі ассимиляция заңдылығына жатқызылды. Осы бағытта В.Богородицкийдің пікірлеріне тоқталған дұрыс болады. Ғалым дауысты дыбыстардың үндесуін синхронды және диахронды аспектілермен байланыстырып, түркі тілдерінің тілдерін осы ұғым аясында зерттеді [68, 435 б.]. Жалпы В.Богородицкий сингармонизм заңдылығы туралы жаңа пікірлер ұсынып, оны фонологиялық деңгейде талдап шықты. А.Реформатский бұл мәселеге қатысты В.Богородицкийдің пікірлеріне оң баға бере отырып: «В.Богородицкийдің фонологиялық көзқарасты ұстанбағанына қарамастан, мәселені соншалықты фонологиялық тұрғыдан қоя білгендігі таңғаларлық жайт» [58, 435 б.] деп ерекше танданыс білдіреді. В.Богородицкийдің ойынша, түбір сөздің үндесімі қосымша морфемалар үндесімімен сәйкескені түркі тілдерінің ерекшелігін білдіреді. Ғалым әрбір дауысты дыбыс өзге дауысты дабастармен ешбір өзгеріссіз қолданылады, өйткені морфемалар негізінен екі дауысты дыбыспен шектеледі, бұлар: ұзын немесе қысқа дауыстылар; түбір сөз бен қосымшаның үндесімі палатальді немесе бейпалатальді қатынаста болады деген пікір айтады. Біз В.Богородицкийдің бұл тұжырымымен келісе қоймаймыз, өйткені түбірдегі дауысты дыбыстар да өзара алмасады, сонымен бірге түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысы

тек түбір сөздегі дауыстыларға ғана бейімделіп емес, одан кейінгі буындардағы дауыстыларға да икемделе алады. В.Богородицкий түркі тілдерінің түбірінде дауыстылардың «классикалық сегіздігін» (а/ä, ы/i, о/ö, у/ü) және аффикстік (Богородицкийде – суффикстік) – ашық дауысты (а/ä) және қысаң дауысты (ы/i) екі негізгі типті бөліп көрсетеді [68, 436 б.]. Н.Трубецкой вокализмнің типтері туралы мақаласында (1929), кейін өзінің «Фонология негіздері» (1939; орысша аудармасы 1960) атты классикалық еңбегінде түркі сөзінің түбірі мен қосымшаларындағы дауыстылар туралы заңдылықтың тұжырымын негіздеді. Ғалымның бірінші еңбегінде түркі тілдерінің аффикстерінде екі дауысты фонема бар: жуан және жіңішке («а» және «і»), ал өзге дауысты дыбыстар түбір вокализміне негізделген сингармонизмнің фонетикалық көрінісі [69, 137 б.].

Бұл құбылыстың типологиялық маңызына кезінде А.Шлейхер де назар аударған. Дегенмен бұл құбылыстың акценттік маңыздылығы И.Бодуэн де Куртенэ еңбектерінде барынша нақты тұжырымдалды. Ол өзінің 1876 жылы шыққан зерттеуінде былай дейді: «Тұран тілдеріндегі дауыстылардың үндестігі, бейнелі түрде айтсақ, буындарды бір-бірімен байланыстырып, сөзді біріктіретін «цемент» қызметін атқарады. Ал арио-еуропалық тілдерде буындарды сөзге біріктіретін мұндай қызметті ең алдымен екпін атқарады. Арио-еуропалық тілдердегі сөздерді егер жекелеген буындар мен дыбыс тіркестері: түбірлер, жұрнақтар, префикстер мен жалғаулар арқылы олардың біреуіне тән екпін арқылы бір бүтінге біріктірілмесе, біртұтас сөз деп айтуға болмайды» [70, 322-323 бб.]. Тұран тілдерінде жекелеген буындар мен дыбыс тіркестерін, егер олар белгілі бір контексте өздеріне тән дауыстыларын үндестік заңына сай сақтаса, дербес кішкентай сөздер деп санауға болады. Ал егер олар дауыстылардың үндестігі «цементімен» біріктірілсе, онда бірнеше бір буынды сөздің орнына бір көп буынды сөз түзіледі. Ғалым тұжырымының басты идеясы түркі тілдерінде буындардың басын біріктіріп, бүтін бір сөз етіп тұратын сингармонизм заңдылығы дегенге меңзеп тұр. Лингвистің сингармонизмді сөз екпінімен салыстыруында ерекше мағына бар, себебі екеуінің де тілдік функциясы ұқсас. Демек, бұған дейін көңіл аударылмай келген сингармонизм құбылысының басты белгісін сөз екпінімен салыстыра отырып түсініргені сәтті шыққан. И.Бодуэн де Куртенэнің бұлайша салғастыруын «тамаша» деп бағалаған В.Радлов сингармонизм заңдылығының сөз тудырушы морфологиялық амал екенін, сонымен бірге дауысты дыбыстар үндестігінің пайда болу себебі морфологиямен байланысты екенін көрсетіп берді [71, 50-51 бб.]. Дегенмен түркі сингармонизмінің екі деңгейлі табиғаты жайындағы түсінік, В.Богородицкий өзінің түркология үшін негіз болған «Введение в татарское языкознание» [68] атты теориялық еңбегінде түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығын тұжырымдап бергенге дейін, жалпы қағида болып қала берді. В.Богородицкийге дейін де, сондай-ақ одан кейінгі жылдарда жарияланған жалпы түркологиялық еңбектерде және белгілі бір түркі тіліне арналған зерттеулерде сингармонизм құбылысын ассимиляцияның бір түрі ретінде

қарастыру оны түрлі аспектілерде зерттеудің алғышартын түзді. Атап айтсақ: вокализмді сипаттаған кезде бір тілдің (оның диалектілерімен қоса) материалы және түрлі түркі тілдерінің материалдары негізінде дауыстылардың алмасу заңдылығы қалыптасты. Сингармонизм сөздегі дауыстылардың үндестігі ретінде қарастырылды да, дыбыс алмасуларының жалпы құбылыстарының арасына жұтылып кетті. В.Богородицкийдің бұл салада сіңірген еңбегі – дауыстылардың сингармонизм заңдылығын синхрондық және диахрондық аспектілерде тұжырымдап беруі. Ол дауыстыларды осы түркілік ерекше құбылыстың призмасы арқылы қарастыра отырып, әрбір дауысты дыбысқа тән жеке сипаттардың ортақтығын арнайы зерттеудің тақырыбына айналдырды.

Түрколог В.Богородицкий сингармонизмге байланысты пікірінде түбір сөздің ішіндегі дауысты дабыстар мен қосымшалар құрамындағы дауысты дыбыстарды бөлек қарауды ұсынды: «...түбірдің дауысты жүйесі (вокализмі) қосымша морфемалардың дауыстыларына қарағанда бір елеулі ерекшелікке ие: түбір құрамындағы дауыстылар өздерінің даралығын сақтай отырып, басқа дауыстылармен алмасуға түспейді. Ал қосымша морфемалардағы дауыстылар екі негізгі түрмен шектеледі де, не кең, не тар дауысты болып келеді және олар түбірдің дауыстыларына қарай жуан не жіңішке, еріндік не езу болып түрленеді» [68, 117 б.].

А.Реформатский В.Богородицкийдің сингармонизмді фонологиялық деңгейде қарастыруға жақын келгендігін оның осы салаға сіңірген еңбегі деп бағалады. Осыған ұқсас пікірде болып, яғни сингармонизм заңдылығын «гармония гласных» деп ұғып, алғашқы буын мен кейінгі буындарды біріне-бірін қарсы қоя түсіндіруді профессор Н.Трубецкой ұсынды. Оның еңбегінде түркі сөзінің түбірі мен аффикстеріндегі дауыстылар туралы заңдылықтың фонологиялық деңгейдегі тұжырымы жасалды. Жоғарыдағы дауыстылардың «классикалық сегіздігін» (*o / u, a / i, ö / ü, a – i*) айыра отырып, былай дейді: «Үндестік заңы» деп аталатын дауыстылардың үндестігі бірізді жүзеге асатын түркі тілдерінде тек сөздің бірінші буынында ғана сақталады; ал қалған буындарда дауыстылардың тембрлік айырмашылықтары нейтралданады да, кейінгі буындардағы дауыстылардың тембрлік қасиеттері алдыңғы буындағы дауыстыға сәйкестеніп айтылады» [69, 118 б.]. Сөйтіп, Н.Трубецкойдың айтуынша, сингармониялық тілдердегі түбір вокализмі мен аффикстер вокализмі фонетикалық тұрғыдан теңдес болғанымен, фонематикалық тұрғыдан теңдес емес. Бұндағы біздің басты көңіл аударатын мәселеміз сөздегі дауыстылардың басымдығы болып отыр. Бұл пікірде де «гармония гласных» ұғымы сингармонизмдегі негізгі мән болып қалды.

В.Богородицкий мен Н.Трубецкой еңбектерінде сингармонизмнің табиғаты теориялық дұрыс түсіндірмесін тапты және сингармонизм мәселесі туралы кейінгі зерттеушілердің еңбектеріне бұл теория негіз болды. Зерттеулердің міндеті күрделенуде, мақсатты бағыттары өзгеруде, жаңа әдістер қолданылуда бірақ В.Богородицкий тұжырымдаған сингармонизм заңдылығы, сондай-ақ түркі тілдеріндегі сингармонизм проблемаларының

Н.Трубецкой ұсынған фонологиялық шешімі дау туғызбайтын ғылыми ақиқат күйінде қалып отыр. Бұған осы саладағы Ф.Исхаков, Г.Мельников, М.Черкасский, И.Оглоблин, Ә.Жүнісбеков, Н.Гаджиева және т.б. зерттеушілердің еңбектері куә болады.

Сингармонизм проблемасы ерте кезден бері күрделі құбылыс ретінде танылды. Сол үшін оның айналасындағы пікірлер қайшылығы ешқашан толастамай келеді. Түркі тілдерінің сингармонизмі мәселесінде «дауыссыз дыбыстарға байланысты сингармонизм жайлы не дейміз?» деген үлкен бір маңызды сұрақ кездеседі. Осы сұраққа Н.Дмитриев былай жауап береді: «Сингармонизм дауыстылар үндестігі мен дауыссыздар үндестігі болып екіге бөлінеді. Дауыссыздар үндестігі олардың қатаң және ұяң қасиеттері бойынша ассимиляциялануынан тұрады: түбір (негіз) соңындағы дауыссыздан кейін қосымшаның басындағы дауыссыз сол заңдылыққа сай ұяң не қатаң болып келеді немесе керісінше болуы мүмкін» [59, 39 - 40 б.]. Осы жерден дауысты дыбыстардың үндесімі дауыссыздардың сапасына әсер етуі мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Басқаша айтсақ, дауыстылардың езу мен еріндік үндесімі іргелес тұрған дауыссыз дыбыстардың жасалуын өзгерте ала ма? Егер өзгерте алса, оның ықпалы сөздегі дауыссыздардың бәріне бірдей өте ме немесе тек бір дыбысқа ғана ықпал жасай ма? Сингармонизмге қызығушылық танытқан барлық зерттеушілерді осы сұрақ мазалайды. Француз ғалымы Жан Дени: «Дыбыстар үндестігі құбылысы негізінен дауыстыларға ғана қатысты болғанымен, оның ізі кейбірі дауыссыздарда да байқалады, мысалы, көмей дыбыстарында және латеральді діріл дыбыс / (л)-да» [72, 108-109 бб.].

Әзербайжан тіліндегі дыбыстар жүйесін эксперименттік тұрғыдан зерттеген көрнекті ғалым Ф.Кязимов: «Түркі тілдерінде сингармонизм құбылысы тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да таралады» [73, 94 б.], - деген ерекше тың пікір айтты.

Біз келтірген екі көзқарастың сингармонизмді түсінудегі айырмашылығын Ф.Кязимов келтірген мына пікірден көреміз: «Қосымшалардың дыбыстық құрамындағы тұрақты белгі дауыстылар жүйесіндегі кең және тар жасалым, ал дауыссыздар жүйесінде жасалу тәсілі мен орны болып табылады. Қосымшаның дыбыстық құрамында өзгеріске ұшырайтын белгілер мыналар: дауыстыларда – жуандық пен жіңішкелік (яғни жасалу орны), еріндік пен езу, ал дауыссыздарда – жуандық пен жіңішкелік» [73, 92 б.]. Бұл пікір қазіргі зерттеушілер ұстанатын басты теория болуда.

Профессор Әлімхан Жүнісбектің түркі тіліндегі сингармонизм мәселесіне байланысты зерттеулері сингармонизмнің дауысты дыбыстармен қатар дауыссыздарға да тиесілі құбылыс екенін нақтылайды, алайда сингармонизм құбылысы дауыссыз дыбыстарға қатысты болған жағдайда дауыссыздардың дыбыс реңкі, дауысты дыбыстарға тәуелді болып өзгеріске түсетінін ұмытпауымыз қажет. Ә.Жүнісбек дауыссыз дыбыстардың фонетикалық қасиеттерін талдап, дауыссыз дыбыстардың дауысты

дыбыстармен тіркескен кезінде артикуляциялық өзгерістерін анықтап берді. Хакас тіліндегі материалдарды дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды сингармония кешенінің аясында эксперимент түрінде қарастыру сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар ерін қатысына байланысты бір-біріне қарсы қойылатын сөздегі дауыссыз дыбыстарда әртүрлі реңктердің болатынын көрсетті. И.Оглоблиннің пікірі дауысты мен дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсерін көрсетеді. Құрамында алдыңғы қатарлы дауыстылары бар сөздерде дауыссыз дыбыстар жіңішкеріп айтылса, ал артқы қатарлы дауыстылары бар сөздерде тек жуан дауыссыздар қолданылады. Сонымен қатар, егер сөзде еріндік дауыстылар кездессе, онда дауыссыздар өзге артикуляциялық белгілеріне қарамастан еріндік сипатқа ие болады [74, 3 б.].

Түркі халықтары тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазған көрнекті ғалымдардың ойынша, сингармонизм – барлық дыбыстардың өзара үйлесуінің ерекше түрі. Түркі тілдерінің жалғамалы типі бұл үйлесудің сипатын көрсетеді. Бізге белгілі болғандай, түркі тілдерінде сөз тудыру мен сөз түрлендіру түбір морфемаға аффикстердің жалғануы арқылы іске асады. Бұл аффикстер нақты тілдегі құрылымдық-семантикалық заңдылықтарға сәйкес белгілі бір ретпен бірінен соң бірі жалғанады. Демек, аффикстердің осындай тізбектеле жалғану сипаты түркі сөзінің дыбыстық бейнесін де айқындайды. Сингармонизм құбылысының пайда болуын түркі тілдеріндегі жалғамалық қасиеттен деген пікір бұрыннан айтылып келеді. Мұндағы негізгі ой түбір сөз бен қосымша арасындағы үндесім қатынаста болады. Сол үшін де сөздің өзіне тән әуездік белгісі ескерусіз қалды. Сондықтан сөздің үндесім әуезі жеке сөздің емес, туынды бөлшектердің басын құрайтын тіл заңдылығы ретінде танылуда. Жалпы тіл білімінде әбден орнығып қалған «гармония гласных» теориясы осы жинақта да көрініс табады. Сингармонизм – түркі сөздерінің ұйымдастырушы тетігі, сөздің тұтастығын қамтамасыз ететін және түркі тіліндегі сөйлеу барысында сөздің шекарасын айқындайтын құрал. Сингармониялық жүйедегі шешуші элемент – дауыстылардың үндестігі, өйткені сөз буындардан тұрады, ал буын құраушы негізгі қызметті дауыстылар атқарады. Дауыстылар дауыссыздармен үйлесе отырып, түркі тілдерінде буынның әртүрлі түрлерін жасайды [2, 438 б.] делінген жинақта. Мұндағы сингармонизм құбылысын сөздердің басын біріктіретін заңдылық түрінде қарастырғанын құптай аламыз, дегенмен бұл құбылысты тек дауыстылармен байланыстыруымен келіспейміз. Негізінде сингармонизм дегеніміз – сегменттік емес, просодиялық бірлік, сол үшін оның негізін тек дауысты дыбыстар қалайды деген қисынсыз. Сингармонизм заңдылығының тілдік табиғатын тануға арналған пікірлер жетерлік. Бұлардың ішінен: «дауыстылардың үндестігі деп жиі аталып, фонетика саласына дауыстылардың ассимиляциясы ретінде ғана жатқызылатын бұл құбылыс, шын мәнінде, алғаш қарағандағы көрінісінен әлдеқайда қызығырақ әрі құрылымдық тұрғыдан мазмұндырақ» [58, 191 б.], - деген А.Реформатскийдің пікірі де бар. Ғалым сингармонизм құбылысын

дауыстылардан ажыратып, оған бағындырмастан, өз бетінше бірегей құбылыс екенін дәп басып айтты. Сингармонизм заңдылығының бір қарағанда қарапайым секілді болғанмен, құрылымдық жағынан күрделі құбылыс екенін дәйектейді. Ғалым өз ойын жалғастыра отырып, сингармонизмнің фонетикалық құбылысқа жатпайтынын, сонымен бірге дыбыс түрленімі де болмайтындығынын жазады.

Дауысты дыбыстардың үндесімін А.Кононов былай жеткізеді: «Дауыстылардың үндестік заңының мәні мынада: түркі түбірі құрамындағы дауыстылар да, түбір мен қосымшалардың арасындағы дауыстылар да сапалық жағынан сөздің бірінші буынындағы дауыстыға бағынышты болып айтылады» [75, 35 б.]. Осыған ұқсас пікір В.Богородицкийге де тән. Ғалымның пікірінше, сингармонизм құбылыстың мәні түбір сөздегі дауысты кейінгі дауыстылардың сипатын айқындайды. А.Кононов сингармонизм заңының қосымшалардың нұсқалылығына әсерін көрсетіп беріп, бұл туралы мынандай тұжырым жасайды: түркі тілдеріндегі қосымшалардың дыбыстық құрамы тұрақты емес, сонымен бірге түбірдің фонетикалық құрамына сәкес қосымшалар әрі дауыстылар, әрі дауыссыздар жағынан түрленіп отырады [75, 35 б.]. Н.Трубецкой сингармонизмді музыкадағы әуенмен салыстырады. Сингармониялық тілде әрбір сөз белгілі бір тонға ие дыбыстар тізбегі іспетті болып келеді, әрі мұндай тілде тек екі түрлі тон болады. Сол тонның өзгеруі сөйлем ішінде сөздердің шекарасын білдіретін белгі ретінде қолданылады. Ал егер “сингармониялық” тілдерде сөз өзіндік тонын біртұтастық ретінде қабылданса, басқа тілдерде ол негізінен ырғақтық бірлік ретінде қарастырылады [69, 313 б.]. Біз Н.Трубецкойдың бұл концепциясына қосылмаймыз, себебі сингармонизмді дауыстылардың да, дауыссыздардың да үндесімі ретінде қарастырамыз. Жоғарыда келтірілген пікірлердің барлығы сингармонизмнің морфонологиямен тікелей байланысты екендігінің тағы да бір дәлелі бола алады. Профессор Ж.Әбуов сингармонизмге қатысты ойын былай жазады: «Сингармонизм – қазақ тілінің жай ғана фонетикалық құбылысы емес, бүкіл сөздік, буындық және дыбыстық құрылымының жүзеге асуын қамтамасыз ететін іргелі құбылыс» [17, 16 б.]. Осы мәселеге байланысты А.Реформатскийдің пікірі үлкен мәнге ие. Ең алдымен, шын мәнінде сингармонизм тек дауыстыларға ғана емес, дауыссыздарға да қатысты екені ғылымда әлденеше рет айтылған. Екіншіден, сингармонизм фонетика деңгейінде қарастырылатын дауыстылардың ассимиляциясы ғана емес, үш фонологиялық деңгейдің барлығына әсер ететін суперсегменттік құбылыстың тамаша мысалы болып табылады. Үшіншіден, бұл құбылыс тіл құрылымының басқа қабаттарындағы бірліктерді морфема мен лексеманы да қамтиды және агглютинативті тілдерді құрылымдық-типологиялық тұрғыдан түсіну үшін аса маңызды құбылыс болып саналады [60, 134 б.]. Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысының тек дауысты дыбыстарды ғана емес, дауыссыз дыбыстарды да қамтығаны жайлы түрлі пікірлер кездесті, бұл пікірлерге біз толықтай қосыламыз. Осының ішіндегі А.Реформатский мен Н.Дмитриевтердің жоғарыда айтқан ойлары сөзімізді дәлелдейді. Біздің

пікірімізше, сингармонизм құбылысы тек дауысты дыбыстармен шектелмейді, дауыссыздарды да тең дәрежеге қамтиды, себебі түбір сөздердегі дауыссыздарға қосымшалардағы дауыссыз дыбыстардың ыңғайласып келуінен де үндесім көрінеді.

А.Реформатский француз ғалымы Жан Денидің жоғарыдағы біз келтірген: дауыстылар үндестігі құбылысы негізінен дауыстыларға ғана қатысты болғанымен, оның ізі кейбір дауыссыздарда да байқалады, мысалы, көмей дыбыстарында және латеральді діріл дыбыс – «л» деген пікірін қуаттай отырып, өзі бұл тұжырымды дұрыс деп қабылдағанымен жеткіліксіз деп, оны одан әрі дамытады: «Сингармонизмге тән артқы және алдыңғы сөздерде тек көмей және латераль дыбыстар ғана емес, сонымен қатар мұрын, тіл алды және ызың дыбыстар да өзгеше айтылады; қысқаша айтқанда, й-ден басқа барлық дауыссыздар алдыңғы және артқы сингармонизм сөздерінде екі түрлі нұсқада көрініс таба алады, бұл әсіресе «к», «г» және «л» дыбыстарында айқын байқалады» [58, 195 б.]. Осы проблеманы Н.Дмитриев те түрлі қырынан түсіндіреді, алайда Ф.Кязимов тұған сыни көзқараспен қарады. Профессор Н.Дмитриев жеке фонемалар деңгейіне жетіп қалатын екі вариантты атайды, ал л дыбысына байланысты мәселе басқашалау деген ой айтады. Фонологиядағы мұндай бағалаумен келісе қоймаймыз. Егер іргелес екі дыбыстың арасындағы таңдауға фонетикалық ерекшелік себеп болса, онда біз сол екі дыбыстың өзімен емес, бір дыбыстың екі түрлі комбинаторлық варианттарымен айналысамыз [73].

А.Шлейхердің сингармонизмге қатысты тезисіне байланысты Бодуэн де Куртенэ агглютинативті (жалғамалы) тілдердегі сөздердің құрылымындағы дауыстылардың үндестігі үнді-еуропа тілдеріндегі екпіннің рөлін атқарады деп есептеді. И.Бодуэн де Куртенэнің мұндай пікіріне қарсылық білдіре отырып В.Богородицкий үнді-еуропа тілдеріндегі екпінді тұран тілдеріндегі екпінмен салыстыру қажет деп біледі. Өз кезегінде И.Бодуэн де Куртенэ «туран» тілдеріне, яғни орал-алтай, фин-угор тілдеріндегі сөз формаларына белгілі бір екпіннің жат екендігін айта келіп: «Белгілі бір екпін «тұрандық» сөзге тек синтаксистік тұрғыдан жеке айтылған тұтас бірлік ретінде ғана тән, ал морфологиялық тұрғыдан күрделі бірлік ретінде оған тән емес», [70, 34 б.] – деген тұжырым жасайды. Сингармонизм құбылысын екпінмен теңестіруге байланысты В.Золхоев И.Оглоблиннің пікіріне сілтеме жасайды. Морфемаларды сөзге біріктіру, яғни сөздің мағыналық және фонетикалық бірлігін жасау үшін белгілі бір “цемент” қажет. Егер арио-еуропалық тілдерде бұл қызметті екпін атқарса, орал-алтай тілдерінде бұл рөлді сингармонизм атқарады. Демек, дауыстылар үндестігі заңы морфемаларды бір бүтін сөзге біріктіретін құрал болып табылады, ал тарихи тұрғыдан сингармонизм – сөздің морфемалық жіктелуінің нәтижесі [76, 5 б.]. А.Щербак дауыстылар үндестігінің екпінге ұқсауы жайында В.Радловтың мынандай тұжырымын басшылыққа алады: «Үнді-еуропалық тілдерде айқын байқалатын екпіннің міндеті – буындар мен түбірлерді біртұтас бүтінге біріктіру болса, орал-алтай тілдерінде, әсіресе

түркі тілдерінде, бұл қызметті дауыстылардың үндестігі атқарады» [60, 70 б.]. Бодуэн де Куртенэнің пікірінше, сөздегі морфемалардың жалғанулары мен тіркесулері бұл тілдерде дауыстылардың үндестігіне тәуелді болады және тұран тілдеріндегі сөздің тұтастығы осыған негізделген. Бұл жерде оның тағы да дауыстылардың үндестігін үндіеуропа тілдеріндегі екпінмен теңестіріп отырғанын көреміз. Сөйтіп, Бодуэн де Куртенэ дауыстылардың үндестігін екпін сияқты просодикалық құрал ретінде қарастырады. Ғалымның бұл көзқарасы қазіргі лингвистер тарапынан қолдау тапты.

В.Касевич өзінің морфонологияға арналған монографиялық еңбегінде И.А.Бодуэн де Куртенэнің пікірін негізінен қуаттай отырып, біраз маңызды ескертулер жасайды: «...біріншіден, әңгіме буындар туралы емес, морфемалар туралы болуы тиіс; екіншіден, «жабыстыру» процесі дегеннің өзі жоқ... үшіншіден, бұл фонетикалық емес, таза фонологиялық бірігу (консолидация)» [65, 127 б.]. Профессор Н.Баскаков та түркі тілдерінде сөздік екпін барын қуаттайды. Қарақалпақ тілінде екпін, негізінен (төменде келтірілген аздаған ерекшеліктерден басқа) барлық түбірлер мен негіздерде соңғы буынға түседі. Осылайша, екпін дауыстылар мен дауыссыздардың үндестігімен қатар, сөйлеу ағынындағы сөз шекарасын айқындайтын белгілердің бірі болып қызмет атқарады... Ал түбір сөздерде екпіннің бірінші буынға түспеуі, негізінен, сол сөздің сөйлем ішінде ерекше логикалық екпінмен, яғни мағыналық тұрғыдан айқын бөлініп айтылуымен байланысты [24, 108 б.]. Ал профессор Н.Гаджиева болса, сөздік екпіннің бар екенін оның табиғатын көрсетумен дәлелдейді. Бастау тілде қалай болғанын айта келіп, бүгінгі қалпына тоқтайды; шамасы, түркі тіліндегі екпін күшті болып, сөздің бірінші буынына түскен. Бұл болжамның растығына келесі дәлелдерді келтіруге болады: бірінші буын дауысты дыбыс үндестігін жүзеге асыруда өзінің жетекші рөлін сақтап қалуы үшін ол өзінің сапасын жоғалтпауы керек. Ол үшін екпін бірінші буынға түссе ғана сақталады... Қазіргі түркі тілдерінде екпін экспираторлы-музыкалық... Екпін белгілі бір жағдайда соңғы және соңғы емес (әдетте соңғыдан кейінгі) буынға түседі, қараңыз: түрікше *баба* '«әке» және татарша *а'ла'сың* «сен аласың» және т.б» [77, 73-74 бб.].

Қорыта айтқанда, сингармонизм құбылысы түркі тілдерінде тек фонетикалық заңдылық ретінде ғана емес, сөздің құрылымдық, морфонологиялық және просодикалық тұтастығын қамтамасыз ететін әмбебап механизм ретінде қарастырылады. А.Шлейхерден бастау алған, И.А.Бодуэн де Куртенэ дамытқан көзқарас бойынша, агглютинативті, соның ішінде «тұран» тілдерінде дауыстылардың үндестігі үнді-еуропа тілдеріндегі екпін атқаратын қызметті орындайды, яғни морфемаларды бір бүтін сөзге біріктіретін негізгі құрал болып табылады. Бұл пікірді В.Радлов, В.Золхоев, И.Оглоблин, А.Щербак сынды ғалымдар әр қырынан қолдай отырып, сингармонизмнің сөздің мағыналық және фонетикалық бірлігін қалыптастырудағы жетекші рөлін айқындайды. Сонымен қатар, В.Богородицкий, Н.Баскаков, Н.Гаджиева еңбектерінде түркі тілдерінде сөздік екпіннің бар екені мойындалғанымен, оның қызметі мен орны үнді-

еуропа тілдеріндегі екпінмен толық сәйкес келе бермейтіні көрсетіледі. В.Касевичтің тұжырымдары сингармонизмді фонетикалық емес, морфемалар деңгейінде жүзеге асатын фонологиялық консолидация ретінде түсіндіру арқылы бұл құбылыстың теориялық аясын одан әрі тереңдетеді. Осылайша, ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, түркі тілдерінде сөз тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі жүйе ретінде сингармонизм жетекші орын алады, ал екпін қосымша, шектеулі қызмет атқаратын құрал ретінде сипатталады. Сондықтан сингармонизмді түркі тілдерінің типологиялық табиғатын айқындайтын басты заңдылық ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді деп есептейміз.

2.2 Түркі тілдеріндегі дауыстылардың езу және ерін үндесімі

Жекелеген түркі тілдері өзінің даму процесі барысында, түрлі тайпалар одақтарының тілдік қауымдастықтарында болып, бір жағынан осы тілдік қауымдастықтарға тән ортақ белгілерді бойына сіңірсе, екінші жағынан өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. Әрбір түркі тілінің өзіне тән ежелгі негізі, басқаша айтар болсақ, өзінің лексикалық және грамматикалық құрылымының жалпы белгілері бар. Сондықтан, үндестік заңы барлық түркі тілдеріне ортақ болуына қарамастан, әр тілде әртүрлі көрініс табады. Бұл бөлімде үндестік заңының қазіргі түркі тілдерінде көрініс табуының ерекшеліктерін қарастырамыз. Сингармонизм заңы кез келген фонетикалық немесе тілдік құбылыс сияқты әрбір жеке тілдерде, ол тілдердің тарихи даму ерекшеліктеріне және әрбірінің ішкі даму заңдылығына қарай өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Үндестік заңы түркі тілдерінің өзіндік және маңызды ерекшелігі болып табылады. Дания ғалымы В.Томсен сол кездегі ғылымға белгісіз жазумен жазылған, Орхон өзенінің бойынан табылған Күл-Тегіннің құрметіне қойылған көне жазба ескерткішін осы заңдылықтың негізінде оқығаны белгілі. Сөз құрауда дауыстылардың рөлінің зор екендігі белгілі. Сингармонизмді сөз еткенде, әдетте, дауысты дыбыстар сөз болады. Сондықтан түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың зерттелуі туралы сөз қозғауды жөн көрдік.

Құмық тіл білімінде, жалпы түркологиядағы сияқты, сингармонизм проблемасы, негізінен дауыстылардың үндесуін сипаттаумен шектеліп, сингармонизмнің фонологиялық табиғаты, оның акцентті тілдердегідей екпінмен, буын тілдердегі әуенмен (тон) ұқсастығы ашылмай, үстірт қаралуда. Сингармонизмнің негізгі фонетикалық қызметі сөздің фонетикалық тұрпатының міндетті элементі сөздегі бірыңғай әуезді (тембрді) сақтау болып табылады. Сингармониялық дыбыс кешенінің элементі болып табылатын дауысты дыбыстар да, дауыссыздар да әуездің әсеріне бірдей ұшырайды. В.Богородицкий түрлі түркі тілдеріндегі сөз формаларындағы сингармонизм заңдылықтарын жүйелі түрде тұжырымдады. Ол түркі тілдеріне тән сегіз дауысты дыбысқа (*o – ö, u – ü, a – ä/e, y (ы) – i*) негізделген сегіз торлы кесте құрып, оның көлденең төрт қатарына түбір буынындағы төрт ерін

дауыстыны орналастырды: *o – ö* (жуан) және *u – ü* (жіңішке). Ал кестені тігінен аффикстік вокализмнің екі типіне сәйкес екіге бөліп, еріндік дыбыстарды: *a – ä/e* (ашық) және *y – i* (қысаң) ретінде орналастырды.

Түркі тілдерінің барлығында қосымшалардың еріндік үндесім бірыңғай болмайтынын В.Богородицкий анықтап берді. Түркі тілдерінің қосымшаларындағы еріндік үндесімінің көп және аз қолдануларына қарай шкала жасалды. Осы шкала негізінде түркі тілдері арнайы тәртіппен беріліп отыр:

- 1) алтай және қырғыз тілдері,
- 2) шор және қара диалектілері,
- 3) чулым және қазақ тілі,
- 4) бараба және қызыл диалектілері,
- 5) хакас тілінің диалектілері,
- 6) батыс-сібір татарларының диалектілері,
- 7) башқұрт тілі және татар тілі,
- 8) тува диалектісі және қарағас тілі,
- 9) Синь-Цзян диалектілері, қазіргі ұйғыр, өзбек және оңтүстік тілдері,
- 10) көне жазба ескерткіштер [68, 129 б.].

Ф.Исхаков өзінің зерттеу еңбектерінде қазіргі түркі тілдерінің деректерін қолдана отырып, әтүрлі тілдердегі езу және ерін дауысты дыбыстар үндесімінің ортақ және айырмашылықтарын көрсететін белгілерін салыстырады [78]. Көптеген түркі тілдерінің сөз және сөзформаларын езу және ерін үндесіміне байланысты салыстырулардан төмендегідей қорытындылар жасалды.

1. Тіл арты ашық дауысты дыбысқа байланысты келесі жалғаулар қолданылады: а) тіл арты ашық дауысты **a** дыбысымен көптік жалғаулары; ә) қысаң **y** дыбысымен тәуелдік жалғаулары; б) ашық **a** дыбысымен ілік пен табыс септіктерінің жалғаулары; в) қысаң **y** (ы) дыбысымен локальді септік жалғаулары.

Тіл алды **ä** ашық дауысты дыбысқа бұл қосымшалар жіңішке формамен жалғана алады.

Якут және чуваш тілдерінен өзге барлық түркі тілдерінің бәрінде осы қосымшалар бірегей болады. Бұлардың айырмашылығы белгілі бір тілдегі ассимиляция құбылысы негізінде қолданысқа түсетін дауыссыздарға байланысты. Етістік пен есім формалардың қосымшасындағы дауыссыз дыбыстарда осы негізгі ереже өзгеріссіз сақталады. Мысалы: *mal – mal-da, mal-lar (~ maldar), mal-y*, т.б.

2. Аталған қосымшалар тіл алды қысаң дауысты дыбыстарға жалғанғанда жіңішке болып өзгереді. Мысалы: *quş – quş-y, quş-lar, quş-lar-y, quş-ta, quş-ny* [77; 204 б.].

Үндесімді жоғалтып алуына қатысты өзбек әдеби тілінің де ерекше сипаттары бар: көптік жалғауының *-lär* деген бір ғана формасы кездеседі (ол өзбек тіліндегі *l* дыбысының жіңішкергеніне қатысты), локальді шығыс пен

жатыс септік жалғаулары барлық позицияда ашық тіл арты *a* дауысты дыбысымен, барыс септігі – *gä/-ga* қосымшаларымен, ал табыс септігі – қысаң у (ы) қосымшасымен байланысады [2, 448-449 бб.].

Еріннің үндесім ерекшелігі қазақ тілтанамында жеткілікті деңгейде зерттелген жоқ. Ж.Аралбаев, І.Кеңесбаев секілді зерттеушілер өздерінің зерттеу жұмыстарында еріннің үндесіміне аздап тоқталып: «Ерін үндестігі» (лабиалдық аттракция немесе лабиалды сингармонизм) қазақ тілінде езу үндестігіне қарағанда өте сирек кездеседі. Ауызекі тілде аз да болса ерін үндестігі байқалады [52, 283-284 бб.]. Мысалы, егер сөздің бірінші буынында ерін дауыстысы (о, ө, ұ, ү) кездессе, екінші және кейде үшінші буындағы езу дауыстылары (е, ы, і) сөйлеуде ерін дауыстыларына (ө, ұ, ү) комбинаторлық түрде сәйкес келіп, алмасып айтылады. Ғалым [53, 91 б.] ерін үндестігін екі-үш буынмен шектеп сипаттаған. Бұл пікірдің шығуына ертеректе пайда болған жалпы түркі тіл біліміндегі қазақ тілінде еріннің үндесімі алтай және қырғыз тілдеріндегідей маңызға ие емес деген пікірдің үстем болғандығы себеп болды. Түркі тілдерінің кейбіреуінде аз ғана байқалатын еріннің үндесімін желеулетіп, түркі тілдерінде бұл құбылыс бертін келе қалыптасқан деген пікір пайда болды.

Түркі тілдерінің арасында қырғыз тілінде еріндік үндесімнің жақсы сақталғаны белгілі. И.Батманов ерін үндесімі заңдылығын зерттеп, біршама жүйеге келтірді. Лингвист үндесімнің 4 белгісін бір-бірімен байланыстыра жіктеп, еріндік үндесімнің сингармофонологияда айқын әрі тұрақты орны бар екенін дәлелдеп берді. Солайша ежелгі түркілік кезеңнен келе жатқан еріндік үндесімнің түркі тілдерінің тілдік маңыздылығы анықталды [79, 93 б.]. Қазіргі кезде бұл турасында әрқилы пікірлер кездеседі. Ерін үндестігін біреулер кейінгі құбылыс деп қарастырса, екінші біреулері ертеден бар деп, тіпті Орхон жазбаларындағы ескерткіштердің өзінде кездесетіндігін айтады [80]. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде еріннің үндесімі тіпті кездеспесе, екіншісінде әртүрлі көрініс беріп отырады. Түркі тілдерінің кейбірінде бұл құбылыс түбір сөздер деңгейімен шектелсе, кейбірінде сөздің түбірімен қатар қосымшаларын да толық қамтиды. Басқаларында бір қосымшаның ішінде ғана байқалады да, кейінгілеріне ықпалы болмайды. Тілдің дыбыстық жүйесінде еріннің үндесімі тілдің үндесімімен бірдей маңызға ие тілдер алтай, қырғыз тілдері болып табылады, бұлардан кейін якут, тува, хакас тілдерінде де еріннің үндесімі анық байқалады. Алтай, қырғыз тілдерінде еріннің үндесімі ашық пен қысаң дауысты дыбыстарға тән қасиет болса, якут, тува, хакас, т.б. түркі тілдеріндегі еріннің үндесімі көбінесе кейінгі буындағы қысаң дауысты дыбыстарға тән болып табылады [79, 138-158 бб.]. Түркі тілдеріндегі еріннің үндесімі құбылысын түрколог Ф.Исхаков [78] арнайы кестеге салып, салыстырып, ерекшеліктерін айқындап шықты. Ғалым жасаған қазіргі түркі тілдеріндегі еріннің үндесім көрінісі төменде беріліп отыр (кесте-4):

Кесте 4 – Ф.Исхаков кестесі

Қазақ	<i>бүтін</i>	<i>күміс</i>	<i>көмір</i>	<i>отыз</i>	<i>мұрын</i>
Қырғыз	<i>бүтүн</i>	<i>күмүш</i>	<i>көмүр</i>	<i>отуз</i>	<i>мурун</i>
Алтай	<i>будун</i>	<i>күмүш</i>	<i>көмүр</i>	<i>отус</i>	<i>(тумчук)</i>
Якут	<i>пүдүн</i>	<i>көмүс</i>	<i>көмөр</i>	<i>отут</i>	<i>мурун</i>
Хакас	<i>пүдүн</i>	<i>күмүс</i>	<i>көмер</i>	<i>отыс</i>	<i>пурун</i>
Құмық	<i>бүтүн</i>	<i>з'үмүш</i>	<i>к'өмүр</i>	<i>отуз</i>	<i>бурун</i>
Тува	<i>пүдүн</i>	<i>(мөңгүн)</i>	<i>хөмүр</i>	–	<i>(думчук)</i>
Ұйғыр	<i>пүтүн</i>	<i>күмүш</i>	<i>көмүр</i>	<i>оттуз</i>	<i>бурун</i>
Шор	<i>пүдүн</i>	<i>күмүш</i>	<i>көбүр</i>	<i>одус</i>	<i>пурду</i>
Түрікмен	<i>бүтен</i>	<i>күмүш</i>	<i>көмүр</i>	<i>отуз</i>	<i>бурун</i>
Татар	<i>бөтөн</i>	<i>көмеиш</i>	<i>күмер</i>	<i>отыз</i>	<i>борын</i>
Башқұрт	<i>бөтөн</i>	<i>көмөиш</i>	<i>күмер</i>	<i>отыз</i>	<i>борон</i>

Бұл кестедегі түркі тілдерінің ішіндегі қазақ тілінің дерегінен еріннің үндесімі көрінбейді. Шындығында, ғалым кестедегі тілдердің сөздіктерінде берілген ақпараттарды қолданған. Сөздіктер тілдегі сөздердің айтылымы бойынша емес, орфографиялық жазылым тәртібімен берілетінін білеміз. Кестедегі қазақ тілінің сөздері – осының дәлелі. Егер де қазақ сөздерінің мысалдарын жасалым үлгісімен берсек, онда былай болар еді: *бүтүн*, *күмүс*, *көмүр*, *отұз*, *мұрұн* [77, 205 б.]. Қазақ тілтанымының негізін салушылар А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы зерттеулерінде сингармонизм құбылысына баса мән берілген болса, Ә.Жүнісбек пен М.Жүсіпұлы сингармонияның теориясын қалыптастырды. Ж.Әбуов, С.Мырзабековтің еңбектерінде еріннің үндесімі қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі функциясы, сөз бойындағы таралу аймағы анықталып берілді.

Қазақ тілі фонетикасын эксперимент жолмен зерттеген ғалым Ә.Жүнісбеков өз зерттеуінде ерін дауысты дыбыстарының жасалу жолдарын инструменттер арқылы талдау жасап, ғылыми айқындалған дәлдік пен нақты тұжырымдарды жаңаша қырынан түсіндірді. Дыбыстау мүшелерінің әр дыбысты айтқанда қандай қызмет атқаратынын, оның акустикалық белгілері (форманттарының суреті) шкаланың қай белдеулерінде болатынын, қайсысы қандай жылдамдықпен айтылатынына нақты мағлұмат берді. Мысалы: [o] = F₁ = 300-600 Гц, F₂ = 900-1000 Гц; [o] = F₁ = 200-500 Гц, F₂ = 1500-1700 Гц; [и] = F₁ = 300-500 Гц, F₂ = 1000 Гц; [й] = F₁ = 300-400 Гц, F₂ = 1300-1500 Гц. Бұл дыбыстарды дыбыстау арқылы түсірілген суреттеріндегі айтылу жылдамдықтарының белгілері тұрақты болады [81]. Зерттеушілер Н.Ильминский, М.Терентьев, В.Радлов, П.Мелиоранскийлер өзге дауыстылар секілді ерін дауыстыларын да ашық-қысаң деп бөледі. Осы ретте **о**, **ө** көбінесе ашық, **ұ**, **ү** әрқашан қысаң дауыстылар қатарына жатқызылады. **О** мен **ө** туралы "көбінесе" деп отырғанымыздың себебі бар. Зерттеушілер оларды кейде жартылай ашық немесе жартылай қысаңдардың қатарына жатқызады. Бұл жерде айта кетеріміз мынау: зерттеушілердің осы бір

пікірінде үлкен мән жатыр. Біздің пікірімізше, кейінгі жылдар зерттеулерінің нәтижесіне қарағанда, ерін дауыстыларының ашық-қысаңдығын анықтауда жаңсақтық кетіп жүрген тәрізді. Олардың анық ашыққа да, анық қысаңға да жатқызылмай қалатындығының себебі көп зерттеушілердің назарына ілінбей келеді. Оның басты себебі **о** мен **ө** дауыстыларының дифтонгқа жақын екендігінде болып отыр.

О дыбысы қазақтың бұрыннан келе жатқан төл сөздерінің алғашқы буынында ғана айтылып, жазылады. Тек қана *-қой, -ғой, -қор* қосымша ретінде келсе, екінші, үшінші буындарда айтылып, жазыла береді: *әуесқой, даңғой, өсімқор*.

Ө дыбысы сөздің алғашқы буынында ғана кездеседі. Тек *-көй, -гөй* қосымша ретінде келетін болса, екінші, үшінші буындарда айтылып, жазыла береді: *қаскөй, ақылгөй, жәдігөй*.

Ө дыбысының айтылым сипаты еріндік (**ө, ү**) буындардан кейін дыбысталады. Жазу барысынла ол **е** әрпімен беріледі: *көбелек, өзен, үлкен, үзеңгі, күрес*.

Еріндік **ұ, ү** дыбыстары бірінен-бірі жуан және жіңішкелігімен ерекшеленеді. **Ұ** дыбысы жазылымда **ы** таңбасымен келеді. **Ұ** әрпі *мазмұн, бұлбұл, мақұлық, мақұл, марқұм, мағлұмат* секілді сөздерде екінші буында жазылады. Өзге жағдайдың бәрінде бірінші буындағы **о, ұ** еріндік дауыстыларынан кейін **ү** фонемасының орнына **ы** әрпі жазылып отырады: *оқы орын, оныншы, обыр, бұрым, құрық, ұры, ұсын, жоры*.

Ү дыбысы алғашқы буында **ү** таңбасымен беріледі де, қалған буындарда **і** әрпімен жазылады: *үміт, өнім, күлкі* т.б. Алайда *дүлдүл, дәстүр, мәжбүр, мәшһүр, оңгүдік, сәйгүлік* секілді сөздерде бұл қағиды сақталмайды.

Ұ, Ү де кейбір көп буынды сөздерде көмескілеу айтылады да **ы, і** сияқты орфоэпиялық сөздіктерде түсіріліп (ерекше белгімен) жазылады: *бұр/су жұд/рық, жой/лу, көк/рек*.

Сонымен бірнеше ғылыми еңбектердегі ерін дауысты дыбыстарының жасалу жолдарының негізінде шығатын қорытынды мынадай:

1. **О, Ө, Ұ, Ү** фонемалары – еріндік дауысты дыбыстар.
2. Сөйлеу мүшелерінің көмегі арқылы жасалады.
3. **О, Ұ** – тіл арты, жуан.
4. **Ө, Ү** – жіңішке, тіл алды.
5. **О, Ө** – дифтонг дауыстылар.
6. **О, Ө, Ұ, Ү** – сөздің бірінші буынында ғана кездеседі, ал айтылуда екінші (сирек үшінші) буындарда кездеседі.
7. *-қор, -қой, -ғой, -көй, -гөй* қосымшаларында соңғы буындарда жазылады.
8. Кірме сөздердің барлық буындарында да кездесе береді.
Ал **Ә.Жүнісбековтің** пікірінше:
9. **Ө** дауыстысы тіл ортасына жатады (эксперимент арқылы дәлелдемелерін келтіреді).
10. **Ө, Ұ, Ү** – сөздің барлық позициясында кездеседі.

11. Айтылу жылдамдықтарындағы белгілері тұрақты болады.

Байқап отырғанымыздай, сөздердің ерін дауыстылары арқылы айтылуы туралы бұрыннан қалыптасып қалған көзқарасқа қайта орала береміз. Бұл мәселеге ғылымның бүгінгі күнгі жетістіктері, талабы, дамуы тұрғысынан жаңа көзқараспен қараған жөн сияқты. Ә.Жүнісбектің эксперимент дәлелдемелеріне назар аударған дұрыс болар, себебі сөзімізді шынайылығын сақтау үшін бірыңғай еріндікпен дыбысталуын қадағалау қажет. Ал, қазақ тілінің дыбыс жүйесін қарастырған ғалымдардың еңбектерінің нәтижесіне қарағанда ерін дыбыстарының артикуляция-позициялық сипаттамасының басы ашылған деуге болады.

Жалпы фонологиялық және фонетикалық талдаудың нәтижелерін қорытындылайтын болсақ:

1. Ерін және езу үндестіктерінің тілдегі таралу өрісі бірдей.
2. Екеуінің де сандық мәндерінің мөлшер шамасы тепе-тең:
 - а) созылымдылығының орта шамасы қазақ тіліндегі өзге сегменттердің мөлшер шамасымен тең түсіп жатыр;
 - ә) сөз, буын және оның құрамындағы дыбыстардың айтылу күші жоғары;
 - б) тонның (әуеннің) биіктігі жеткілікті, оның иіні анық көрініп тұр.
3. Ерін үндестігіндегі ассимилятивті құбылыстардың езу үндестігінде кездесетін ассимилятивті құбылыстардан айырмашылығы жоқ:
 - а) дауыстылардың редукциясы (қысқаруы, түсіп қалуы) ортақ;
 - ә) дауыссыздардың ұяндауы, қатаңдауы тәрізді құбылыстар да ортақ боп шықты.
4. Қазақ тіліндегі буын типтері жүйелі түрде ерін үндестігінде де кездесіп отырады.
5. Сөздің морфологиялық құрылысында үндестік варианттарына байланысты өзгерістер байқалмайды.
6. Буынның сөздегі орны оның үндестік сипатына әсер ете алмайды.
7. Сөздің сөйлемдегі орны үндестік сипатына әсер ете алмайды [28, 23].

Қазақ тіліндегі дыбыстардың барлығы өзіне ғана тән екенін, өзге тілдердегі (орыс тіліндегі) дыбыстардың таңбасы мен қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбасы бір-біріне ұқсағаны болмаса, айтылымында ұқсастық жоқ екені әзірге ескерілмей келеді. Оның салдары теориялық фонетикада көзге түсе қоймағанымен, оқу-әдістеме саласында қатты білініп тұр. Кез келген оқулықпен оқу-әдістеме құралдарын алсаңыз, әріпті дыбыс деп, дыбыс еместі дыбыс деп, дауыссызды дауысты деп, дыбыс тіркесін бір дыбыс деп, буын еместі буын деп отырған қисынсыз ойларды кездестіресіз. Дауысты мен дауыссыз дыбыстардың құрамы мен жасалымы (артикуляциясы) жайлы әрқилы пікірлер өз алдына.

Түркі тілдеріндегі дыбыстардың өзара алмасуларынан түзілген варианттарды ол дыбыстардың артикуляциялық жасалу жолдарының

ыңғайластығымен түсіндіруге болады. Осыдан келіп, мысалы, қазақ тілінде жуан дауыстылардың жіңішкелермен алмасуы болған:

А ~ ә алмасуларынан: *асылы ~ әсілі, аппақ ~ әппақ, алдақашан ~ әлдеғашан, ажым ~ әжім, аумиын ~ әумиін, дамыл ~ дәміл, байшешек ~ бәйшешек, жай ~ жәй, дария ~ дәрия, жапыраю ~ жәпірею, қазір ~ кәзір, жаудыра ~ жәудіре, паршала ~ пәршеле, қате ~ кәте, саудагер ~ сәудегер* т.б.

Ы ~ і алмасуларынан: *зыңғыттай ~ зіңгіттей, мауыты ~ мәуіті, қазыр ~ қазір, қария ~ кәрия, көғаршын ~ көгершін, уайым ~ уәйім, мыңғыр ~ міңгір, шыли ~ шіли, шымышым ~ шімішім, шылдахана ~ шілдехана* т.б.

Ұ ~ ү алмасуларынан: *құйтың ~ күйтің, тұшпара ~ түшпәра, тұшала ~ түшәла, бұйымтай ~ бүйімтай*, т.б.

О ~ ө алмасуларынан: *жозы ~ жөзі, доңғалақ ~ дөңгелек, қоңырсу ~ көңірсу, бопа ~ бөпе, қорек ~ көрек, қолбырау ~ көлбіреу* т.б.

Қазақ тіліндегі ашық-қысаң дыбыстардың алмасуларынан жасалатын варианттар әдеби тіл мен жергілікті говорлар, ауызекі сөйлеуде айқынырақ көрінеді.

А ~ ы алмасулары: *шарлау ~ шырлау, тастау ~ тыстау, сырғанау ~ сырғынау, дардай ~ дырдай, айырмасы ~ айырмысы, ықпал ~ ықпыл, шатқал ~ шатқыл, о жар ~ о жар, дабыл ~ дыбыл*, т.б.

Ы ~ а алмасулары: *жөн-жосық ~ жөн жосақ, арқылы ~ арқалы, қисық ~ қисақ, жабағы ~ жабаға, қажырлы ~ қажарлы, құдағи ~ құдағай, омбылау ~ омбылау, қанжыға ~ қанжаға, сағырдаң ~ сығырдаң* т. б.

Жалпы, *а, ы* дыбыстарының бірінің орнына бірінің айтылуы бірқатар түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән құбылыс болып келеді. Мысалы, якут, тува, чуваш тілдерінде ашық *а* дауыстысы айтылатын жерде әрдайым *ы* дауыстысы жұмсалады [77, 66-67 бб.]. Н.Дыренкова шор тіліндегі бірқатар сөздердің құрамында *а, ы* дыбыстары бірде *а*, енді бірде *ы* болып айтылып өзара кезектесе қолданылатынын көрсетеді [82, 8 б.]. Түркі тілдеріндегі *а, ы* дыбыстарының арасындағы осындай алмасуларға байланысты Ф.Исхаков: «түркі тілдеріндегі *ы* дыбысы *а* фонемасынан редукциялану жолымен дамыған дыбыс болуы мүмкін» деген пікір айтады [78, 95 б.].

Е ~ і алмасулары: *кесіртке ~ кесірткі, кереует ~ кіреует, ерегес ~ ерегіс, зембіл~зімбіл, жүлде ~ жүлді, әсіресе ~ әсіресі* т.б.

І ~ е алмасуларына: *ежіктеу ~ ежектеу, бейіл ~ бейел, игі ~ иге, түсінікті ~ түсінекте, тізе ~ теже* т.б.

Езулік *ы, і* дыбыстары мен еріндік *ұ, ү* дауыстыларының өзара алмасуларынан жасалған варианттар: *абиыр ~ абұйыр, былғары ~ бұлғары, тымақ ~ тұмақ, шұбар ~ шыбар, тұнық ~ тынық, былау ~ бұлау*, т. б.

Ұ ~ о алмасулары. Әдеби тілдегі қысаң дауысты *ұ* дыбысы говорларда ашық дауысты *о* дыбысына және керісінше *о ~ ұ* болып алмасады: *ұқсау ~ оқсау, ұрпақ ~ орпақ, ұнжырға ~ онжырға, құнжыңдау ~ қонжыңдау, мұқау ~ моқау, арық-тұрық ~ арық-торақ, қортынды ~ құртынды; қорылдау ~ құрылдау, қолдану ~ құлдану, қорамсақ ~ құрамсақ*.

Түркі тілдерінің жалпы фонетикалық жүйесі тұрғысынан алғанда да ұ, о дыбыстары бір-бірімен сәйкесуші дыбыстар екендігі дәлелденген. Қазақ тіліндегі ұ-ның орнына о-ның айтылуын біз көбіне қырғыз тілінен, ал қазақ тіліндегі о-ның орнына ұ (у) дыбысының айтылуын өзбек тілінен кездестіреміз [77, 86 б.].

Ө ~ү, ү~ө дыбыс алмасулары: *өгей ~ үгей, көмескі ~ күміскі, бөгелек ~ бүгелек, түнеру ~ төнеру.*

Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қырғыз тіліндегі сөз варианттарының басым бөлігі сөздің дыбыстық немесе фонетикалық айырмашылықтарынан келіп шығады. Ал мынандай айырмашылықтар ішкі де (жүйелік және имманенттік), сыртқы да себептерге байланысты болуы мүмкін. Зерттеуші Г.Торсуев тілдің фонетикалық жүйесіндегі вариациаланудың төмендегі төрт негізі бар деп есептейді: 1) дыбыстардың және сөйлеу процесінің пневматика-механикалық негізі болған сөйлеу органдарының түзілуімен негізделген вариациалану; 2) дыбыстық бірліктердің өзара қарым-қатысы, олардың сөздердің құрылымында орын алу позициясымен негізделген вариациалану; 3) тілдің түрлі стильдері мен жанрларын дифференциялау қажеттілігімен негізделген вариациалану; 4) дыбыстық бірліктердің және олардың жәрдемімен жасалған сөздердің фонетикалық структураларының вариациалануы тілдің фонетикалық жүйесінде диалектілік, жергілікті және әлеуметтік айырмашылықтардың болуымен негізделген [84, 3 - 4 бб.].

Біздің ойымызша, көрсетілген аспектілердің әрқайсысына структуралық принцип тізбегі константтылық қарсы қойылуы керек. Константтылық (тұрақтылық) артикуляторлық-фонетикалық вариациаланған бірліктер мен структуралардың функционалдық бірдейлігін, мағына беруші бірліктердің біркелкілігін қамтамасыз етеді және тілдің қызмет қылуы мен дамуындағы үздіксіздікті негіздейді. Жоғарыда көрсетілген аспектілердің біріншісі мен екіншісі ішкі себептерді, ал енді үшіншісі мен төртіншісі сыртқы себептерді негіздейді деуге болады. Олардың нәтижесінде аймақтық диалектілердің әсері, қырғыз тілінің басқа тілдермен қарым-қатысы, аралық тілдің әсері, билингвизм шарттары сияқты сыртқы себептерге қарағанда парадигматикалық және синтагматикалық аядағы аналогия факторы, тілдік жүйенің құрылымдық әлеуетінің көптүрлілігі, үнемдеу тенденциясы, фонемалардың дифференциялық белгілерін реализациялауға ұмтылу және айтуды жеңілдету сияқты ішкі себептер басымырақ рөл ойнайды.

Қырғыз тіліндегі дыбыстары алмасқан сөз варианттары молынан кездеседі. Алмасқан дыбыстардың соңына қарай варианттарды ұсақ топшаларға бөлуге болады. Мұндай варианттардың басым бөлігін бір дыбыстың алмасуымен сипатталатын варианттар түзеді. Екі дыбысы алмасқан варианттар сирегірек, үш-төрт дыбысының алмасуымен жасалғандары санаулы ғана. Ал енді төрт-бес дыбысы алмасқан варианттар жоққа тән екендігін сөздіктерден көреміз. Демек қырғыз тілінде, негізінен, 1-3 дыбыстың шегіндегі алмасулардың негізінде сөздердің фонетикалық

варианттары пайда болган. Бұл жерде ескере кететін бір жағдай бар. Дыбыстардың альтернациясына негізделген варианттарда дыбыстардың алмасуы қалай болса солай бола бермейді. Варианттық формаларының мағынасының бірдейлігі бұзылмас үшін дыбыстардың алмасуларында қандай да бір шек, заңдылық өлшем, жалпылық болуы керек. Мұнда алмасқан дыбыстар белгілі бір жақындыққа және жалпылыққа, нақтылап айтсақ, артикуляциялық-акустикалық сипаттарындағы жалпылыққа ие болуы қажет. Сонда ғана формалық модификацияларға ие болған варианттар туралы айтуға болады. Бірақ бұл шартты абсолютті деп есептеуге болмайды, аз да болса бұл фактормен түсіндіруге мүмкін болмайтын фактілер ұшырасады. Біздің пікірімізше, оларды этимологиялық, диахрондық тұрғыда зерттеу арқылы түсіндіруге болады. Варианттардағы дыбыстық алмасуларды классификациялауда біз варианттардың дыбыстық түзілуінің сандық параметрлерінің, дыбыстардың орналасу ретінің сәйкестігін еске алдық. Сондай-ақ бір сөздің дыбыстық формасында қайталанып қолданылған дауысты да, дауыссыз да дыбыстар бөлек саналды. Мысалы, *быжыгыр-бужугур* варианттарында «Ы» фонемасы өзінше үш дыбыс, «У» фонемасы өзінше үш дыбыс қатарында қаралды. Варианттардың формалық (фонетикалық) айырмашылықтарын анықтап көрсету үшін варианттық сыңарлардың дыбыстық түзілуінің сандық, реттік бірдейлік/айырмашылықтарын есепке алу қажет деп ойлаймыз.

Дауысты дыбысы дауысты дыбысқа алмасқан не шартты түрде **V > V** типіндегі варианттар қырғыз тілінде **С > С** типіндегі варианттарға салыстырмалы түрде қарағанда азырақ. Бірақ олардағы алмасқан дыбыстар әртүрлі және диапазоны кең болып келеді, сөздегі позициясы жағынан да әрқалай позицияда тұрады.

Қырғыз тілінде бірден дауысты дыбысының алмасуыменен ерекшеленген төмендегідей варианттық қатарлар орын алған: **а > аа (аа > а):** ата = атаа (сырд.), ызгар = ызгаар, чабаган = чабагаан, такат = такаат, ура = ураа (сырд.), чычалак = чычалаак (мал жөнүндө), наша = нашаа, жадал = жадаал т.б.; **а > э (э > а):** агат = агет (жөөк), астайдил = астейдил, жадеп = недеп, калам = калем, наама = нааме, иштерман = иштермен, машина = машине, шапка = шапке, найлон = нейлон т.б.; **а > и (и > а):** керза = керзи (өтүк), анжир = инжир т.б.; **а > о (о > а):** айда = ойда (сырд.), алда = олда (сырд.), шоодай = шоодой т.б.; **а > оо (оо > а):** аялуу (айалуу) = аёолуу (айоолуу), ассалам = ассалоом т.б.; **а > у (у > а):** супара = супура, оокам = оокум, кумара = кумура, т.б.; **а > ы (ы > а):** карандыз = карындыз, ыраш = чырыш, чыйрам = чыйрым: жүн ж.б.; **э > и (и > э):** апенде = апенди, апей = апий (сырд.), зекир = зикир: чалуу, чикилдек = чикилдик, чайник = чайнек т.б.; **э > ө (ө > э):** эгөө = өгөө, эгөөлө = өгөөлө-, үмүткер = үмүткөр ж.б.; **э > ие (ие > э):** эрерке = эриерке, чидерүү = чидиерүү, тежик = тиежик, зер = зиер, деңгел = деңгиел ж.б.; **и > ы (ы > и):** ия = ыя (бөл), чийт = чыйт (туур.), ийбаа = ыйбаа, ылаажы = илаажы, аний = 0аный (сырд.), маалим = маалым, асыресе = асиресе т.б.; **о > оо (оо > о):** омийин = оомийин, чоло =

чолоо, чолосуз = чолоосуз, бейопа = бейоопа т.б.; **ө > өө (өө > ө)**: чөгөлө = чөгөөлө, чөгүн = чөөгүн т.б.; **оо > уу (уу > оо)**: кайгоолчу = кайгуулчу, кайгоол = кайгуул; **ө > ү (ү > ө)**: бүлдүргө = бүлдүргү, бөркөнчөк = бүркөнчөк, бүркөнчөк = бүркөнчүк (самоордун), көпкөлөңдүк = көпкүлөңдүк, күңөтай = күңүтай, чөбөрө = чөбүрө, чөмчүлө = чүмчүлө ж.б.; **уу>ы (ы>уу)**: ачууркан = ачыркан, мантуу = манты (тамак), ысуула = ысыла, жашыруун = жышырын [85] т.б.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы сиякты, бұл типтегі варианттарда да алмасқан дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай, тілдің қатысына қарай, жақтың қатысына қарай бөлінулерінің сипаты, қысқа-созылыңқылығы бойынша түрлі дәрежедегі жақындыққа, не жалпылыққа ие болады. Ерін үндестігінің қырымтатар тілінде аса дамымағандығын төмендегі мысалдардан көруге болады: дудакъ «губы», къулакъ «ухо», думан «дым», ювез [йувез] «рябина», боджесек «насекомое». Келтірілген сөздерде алғашқы буынның құрамындағы ерін дауыстыдан кейін езу дауыстылар қолданылған, сөйтіп ерін үндестігі бұзылған. Ерін үндестігі құрамында ерін дауысты бар бір түбірлі негіздерге жалғанатын біршама қосымшаларда сақталады:

Сөз өзгертуші қосымшалар:

- кунъ «день» → кунюм (кун'юм) «мой день»
- кьол «рука» → кьолум «моя рука»

Сөз тудырушы қосымшалар:

- джуёл + джу → йолджу «путник»
- ёл (йол) «дорога»
- туз + лукъ → тузлукъ «солонка»
- сют + лю → с'ютл'ю «молочный»
- козь + люк → коз'л'юк «очки»

Форма тудырушы қосымшалар:

- юв (йув) → ювун (йувун) «искупайся»
- корь → корюн (кор'юн) «покажись»
- он → онунджы «десятый»

Дауысты дыбыстардың езу және ерін үндестігінің әсерінен қырым татарлары тіліндегі қосымшалардың екіден сегізге дейін варианттары бар:

- екі вариантты аффикстер: ілік септігінің -нынъ//-нинъ; жатыс септігінің -да//-де//-та//-те; шығыс септігінің -дан//-ден//-тан//-тен; көптік жалғау -лар/-лер и др.;

- тәуелділікті көрсететін төрт вариантты аффикстер: – (с)ы//-(с)и//-у//ü;

- нақты келер шақты көрсететін бес вариантты аффикстер: -р//-ыр//-ар//-ур//-ир//-ер;

- сөзтудырушы сегіз вариантты аффикстер: -гъы//-къы//-гъу//-къу//-ги//ки//гю//кю.

Сонымен, иран-араб лексикасының қатты әсеріне, орыс және батыс тілдерінен енген сөздердің көптігіне қарамастан қырым татарлары тілі түркі тілдерінің вокалдық құрылымын, соның ішінде, кейбір ауытқулары болғанымен, оларға тән дауыстылардың үндестік заңын сақтап қалғанын

көреміз. Дауыстылардың үндестік заңы чуваш вокализмінің сипатты ерекшелігі болып табылады. Сингармонизм заңы дауыстылардың прогрессивті ассимиляциясын білдіреді, ол дегеніміз алғашқы буындағы дауысты дыбыс сөзде басты артықшылыққа ие болады да, келесі буындардағы дауыстылардың (ішінара дауыссыздардың да) сипаты, жуан-жіңішкелігіне байланысты соған тәуелді болады. Сөздің құрамында, негізінен, дауыстылардың бір ғана категориясы көрініс табады, яғни барлығы тіл алды жіңішке дауыстылармен палатальді дауыссыздар немесе барлығы тіл арты жуан дауыстылармен жуан дауыссыздар болып келеді. Мысалы: *ёмёр «ғасыр», вёсёвсё «ұшқыш», кёмёл «күміс», тинес «теңіз», никес «негіз», пўске «доп, домалақ», пўлём «бөлме», хўре «құйрық», хёрёл «қызыл», вёри «ыстық», сўре «жүру», сивёгlex «шеберлік», кимё «кеме»* т.б. [86, 173 б.].

Бұл қатарда келтірілген мысалдарда тек жіңішке дауыстылар мен олардың ықпалымен палатальданған дауыссыздар кездесетінін көреміз. Ал келесі мысалдарда: *салам «сәлем», мухтав «мақтау, даңқ», хула «қала», хават «қуат, күш», шухайш «ой», халах «халық», паттёр «батыр», хавас «қуану», таван «туған, туыс», хыпар «хабар», сывлайш «ауа», уна «аю», пулащай «жүзгіш»* [86, 173 б.] тек тіл арты жуан дауыстылар, солардың әсерінен жуан дауыссыздар көрініс тапқан.

Чуваш тілінде түбір вокализмі сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың вокализмін толық айқындайды. Егер сөз негізінде жуан дауыстылар болса қосымшаларда да жуан дауыстылар, ал жіңішке дауыстылар болса қосымшаларда да жіңішке дауыстылар болады. Чуваш тіліндегі ерін үндестігіне келер болсақ, ол өте тар аяда көрінеді және чуваш тілінің өн бойында емес, жоғарғы сөйленістер мен ауыспалы диалектілерде бар. Ал төменгі чуваштар мұндай құбылысты тіпті білмейді [86, 177 б.]. Құрамында қысқа «*ә*» және «*ё*» дауыстылары болған жағдайда ерін үндестігі кейде сөзтудырушы және сөзтүрлендіруші қосымшаларға да тарайды. Ерін үндестігіне сөзтудырушы -*лә, -ләх, -кәг, -әк, әс* олардың палатальді -*лё, -лэх, -кёг, -ёк, -ёс* қосымшалары бағынады. Келтірілген деректерге қарағанда, біздің ойымызша, қазіргі чуваш тілінде ерін үндестігі жоқ. Ал бұл құбылыстың кейбір іздері тек чуваш тілінің ауызекі формасында ғана байқалады.

Түркімен тілінде де сингармонизмнің табиғаты алғашқы буында тіл алды жіңішке дауыстылар болса, онда келесі буындарда да тіл алды жіңішке дауыстылар келеді. Мысалы: *jigitler, şehirimiz, änevli* т.с.с. Ал егер алғашқы буында тіл арты немесе тіл ортасы дауыстылары – *а, ь /i/, и, о* – келетін болса, онда ол сөздегі келесі дауыстылар, сәйкесінше, тіл арты немесе тіл ортасы дауыстылары болады: *alma, bugdaj, orъn, gala, galam* т.б. [86, 55 б.]. Түркімен тілінде өзге тілдерден енген кірме сөздер сингармонизм ережесіне бағынбайды, тек осы сөзге жалғанған қосымшалар ғана үндесіп жалғанады. Жуан және жіңішке негізді сөздерге жалғанған қосымшалардың жуан және жіңішке қосарлары (*а-е, ы-і*) болады және созылыңқы «*а*» дыбысына

созылыңқы «э» дауыстысы сәйкеседі [86, 38 б.]. Түркімен тіліндегі ерін үндестігінің таралу аумағы да шектеулі және ол барлық сөздерде байқала бермейді. Ерін үндестігінің көрінісі: егер алғашқы буында у, ө, ү, о дауыстылары келсе, онда сөздің келесі буындарында еріндік дыбыстар қолданылады. Зерттеушілердің пікірінше, түркімен тілінде еріндік қысқа дауыстылар жылдам сөйлеген кезде анық естіледі де, баяу сөйлеген кезде жоғалып кетеді, мысалы, көп түркімендердің жылдам сөйлеген кездерінде *gördüm, bulut, ojun* сөздерінде анық естілетін қысқа дауыстылар баяу айтқанда *gördim, bulut, ojyn* түрінде естіледі [86, 39 б.]. Түркімен тілінің диалектілерінде қысаң және ашық дауыстылар еріндікке айнала алады, мысалы, эрсары диалектісінде: шолор «осылар», болмосун «болмасын», *görörtük* «көрсеттік»; ставропольдік түркімендердің сөйленісінде *köföläk* «көбелек», *böjlö* «солай», *şöjlö* «солай», *düjölörö* «түйелерге», *ördöklörö* «үйректерге», *kürök* «күрек, ескек», *tütün* «түтін» т.с.с. [86, 74 б.].

Ф.Исхаковтың атап көрсеткеніндей: Түрікмен тілінде алғашқы буындағы ерін дауысты дыбыстары кейінгі буындарда келетін езу дауыстыларға тек екінші буынға дейін ғана еріндік әсерін тигізеді. Сонымен бірге екінші буындағы ашық дауысты дыбыстарға алғашқы буындағы еріндік дауысты дыбыстардың ықпалы қысаң дауыстыларға қарағанда әлсіз, әрі бұл құбылыс барлық диалектілерде бірдей болмайды. Сондықтан екінші буындағы ашық дауыстылардың еріндікке айналуы жазуда берілмейді. Түрікмен тілінде «о» және «ө» әріптері түбір сөздерде тек бірінші буында ғана жазылады. Мысалы: *чөрек* – нан (жиі *чөрөк* түрінде айтылады), *күрек* – күрек, *гурак* – құрғақ, *орак* – орақ, *оглан* – бала, *өрдек* – үйрек және т.б. [78].

Гагауз тіліндегі дауыстылардың тіл (таңдай) үндестігі алғашқы буындағы дауыстыға кейінгі буындардың дауыстыларының бейімделуінен тұрады. Сәйкесінше, егер сөздің бірінші буынында тіл арты жуан «а», «ы», «о», «у» және осылардың созылыңқылары болса, онда келесі буындарда тіл арты дауыстылары келеді. Мысалы: *алтын* «алтын», *қырмызы* «қырмызы, қызыл», *қызлардакы* «қыздардағы», *тарамаа* «тарау», *доорулук* «туралық, шындық» [87, 74 б.]. Егер сөздің алғашқы буынында тіл алды жіңішке «ä», «и», «ö», «ü» және сәйкес созылыңқылар келетін болса, онда келесі буындарда тіл алды дауыстылары келеді: *текерлемää* «дөңгелеу», *беенmää* «ұнату», *биринжи* «бірінші», *сүнүргä* «сыпырғы», *гөзләриндä* «көздерінде», *екмекчи* «нан пісіруші, наубайшы», *елкен* «желкен» [87, 74-75 бб.]; Гагауз тіліндегі дауыстылардың ерін үндестігінің таралымы аса көп емес. Л.Покровская мұны былайша түсіндіреді: оңтүстік түркі тілдерінде, соның ішінде гагауз тілінде де, *о, ө* дауыстылары тек сөздің бірінші буынында ғана кездеседі, ал кейінгі буындарда еріндік дауыстылардан тек *у, ү* ғана ұшырасады. Сөз түбірлерінде ерін үндестігі сақталмайды, яғни еріндік дауыстылардан кейін езу, ал езуден кейін еріндік дауыстылар араласып келе береді. Мысалы: *кану* – есік (салыстыр: түр. *kapı*), *армут* – алмұрт, *даул* – дауыл (барабан), *чамур* – балшық, *саурмаа* – желпіп тазалау (астықты), *кула* – сары, ашық түсті (жылқының түсі туралы), *буба // боба* – әке (салыстыр: түр.

baba), *бойа* – бояу, боя!, *кожа* – ер адам, ересек, *гува* – күйеу бала, *коса* – сақалсыз» [87, 75 б.]. Гагауз тіліндегі дауыстылардың ерін үндестігінің сипаты – егер сөздің алғашқы буынында еріндік о, у, ө, ү және сәйкес созылыңқылар келетін болса, онда келесі буындардағы дауыстылар тек еріндік қысаң у, ү болуы керек. Мысалы: *коркулу* «қорқынышты, көпрүнүн» «көпірдің», *дурдук* «тұрдық», *докузунжу* «тоғызыншы», *күчүжүк* «кішене», *күйлү* «ауыл тұрғыны», *коллу* «қолды, қолы бар», *сују* «суды», *гөзлүк* «көзілдірік», *өкүзчүк* «өгізше», *сүдү* «сүтті» және т.б. [87, 73 б.].

Әзербайжан тілінде үндестік заңы жүйелі, бірізді болып көрінеді. Бұл, әсіресе, әзербайжан тілінің сөздік қорының басым бөлігін құрайтын сөздер тәуелді дауыстылардың таңдай үндестігіне қатысты болып келеді. Егер сөздің бірінші буынында тіл алды немесе тіл ортасы ә, е, ө, і, ү дауыстыларының бірі келсе, онда келесі буындар да сондай ә, [е],) [ө], і, ү болып келеді. Мысалы: *әләк* «елек», *ешік* «есік» [88, 108 б.], *dəvə* «түйе», *dələ* «тиін» [89, 124-125 б.], *inci* «інжу», *üzüm* «жүзім», *özül* «негіз, іргемас», *köndələp* «көлденең», *çörək* «шөрек, нан», *özək* «ұяшық», *ürək* «жүрек», *bütöv* «бітеу, бүтін», *ertə* «ерте», *külüng* «қайла» және т.б. [89, 108 б.]; *nənələrimizin*; *sürülərimizdə*, *ömürümüzün*, *iyirmincilərdən* и т.д. А.Ахундов «е», «а», «і» дауыстыларының сөздің құрамында әртүрлі орналастынын және сандары да әртүрлі болып келетінін айта отырып, төмендегі бес түрлі үндестікті көрсетіп берді:

1) үндесім ә+ә: *dələ* – белка, *dəvə* – верблюд, *nənə* – бабушка, *dəstə* – бут, *группа*, *nəgtə* – песня, *уəhər* – седло, *məsəl* – пример, поговорка, *kələt* – капуста т.б.

2) үндесім е+ә: *demək* – говорить, *bela* – так, *nəhrə* – маслобойка, *seyrək* – редкий, *heybə* – переметная сумка, *теувə* – плод, фрукты т.б.

Сөздің соңғы буынындағы «е» дауысты дыбысы екі буынды және көп буынды сөздерде, сондай-ақ қосымшалар құрамында үндестік заңына бағынбайтындықтан, тілде е+ә үндестігі шектеулі түрде ғана қолданылады.

3) үндесім ә+і: *dəmir* – железо, *dərin* – глубокий, *zənbil* – корзина, *səpin* – посев, *xəmir* – тесто, *çətin* – трудный, т.б.

4) үндесім і+і: *indi* – сейчас, *biçin* – жатва, *kirpi* – еж, *birinci* – первый, *şirin* – сладкий, т.б.

5) үндесім і+ә: *bilək* – запястье, *dirək* – столб, бревно, *tike* – кусок, *civə* – ртуть, *cirə* – тмин, *işləmək* – работать, *kisə* – мешок, т.б. [90, 211 б.].

Жуан дауыстылардың үндестік заңына сәйкес тіл арты дауыстыларынан басталатын буындардан кейінгі буындар да сондай болып келеді [90, 212 с.].

Егер сөздің алғашқы буынында тіл арты а, ı, о, у дауыстыларының бірі болса, онда келесі буындарда сол дыбыстар болуы керек: *qarğa* – қарға, *qalın* – қалың, *qıraq* – қыр (үстелдің, тақтаның т.б. қыры), *qırğı* – қырғи, *qonaq* – қонақ, *odun* – отын, *uşaq* – бала, *quru* – құрғақ, *babalarımızın* – бабаларымыздың, *yurdumuzın* – жұртымыздың, *отанымыздың*, *altmışıncı* –

алпысыншы және т.б. А.Ахундовтың көрсетуі бойынша әзербайжан тілінде жуан дауыстылар төмендегідей сипаттарда үндеседі:

1) а+1 үндесімі: *ağız – ауыз, balıq – балық, qarı – кемпір, darı – тары, yarış – жарыс, tahnı – ән, naхіş – нақыш, ою, өрнек, sarı – сары, narın – ұсақ, майда, нарын.*

2) а+а үндесімі: *alma – алма, badam – бадам, qanad – қанат, daxta – лашық, uapaq – жақ (анатом.), taпqal – мангал, tabaq – табақ, таша – қысқыш.*

3) 1+а үндесімі: *qısa – қысқа, tıxas – тығын, ҫıxar – шығын, fırlamaq – айналдыру және т.б.*

4) 1+1 үндесімі: *qırış – әжім, қыртыс, qırıq – сынық, yırtıq – жыртық, rıçılı – сыбырлау, sıyıq – сұйық, xışıltı – сыбдыр және т.б.*

Әзербайжан тіліндегі ерін үндестігі жайында зерттеушілердің негізгі пікірлері мынаған саяды: тілдегі еріннің үндесімі шектеулі сипатта, әрі оны дауысты дыбыстардың жасалу орнына қарай болатын үндестіктің бір нұсқасы ретінде қарастыруға болады [90, 210 б.]. Әзербайжан тілінде дауыстылардың ерін үндестігі таңдай үндестігі аясында әрекет етеді және негіздің соңғы буынында еріндік болса, онда қосымшаларда да еріндік дауысты болады, бірақ ол қысаң дауыстылардың біреуі, яғни таңдай немесе таңдай емес (u, ü) еріндік дауысты болады.

Әзербайжан тіліндегі жіңішке дауыстылардың ерін үндестігі бірнеше формада көрінеді:

1) ö+ö үндестігі: *kösöv – көсеу, köntöy – грубый, неуклюжий, неловкий* и т.д.

2) ö+ü үндестігі: *böyük – үлкен, dönüş – оралу, görüş – көрісу, кездесу, ölüm – өлім, öküz – өгіз, möhür – мөр, sönük – сөнген, ömür – өмір* және т.б.

Мұндай үндесуде «ö» дауыстысынан кейінгі қосымшалардың құрамында «ü» дауыстысы бірнеше рет қолданылуы мүмкін: *göründüyü – көрінгені, töküntüsünün – қалғанының, görünüşümüzün – көрінісіміздің* т.б.

3) ü+ö үндестігі: *bütöv – бүтін, тұмас, bülöv – білеу, қайрақ* т.б.

Әзербайжан тіліндегі ü+ö үндестігі де ö+ö үндестігі сияқты шектеледі.

4) ü+ü үндестігі: *yürüş – жүріс, gümüş – күміс, sumuk – сүйек, şütül – шики, süzgün – жай, yüngül – жеңіл, sünbül – масақ, düzgün – түзу, üzüm – жүзім* және т.б. [90, 211-212 бб.].

Еріндік жуан дауыстылардың үндестігі төмендегідей болып келеді:

1) о+о үндестігі: *oxlov – оқтау, kolhoz – колхоз* т.б.

2) о+u үндестігі: *boyun – мойын, qouyn – қой, kobud – дөрекі, donuz – доңыз, poxid – бұршақ, ordu – әскер, toruq – таңқурай, тоуиқ – тауық, соуиқ – суық*, т.б.

3) u+o үндестігі: *dublyor – дублер, buzov – бұзау, furqon – фургон, futbol – футбол*, т.б.

4) u+u үндестігі: *bulud – бұлт, quzu – қозы, duru – сұйық, таза, уихи – ұйқы, хигиш – палауға қосатын дәмдеуіш* т.б. [90, 212 б.]. А.Ахундов бұл мәселені былайша тұжырымдайды: Мысалдардан көрініп тұрғандай, еріндік

жуан дауысты дыбыстардың үндесімі шектеулі түрде қолданылады. Мұның себебі – «о» дауыстысы, сондай-ақ еріндік жіңішке дауысты «ө» тек сөздің бірінші буынында ғана кездеседі [90, 212 б.].

Қазіргі түрік тілінде дауыстылар үндестігінің екі түрі бар, оның біріншісі езулік үндестік те, екіншісі еріндік дыбыстардың үндестігі. Түрік тіліндегі дауыстылар үндестігі сөздің құрамындағы дауыстылар да, түбірге жалғанатын қосымшалар да алғашқы буынның сипатымен анықталады. Кірме сөздердегі үндестік заңы ол сөздерге түрік тілінің қосымшалары жалғанғанда көрінеді. Кейбір түрік ғалымдарының пікірінше, түрік тіліндегі езу үндестігі тектүрік тілінен қалған да, ал ерін үндестігі кейін пайда болған. Әрине, мұндай пікірмен келісуге болмайды, өйткені көне түркі жазба ескерткіштері тілінде *özüm*, *budun*, *körür* сияқты көптеген сөздердің болуы бұл болжамды теріске шығарады. Тахсин Бангуоғлуның пікірінше, егер қосымшалы немесе қосымшасыз сөздердің бірінші буынында жуан не жіңішке дауыстылар тұрса, онда ол сөздегі келесі дауыстылар да не жуан, не жіңішке болады [78, 205 б.]. Бұл құбылыс турасында Н.Дмитриев былай дейді: сөздің морфологиялық тұрғыдан қалыптасу процесі түбірдің дыбыстарының ықпалымен қосымша дыбыстарының үндесуімен (сингармонизм деп аталатын) қатар жүреді [91, 16 б.]. Э.Севортян болса оны әрі қарай дамытады: кейінгі дауыстының алдыңғы дауыстыға ұқсап, сонымен үйлесуі фонетикалық құбылыс болып табылады; ол жуан-жіңішке белгілері бойынша үндесуді білдіреді және прогрессивті ассимиляция немесе жуан-жіңішкеге қарай үндесу деп аталады. Кейде бұл фонетикалық құбылыс таңдайлық тартылыс деп те аталады [92, 35 б.].

Түрік тіліндегі екі және үш буынды негіздер таңдай үндестігіне бағынатынын көреміз. Мысалы: *alın* – маңдай, *ağaç* - ағаш, *boğaz* – тамақ, *yaprak* – жапырақ, *odcak* – ошақ, *yalnız* – жалғыз, *eski* – ескі, *yeni* – жаңа, *çelik* – болат, *құрыш*, *çayır* - шалғын, жайылым, *deniz* – теңіз [91, 174-212 бб.]. Түрік әдеби тілінде өздерінің бастапқы қалпын, негізінен, сақтап қолданылатын кірме сөздер халықтың ауызекі сөйлеу тілінде фонетикалық өзгерістерге көбірек ұшырайтынын келесі мысалдардан көруге болады: *kestane* (әд.) – *kestene* (с.м.) «каштан», *entari* (әд.) – *enteri* (с.м.) «ұзын жейденің бір түрі», *yelpaze* (әд.) – *yelpaze* (с.м.) «желпүйш» т.б. [91, 37 б.]. Тағы бір айта кететін нәрсе, ол түрік әдеби тілінде дауыстылардың үндесімі бұзылып қолданылатын сөздердің халықтың ауызекі сөйлеу тілінде өзінің ежелгі формаларын сақтап қолданылатындығы. Мысалы: *elma* (әд. м.) – *alma* (с.м.) «алма», *kardeş* (әд.) – *kardaş* (с.м.) «туған, туысқан» [91, 37 б.]. Езулік дауыстылардың үндесуі түрік тіліндегі сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың фонетикалық тұлғалануынан көрінеді. Қосымшалардың құрамындағы дауыстылардың сапасы сөздің соңғы буынындағы дауыстының сапасына қатысты анықталады, яғни ол тіл алды болса, қосымшалардағы дауыстылар да тіл алды болады немесе тіл алды дауыстысы болмаса, онда қосымшалардағы дауыстылар да тіл алды дауыстысы болмайды.

Таңдайға қатысты дауыстылардың прогрессивті ассимиляциясымен қатар ерін дауыстыларды қамтитын және осымен байланысты дауыстылардың прогрессивті ерін ассимиляциясы немесе еріндік-қысқа үндестік деп аталатын түрі де бар [92, 37 б.].

Бұл құбылыстың мәні егер сөздің бастапқы буынында еріндік дауысты болса, онда негіз бен қосымшалардағы келесі дауыстылардың барлығы еріндік болады. Мысалы: *odunluk* – *отын қора*, *kömlük* – *көмір қора* немесе көмір сақтайтын ұра [92, 38 б.]. Бұл мысалдардан көрінетіні ерін үндестігінің аясында таңдай үндестігінің қатар жүретіндігі, яғни «*odunluk*» сөзінде ерін дауыстылардың барлығы жуан тіл арты болса, «*kömlük*» сөзіндегі ерін дауыстылары тіл алды жіңішке дауыстыларға жатады. Осы мәселеге байланысты Э.Севортян мынандай ой түйеді: прогрессивті еріндік ассимиляция, бұл – еріндік дауыстылар саласында байқалатын жуан-жіңішкеге қарай ассимиляцияның ерекше түрі. Оны таңдай-еріндік ассимиляция немесе таңдай-еріндік үндестік деп атауға болады» [92, 38 б.]. Түрік сөзінің бірінші буынында ашық еріндік о мен ө дыбыстары болуы мүмкін, келесі буындарда тек қысаң еріндік дауыстылар ғана болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, алдыңғы буындағы еріндік дауысты келесі буындардағы қысаң дауыстыларға ғана әсер ете алады. Мысалы: *otuz* – *отыз*, *öküz* – *өгіз*, *utruk* – *жұдырық*, *gümüş* – *күміс* т. б. Бұл ережеден ауытқулар да кездеседі, оны ол сөздердің өзге тілдерден енгендігімен түсіндіруге болады: *xoroz* – *қораз*, *kokoz* – *кедей*, *kodoman* – *ашулы*, *kokoroz* – *жүгері*, *çiroz* – *күнге* кептірілген ұсақ скумбрия балығы [92, 38 б.]. Дегенмен осындай сөздермен қатар кеңінен тараған сөздердің түрлерін де атауға болады, олар: *oda* – *бөлме*, *kulak* – *құлақ*, *böcek* – *жәндік*, *üye* – *биік*, *utan* – *ұят*, *duman* – *түтін*, *çoktar* – *шоқпар*, *ülke* – *өлке*, *düve* – *тайыныша* [93, 17 б.].

Түркі тілдерінің оғыз тобындағы тілдеріндегі үндестік заңын зерттеп қарастырғанда, қосымшалардағы ерін үндестігі кезінде тек қысаң еріндік дауыстылар ғана қолданылатынын көреміз. Бұл, біздің ойымызша, оғыз тобындағы тілдерде дауыстылардың ерін үндестігінің толық көрінбейтіндігінің тағы бір дәлелі болса керек.

Қарайым тіліндегі таңдай үндестігінің мәні сөздегі дауыстылардың барлығы артикуляциясы бойынша бір-біріне жақын болулары керек. Бір негіздің құрамында тек не тіл алды дауыстылар, не тіл арты дауыстылар ғана тұра алады. Мысалы: *аталарымыз*, *битикляримиз* «*жазуларымыз*» [94, 10 б.]. Қарайым тіліндегі дауыстылардың таңдай үндестігі заңының мәні мынаған саяды:

1) Бір сөздің құрамында тіл арты жуан а, о, ы, у дауыстылары түрлі комбинацияларға түседі: *кол-ум-да*, *колум-да-ғы* «*қолымда*, *қолымдағы*», *намлы* «*атақты*», *нарлық* – «*анар ағашы*»; *ана*, *ана-лар*, *ана-лар-ым*, *ана-лар-ым-ыз*, *ана-лар-ым-ыз-дан* «*әке*, *ата*, *ата-баба*» [94, 418 б.].

2) Тіл алды жіңішке е, и, ө (ё), у (ю) дауысты дыбыстары бір сөздің ішінде әртүрлі комбинациялардан көрініс табады: *битиклер* «*жазулар*, *хаттар*», *битик* «*жазу*, *хат*», *битикляр* – *битикляр-им-из-дян/битик-лер-*

им-из-ден «жазуларымыздан, хаттарымыздан», кез-ляр-и-чя «көздерінше», негер «нөкер», нерсе «нәрсе» [94, 418-419 бб.].

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, бір сөздің құрамында тіл алды жіңішке дауыстылар мен тіл арты жуан дауыстылар қатар қолданыла алмайды, осының әсерінен қарайым тіліндегі сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың көпшілігі ең азы екі вариантта – жіңішке және жуан дауыстылармен келеді.

Қарайым тіліндегі ерін үндестігі заңының мәнісі мынада: бір сөздің құрамында тек бірыңғай езулік дауыстылар (баба-лар-ы-ны «бабаларын», те-ве-лер-и-ни «түйелерін») ғана немесе тек, жасалу жолдарына сәйкес, еріндік дауыстылар ғана келеді. Бұл жерде екі жағдайды көрсете кеткеніміз жөн: а) негіздің алғашқы дауыстысы ашық та, кейінгілері қысаң: *кол-ум* «қолым», *кёр-сюн* «көрсін»; б) *барлық дауыстылар қысаң*: *увл-ум* «ұлым», *йүрю-дюм* «жүрдім» [94, 53 б.]. Жоғарыда көрсеткеніміздей, ашық еріндік «о», «ө» дауыстылары тек бірінші буында ғана қолданылады. Осыдан келіп, құрамында тек қысаң дауыстылар келетін көптеген сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалардың аз дегенде төрт варианты болады [94, 54 б.]. Сонымен, қарайым тіліндегі дауыстылардың ерін үндестігі заңы езу (таңдай) үндестігіне қарағанда әлсіздеу көрінеді.

Құмық тілінде құрамында таңдай дауысты бар түбірге тек сондай қосымшалар ғана жалғана алады. Мысалы, эр «ер» сөзіне құрамында е, и, оь, уь дауыстылары бар қосымшалар ғана жалғанады: *эр-лер* «ерлер», *эр-ни* «ерді», *мужчину*, *эр-де* «ерде», *эр-им* «ерім» [94, 19 б.]. Құмық тілінде әрбір категорияның қосымшалары (көптік, септік, тәуелдік т.б.) бірыңғай тұрақты болмайды, тек бірнеше варианттың теориялық бірлігі болып табылады (мыс., көптік жалғауы -лар/-лер), оның үстіне әрбір нақты жағдайда түбірдегі дауыстымен сәйкес келетін варианты қолданылады. Түбірге қатысты айтар болсақ, онда дауыстылардың бірыңғай үндестігі сақталады. Мәселен: *терек* «ағаш, терек», *гиши* «кісі», *коьпуьр* «көпір», *ортакь* «ортақ», *савусгьан* «сауысқан», *яман* «жаман», *кьоян* «қоян», *енгиль* «жеңіл», *инчге* «жіңішке», *хомурсгьа* «құмырсқа», *гуьлентги* «көлеңке», *денгиз* «теңіз», *тыгьыс* «тығыз», *тырнавуч* «тырнауыш», [94, 20 б.]

Құмық тіліндегі ерін үндестігіне қатысты мынаны айтуға болады: егер түбірдегі дауысты еріндік болып келсе, онда оған тек ерін дауыстылы қосымшалар ғана жалғана алады. Мысалы: *йол* «жол», *йол-у* «жолы», *гоьз* «көз», *гоьз-уь* «көзі», *кино-буз* «киномыз». Құмық тіліндегі ерін үндестігі өзінің жалпы сипатынан ажырап барады және қолданылуында біршама шектелген. Біріншіден, қазіргі құмық әдеби тілінде ерін дауысты «о», «оь» дыбыстары сөздің (кино, вагон, сектор, барокко т.б. сияқты кірме сөздерден басқа) бірінші буынында ғана қолданылады, сөйтіп, қосымшалардың құрамында тұра алмайды, қысаң дауыстылар болса сөздің түбірінде де, қосымшаларында да қолданыла береді. Мысалы: *оймакь* «оймақ», *оймакь-лар* «оймақтар», *отлав* «жайылым», *отлав-убуз* «жайылымымыз», *оьгуьз* «өгіз», *оьгуьз-лер* «өгіздер», *оьгуьз-уьбуьз* «өгізіміз», *тутумлу* «үнемшіл»,

тутдуруксуз «тұрақсыз; ысырапшыл» [95, 324 б.]. Мұнан басқа, құмық әдеби тілінің (диалектілерінің де) барлық қосымшалары еріндік дауысты варианттар жасай алмайды. Мысалы, 1 жақ жекеше –ым/-им тәуелдік жалғауының еріндік варианты -ум/-уым болса, -лар/лер көптік жалғауында ондай вариант болмайды. Бір қосымшаларда қысаң дауыстылардың, ал енді бірінде ашық дауыстылардың алмасып келулерінің себебін зерттеушілер аффикстердің, (негізінде не жуан, не жіңішке дауысты болған) жеке сөздерден келіп пайда болғандығынан көреді [95, 21 б.].

Қарашай-балқар тілінде де, кейбірі болмаса, барлық сөздерде дауыстылардың тіл үндестігі барлық сөздерде кездеседі: *бар-а-ма «барам», бар-а-ды-ла «олар барады», тур-а-быз «тұрамыз», иш-чи-ле-биз «жұмысшылармыз», ағач «ағаш», айақ «аяқ», кеме «кеме», темир «темір», тешик «ін», игилик «игілік»* [88, 43 б., 338 б.]. Қарашай-балқар тіліндегі дауыстылардың ерін үндестігіне қатысты айтарымыз, егер түбірде еріндік дауысты болса, онда қосымшаларда да ерін дауыстылары келеді. Түбірдегі ерін дауысты өзінен кейінгі дауыстылардың барлығына ықпал етеді, егер түбірге жалғанатын қосымшаларда қысаң дауыстылар болса, онда қосымшалар төрт вариантты болып келеді. Мысалы: *от «от», от-убуз «отымыз», ун «ұн», ун-угьуз «ұныңыз», кёк «көк, аспан», кёгю-бюз «көгіміз», тюш «түс», тюш-югюз «түсіңіз», бу от-ду «бұл от», бу кёк-дю «бұл көк, аспан»*. Ал ашық дауыстыларға келер болсақ, олар қарашай-балқар тілінде еріндіктің ықпалына ұшырамайды. Мысалы, екі вариантты көптік жалғауы: *кёош «көш», кёош-ла «көштер», сюрюу «табын», сюрюу-ле «табындар»* [88, 216 б.].

Қырым татарлары тілінде түркілік, көп жағдайда өзге тілден енген сөздердің барлық негіздері мен формалары сөздегі барлық дауыстылар бірінші буындағы дауыстыға бейімделетін таңдай үндестігі заңының әсеріне ұшырайды: *чегертке «шегіртке», oda «бөлме»* және т.б. Тек зат есімнің кейбір сөз тудырушы қосымшалары (даш, -мач), сын есімнің (-дай), араб және парсы тілдерінен бұрыннан енген, орыс тілінен кейіннен енген кірме сөздер, сондай-ақ бастапқы буындағы депалатизацияланған ө - ү дыбыстарымен келетін түбір-негіздер, сонымен қатар түркі негіздерінің жекеленген түрі: *курек (күрек сөзінен), боджек (бөджек сөзінен) «жәндік», чав-ке «қиыршық тас», чабик «шапшаң»* [96, 236-237 бб.]. Қырым татарлары тіліндегі еріндік дауыстылардың үндестігі екінші буыннан әрі бармайды. Бірінші буында жуан дауыстылар келеді: *койлю «шаруа», бурун «мұрын», кокюс «көкірек», туз-лукъ «тұзсалғыш», одун-джы «отынышы», tolqunla «толқу», боупуз «мүйіз»* [96, 134 б.].

Кейбір қосымшалардың құрамында тек еріндік дауыстылар болуы себебінен сөзде үш еріндік дауыстының да болуы ықтимал: *бойсун-ув «бойсұну, мойынсұну»*.

Татар тілінде тіл үндестігі дауыстылардың жасалу белгілеріне қарай анықталады, басқаша айтқанда сөздің құрамындағы дауыстылар не бірыңғай тіл алды немесе бірыңғай тіл арты болып келеді. Мысалы: мәсләк «көзқарас,

принцип», лыгыр «сөзшең», тимер «темір». Егер сөздің түбірінде тіл алды дауысты болса, онда келесі қосымшалардағы дауыстылар да тіл алды болады. Ал сөз түбірінде тіл арты дауысты болса, қосымшаларда да сондай болады. Мысалы: *атлылыарга «аттыларга», кешеларенә «кісілеріне»* [97, 76 б.]. Татар тіліндегі дауыстылардың ерін үндестігі мынандай болып келеді: егер сөздің бірінші буынында еріндік «о», «ө», ал кейінгі буындарда «ы» немесе «е» дауыстысы келсе, онда соңғылары «о», «ө» болып айтылады: кол-ы (коло) «кұлы». Еріндік «у», «ү» дыбыстары мұндай ықпалға ие емес [97, 76 б.]. Осыған қарамастан, татар тіліндегі ерін үндестігі біршама бұзылған:

1) Егер сөздің бірінші буынында ерін дауысты о, ө дыбыстары келер болса, әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы бойынша келесі буындарда да о, ө болып дыбысталады, бірақ еріннің жиырылуы аз болады және жазуда көрсетілмейді. Ф.Исхаковтың атап көрсеткеніндей: «...согласно действующей татарской орфографии, о-ө пишутся только в первом слоге...» [78].

2) Сөздің алғашқы буынында ерін дауысты у, ү дыбыстары келер болса, келесі буындарда езулік а, ы, ә, е дауыстылары қолданылады. Мысалы: *урам «көше», кубыз «қобыз», туры «тура», күлмәк «көйлек», – платъе, бүрек «бөрік», күрше «көріші»* [97, 97 б.].

Қосымшалардың жалғануында негізінен тіл үндестігі сақталады, ол татар тіліндегі аффикстердің көпшілігі екі вариантты болуынан. Мысалы: септік және көптік жалғаулары -лар/-ләр, сондай-ақ -лык/-лек, -сыз/-сез, -чы/-че, -лы/-ле, т.б. еріндік ассимиляция мен аффикстер проблемасына қатысты Г.Мельникова мынандай ой айтады: татар тіліндегі дауыстылардың еріндік ассимиляциясы орфографиялық тұрғыдан қосымшаларға қолданылмайды. Бірақ орфоэпия нормасына сәйкес о, ө еріндік дыбыстары бірінші буыннан кейін де, кейбір қосымшаларда да айтылуы мүмкін. Мысалы: *бөлгөнлек (бөлгенлек) «банкрот болу, шабылу», тоссоз (жазуда тозсыз) «тұзсыз», боролош (борылыш) «бұрылыс», болотно (болытны) «бұлтты», және т.б.* [98, 97 б.]. А.Щербактың ойынша, татар тілінде еріндік дауыстылардың ассимиляциялық әсер күші екінші буыннан кейін айтарлықтай әлсірейді [60, 74 б.]. Осыған ұқсас ойды Р.Ахметьянов та айтты: татар тіліндегі сөздердің үшінші буынында еріндік белгілердің ізі жойылады, бірақ кейбір говорларда олар сақталып қалады, ал үшінші буында тек «ы», «е», «э», ашық «а» дауыстылары ғана қолданылады [1, 39 б.].

Башқұрт тілінде тіл үндестігі заңдарына сәйкес тіл алды (и, ү, ө, е (э), ә) және тіл арты (у, о, ы, а) болып екі топқа бөлінеді. Жасалу жолдарына қарай жұптасып корреляттар құрайды: а-ә, ы-е, о-ө, у-ү. Бұл жағдайда жұпсыз тіл алды и фонемасы оларға қарсы қойылады және сондай-ақ бұл фонеманың түрленімі тіл алды дауыстыларының арасында ең алдыңғысы болады, ал оның аллофоны болса, ол азғана сөздің құрамында тіл арты дауыстыларымен бір қатарда қолданылады: ижау «төсеніш» және керісінше, тіл алды мен тіл арты дауыстыларының ортасынан орын алады [98, 31 б.]. Башқұрт тілінде дауыстылардың тіл үндестігі заңы тіл алды дауыстылары тіл арты дауыстыларына қарама-қарсы қойылған жағдайда тиянақты, бірізділікпен

жүзеге асырылады: *тимер «темір», түмәр «томар», бұсқа «толы емес», таба «таба», ысын «нағыз», мышы «бұлан»* [1, 342-343 бб.]. Бұл үндестік шет тілдерден енген сөздер мен кейбір күрделі сөздерде сақталмайды, мысалы: *билбау «белбеу» және кино, орден* сияқты т.б. кірме сөздерде [99, 31 б.].

Башқұрт тіліндегі ашық еріндік о-ө дауысты дыбыстары туралы Ф.Исхаков былай дейді: башқұрт тілінде жуан «о» және жіңішке «ө» дауысты дыбыстары жоқ. Басқа түркі тілдерімен ортақ сөздерде башқұрт тілінде, татар тіліндегідей, басқа тілдердегі жіңішке «у-ү» дыбыстарының орнына «о-ө» қолданылады. Бұл дауыстылар кейінгі буындардағы жартылай жіңішке «ы-ё» дыбыстарына дейін еріндік әсерін тигізеді. Ал татар тілінде бұл құбылыс екінші буыннан кейін соншалық әлсірейді, сондықтан оны дерлік байқауға болмайды [77]. Башқұрт тілінде өзіне тән 9 дыбыс бар. Олар: ғ, к, тіс аралық фриктивтер з, с, мұрын жолды веляр ң, фарингал һ; тіл алды, ашық ә, тіл ортасы тар еріндік ө, ү. Дауысты дыбыстар саны – 9: а-ә, о-ө, е, и-ы, ү-у. <А> дыбысы **б**, у дауыссыз дыбыстардан басталған кезде еріндік болып дыбысталады: *балалар (болалар), балык (болык) т.б.* Қазіргі башқұрт тілінде 9 дауысты болса, 27 дауыссыз дыбыс бар [100, 14 б.]. Башқұрт тілі ерін үндестігін жүйелі бейнелейді. Қыпшақ тілдер тобынан ч > с дыбыстарының алмасуымен ерекшеленеді: *өс «үш», саң «шаң»*. Кей кезде «с» мен «ч» алмасып келе береді: *сибәр, чибәр (џибәр), «й» мен «ж»* дыбыстары бірдей қолданылады: *йауын (яуын), жауын (жауын)*. Көптік жалғауының ішінде -лар, -нар нұсқалары қолданылады: *атлар «кони», болоннар «луга»* [99, 15 б.].

Ноғай тіліндегі дауыстылардың үндестігі, кірме сөздерді шығарып тастағанда, ноғай сөздері мен сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшаларда толық көрініс тапқан. Мысалы: сеслер «дыбыстар» (сеслеримизге, сеслеримизде); балалар (балаларымызға, балаларынъ-ызда) [78, 28 б.]. Ноғай тілінде ерін үндестігі езу үндестігіне қарағанда әлсіздеу және қысаң «ы», «и» және ашық «е» дыбыстарға қатысты көрінеді, сонымен бірге бұл дауыстылардың ерін үндестігі екі, үш және төрт буынға бармайды, сондықтан бұл заңдылығын қандай да бір диалектіге немесе сөйленіске тән ортақ, нақты бір ережесін анықтау оңай емес [78, 11 б.]. Ноғай тілінде еріндік жуан немесе еріндік жіңішке дауыстылардан кейін қысаң дауыстылардың толық немесе ішінара еріндікке ауысуы жүреді, ал ашық дауыстылардың еріндікке ауысуы тек жіңішке дауыстылардан кейін ғана жүзеге асады. Кейінгілердің бейімделу қабілеті екінші (үшінші) буынның шегінде ғана болады. Ноғай тіліндегі еріндік дауыстылардың үндестігіне қатысты Ф.Исхаков мынандай пікір айтады: ноғай тілінде бастапқы буындағы жіңішке редукцияланған еріндік дауысты дыбыстардан кейінгі екінші буындағы жіңішке редукцияланған дауыстылар аздап еріндік реңкке ие болады, бірақ бұл құбылысты тілде еріндік үндестік бар деп айтуға жеткіліксіз. Егер ол бұрын болған болса, бұны ерін сингармонизмінің әлсіз сақталған қалдығы деп қана атауға болады [78].

Бір диалектінің өкілдері бір сөздің өзін әртүрлі дыбыстайтынын да ескерте кеткеніміз жөн. Мысалы, куьнлеримизге «күндерімізге» деген сөзді бірі алғашқы буында еріндік ү дыбысымен айтса (куьнлеримизге), екіншілері алғашқы екі буынды еріндік дыбыстармен (куьнльоьримизге) «күнлөрімізге» дейді, ал кейбіреулері барлық буындарда еріндіктерді қолданып (куьнльоьруьмуьзгоь) «күнлөрүмүзгө» деп дыбыстайды. Бұдан басқа, дауысты е дыбысы, қысаң ы мен и-ге қарағанда еріндікке жиі бейімделеді. Мысалы, ашық е дыбысының еріндікке айналып қолданылуына (коьгоьлоьнь, коьзльоьргоь, уьйльоьр, куьнльоьргоь) қарағанда қысаң дауыстылардың еріндікке айналмай қолданылуы жиі кездеседі (коьзимиз, уьйимиз, куьнимиз) [77].

Қарақалпақ тіліндегі дауысты дыбыстардың үндестігі, өзге де түркі тілдеріндегідей, сөздің бірінші буынындағы дауыстының сапасымен анықталады; егер алғашқы буында тіл алды дауыстысы болса, онда келесі буындарда да тіл алды дауыстылар, ал тіл арты дауыстылар болса, онда келесі буындар да солай болып келеді.

Бұл жайында Ж.Аралбаев нақты айтқан, тілде екі параллельді ағынның болуы дауыстылар үндестігінің негізін құрайды [100; 88 б.].

Бірақ бұған қарамастан, қарақалпақ тілінің дамуы мен жаңа дауыстылардың ендірілуі бұл заңдылықтың бұзылуына әкеліп соғып отыр және осының нәтижесінде қазіргі сөйлеу тілінде үндестік заңының өзгеріске ұшырауын көруге болады. Дауыстылардың үндестік заңының бұзылуы бірнеше түбірден тұратын сөздерде, яғни күрделі сөздерде және кірме сөздерде көбірек кездеседі. Жоғарыда аталған жағдайларды ескермегенде, қарақалпақ тіліндегі дауыстылардың үндестік заңы көптеген сөздер мен грамматикалық формаларда толық сақталғандығына көз жеткіземіз. Мысалы: *ат* «ат», *атларгъа* «аттарға», *атларымыздан* «аттарымыздан»; *кел* «кел», *келген* «келген», *тил* «тіл», *тиллеримизге* «тілдерімізге», *көл* «көл», *көллеринъизден* «көлдеріңізден»; *бірақ къызмет* «қызмет», *китап* «кітап», *къаде* «қағида» сияқты кірме сөздерде дауыстылардың үндестік заңы сақталмайды. Қарақалпақ тіліндегі ерін дауыстылардың үндестік заңы сөздің түбіріндегі бірінші ерін дауыстының өзінен кейінгі буындардағы дауыстыларды өзіне бейімдеуі ішінара ғана көрінеді. Қарақалпақ тілінде ерін дауыстылардың үндестік заңының ықпалына қысаң «ы», «и» және ашық «е» дыбыстары ұшырайды, оның үстіне бұл дауыстылардың еріндікке айналу шегі шектеулі. Ф.Исхаковтың көрсетуінше, қарақалпақ тілінде алғашқы буында жіңішке редукцияланған еріндік дауыстылардан кейін келетін екінші буындағы жіңішке редукцияланған дауыстылар аздап еріндік реңкке ие болады [78]. Екі буынды сөздердің бірінші буынында о, ө дыбыстары, ал екінші буынында ы, и дыбыстары келсе және соңғы буын тұйық буын болса, онда екінші буындағы ы, и дыбыстары еріндік ықпалға жиі ұшырайды: *къойуп* «қойып», *къолум* «қолым», *орун*, *отун*, *окъуйды*; ал соңғы буын ашық буын болса, онда сирек ұшырайды: *къолы*, *көли*, *улы*. Бірінші буындағы у (ұ),

ю (ү) дыбыстарынан кейін ы, и дыбыстары ерін үндестігіне бағынады: *умтул, жсюзюк, тумсукъ, юйюнё, дёгёрёк, ёрдёк, кёлдё, туюё, юйдё* [77, 205 б.].

Қарақалпақ тілінде дауысты дыбыстар саны 9: **а, о, ы, у, ә, е, ө, и, ү**. Дауысты [ә] дыбысы басқаларға қарағанда ашық айтылып, сирек (араб, парсы тілінен енген сөздерде ғана) кездеседі. Ы, и, у, ү дауыстылары жартылай ашық дыбыстар болып табылады. Ерін үндестігі екінші екінші буында, сирек жағдайда үшінші буында қысаң дауысты дабастармен ғана шектеледі. Қарақалпақ тіліне де жуан-жіңішкелік үндестігі тән, ерін үндестігі қазақ тіліне қарағанда біршама жақсы сақталған [101, 33 б.].

Ерін үндестігі бойынша қырғыз тілі өзге түркі тілдерінің арасында ерекше екендігі белгілі. Қырғыз тілінде сөз тудырушы және сөз түрлендіруші барлық қосымшалардың осы тілдегі дауыссыздардың ассимиляциясын көрсететін дауыссыздардан басталатын варианттардан басқа, құрамындағы дауыстылардың өзгеруіне байланысты, екі қосарын езуліктер, екеуін еріндіктер құрайтын, төрт түрлі варианты бар. Мысалы, көптік жалғауының –лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер, -лор/-лөр, -дор/-дөр, -тор/-төр; барыс септігінің –ға/-қа, -ге/-ке, -го/-қо, -гө/кө; шығыс септігінің –дан/-тан, -ден/-тен, -дон/-тон, -дөн/-төн; табыс септігі жалғауының 12 варианты болғанымен, бірақ оның ішінде тіл арты о-ө варианты жоқ: -ны/-ни, -ды/-ты, -ди/-ти, -ну/-нү, -ду/дү, -ту/-тү. Керісінше, 12 варианты бар естістік тудырушы –ла аффиксінің құрамында о-ө варианты бар: -ла/-ле, -да/-де, -та/-те, -ло/-лө, -до/-дө, -то/-тө [78]. Бұдан мынандай қорытынды шығаруға болады: қырғыз тілінің түбір сөзі мен туынды негізіне (сөзтудырушы) тән сипаттар сөз формаларындағы сингармонизм құбылысымен сәйкес келеді. Сингармонизм қырғыз сөзінің дыбыстық құрамын тілдің барлық – фонетикалық фонологиялық, морфологиялық және семантикалық – деңгейлерінде біртұтастырып тұр. Бұдан «...бұл тілдің фонетикалық және грамматикалық құрылымы мен түркі тілдерінің басқа түрлеріне қарағанда алтай тобындағы тілдерге генетикалық жақындығы зор» [102] екендігін аңғару қиын емес. «Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасында» қырғыз тіліндегі ерін үндестігіне, грамматикалық көрсеткіштерінсіз төмендегі мысалдар келтірілген: *köjnök* «рубаика» *тюрк. bödönö* «перепелка» ~ *bädänä, köjnäk, köpölök* «бабочка» *köbäläk, bölö* «дету сестер» ~ *pölä* (хак.), *ördök* «умка» – *ördük, töbö* «макушка» *töbä* (терä), *özök* «сердцевина» *özäk, tömön* «низ» ~ *tömän* (каз.), *örkө* «легкие» *örkä, kökürök* «грудь» ~ *kökiräk* (каз.) *gürök* «сердце» ~ *güräk, kürök* «лопата» *küräk*, және т.б. [1, 453 б.].

Қорыта келе айтарымыз, түркі тілдерінің кейбірінде ерін үндестігі қатты байқалса, кейбірінде әлсіз көрініс табады, ал енді біреулерінде мүлде кездеспейтіндігін байқауға болады. Оның барлығы тілдің сыртқы және ішкі факторларының әсерінен пайда болған. Әсіресе, жазудың пайда болуы тіл дыбыстарын таңбалау арқылы тілдердің айтылуын, ерін үндестігінің біршама бұзылуына алып келді.

2.3 Түркі тілдеріндегі дауыссыздардың үндесімі

Сингармонизмнің негізгі қызметі – сөздің бейнесін түзетін дыбыстарды біріктіру. Просодикалық және белгілі семантикалық бірлігі бар, бірыңғай дыбыс кешенінен құралатын тарихи түбірлерге басқа да нұсқалары бар қосымшалар жалғанғанда жасалымы жағынан түбір сөзге өте жақын дыбыстырдан құралғандары жалғанады. Демек сингармонизм сөзбен парапар дыбыс кешенін құрайтын дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да үйлесімді әуезді айтылуы болып табылады. Сингармонизм сөз просодиясының артикуляциялық-акустикалық белгісі, оның біртұтас құралымының, сөйлеу үдерісінде сөздің шегін белгілеуші құрал болып табылады. Сингармонизм бір түбірлі сөздерде дауысты, дауыссыз дыбыстарды, көп буынды сөздерде буындарды біріктіреді. Буын құраушы негізгі қызметті дауысты дыбыстар атқарады. Олар дауыссыздармен тіркесе келіп түрлі типтегі (ашық, тұйық, бітеу) буындарды құрайды. Дауыстылардың үндесуі басыңқы, ал дауыссыздардың қатаң және ұяң болып үндесуі бағыныңқы болады [57, 78 б.].

Бүгінгі түркі тілдерінің барлығына ортақ болып табылатын 23-25 дауыссыз фонема кездеседі [57, 79 б.]. Дауыссыздардың қазіргі тілдердегі мұншалық үлкен топ құрауы тілдердің ұзақ даму процесінің нәтижесі. Түркі тілдерінің Орхон-Енисей көне ескерткіштері жазбаларының тілдерінде кездесетін графикалық таңбамен берілген дауыссыз фонемаларың жалпы саны 16-17 болады. Сонда, шамамен 7-8 дауыссыз фонеманың қалыптасуы – тілдердің даму барысында болған құбылыс. Жаңа фонеманың пайда болуы, әдетте, тілдің іштей өзгеріс дамуының немесе басқа тілдермен қарым-қатынастың нәтижесі болуы мүмкін. Тілдің іштей өзгерісінің нәтижесі дегенде тілдің дыбыстық жүйесінің өзгерістері еске алынатыны белгілі. Түркі тілдерінде жаңа дауыссыз фонеманың пайда болуын жоққа шығаруға, әрине, негіз жоқ. Сол сияқты басқа тілдермен қарым-қатынасқа түсудің салдарынан сөз ауысады. Жаңа атауды, жаңа ұғымды білдіретін сөздің ауысуымен бірге кейде жаңа фонема пайда болады. Тілдің кейінгі даму барысында ондай фонемалардың көпшілігі тіл құрамында орнығып, қолтума фонемалармен оппозиция құрайды немесе белгілі бір сөздер құрамында ғана орнығып қалады. Әйтсе де, мынадай бір ерекшелікті айта кету керек: бүкіл тілдердің барлығына ортақ болып келетін заңдылықтар бар да, жеке бір ғана тілге тән заңдылықтар немесе белгілер бар. Дауыссыз дыбыстар жүйесінің дамуында ондай ерекшеліктер де байқалады. Егер бүкіл консонантизм жүйесінің дамуы түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың көптүрлілігіне, екінші сөзбен айтқанда, баюына алып келсе, бұл процесс жеке тілдер тарихында бірыңғай, біртектес болған емес. Бірыңғай болмау себебі: жеке халықтың этногенезі өзімен туыстас екінші бір халықтың этногенезімен бірдей бола бермеуінде ғана емес, әлеуметтік, географиялық жағдайдың салдарынан жеке бір халықтың тарихи дамуы басқа туыстарынан өзгеше болып отырады. Әлеуметтік, географиялық жағдаймен байланысты ол халық өзге бір халықтармен әртүрлі қатынасқа түседі. Осының бәрі оның тілінде өзінің

іздерін қалдырады. Тіл білімінде экстралингвистикалық фактор деп аталатын жағдайлардың салдары тек тілдің лексикалық қорына ғана әсер етіп қоймайды, фонетикалық жүйесіне де белгілі дәрежеде ықпал жасайды. Жеке түркі тілдері құрамында дауыссыздар жайында осы тұжырымды айтуға болады.

Дауыссыз дыбыстардың жоғарыда келтірілген саны қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік кездеседі. Егер жеке тілдер ыңғайында салыстыратын болсақ, дауыссыз дыбыстар саны бірдей болып келетін тілдерді түркі тілдерінің ішінен ұшырастыру қиын. Айталық, қазақ тілі грамматикасының авторлары 25 дауыссыз дыбысты атаса, оған ең жақын тілдің бірі – қарақалпақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар дейді. Қазақстан ертеден шектес, аралас болған өзбек тілі 28 дауыссызды, ұйғыр тілі 24 дауыссызды қолданады. Түркімен тілінде 22 дауыссыз айтылады. Қазақтармен шектес, әрі этникалық жағынан жақын болып саналатын башқұрт тілінде 28 дауыссыз дыбыс айтылса [98, 247 б.], көршілес қырғыз тілінде 22 дауыссыз дыбыс қолданылады. Ал, қиыр батыста орналасқан чуваш тілінде 24 дауыссыз фонема айтылады [98]. Чуваштармен шектес, башқұрттармен этногенез жағынан бірыңғай татарлардың әдеби тілінде 24 дауыссыз фонема қолданылады [77]. Кіші Азиядағы түріктердің әдеби тілінде 24 дауыссыз фонема бар [57] т.б. Осы қысқа шолудың өзінен түркі тілдеріндегі дауыссыз фонемалардың сан жағынан бір тілден екінші тілге ауысып отыратындығын көруге болады. Алайда бір нәрсені алдын ала ескерту керек: дауыссыз дыбыстардың саны жағынан бір тілде көп, бір тілде аз болуы, жалпы түркі халықтарында болуы тиіс дауыссыз дыбыстардың кей тілдерде түгел болмауы сол тілде жойылып кеткен, ізі жоқ деген қорытынды шығаруға негіз болмайды. Түркі тілдері арасындағы дыбыс сәйкестіктерін ескерсек, белгілі бір дыбыс кейде конвергенция құбылыстарына ұшыраған. Соның салдарынан екінші бір тілдегі екі дауыссыз бір ғана дыбысқа ұласқан.

Дауыссыздар санының ыңғайлас болуы тілдердің географиялық орналасу жағынан көршілестігіне немесе этногенездік бірлігіне негізделме бермесе керек. Айталық, ол ерекшеліктерді еске алсақ, қазақ тілі мен қарақалпақ тілінде, сол сияқты башқұрт тілі мен татар тілінде дауыссыздардың саны бірдей болса керек еді. Алайда қазіргі қазақ пен қарақалпақ, башқұрт пен татар әдеби тілдері құрамындағы дауыссыз фонемалардың саны әртүрлі. Бұл айырмашылықтар, бір жағынан, әр тілдің өзіндік даму ерекшеліктерінен туса, екінші жағынан, әртүрлі экстралингвистикалық факторлардың жемісі. Қазақ тіліндегі сияқты басқа түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар дыбыстау органдарының (ерін, дауыс шымылдығы, тіл, кішкене тіл, мұрын, көмей) дауыстау процесіне қатысу дәрежесіне қарай, дыбысталу ерекшелігіне қарай жіктеледі. Алайда осы аталған жіктеліс белгілері түрік тілінен кездеседі деп қарауға болмайды. Бұл жерде жеке тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін т.б. еске алу керек. Айталық, түрік тілін зерттеушілер ол тілдегі дауыссыздарды мұрын жолды деп бөлудің фонетикалық негізі жоқ деп есептейді. Өйткені, мұрын жолды дауыссыздар,

дауыссыздардың басқа топтары сияқты, жұптап келетін жүйе құрай алмайды. Қазақ тілін де осындай топқа жатқызуға болар еді. Сондай-ақ фарингалдық дауыссыз дыбыс (**h**) қазіргі түркі тілдерінің біразында қолданылғанымен, көмей арқылы дыбысталатын басқа дауыссыз дыбысты түркі тілдерінің басым көпшілігі білмейді. Ал, салар тілі мен сары ұйғыр тілінде дауыссыздар осындай принцип бойынша жіктеледі. Сол сияқты, чуваш тілінде татар тілінің мишар диалектісінде кейбір дауыссыздардың міндетті түрде не «жуан» (твердый), не «жіңішке» (мягкий) айтылуы басқа түркі тілдерінде кездеспейтін құбылыс. Мысалы, чуваш тілінде, зерттеушілердің айтуынша **л, н, т, р** дыбыстары міндетті түрде сөз құрамында әрі «жуан», әрі «жіңішке» айтылады. Сондықтан ол тілде «жуан» **л, р, т, н** дыбыстары және «жіңішке» **л, р, т, н** дыбыстарын ажыратады және олар жұптасып келетін жүйе құрайды. Сондай-ақ ол тілде кейбір дауыссыздар тек «жуан» айтылады, ал екінші біреулері тек «жіңішке» айтылады. Мысалы, **с** дыбысы тек жуан айтылатын дыбыс та, **ч, й** дыбыстары тек қана «жіңішке» айтылады. Ал, қазақ тілінде бұл көрсетілген дыбыстар дауыстылардың ыңғайымен «жуан» да, «жіңішке» де айтылуы мүмкін. Сонымен, дауыссыздарды жіктеудің жоғарыда аталған принциптері – түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ. Олардан басқа, жеке тілдерге ғана тән ерекшеліктер бар.

Жасалу органдарының қатысына қарай топтағанда түркі тілдеріндегі дауыссыздардың мынадай топтарын атау керек:

Ерін дауыссыздар **м, б, п** дыбысы көне, жаңа түркі тілдерінің фактілеріне қарағанда, түркі негіз тілінде болған фонемалардың қатарына жатады. Бұл пікірді түркі ескерткіштері тілінде болатын мына мысалдар дәйектейді: **мәңгі, мұйын, мыйық, мін, мең, мен**, т.б.

Сөздің басында **б** дыбысының **м** орнына қолданылуы тілдердің даму үдерісінде болған құбылыс: **пойын, бойын** (мойын), **пәңгу, бәңгі** (мәңгі) т.б. Бұл дауыссыз дыбыстар түркі халықтары тілдерінің барлығына ортақ, барлығында бар дыбыстардың тобына жатады. Осы топқа әртүрлі құбылыстардың нәтижесі ретінде қалыптасқан еріндік арқылы жасалатын **в, ф** дыбыстарын да жатқызу керек. Алғашқы үш дыбыс түркі тілдерінің ежелгі фонологиялық жүйесінің көрінісі болғандықтан, байырғы түркі сөздері құрамында, соңғылар көбіне басқа тілдерден ауысқан сөздер құрамында айтылады: **вагон, фабрика** т.б. Дегенмен, кез келген сөз құрамында айтылған **в, ф** дыбыстарын сыртқы әсердің нәтижесінде деп қарауға болмайды, олар кейде тіл құрамында немесе сөз құрамында болған фонетикалық өзгерістің нәтижесі болып отырады. Мысалы, әзербайжан – *вар* (бар), түрік – *варлық*, әзербайжан – *варлыг* (өмір сүру, тұрмыс), әзербайжан – *говулмақ*, түрік – **қовумақ** (құрылу, жер аударылу), әзербайжан – **довшан**, түрік – **тавшан** (қоян), әзербайжан – **овлағ**, түрік – **авлағ** (аң аулайтын жер), гагауыз – **куфне** (кухня), **фороз** (қораз), **тафта** (тақта), түрікмен – **ғафы** (қақпа, көне түркі қапығ), **арфа** (арпа). Ал, башқұрт пен татар тілдерінде **в, ф** дыбыстары, қазақ тіліндегі сияқты, тек сырттан енген сөздер құрамында айтылады. Бұл – түркі тілдерінің басым көпшілігіне ортақ ерекшелік.

Дегенмен, таза түркілік сөздер құрамында **в** дыбысының айтылуы бар факты екені әзірбайжан, түрік тілдерінің материалдарымен ғана емес, түркі тілдерінің шығысына орналасқан салар, сары, ұйғыр тілдерінен де көрінеді [98]. Ал, **ф** дыбысы – түркі тілдерінде сыртқы әсердің нәтижесінде жаңа дәуірлерде қалыптасқан фонема. Шығысқа орналасқан түркі тілдерінде көне дәуірдің өзінде иран тілдерінің әсерімен, кейінгі замандарда батыс тілдерінің әсерімен **ф** дыбысымен айтылатын едәуір сөздер тобы қалыптасты. Қазіргі түркі тілдерінің құрамында айтылатын **саф** (саф алтын) сөзінің құрамындағы **ф** мен **фабрика** сөзінің құрамындағы немесе **Фазыл, Федор** тәрізді кісі аттарының құрамындағы **ф** дыбыстары – әртүрлі этимологиялық негізден тарағандар. Жоғарыда гагауыз тіліндегі **ф** дыбысымен айтылатын (басқа тілдерде өзгеше дыбысталады) сөздер сондай құбылыстың нәтижесі. Орналасу территориясына, мәдени ерекшелігіне байланысты болатын мына жайды ескеру керек: қиыр батысқа орналасқан түркі тілдеріндегі **ф** фонемасы – тек батыс тілдерінің әсері. Ол тілдерден шығыс тілінде пайда болған **ф** дыбысының ізін табу қиын. Шығыс тілдерінің әсерімен қалыптасқан **ф** дыбысы Орта Азия түркі тілдерінде кездеседі, ал шығысқа орналасқан түркі тілдерінен араб-парсымен қатар қытай тілінің ықпалымен қалыптасқан **ф** дыбысы кездеседі [57]. Сөйтіп, территориялық көршілік жеке тілдерде **ф** дыбысының түрлі формада қалыптасуына түрткі болды.

Дауыссыз дыбыстар дыбысталуы мен тілдің қатысымына қарай үш түрлі болып жасалады: *тіл алды, тіл ортасы, тіл арты дауыссыз дыбыстар*. Түркі халықтары тілдерінің баршасында кездесетін тіл алды дауыссыздары деп мыналарды атау керек: **с, з, д, т, р, н, ж, дж** т.б. Бұлардың ішінен **ж** типтес дыбыстар туралы ерекше айту жөн. Қырғыз, әзербайжан, түрік секілді халықтар тілдерінде жалаң **ж** фонемасынан өзге аффрикат **дж** фонемасы кездеседі. Осыған ұқсас аффрикат дыбыс чуваш тілінде де бар (чуваш орфографиясы бойынша **с**). Бұл аталған тілдердің бәрінде де **дж** аффрикат дауыссыз фонемалық қызмет атқарады. Алайда, аффрикат **дж** дыбысының таралу шегін екі-үш тілмен шектеуге келмейді. Қазақ, татар, ұйғыр, өзбек т.б. тілдер құрамында бұл дыбыс диалектілік ерекшеліктердің бірі ретінде ұшырасып отырады. Бұл жеке тілдің этникалық негізімен немесе көрші тілдің әсерімен байланысты. Осы топқа башқұрт, түрікмен тілдеріндегі **д, б** тіс аралық дыбыстарын жатқызуға болады. Олардың арғы негізі **с** мен **з** дыбыстарымен ұласатындығы, бірақ олар **с, з** дыбыстарымен фонемалық қарама-қарсылық құрай алмайтыны жайлы түркологияда бұрыннан айтылып келе жатқан пікір. Башқұрт, түрікмен тағы басқа да түркі тілдерінде сөздің арасында және сөздің соңында дыбысталады **з** фонемасының орнына тіс аралық **д (дз)** дыбысы пайдаланылады: башқұрт тілінде – **һез, без, һүз, аз, һаз, қаз**; түрікмен тілінде – **биз, сиз, көз, газ, саз**; қазақ – **біз, сіз, сөз, көз, аз, қаз, саз** т.б. Көне түркі тіліндегі **д (дт)** дыбысына осы дыбыстар сәйкес келеді. Көне түркі тілдерінде: **құдық** (құдук), **қадағ** (катағ), **адақ** (атақ), **итил**, башқұрт халқының тілінде: **қодзоқ, адзақ, идзел, қаздақ**, т.б. [57].

Бұндай сәйкестіктер башқұрт, түрікмен тіліндегі **д, б**, тіс аралық дауыссыздары көне түркілік **д (т)** дыбыстары өзгерісінің нәтижесінде келіп шыққан. Оған бірінші себеп, жоғарыда айтылғандай, башқұрт (сол сияқты түрікмен) тіліндегі тіс аралық **д** дыбысы көне түркі тілдеріндегі сөз арасында, сөз соңында айтылған **д** дыбысына сәйкес келеді.

Ал, башқұрт тілінде, сонымен қатар орыс тілінен енген сөздердің орта шенінде айтылуға тиіс **д** дыбысы тіс аралық **дж** дыбысына айналып кетеді: **боразда – бураздза**. Осы жағдай парсы тілінен енген кейбір сөздер құрамынан байқалады: **базар – баздар**. Бұл құбылыста керісінше сөз басындағы **з** өзгеріссіз қалады: **залим, жаман, зиян, зар** т.б. Бұл құбылыс көне түркілік **д** дыбысының екі дауысты аралығында (сөз ортасында) әлсіреп, спирантқа айналған дейтін көзқарасты біршама дәлелдей түседі. Көне түркілік қатаң **т** өзінен кейінгі және бұрынғы дауыстының ыңғайымен (түбір мен қосымша негізінде) ұяңдап, **д** дыбысына айналуы заңды құбылыс еді. Соңғы дыбыс сөйлеу процесінде соңғы дауыстының ықпалымен спирантқа айналуы башқұрт тілінің (сол сияқты, түрікмен тілінің) фактілерімен дәлелденеді. Сондықтан башқұрт тілінің көрнекті зерттеушісі Ж.Киекбаевтың мына схемасы бұл дыбыстың даму жолын біршама толық көрсетеді: **т, д, д, дз** [57]. Көне түркі дәуірінің соңғы кезінде екі дауысты дыбыс аралығындағы **д**-ның **з**-ға айнала бастауы (мүмкін, белгілі бір тайпа тілінің ықпалымен) Орхон-Енисей жазбалары арқылы белгілі. Ортағасырлық түркі тілдерінде көне түркілік **д**-ның **з** түрінде айтылуы нормаға айналады. Соңғы **з** дыбысының негізінде башқұрттық тіс аралық **дз** аффрикатының қалыптасуын жаңа дәуірдің жемісі деп қарау керек.

Жоғарыда келтірілген дыбыс сәйкестігі схемасының қай элементі де қазіргі түркі тілдері құрамынан ұшырасатындығын айту керек: якут – **атах**, қазақ – **адақ**, (тау), хакас – **азах**, башқұрт – **азақ**. Сонымен, жоғарғы схема түркі тілдерінің тарихи даму барысында болған өзгерістерді көрсетіп қоймайды, қазіргі түркі тілдерінің арасындағы дыбыстардың сәйкес қолданылу жолын және жеке тілдердің өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін де байқатады. Башқұрт, түрікмен тілдеріндегі тіс аралық **з** дыбысы жоғарыда әңгімеленген **д** дыбысының қатаң варианты болып табылады. Башқұрт тіліндегі **дз** тіс аралық дыбысы сөз басында айтылмайды, сөз арасында, сөз басында ғана айтылады.

З тіс аралық дыбысы көне түркі тілінде сөз ортасында, сөз соңында айтылған **с**, түркі тілдерінің көпшілігінде сондай позицияда айтылатын **с** дыбысына сәйкес келеді: көне түркі, қазіргі түркі тілдерінде – **ыссығ, түс, кесмек басу, бармас**, башқұрт тілінде – **эсзе, төсзе, қисмәк, басыу, бармас** т.б. Сонымен қатар, башқұрт тілінде кейбір сөздер құрамында айтылатын **б** орта түркілік сөз соңында айтылған **з** дыбысына сәйкес түсіп жатады: **алмаз, келмез, севмез, тутмаз**; башқұртша – **алмас, кәлмәс, һоймәс, тотмас**. Соңғы фактілер дыбыстардың мынадай ауысуы болғандығын көрсетеді: **з – с – з**: **алмас – алмаз**. Қазақ тіліндегі бұл позициядағы **с** дыбысы мына фактілерге қарағанда, **з** дыбысының спирант **з (с)** дыбысына айналу

жолындағы екінші звено болып табылады. Бұған байланысты соңғы ескертетін жай – көне түркі тілінде, қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сөз басында айтылатын **с** башқұрт тілінде **h** көмей дыбысына айналып кеткен: **һары** (сары), **һин** (сен), **һез** (сіз), **һигез** (сегіз), **һейөнес** (сағыныш), **һүз** (сөз), **һет** (сүт), **һейек** (сүйек), **һеңер** (сіңір) т.б. Сонымен башқұрт тілінде көне түркілік және жалпы түркілік **с** дыбысы екі түрлі сипат алған: сөз басында (кейде сөз ортасында) **h** көмей дыбысына ауысса, сөз ортасы мен соңында **с** (**з**) тіс аралық спирантына ауысып кеткен. Қазіргі түркі тілдерінің едәуір тобында кездесетін көмей дауыссызы **h** жоғары фактілерде ескерсек, башқұрт тіліндегі сондай көмейлік дыбыстан этимологиялық жағынан бүтіндей басқаша дыбыс екендігін байқауға болады.

Тіл алды **ш** дыбысына қарағанда, **ч** дыбысы түркі тілдерінде сөздің басқа позициясында жиі айтылады. Алайда, қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын **ч** дыбысын тек қана түркілік құбылыс деп қарауға болмайды. Қазіргі түркі тілдерінде айтылатын **ч** аффрикатының екі түрлі негізін көрсетуге болады. Ол дыбысталу табиғаты жағынан «жұмсақ» болып келетін қос дауыссыз тәрізді естілетін **ч**: татар – **оч** (үш), **уч** (өш, өш алу), түрік – **уч**, **біч** (піш, киім пішу), **чын** (шын, шындық), **чық** (шық), **этәч** (этеш, қораз), **чия** (шие); орыс тілінен және өзге де батыс тілдерінен енген сөздердің құрамында **чайник**, **чемпион**, т.б. Соңғы берілген сөздердің құрамындағы **ч** дыбысы орыс тілдеріндегідей қатаң болып естіледі. Сондықтан келтірілген сөздер құрамындағы **ч** әрпімен белгіленген дыбыстарды сапалық жағынан бірдей деп есептеуге әсте болмайды. Олардың өзара ұқсастығы – екуінің де аффрикат екендігінде, бірақ түркілік **ч** әлдеқайда ұяң, «жұмсақ» естіледі.

Тіл ортасы дауыссыздарына түркі тілдері жайындағы әдебиеттерде көбінесе мына дыбыстар жатқызылып жүр: **к, г, ч, й**, т.б. ал **й** дауыссызы – сөз басында қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде айтылатын дыбыстардың бірі. Алайда **й** дауыссызының тілдік қолданысы кейбір ғылыми зерттеулердің тұжырымдарына сәйкес, негіз тіл кезеңінен бастау алатын көне құбылыс ретінде қарастырылмауы мүмкін. А.Щербактың пайымдауынша, сөз басында кездесетін **й** дыбысы белгісіз бір көне дәуірде дәл осы позицияда айтылған тісаралық қатаң спирант дауыссыздың тарихи даму барысында біртіндеп өзгеріске түсуінің нәтижесінде қалыптасқан [60]. Егер аталған ғылыми көзқарасты негізге алатын болсақ, онда чуваш тілінде сөз басында қолданылатын **с** дыбысы мен якут тілінде осы позицияда көрінетін **с-й** дауыссызы бастапқы тісаралық спиранттың кейбір фонетикалық ерекшеліктерін ішінара сақтап қалған деп тұжырымдауға болады. Сонымен қатар қазақ және өзге де қыпшақ тілдеріндегі **жс** дыбысы өзінің архетиптік негізіне оғыз тілдеріндегі **й** дыбысына қарағанда анағұрлым жақын екені байқалады. Дегенмен, бұл тұжырымға қатысты ғылыми әдебиеттерде қарсы көзқарастардың да айтылып жүргенін атап өткен жөн.

Сібірдегі кейбір тілдерде (тофалар т.б.) дауыссыз **й**-дің мұрын арқылы айтылатын варианты кездеседі. Бұл фактілер **й** дыбысының қолданылуы жаңа дәуірде болған құбылыс екендігін дәлелдемейді. Шығысқа орналасқан

тофалар тілінде, кейбір ыңғайда якут тілінде қолданылатын **й** дыбысының дауыссыз **й**-ге этимологиялық қатысын дәл айту қиын. Көне ескерткіштер тіліндегі **й** мен **і** дыбыстарының өзара байланысы жайлы айқын факті жоқтың қасы. Салыстырмалы фактілер ыңғайында **й** дыбысын **нй, нғ, нг, йн** дыбыс тіркестерінің дамуының нәтижесі деп қарауға негіз бар сияқты. Өйткені жоғарыда келтірілген сөздер кейінгі, ортағасырлардағы ескерткіштер тілінде **анығ, қанйу, қон, чыған** тәрізді түрде берілген. Осыларды ескерсек, **і** дыбысы дауыссыз **й**-дің комбинаторлық өзгерістер нәтижесінде пайда болған алафоны деп қарауға негіз бар. Якут тіліндегі **і** басқа жүйедегі тілдерден енген сөздердің құрамында ғана айтылады: **іар** (бет, жүз) т.б. Тофалар тілінде **і** дыбысы бірен-саран сөздердің басқы **н, м** позициясында айтылады және ондай сөздер әдетте мұрын жолды дыбыстарына аяқталады: **арын** (жауырын), **іам** (қоқыс). Сонымен қатар, ол якут, тофалар тілдерінде сөз ортасында екі дауысты дыбыс аралығында айтылады: **мыйыс** (мүйіз), **мәйы** (мын), **аіах** (ауыз, тесік), **туіах** (туях), **куіах** (қабық), **иіә** (ана, шеше), **хаіох** (қою), **киіит** (келін), **кәіүр** (күйе, затқа түсетін күйе, күйе жеді), **қуіас** (күн, көне түрікше қуяш), **тыйыс** (тығыз, қатты).

Тіл арты дауыссыз дыбыстарының қатарына **ғ, қ, х** фонемалары жатады. Түркі тілдерінің көбінде тіл арты арқылы жасалатын қатаң **қ** фонемасы кездеседі. Ондай тілдерде **қ** тіл ортасы дыбыстарының қатарына кіретін **қ** дыбысымен фонемалық қатынаста қолданылады. Қазақ тілі – сондай тілдердің бірі. Әдетте, түркологияда бұларды (**ғ, г** дыбыстарын қоса) «к типтес фонемалар жүйесі» деп біріктіріп атау олардың фонемалық қатысына негізделсе керек. **Қ, қ** дыбыстарының фонемалық қатынасы барлық түркі тілдерінде бірдей көріне бермейді. Түркі тілдерінің кейбір топтарында **к** дыбысының қай позицияда қолданылуына қарай көрші айтылған дауыстының әсерімен «жуан» не «жіңішке» естілуі бар. **Ғ** әрпімен әр текті дыбыстар белгіленеді. Көне түркі жазбаларында сөз ортасында сөз соңында айтылған, жуан дауыстылармен бірге қолданылатын **ғ** түркі тілдерінің көпшілігінде әртүрлі өзгерістерге ұшыраған. Айталық, қазақ тілінде дифтонгілер мен қырғыз т.б. тілдердегі созылыңқы дауыстылар белгілі дәрежеде сондай процестің нәтижесі. Дегенмен түркі тілдерінің кейбір тобында, мысалы, оғыз тілдерінде сол фонема өз қалпын сақтап қалған. Көне түркілік **ғ** фонемасы сақталмаған тілдерде бұл әріп бір ыңғайда қатаң **қ** дыбысының ұяң вариантын білдіреді. **Қ** дыбысының ұяң вариантын білдіретін **ғ** сөз ортасында келетіні белгілі. Бұл – түркі тілдерінің көпшілігінде бар құбылыс. Сонымен қатар, оғыз тілдерінде сөз басындағы қатаң **қ** ұяңдап кеткені мәлім. Ал, түркі тілдердің көпшілігінің құрамында шығыс тілдерінен ауысқан, **ғ** дыбысынан басталатын сөздердің едәуір тобы орныққаны белгілі. Сонымен, шығу тегі жағынан әртүрлі дыбыстар тобы **ғ** әрпімен белгіленген. Бұлардың барлығына ортақ қасиет – жуан дауыстылармен тіркесіп, жуан айтылады. **Ғ** дыбысы тіл алды **г** дыбысымен фонемалық қатынасқа түседі [57].

Түркі тілдерінде көмей арқылы жасалатын бір ғана дауыссыз дыбыс бар: **h** (кейбір тілдер алфавитінде **x** арқылы белгіленген) **h** дауыссызы көне түркі жазбалары тілінде ұшыраспайды. Тек бірен-саран сөздердің басында протеза ретінде қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінде **h** фонемасы сөздердің едәуір тобының басында қолданылып қалыптасқан. **h** фонемасының сөз басында айтылуын барлық уақытта протезалық құбылыс деп қарауға болмайды. Ол көп сөздердің құрамында органикалық элемент ретінде келеді: әзірбайжан – **һорох** (орақ), өзбек **хакки** (қарға), **харакат** (әрекет, қозғалыс), башқұрт – **һары** (сары), **һүң** (соң), **һау** (сау), якут – **быһах** (пышақ), **кыһын** (қысында, қыста), **кiһi** (кісі), ұйғыр – **һарак** (арақ), **харам** (арам), **хармак** (шаршау, арып-аршу), **хаң-таң** (аң-таң болу), **хава** (ауа), **хәре** (ара), **хәр** (әр, әр кісі), т.б. көмейлік дыбыстың сөздің абсолют басында айтылуы көбіне өзбек, ұйғыр, әзірбайжан, түрікмен, гагауыз тілдеріне тән. Бұл позицияда **h** көбіне протеза ретінде айтылатыны байқалады. Сол тілдерден келтірілген сөздер қазақ тілінде басқы көмей дыбысынсыз айтылады: орақ, әрекет, арақ, арам, аң-таң т.б. Алайда башқұрт, якут тілдерінің материалдары ол тілдер құрамындағы **h** дыбысының басқа тілдердегі **с**, **ш** дыбыстарымен сәйкес қолданылатындығын байқатады: сары, сан, пышақ, қыс, кісі.

Дауыс қатысына қарай дауыссыз дыбыстар **қатаң және ұяң (үнді)** болып жіктеледі. Қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздардың арасындағы басты белгі – белгілі бір дыбыстың жасалу процесіне дауыстың қатысуы. Қатаңдар мен ұяңдардың арасындағы айырмашылық – фонемалық па, әлде ондай дәрежеге жетпеген бе? – дейтін сұраққа айқын жауап беру әзірге мүмкін емес. А.Щербак көне, жаңа түркі тілдеріндегі қатаңдар мен ұяңдардың қолданылу ерекшелігін сипаттай келіп, түркі негіз тілінде дауыссыздың мұндай жіктелуі фонемалық мәнге ие болады дейтін өзінен бұрын айтылған пікірлерге қарсы шығады. Оның айтуынша, түркі тілдерінде дауыссыздардың белгілі бір позицияда қатаң естілуі, екінші жағынан, оның күшпен айтылуына да байланысты, сондай-ақ кейбір дыбыстардың ұяң естілуі олардың әлсіз айтылуының белгісі болса керек. Сонымен А.Щербактың сөзін қорытындылайтын болсақ, түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстарды дауыстың қатысымына қарай қатаң және ұяң (к үшті және әлсіз) деп жіктеген барынша тиімді болады. Дауыссыздарды дауыс қатысына қарай жіктеуді қай түрде алсақ та, қазіргі түркі тілдерінде қатаң, ұяң дауыссыздардың сөздің қай позициясында болсын бір-бірінен қатаң-ұяң тұрғысынан жіктеліп қолданылуы бар. Мысалы: қазақ тілінде – **тақ, дақ, тән, дән, таба, тапағ аяқпен тапа, алға, алқа, сақа, саға**, татар тілінде – **тапа** (шай) **таба, басқа, баға**, әзірбайжанда – **қол** (бұта), **ғол** (қол), **тағ** (күмбез), **дағ** (тау) т.б. Дегенмен, қатаңдар мен ұяңдар арасындағы айырмашылық фонемалық дәрежеде ме дейтін тұрғыдан келгенде, фактілер жеткілікті бола бермейді. Мысалы, қазақ тілінде біраз сөздер қатаң дауыссызбен де айтылады, бірақ олардың арасындағы мағыналық айырмашылық сезілмейді: мысалы, диірмен және тиірмен. Сонымен қатар, сөз басында қатаң я ұяң дауыссыздың айтылуына қарай сөз мағынасының өзгеруі, жаңа сөз пайда

болуы тілдің даму барысында басқа тілдермен қатынасқа түсудің нәтижесі болуы мүмкін. Айталық, қазақ тіліндегі **күл, гүл** тәрізді сөздердің басқы дыбысы қатаң я ұяң болуына қарай бір-бірінен мағыналық жағынан ажырауы шартты нәрсе: **гүл**, сөзі парсы тілінен ауысып орныкқан да, екі сөз арасындағы фонемалық қатынас пайда болған. Нақ осындай жағдай басқа тілдерде, әсіресе ортаазиялық түркі тілдерінің көпшілігінде ұшырасады.

Қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздардың сөздің қай шенінде қолданылуы, қазіргі түркі тілдерінде белгілі бір жүйемен келеді. Сөз басында қатаң дауыссыздарды қолданатындар – хакас тілі мен чуваш тілі. Бұл тілдерде сөз қатаң дауыссыздардан басталады да, көпшілік түркі тілдерінде осы позицияда ұяңдап айтылады. Хакас, чуваш тілдері мен түркі тілдері арасында кездесетін сөздің абсолют басындағы қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздардың сәйкестігі осылай келіп шығады.

Сөздің бас шенінде ұяң дауыссыздардың қолданылуы түркі тілдерінің барлығына бірдей тең құбылыс емес. Ұяң дыбыстарды сөз басында көп қолданылатын топ – оғыз тобы (әзербайжан, түрікмен, түрік тілдері). Оғыз тобындағы тілдер сөз басындағы ұяң **д, ғ, г** дыбыстарын басқа түрік тілдерінің қатысымен салыстырғанда көп қолданылады: әзербайжан – **дағ, дайан, дамар, дамжы, дан, демір, дер, дәш**; түрікмен – **дағ, дайан, дамыр, дамжан, даң, дәмір, дір, дәш**; қыпшақ тілдерінде – **тау, тайан, темір, тамыр, таң, таз, темір, тер, тес**; түрікменде – **гел, гит, герек, гир, гейим, гелин, геч, гермек, гин**; қазақ тілінде – **кел, кет, керек, кір, киім, келін, кем, көрмек, кең**; әзірбайжанда – **газ, ғал, гар, гуч, ғыз, ғол, ғат, ғұл, гуш**; қазақта – **қаз, қал, қар, күш, қыз, қол, қат** (Асқа қатық қат – араластыр), **құл, құс**. Дегенмен, оғыз тілдерінде сөздің абсолют басында **д, ғ, г** дыбыстары, ал қыпшақ тілдерінде сол позицияда **т, қ, к** дыбыстарының қолданылуы тән екендігін айтумен бірге, мұның өзі мызғымайтын құбылыс емес екенін де ескерту керек. Айталық, жоғары ізбен **көбелек, кендір, кес** сөздері түрікмен тілінде **г** дыбысымен айтылады деп тұжырымдауға болар еді. Алайда ол тілде аталған сөздер **көбелек, кендір, кесмек** түрінде дыбысталатын көрінеді. Сол сияқты, оғыз тілдерінің бірі түрік тілінде **даш** емес **таш, қаз, қал, қар, қат, қач, қой, қыз, қыл, қын, қыш** (қыс – мерзім маусымы) түрінде дыбысталып, әзірбайжан, түрікмен тілдерінен ерекшеленіп келеді. Дегенмен, ол тілде де **гір** (кір), **гөз** (көз), **гөк** (көк), **гөр** (көр), **гүз** (күз), **гүн** (күн), **гуч** (күш) екінші сөзбен айтқанда, басқа оғыз тілдерімен бірдей дыбысталады. Әзірбайжан тілінің өзінде де, зерттеушілердің айтуы бойынша, бір жағынан: **тикан** (тікен), **тикмак** (тікпен, тігу), **тох** (тоқ), **токулмак** (төгілу), **төккүнтү** (төгінді), екінші жағынан – **доймағ** (тоймақ тойу) **дарағ** (тарак), **дузағ** (тұзақ) т.б. Сонымен жоғарыда көрсетілген жүйе абсолютті, одан ауытқу болмайды деп қарау, әрине, бір жақты болмақ. Өйткені, тіл атаулының бәрінде, оның ішінде құрылысы мен сөздік қоры, фонетикалық жүйесі жағынан бір-біріне ұқсастық генезистік. Бірліктің, ортақтастықтың нәтижесі болып келетін тілдерде ешбір құбылыс басынан аяғына дейін түгел жіктелмейді. Әңгіме болып отырған құбылыс ыңғайында

осы ерекшелікті көруге болар еді. Оғыз тілдерінде сөздің абсолют басында ұяң дыбыстар айтылып, ережеге қосымша ретінде тағы да екі түрлі ерекшелікті ескерткен жөн. Әзербайжан тілін зерттеушілер ол тілде кейбір сөздің абсолют басында айтылатын **д** таза **т** емес, **тз** тәрізді қатаңнан басталып, ұяңға аяқталатын күрделі дыбыс екендігін айтады [1]. Егер осы құбылысты еске алсақ, әзербайжан тіліндегі сөз басында айтылатын **д** таза ұяң дыбыс еместігін бұл арқылы ол басқа оғыз тілдерінен едәуір ерекшеленетіндігін көруге болады. Әзербайжан тілінің бұл ерекшелігі оғыз тілдерінде, сондай-ақ тува тілінде сөз басындағы қатаң **т** әлсізденіп, ұяңдаған дейтін пікірді [1], толығымен қуаттайтын тәрізді. Сонда оғыз тілдеріне тән жалпы заңдылық – сөз басындағы қатаң **т** дыбысының ұяңдауы да, ал ескі іздің қалдығы – кей сөздер құрамында сөз басында **т** дыбысының айтылуы болып шығады. Әзербайжан тілінде кей сөздердің басында **тд** тәрізді күрделі дыбыстың естілуі – аралық буын болса керек. Екінші бір ерекшелік – оғыз тілдерінің ішіндегі түркі тілінде сөз басында қатаң дауыссыздар да, ұяң дауыссыздар да айтылады. Кейбір зерттеушілер осы ерекшелікке қарай, қазіргі түрік тілі «жасы жағынан Орхон-Енисей ескерткіштері тілінен де көне» дейтін пікір айтады.

Алайда мұндай пікір түркі тілдеріне негіз болған тілде дауыссыздар қатаң-ұяң болып жіктелген, сондықтан түркі сөздерінің басында қатаң дауыссыз да, ұяң дауыссыз да қолданылған дейтін тұжырымнан келіп шаққаны айқын. Қазіргі тарихи түркологиялық зерттеулерде мұндай тұжырымды бекіте түсетін фактілер кездеспейді. Олай болса, түркі сөзінің басында көне дәуірде (немесе негіз тілде) қатаң дауыссыздар ғана қолданылса керек, ал ұяң дауыссыздардың қолданылғандығын (немесе олардың болғандығын) дәлелдейтін айқын факті жоқ, сөз басында ұяңдардың қолданыла бастауы тілдің даумы барысында қалыптасқан құбылыс дейтін бұрыннан айтылып келе жатқан, біршама орныққан көзқарас әлі өзінің күшін жойған жоқ. Ал, түрік тілінде сөз басында қатаң дауыссыздармен қатар ұяң дауыссыздардың айтылуы сол тілдің өз ішіндегі диалектілердің әдеби тілді қалыптастыруға қатысу дәрежесінде бағынышты болуы мүмкін немесе солтүстік-батыс тілдерінің көне дәуіріндегі ықпалының нәтижесі де болуы әбден ықтимал [57].

Түркі тілдерінің қазіргі күйі сөз басында **т** немесе **д** дыбысының айтылуы фонологиялық мән алатындығын әсте дәлелдемейді. Қазақ тілінде (әдеби тілде болсын, говорлар мен әдеби тіл арасында болсын) бір ғана сөздің әрі **т**, әрі **д** дыбысымен айтылу фактісі бар, бірақ олардың арасында мағыналық айырмашылық болып көрген емес. Сөз басында **т**, **д** дыбыстарынан құралған қатаң-ұяң жұптардың қолданылуына байланысты кейбір басты ерекшелік осы айтылғандай.

Түркі тілдерінде сөз басында **п**, **б** жұбының қолданылуы жоғарғы айтылғандардан сәл өзгеше. Бұл екі дыбыстың қолданылу ерекшелігі қазіргі түркі тілдері бірыңғай еместігі өз алдына, кейбір тілдердің тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар. Сөз басында **п** қатаң дыбысын айтатын тілдер тобына

хакас, шор, тува, чуваш тілдері жатады. Бұл дыбысты жүйелі емес, эпизодтық ыңғайда басқа да түркі тілдері қолданады. Мысалы, қазақ тілінде **п** дыбысынан басталатын біраз сөздер кездеседі. Бірақ ондай сөздердің біразының дублеттері бар (яғни жарыса қолданылуы), ал едәуір көпшілігі басқа тілдерден ауысып келген сөздер. Қазақ тілінің осы ерекшелігі түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ.

Қатаң, ұяң дауыссыздардың сөз ортасында қолданылуының өзіне тән жүйесі мен ерекшелігі бар. Қазіргі түркі тілдерінде аталған дауыссыздардың осы позицияда қолданылуын шолғанда, көзге түсетін ерекшелік – әрбір қатаң дауыссыздың ұяңдауы барлық тілдерде бірдей емес. Сөз ортасындағы дауыссыз дыбыстар ыңғайында екі түрлі күй еске алынады: екі дауыссыз арасы (интервокальное положение) және дауыссыз дыбыстардың қосарлануы (стечение согласных). Дауыссыздардың сапасын белгілеуде екі дауысты дыбыс үлкен рөл атқарады. Осы позицияда жұмсалып қатаң дауыссыздар толығынан немесе біршама, кейде бірен-сараны ұяңдап отырады. Қандай дәрежеде болса да, ұяңдаудың басты себебі – дауысты дыбыстардың екі жақты ықпалы екені айқын. Екі дауысты аралығында айтылған қатаң дауыссыздар толығынан ұяңдап кететін тілдер – Сібір мен Алтайдағы (якут пен қарағас тілдерінен басқа) түркі тілдері мен чуваш тілі. Сондықтан чуваш тілінде: **эбир** (біз), **эзир** (сіз), **вуда** (отын), **уба** (аю), **туда** (тойған), **чазах** (тез) [103], хакас тілінде: **сазым** (менің шашым), **ады** (оның аты); тува тілінде: **олар** (отты жер, жайылым), **азып** (іліп), т.б. Якут тілінде бұл позициядағы **т** дыбысы сол күйінде ұяңдамай айтылады. Ал қарағас тілінде **т**, **ш** дыбыстары созылықты дауысты дыбыстан кейін келсе ғана ұяңдап кетеді: **будум** (бұт, менің аяғым). Якут тілінде екі дауысты аралығында **с** қатаң дауыссызы **һ** спирант дыбысына айналып кетеді: **бас** (бас, адамның басы), **баһы** (оның басы), **түс** (түс, құла), **түһәбит** (біз құламыз). Ал, Сібірдегі шартты рай тұлғалы дауысты не сонор дыбыстардан кейін – **за-зе** түрінде айтылады: **с**, **з** ал қатаң дыбыстар кейін өз сипатын сақтайды.

Қыпшақ, қарлұқ, оғыз тілдерінде түбір құрамында қатаңдар да, ұяңдар да айтыла береді. Түбір құрамында қатаң дыбыстар екі дауысты аралығында келгенмен, ұяңдай бермейді. Бұл жағынан олар чуваш тілі мен Сібір, Алтай бойындағы түркі тілдерінен бүтіндей окшауланып тұрады. Дауыссыздардың ұяңдауы (толық немесе ішінара) бұл тілдерде негізінен түбір мен қосымша шегінде болып отырады. Дауыстыдан немесе ұяң (сонор) дауыссыздан басталған қосымша жалғанғанда, қыпшақ тілдерінде қатаң **п**, **қ** дауыссыздары ұяңдайды да **т**, **с**, **ш**, **ч** дауыссыздары өзгеріссіз айтылады [98].

Қазақ тілінде – **тап-табы**, **дақ-дағы**, **оқ-оғы**, татар тілінде – **бақ-бағы**, **ақ-ағым** т.б. Қарлұқ тілдерінде екі дауысты арасында айтылған **қ**, **п** қатаң дауыссыздары көбінесе зат есімдер құрамында ұяң айтылады. Бірақ осы ереже араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздерге таралмайды. Оғыз тілдерінде екі дауысты арасында айтылған **п**, **т**, **қ**, **ч** қатаң дауыссыздары бір буынды сөздер құрамында не үнді дыбыстардан басталған қосымша жалғанғанда ұяңдап кетеді: түрік тілінде – **қап-қабы**, **діп-дібі**, **ат-ады** (оның есімі), **от-оду**

(оның аты); түрікмен тілінде – **от-оды**. Алайда бір буынды сөздердің барлығы бірдей осы ережеге бағына бермейді. Мысалы, жоғарыда аталған тілдердің құрамында мынадай фактілер кездеседі: түрік тілінде – **от-оту** (оның оты, шөбі), **ат-ату** (оның аты, көлігі); түрікмен тілінде – **ат-аты** (оның көлігі), **от-оты** (оның шөбі).

Сырттай қарағанда, түбір мен қосымша шегіндегі қатаң дауыссыздардың ұяндауы немесе сол қалпында қатаң айтылуы омоним арасында мағыналық айырмашылықты белгілеудің тәсілі тәрізді.

Кейбір зерттеушілер бұл құбылысты осы тілдерде созылыңқы дауыстылардың (этимологиялық созылыңқы) бар екендігімен түсіндіреді: созылыңқы дауыстылардан кейін айтылған қатаң дауыссыз ұяндап кетеді, әдеттегі дауыстыдан кейін келген қатаң сол қатаң қалпында қалады [104]. Түрік тілінде қатаң дауыссыздың ұяндамауы етістік негіздерге де тарайды. Э.Севортян мынадай мысалдар келтіреді: **атийор** (ол айтып жіберді), **динлетийор** (тыңдатқыз), **отар** (жаю, мал жаю), **өпүш** (сүйісу), **бақийор** (қарап тұр), **акийор** (ағып жатыр). Сонымен бірге қосымша жалғанғанда, қатаң дауыссыз ұяңға айналады: **ет-едиор** (істеп жатыр), **жоқ-жоғал** т.б. [92].

Қатаң дауыссыздардың ұяндау құбылысы түркі тілдерінің біразында бір екпінмен айтылатын екі сөздің аралығында да кездесіп отырады. Алдыңғы сөздің соңғы буыны мен соңғы сөздердің алдыңғы буынының құрамына байланысты екі дауысты аралығында қалған қатаң дауыссыздың ұяндауы қазақ тілінде әдеттегі құбылыс екені мәлім: **қара кер – қара гер, дәу қара – дәу ғара, барып айт – барыб айт, келіп айт – келіб айт** т.б. Нақ осындай құбылыс башқұрт, қарақалпақ, құмық, тофалар (қарағас), чуваш, якут тәрізді географиялық орналасуы бір-бірінен алшақ жатқан тілдерде ұшырасады. Сондықтан бұл құбылысты белгілі бір аймаққа немесе этникалық генезистік топқа тән ерекшелік деп айтуға ешбір негіз жоқ. Екі дауысты дыбыстың аралығында кейбір дауыссыздардың үнді дыбыстарға айналуы түркі тілдердің біразында ұшырасады. Мысалы, қазақ тіліндегі **п** дыбысының жартылай дауысты **у**-ға айналуы: **тап-ып – тауып, шап-ып – шауып** т.б. сөз соңында қатаң **я** ұяң дауыссыздардың қолданылуы да түркі тілдерінде бірыңғай болып келмейді. Шор, алтай, тува, хакас, якут, чуваш тілдерінде сөз соңында тек қатаң дауыссыздар айтылады. Түркі тілдерінің басқаларында қатаң дауыссыздар жиі айтылғанмен, сол позицияда ұяңдар да қолданылып отырады. Сөз соңында көп ыңғайда ұяң дауыстыларды қолданылатын тіл – әзербайжан тілі. Әзербайжан тілінде сөз соңындағы жалпы түркілік **п, т, қ, ч** дыбыстары ұяндап, үнді дыбыстарға айналып кетеді: **ғанад** (канат), **ігід** (жігіт), **атмағ** (атпақ), **ағадж** (ағаш), **айағ** (аяқ) т.б. Басқа тілдерден ауысқан соңында ұяң дыбыстар түркі тілдердің қайсысында болса да қатаңға айналып айтылады.

Түркі тілдерінде кездесетін **қ, к, ғ, г, х** дыбыстарының даму жолдары, өзіндік ерекшеліктері, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу жайы В.Богородицкий, Н.Баскаков, Е.Поливанов, А.Кононов, А.Щербак, М.Рясянен, Н.Гаджиева, Б.Серебрянников, т.б. көптеген лингвистердің

зерттеулерінде талқыланды. «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика» атты 1984 жылы шыққан монографияның авторлары сол кезеңге дейін жарияланған зерттеулерге сүйеніп, мол тілдік ақпарат негізінде *к, қ, ғ, г, х, һ, у, й* дыбыстарының түркі тілдерінің қазіргі қолданысына кешенді талдау жасады [1]. Аталған дыбыстар туралы қазақ тіл білімінде құнды пікірлер С.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев, М.Томанов, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде айтылған. *қ, к, ғ, г, х, һ, у, й* дыбыстарының генезисін, даму жолын, өзгерістерін анықтауда белгілі ғалым Б.Сағындықұлының еңбегінің маңызы ерекше [105].

Түркі тілдеріндегі ерекше орын алатын консонанттардың қатарынан *қ/к, ғ/г, х, һ* дыбыстарынан тұратын *К* типтес фонемалар жүйесі де жатады. Зерттеушілердің пікірі бойынша бұл дыбыстар түркі тілдері дамуының ежелгі дәуірінде бір фонеманың аллофондары болған, яғни генезисі жағынан бір-біріне жақын, төркіндес дыбыстар ретінде қарастырылады [11, 105 б.]. Сондықтан да олар бір жүйеге топтастырылып жүр. Түркі тілдеріндегі кей тілдер көне консонантизмдерді пайдаланса, кей тілдер түрлі ықпалдарға байланысты өзіндік қасиеттерге ие болып, өзге тілдерден ерекшелене дамиды.

Тілдегі дыбыс жүйесі дамуының заңына лайық бір-біріне ұқсайтын дыбыстың бұрынғы аллофондардан бөліне отырып, жеке дыбысқа айналу үдерісінен өткен *К* типтес консонантизмнің бірімен-бірінің туыстық жағынан ұқсастығы болғанмен акустика, артикуляция жақтан өзара айырмашылықтары да бар екенін білеміз. Барлық тілдердің өзіндік даралығына сай сөздің соңында кездесетін *қ* дыбысы біршама өзгерістерге ұшырайды:

1) *қ ~ х* (як. - *атах, суох, ох*; хак. - *сох, ажах*; әзерб. - *ох, јох*; қаз. - *оқ, аяқ, жоқ*);

2) *қ ~ ғ* (әзірб. - *balig*; қаз. - *балық*);

3) *қ ~ ғ* (өзб. - *чийроғ*, қаз. - *шырақ*); *қ ~ ø* (чув. - *ура, чере, пуре*; қаз. - *аяқ, жүрек, бүйрек*). *қ~-х* сәйкестігін моңғол тілдерінің өз ішінен де таба аламыз (ескі моңғолдың тілінде -*ақа*, бүгінгі моңғолдың тілінде - *аха*; қазақша - *аға*).

Түркі тілдерінің кейбірінде *қ* дауыссыз дыбысы жасалымы жағынан біраз ерекшелеу. Мәселен, Э.Тенишев көрсеткеніне сәйкес ескі ұйғырдың, сары ұйғырдың тілдерінде бұл дыбыс қырылдап естіледі (*aqh*; "теки", қаз. - *ақ*).

К ~ х ~ й сәйкестігін, негізінен, әзербайжан диалектісіндегі батыстағы тобынан байқаймыз, мәселен: *malax // malaj* "ангел", *üzük// üzuj* "кольцо", *kurax // kuräj* "лопата".

К-нің *й*-ге ауысуы өзбек тілі диалектілерінде де кездеседі: *büläk/büläj* "точильный камень", *teräk // teräj* "тополь". *К* дауыссызының тұрақсыз дыбыс тобына жатауы бұл дыбыстың сөздің соңында элизияға ұшырап кетуінен нақты байқалады: түрік, тув., тоф. тілдерінде - *inek*, чув. тілінде - *ine ~ чув.* тілінде - *atä* әзерб. тілінде - *inak*; ~ тат. тілінде - *itäk*, қаз., ққалп. тілд.- *etik*,

ұйғ. тілінде –*ütük* "сапог". *К* дауыссыз дыбысы түркі тілдерінің көбінде сөздің ортасында өзінің табиғи қалпын сақтай алған: қаз., құм., ққалп., гаг., түрік, тілдерінде –*күкүрт*; татар тілінде – *күкәрт*; алтай тілінде – *күкүр*; қаз., құм., ноғ., түрік тілдерінде – *теке*, гаг. тілінде – *текә*, татар, әзерб. тілдерінде – *mākä* "козел". *К* дауыссыз дыбының дауысты дыбыстар ішінде ұяңданып кетуі қазақ тілінде де кездеседі, мәселен: қазақ тілінде – *egiz* ~ әзерб. тілінде – *akiz* "близнецы"; қазақ тілінде – *egin* ~ түрік тілінде – *ekin* "посев". *К* дауыссыз дыбысының дауысты дыбыстардың арасында ұяңданып кетуі чуваш тілінің өзінің ішінде де кездесіп отырады; *täkä* // *tägä* "баран", *äkän* // *ägän* "посев".

F (*γ*) – дыбысы тілдің түпкі жағы таңдайдың арт жағына тие отырып жасалатын ұяң ызың дыбыс [1, 60 б.]. *F* фонемасы бәсең айтылатын артикуляциялық дыбыс болған соң түркі тілдерінің фонетика салсында тұрақсыз дыбыстар тобына жатады. *F* дауыссыз дыбысы бүгінгі түркі тілдерінің көбінде сақталып қалған, мәселен: көне түркі тілінде, әзербайжан тілінде – *dağ*; хакас, ұйғыр тілдерінде – *tağ* "гора"; көне түркі тілінде, әзербайжан, хакас тілдерінде – *sağ* "здоровый"; көне түркі тілінде, ұйғыр, әзербайжан тілдерінде – *yağ* "масло"; өзбек тілдерінде – *buğ* "пар", көне түркі тілінде, шағатай, түрік, ұйғыр тілдерінде – *tuğ* "знамя"; әзербайжан, көне түркі, хакас, тува, тоф. тілдерінде – *azyğ* "клык, зуб"; сөздің ортасында: көне түркі тілінде, әзербайжан тілінде – *ağur*, ұйғыр тілінде – *eğir*, өзбек тілінде – *ogir* "тяжелый"; көне түркі тілінде, әзербайжан тілінде – *ağuz*, ұйғыр тілінде – *ağыз*, өзбек тілінде – *ogiz* "рот"; көне түркі тілінде – *ağыл* "загон для скота"; өзбек тілінде – *oğыл* "хлев, сарай для скота"; ұйғыр тілінде – *eğил*; көне түркі тілінде, әзербайжан тілінде – *bağur* "печень", ұйғыр тілінде – *bağир* "грудь"; көне түркі тілінде – *yoğan*, түркімен тілінде – *yoğин* "толстый"; көне түркі тілінде – *buğдай*, әзербайжан тілінде – *buğда* "пшеница". *F* дауыссыз дыбысы түркі тілдерінің көбінде *у*, *й* дыбыстарына ауысып келеді, мәселен: *ğ* ~ *у* – қазақ, татар, башқұрт, ққалп., ноғай, құмық тілдерінде – *tau* "гора" ~ *tağ*; *say* "здоровый" ~ *sağ*; қазақ, татар, башқұрт тілдерінде – *būu*, ққалп. тілінде *nūu* "пар" ~ *buğ*; қазақ, ққалп., құмық, ноғай, түркімен, өзбек тілдерінде – *sūu* "вода" ~ *суғ*; *ғ* – *й*: әзербайжан тілінде – *soyуқ* "холод" ~ *соғуқ*; қазақ, ноғай, құмық тілдерінде – *сыйыр*, татар тілінде *сыер* "корова" ~ *сығыр*. Кей тілдерде *ğ* дыбысы *г* дыбысына өзгереді: түрік тілінде – *big* "пар" ~ *буғ*; шор тілінде – *суғ* "вода" ~ *суғ*. *F* дауыссыз дыбысының тұрақсыз фонемалар тобына жататын бәсең артикуляциялық фонема екенін оның сөздің ортасында және сөздің соңында элизияға жиі ұшырап жататындығынан айқын көре аламыз. Мысалы: әзерб., түркім. тілдерінде – *дайы*; қырғ. тілінде *тай*, *тайике* "дядя со стороны матери" ~ көне түркі тілінде – *тағай*. Осындай үдерістің себебінен кей тілдерде *ğ* орнына созылыңқы дауысты дыбыстар айт ылады: қырғ. тілінде – *тоо*, шағатай тілінде *даа*, алтай тілінде *туу* – "гора" ~ *tağ*; алт., қырғ. тілдерінде – *буу* "пар" ~ *буғ*, қар.-балқ. тілінде – *буу* "олень" ~ *буғу*; якут тілінде – *уруу* "родство" ~ *уруғ*; тув., хак., шор., тоф. тілдерінде ~ *аас*, алт., қырғ. тілдерінде – *ооз* "рот" ~ *ағыз*.

Г (*g*) тілдің ортасы арқылы таңдайға қатты тиюінен пайда болатын шұғыл ұяң дабас [1, 58 б.]. *Г* фонемасы да бәсең артикуляциялық тұрақсыз дыбыстар тобына жататыды. Оны бұл дыбыстың түсіп қалуға және өзгеруге бейім тұруынан көруе аламыз. Мәселен, ескі түркі ескерткіштерінің тілінде *g* дауссызымен дыбысталатын біршама сөздер бүгінгі қыпшақ тілдері тобындағы *й* фонемасымен дыбысталады: *egin* "плечо" ~ қаз. тілінде – *йін*; *jigne* "иголка" ~ қаз. тілінде *йне*; *tügme* "пуговица" – қаз. тілінде – *түйме*; *ügür* "стадо" ~ қаз. тілінде – *үйір*. Қыпшақ тілдерінің тобындағы *g* дауыссыз дыбысы сөздің ортасында кездеседі, алайда сөздің соңында кездеспейді.

Х (*x*) – тілдің түпкі жағы мен таңдайдың артқы жағының жуысымынан пайда болатын спира́нт, увуля́р қатаң дыбыс [1, 62 б.]. Бұл фонеманың да акустикалық-артикуляциялық сипаты туралы пікірлер әртүрлі. *Х* дыбысы қазақ тілінде басқа тілдерден кірген сөздермен (араб, иран орыс,) тілдің дыбыс жүйесіне орналасқан деген ойлар бар. Шындығында, бұл пікір синхронды тұрғыдан дұрыс та, алайда басқа түркі тілдерімен салыстырсақ, әлі де анықталмаған, терең қарауды қажет ететін мәселе. Өйткені *қ* дауссызының жартылай ұяңға айналып, *х* дыбысына өзгеру үдерісін якут, чуваш, тува, хакас тілдерінде кездесетін көне түркі сөздерінен жиі кездестіреміз. Мәселен: хакас тіліндегі - *хулах* "ухо" ~ қазақ, құмық, қырғыз тілдерінде - *құлақ*, татар тілінде - *қолақ*; чуваш тілінде - *сухал* "борода" ~ қазақ, татар тілдерінде - *сақал*; чуваш тілінде - *суха* "воротник" ~ татар, ұйғыр тілдерінде – *йақа*. Түрколог И.Батмановтың пікіріне сәйкес, *х* дауссызының тува, хакас тілдерінің дыбыс жүйесінде пайда болуы ортағасырдағы *к* мен *къ*, *кь* дыбыстарының өзгерісі арқылы жүзеге асқан [79, 82 б.]. Зерттеуші Д.Чанков [106] *х* дауыссыз дыбысын хакас тіліндегі айрықша дыбыстар қатарына қосып, осы дыбыстың қазір тым жиі қолданысқа енгенін айтты. Өзбек тіліндегі диалектілерде *х* дауссызы позицияның барлығында кездеседі: *охиw* "читать", *тохиw* "ткать", әзербайжан тілінде де дауысты дабастар арасында *қ* ~ *х* сәйкестігін кездестіреміз: *йахын* "близкий" ~ татар тілінде -*йақын*, қазақ тілінде – *жақын*; *јаха* "воротник" ~ татар тілінде – *јақа*, сонымен бірге бұл үдерісті моңғол тілінің дереккөздерінен де кездестіре аламыз. Белгілі ғалым Б.Сағындықұлы: «...тарихқа белгісіз дәуірде ата тілде *х* дауыссызы болып, оның сарқыншағын кейбір алтай тілдері сақтап қалмады ма екен», – деген пікір айтады [105, 43 б.]. Олай болса *х* дыбысы қазақ тіліне жат емес, кей жағдайда *қ*, *х* дыбыстарының акустикалық вариант ретінде қолданылуында негіз бар деген сөз, әрі *х* дыбысының тек алтай тілдерінде ғана емес, кейбір оғыз тілдерінде де сақталғанын көріп отырмыз.

Кейбір түркі тілдерінде дауыссыздардың қосарлануы кездеседі. Бұл ыңғайда түрікмен әдеби тілінде, сол тілдің есарий диалектісінде, құмық тілінде мынадай фактілерді көрсетуге болады: түрікмен тілінде: **аррық** (арық), **чаррық** (кәрілік), **ыссы** (ыссы), **аччы** (ащы), **уллу** (ұлы), **гиччи** (кіші), **итті** (жіті), **қаққа** (қойнау), **қоччақ** (батыл). Нақ осы сияқты фактілер, бірақ ұяң дыбыстарды қабаттасуы, әзірбайжан тілінде кездеседі: **аддым**

(адым), **аддамач** (аттамақ), **саггыз** (сағыз), **эшшек** (есек), (бұл фактілер Н.К.Дмитриев еңбектерінен алынды). Осыған ұқсас фактілер қазіргі қазақ тілінде де ұшырайды: **аш-щы, тұщ-щы, тәті-ті, сәт-ті** т.б. олай болса, негіздер құрамында кей дауыссыздардың қосарлануы, басқа түркі тілдері сияқты қазақ тіліне де жат емес.

Н.Дмитриевтің айтуынша, басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, әзербайжан тілінде туынды етістіктер құрамында дауыссыздардың қосарлануы жиі ұшырайтын факті және ондай етістіктердің арғы түбі – еліктеуіш сөздер болып келеді: **заггыл** – **дамаг** (қазақ тіліндегі зықы, зықысы шықты – сөзімен байланысты болуы мүмкін), **гаггылдамаг** (қақылдамақ), **тапжылдамаг** (тыпылдау). Түркі тілінде: **ешшек, қашщұк** (қасық), **йүззүк** (жүзідік), **ашшағи** (төмен, төменгі жак), **аззык** (азық-түлік), **анне** (ана), **йассы** (жазық). Түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін құбылыс – екі, жеті, сегіз, тоғыз, отыз, елу – сан есімдердің қосар дауыссыздармен айтылуы: өкки, икки, эки, йетти, йедди, иетди, едди. Якут тілінде – **сэтте, секкиз, сеггиз, сәккиз**; өзбек тілінде – **түкқиз, тоқкуз**; түрікмен – **доққуз**; әзербайжан – **доғғуз, орттуз, оттыс, еллиг, элли**. Түркі тілдерінің қайсысымен салыстырғанда да сөз құрамында қосар дауыссыздарды жиі қолданатын тіл – чуваш тілі. Чуваш тілінде: **сукқыр** (соқыр), **анне** (ана), **атте** (ата), **кукка** (көке), **каччы** (күйеу), **чече** (шешек), **шакка** (есік қағу, қағу) тәрізді сөздердің түбірінде дауыссыздардың екі дауысты аралығында қосарланып келуі әдеттегі құбылыс. Сол сияқты бірден онға дейінгі сан есімдердің қосарланған дауыссыздармен айтылуы да әдеттегі құбылыс: **перре, икке, виссе, таватта, пиллек, ултта, сичче, саккар, таххар, вунна**. Алайда чуваш тілінде қосарланған дауыссыздардың жиі айтылатыны – түбір мен қосымша шегінде. Оларды алдыңғы топтан бөліп, белгілі дәрежеде морфологиялық мән алған құбылыс деп қарауға болар еді. Чуваш тілінің мамандары дауыссыздардың қосарлануының мына тәрізді түрлерін көрсетеді:

1. Екі буынды зат есімдердің ілік, барыс септікте қосар дауыссызбен айтылуы: **ваййан** (ойынның), **сассен** (пышақтың), **куллен** (көлдің), **ваййа** (ойынға), **сессе** (пышаққа), **күлле** (көлге);

2. Сондай сөздер тәуелдік жалғаумен (үш жағы да), көптік жалғаумен келгенде: **саввам** (менің әнім), **савву** (сенің әнің), **савви** (оның әні), **саввамор** (біздің әніміз);

3. Дауыссыз не қысаң дауыстыға аяқталған сын есімдер мен салыстырмалы шырай – **рах** тұлғасымен келген сын есімдер тәуелділіктің III жағы **и** қосымшасы жалғанғанда: **пысак** (үлкен), **пысакхи** (сол үлкен), **лайахрах** (жақсырақ) – **лайахраххи** (сол жақсырақ, сол тәуірлеу);

4. Тәуелділіктің III жағы – **и** қосылғанда мына тұлғалардың соңғы дыбысы қосарланады: осы шақ есімшесі – **аккан** (екен) – **сыраккан** (жазушы) – **сыраканни**; келер шақ есімшесі – **ас** (ес), оның болымсыз түрі – **мас** (мес), **пулас** (болар болатын), **пуласси, пулмас** (болмас, болмайтын),

пулмасси. Өткен шақ есімшесінің болымсыз түрі – **ман** (мен) – **варанмен** (оянбас, оянбайтын), **варанманни**;

5. Осы шақ, көпше III жақта барлық етістіктер қосар **с** дауыссызымен айтылады. (Болымды түрде де, болымсыз түрде де); **пуранассе** (тұрады, тіршілік етеді), **пуранмассе** (тұрмайды), **шухашласса** (ойлайды), **шухашламассе** (ойламайды), **хепертемессе** (қуанбайды);

6. Жекеше, көпше, II жақта өткен шақ етістіктері қосарланған **т** дыбысымен айтылады: сапасаттам (соғысты); осы шақта айтылған қалау рай етістіктері де **т** дыбысымен айтылады: **пуслаттам** (мен бастар едім);

7. **Малла** (мелле) есімше тұлғасы барлық уақытта қосарланған **л** дыбысымен айтылады; бағытты білдіретін бірсыпыра үстеулер де қосарланған **л** дыбысымен айтылады: келелле (үйге қарай), **хуланалла** (қалаға қарай), **ялалла** (деревняға қарай), **лерелле** (солай қарай), **вараралла** (отызға қарай), **ситмелелле** (жетпіске қарай), **купталла** (осылай қарай), т.б. Бұлардың бәрі барыс септігі негізінде қалыптасқан үстеулер;

8. Жинақтық сан есімдерден жасалған үстеулер құрамында түбірдегі дауыссыз қосарланады: **печчен** (жалғыздап), **иккен** (екеулеп), **виссен** (үшеулеп), таваттық (төртеулеп), **пилеккен** (бесеулеп), улттан (алтаулап), **сиччен** (жетеулеп), саккаран (сегіздеп), **таххаран** (тоғыздап), **вуннан** (ондап). Бұл айтылғандар чуваш тілінде түбір мен қосымша негізінде немесе қосымшаның әсерімен түбірде болатын дауыссыз дыбыстардың қосарлануының негізгі түрлері ғана. Бұлардың бәрі белгілі бір фонемалық тұрғылармен байланысты болып, сол морфеманың дыбыстық айырмашылығы ретінде ұғынылады [91].

Түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың екі дауыстының арасында «сына» элемент ретінде қызмет атқаруы кең таралған әрі жүйелі құбылыстардың бірі болып саналады. Алайда мұндай позицияда кез келген дауыссыздың бірдей қолданыла бермейтіні белгілі. Осыған байланысты А.Щербак «сына» қызметін атқаратын дауыссыздар қатарына **р, ш, с, й** дыбыстарын жатқызады [60]. **Й** сына дыбысының қолданылуы көне түркі тілінің материалдарынан анық байқалады. Аталған тілдік кезеңде жіңішке дауыстыдан басталатын сөздердің құрамында сол жіңішке дауыстының алдынан **й** сына дауыссызының айтылуы қалыпты құбылыс болған. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде бұл жүйені барынша дамытқан тіл ретінде қарашай тілі ерекшеленеді.

Көне түркі тілінде **й** сынасының қызметін мынадай лексемалар арқылы байқауға болады: *йумуртқа* (бірқатар алтай тілдерінде *умуртқа, умұқта*), *йығач, йамрақ* (сүйікті), *йем* (ем), *йыгла* (жыла), *йыра* (қашу, *ыра қашу*), *йіг* (ауыру), *йідіз* (биік), *йіл* (іл, ілу), *йінічке* (жіңішке). Ал қарашай тілінде бұл құбылыс келесі сөздерде көрініс табады: *йешек* (елік), *йөгүз* (егіз), *йүч* (үш), *йетгйөр* (өткір), *йүй* (үй), *йуренир* (үйрену), *йер* (эр). Қарашай тілінде **й** сынасының қолданылатын орны тек сөздің абсолют басымен ғана шектелмей, сөз ортасында ерін дауыстыларының алдынан да байқалады, мысалы: *сйоз*.

Гагауыз тілінде де **й** сына дыбысы бірқатар сөздерде қолданылады: *йем* (ем, емшек ем), *йең* (ең, ең алды), *йүрк* (үрк, үрку). Қарақалпақ тілінде, сондай-ақ қазақ тілінде де **й** сына дыбысы **е, о, ө** дауыстыларының алдынан естіліп отырады. **Й** сына дыбысының мұндай қызметі басқа да түркі тілдерінде кездеседі. Осы тұрғыда оғыз тілдеріндегі сөз ішіндегі **й** дыбысының қолданылуын атап өту қажет. Мәселен, түрік тілінде *йазмайыңыз* (жазбаңыз) – *йаз-ма-й-ыңыз*, *бабайы* (әкесі) – *баба-й-ы* сияқты тұлғалар бар. Сонымен қатар бұл тілдерде осы шақ есімшенің –*йор* тұлғасы **й** дыбысымен айтылатынын да қосу керек. Мұндай құбылыстың ізі ескі түркі, яғни орта ғасырлық түркі тілінде де байқалады: *сайрайур* (сайрайды) – *сайра-й-ур*, *сөзлейур* (сөйлейді) – *сөйлей-ур* және т.б.

Р, ш дыбыстарының сына ретінде қолданылуы көбіне топтау сан есімдерінің құрамында, түбір мен қосымша шегінде, яғни дауыстыға аяқталған түбір мен дауыстыдан басталатын қосымшаның арасында жүзеге асады. Мысалы, орта түркі тілінде *іккірер* (екеуден), *алтырар* (алтаудан) тұлғалары кездессе, татар тілінде *ікішер* (екеуден) формасы қолданылады. Ұйғыр тілінде **р** дыбысы дауыстыға аяқталған сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанған кезде айтылады: *тохо-р-ум* (тауығым), *дүниары* (дүниесі). Ал **с** дыбысының сына ретінде қолданылуы көбінесе түбір мен жалғаудың аралығында көрінеді. Бұл құбылыс, әсіресе, қазақ тіліндегідей тәуелдіктің үшінші жағы тұлғаларында жиі ұшырасады: *бала-с-ы* [60].

Қырғыз тілінде бір дыбысы алмасқан варианттарда дыбыстардың альтернациясы бір түрлі емес. Оларды: а) дауыссыз дыбыстың дауыссызға алмасуы, ә) дауысты дыбыстың дауысты дыбысқа алмасуы, б) дауысты дыбыстың дауыссызға және дауыссыз дыбыстың дауыстыға алмасуы бойынша сипаттап, бөлуге болады.

а) Дауыссыз дыбысы дауыссыз дыбысқа алмасқан немесе шартты түрде С>С типіндегі варианттық формалар қырғыз тілінде молынан ұшырасады. Сөздіктердің материалдарын талдау көрсеткендей, олар бір дыбысы альтернацияланған варианттардың өте үлкен үлесін түзеді. Мұндай варианттарда дыбыстардың алмасуы түрлі позицияларда: сөз басында да, сөз ортасында да, сөз аяғында да бола береді. Дауыссыз дыбысы дауыссыз дыбысқа алмасқан варианттарға төмендегілерді мысалға келтіруге болады: **б>в (в>б)** алмасулары: *набыт=навыт*, *парбана=парвана*, *абаз=аваз* (уккулуктуу маанисинде), ж.б.; **б>м (м>б)** алмасулары: *берт=мерт*, *бертин=мертин-*, *маркабат=маркамат*, *баңги=маңги*, *дубана=думана*, *жылмыш=жылбыш*, т.б.; **б>п (п>б)** алмасулары: *борум=порум*, *барбардигер=парбардигер*, *бапик=папик*, *бешене=пешене*, *баланча=паланча*, *шыпаа=шыбаа*, т.б.; **б>ч (ч>б)** алмасулары: *эбаккы=эчаккы*, *эбак=эчак*, т.б.; **г>й (й>г)** алмасулары: *табигат=табият*; **г>к (к>г)** алмасулары: *эртеги=эртеки*, *гаухар=каухар*, *үстүбүздөгү=үстүбүздөкү*, *алаңғазарлық=алаңқазарлық*, *ғана=кана*, *кечиеги=кечиеки*, *кыйгас=кыйкас*, т.б.; **г>м (м>г)** алмасулары: *тоғолон=томолон*, *түргөк=түрмөк*, *тоғолок=томолок*, т.б.; **г>т (т>г)** алмасулары: *ыңғай=ыңтай*; **д>ж (ж>д)** алмасулары: *идара=ижара*,

санжырга=сандырга, т.б.; **д>к (к>д)** алмасулары: депкир=кепкир; **д>т (т>д)** алмасулары: дамамат=тамамат, дандыр=тандыр, допу=топу, дабыш=табыш, эзелден=эзелтен дудар=дутар, т.б.; **ж>з (з>ж)** алмасулары: манес=мазес, жабыр=забыр, т.б.; **з>с (с>з)** алмасулары: зардек=сардек, зым=сым, зубала=субала, мунапыз=мунапыс, муназа=мунаса, залака=салака, т.б.; **й>р (р>й)**: былыгый=былыгыр, саргай-=саргар-, карай-=карар- ж.б.; **к>ң (ң>к)**: тайпак= тайпаң, жалтак=жалтаң, бұл түрдөгү дыбыстык альтернациялар көбінесе бейнелеуіш сөздердің варианттарында ұшырасады: болпок=болпоң, саксалак=саксалаң, тайтак=тайтаң, тарталак=тарталаң, тыртак=тыртаң, ыржак=ыржаң, ырсалак=ырсалаң, түйтөлөк=түйтөлөң ж.б.; **к>т (т>к)** алмасулары: какыр=такыр, кезмек=кезмет, т.б.; **к>ч (ч>к)** алмасулары: чокмор=чочмор, чака-=чача- (тамакка), өңкөй=өңчөй, тырмоок=тырмооч, т.б.; **к>х (х>к)** алмасулары: алкамдуу=алхамдуу, акыбал=ахыбал, кан=хан, курма=хурма, каныша=ханыша, кандык=хандык, чайкана=чайхана, ыракмат=ырахмат, калиф=халиф, т.б.; **л>н (н>л)** алмасулары: үстөмөл=үстөмөн, оорукчан=оорукчал, т.б.; **л>р (р>л)** алмасулары: даңгыл=даңгыр: жол, илеге=иреге, болукшу-=борукшу-, мукул=мукур, т.б.; **м>н (н>м)** алмасулары: канабайрам=канабайран, башмалдак=башмандак, көгүлжүм=көгүлжүн, түркүм=түркүн, т.б.; **п>м (м>п)** алмасулары: укпамыш=укмамыш, кыпындай=кымұндай, т.б.; **с>ш (ш>с)** алмасулары: кесте=кеште, сорпо=шорпо, т.б.; **ч>ш (ш>ч)** алмасулары: чакмак=шакмак (тамызгы), ичтей=иштей (тамакка), т.б.; **д>л (л>д)**: алда=алла, бысмылда=бысмылла, иллалда=иллалла, кулкувалда=кулкувалла. **д>л (л>д)** дыбыстарының альтернациясы арқылы сипатталган варианттар кыргыз тилиндегі бірден дауыссызы алмасқан варианттардың арасында өте көп ұшырасады. Бұл көрініс аягы **р** дыбысымен аякталган сөзге зат есім тудырушы **-лык (-дык)**, сын есім тудырушы **-лаш (-даш)**, **-луу (-дуу)**, **-лык (-дык)**, етістік пен оның түрлі формаларын тудырушы **-лан (-дан)**, **-ла (-да)**, **лоо (-доо)** сияқты варианттық қосымшалардың жалғануынан пайда болған сөздердің екі вариантының тең бірдей қолданылуына кыргыз тілінің нормасында жол берілгендігімен түсіндіріледі. Мысалы: баатырдык=баатырлык, айлакердик=айлакерлик, дилгирдик=дилгирлик, боорукердик=боорукерлик, кежирдик=кежирлик, ишкердик=ишкерлик акционердик=акционерлик, чебердик=чеберлик, каардуу=каарлуу, базардуу=базарлуу, актердук=актерлук, календардык=календарлык, аярда=-аярла-, ызгаардуу=ызгаарлуу, жакырдан=-жакырлан-, шордо=-шорло-, даярдоо=даярлоо, түрдөнүү=түрлөнүү, борбордоштур=-борборлоштур-, т.б. [92].

Көріп отырғанымыздай, бір дауыссыз дыбысы алмасқан варианттарда алмасқан дыбыстардың диапазоны барынша кеңейеді. Мұндай варианттарда дыбыстардың өзара алмасуы таза кездейсоқтық емес екенін бағамдауға болады. Алмасқан дыбыстардың артикуляциялық-акустикалық сипаттарының бірі не бірнешеуі (мысалы, жасалу орны, жасалу әдісі, үн менен шуылдың қатысы, қатаң/ұяң оппозициясы) бойынша белгілі дәрежедегі жалпылық, жақындыққа ие. Ал енді статистикалық жақтан

алатын болсақ, сөздіктердің материалдары көрсеткендей, $C > C$ типіндегі варианттардың арасында саны жағынан өте көбі $д > л$ ($л > д$) дыбыстарының алмасуынан пайда болған варианттар болып саналады. Оның себептері жоғарыда белгіленіп кетті. Одан кейін $б > п$ ($п > б$), $з > с$ ($с > з$), $г > к$ ($к > г$), $к > х$ ($х > к$) дыбыстарының алмасуымен ерекшеленген варианттар да молынан кездеседі. Мұндай жағдайда бірден варианттық қатар тудырған дыбыстардың алмасулары да бар. Бірақ айта кететін нәрсе, бұл жерде орфографиялық варианттар ғана алынды, ал енді орфоэпиялық варианттардың, нормативті емес варианттардың бар екенін еске алсақ, олардың саны артығырақта болуы мүмкін.

Дауыссыз дыбысы дауысты дыбысқа алмасқан не дауысты дыбысы дауыссыз дыбысқа алмасқан варианттар ($C > V$ не $V > C$ типіндегі варианттар. Қырғыз тіліндегі айырым варианттық қатарлардың сыңарлары фонетикалық құрамындағы дауыссыз дыбыстың дауысты дыбысқа не керісінше, дауысты дыбыстың дауыссыз дыбысқа алмасуы арқылы ажырайды.

Зерттеуші К.Сейдакматов мұндай типтегі варианттарды өзінше, нақтылап айтқанда, дауыссыз дыбысы дауысты дыбысқа алмасқан варианттар және дауысты дыбысы дауыссыз дыбысқа алмасқан варианттар деп бөліп қараған [85, 17 б.]. Біз оларды бір типке кіргіздік. Себебі варианттық формалар параллель орын алып, лексика-семантикалық, морфологиялық және функционалдық тұрғыда бірдей болғандықтан, алмасқан дыбыстардың бірін анықтаушы қатарын алдыңғы планға шығару тура емес. Дауыссыздың дауыстыға алмасуы мен дауыстының дауыссызға алмасуы бір қатарда, параллель қаралады. Рас, варианттық қатарлардың диахрониясына, пайда болу мезгіліне, орын басу ретіне қарай зерттеуге алғанда, жоғарғыдай типтерге бөлу шартты сипатқа ие екенін ескерте кетуге болады.

Қырғыз тілінде $C > V$ ($V > C$) типіндегі фонематикалық варианттар санаулы ғана. Оларға төмендегі варианттық сыңарларды кіргізуге болады: **й > и** (**и > й**): *йод = иод, йоддолгон = иоддолгон, валериана = валерьяна (валерьяна)*.

К.Сейдакматов бұл типтегі варианттарға, басқаша айтқанда, дауыстының дауыссызға алмасуынан ($V > C$) пайда болған варианттарға *куу + ар = кубар, туу + ар = тубар* (кой) деген фактілерді де кіргізген [85, 17 б.]. Біздің пікірімізше, бұл қатарлардың сыңарларын синхрондық жақтан алып қарағанда, варианттар деп есептеуге болмайды. Себебі олар *куу-*, *туу-* етістіктеріне есімдіктің – *ар* қосымшасын жалғау арқылы ғана пайда болған формалар. *Кубар* есімдік мағынасын сақтап қалса, *тубар* тілдің тарихи дамуында алдымен субстантивтеніп, онан соң грамматикалық категориясын өзгертіп, зат есімге айналып кеткен. Екіншіден, *куу + ар* не *туу + ар* вариант қатары *тубар, кубарға* параллель қолданылмайды.

Дауыссыз дыбыстың дауыстыға не дауысты дыбыстың дауыссыз дыбысқа алмасуында жалпы ұқсастық, заңдылықтар бар екенін көрсету қиын. Оларды байырғы кездегі тілдік, фонетикалық құбылыстардың

калдыктары катарында түсіндіру ықтимал деген болжам айтуға болады [107. 33 б.].

ә) Бір дыбысы екі дыбысқа алмасқан фонематикалық варианттар.

Қырғыз тілі бойынша сөздіктердің материалдарын талдауға алуда айырым варианттық қатарлардың сыңарларының бірінде бір дыбысы басқа сыңарда екі дыбыспен алмасқан фактілер де бар болып шықты. Бұларда альтернацияланған бір дыбыс дауысты да (V), дауыссыз да (C), екі дыбыс дауысты+дауысты (VV), дауысты+дауыссыз (VC), дауыссыз+дауысты (CV), дауыссыз+дауыссыз (CC) комплекстері түрінде екені байқалды. Айта кететін нәрсе, бір дыбыспен алмасқан екі дыбыс контактылы не жаңаша позицияда тұрған жағдайлар алынды. Варианттардың бірінде бір дыбысы басқасында екі дыбыс, нақтылап айтқанда, екі дыбыстың комплексі менен алмасқан жағдайлар төмендегілер: **C>VC (VC>C)** алмасулары: *кокустан=кокусунан*; **C>CV (CV>C)** алмасулары: *жапан=жапайы, мокой=мокочо, ичек=ичеги, т.б.*; **V>CV (CV>V)** алмасулары: *лаппай=ля(йа)ппай, чүңөлөк=чүңгүлөк, оксиморон-оксю(йу)морон (адаб.), марли=марля(йа), маркер=маркө(йо)р, атаа-атаны (сырд.)*; **V>VC (VC>V)** алмасулары: *толгоо=толгок, сыноо=сынак, кудаа=кудай, шүйшүн=шүүшін, өйдө=өөдө, бөйдө=бөөдө, өөдүк-сөөдүк=өйдүк-сөйдүк, улуу=улук, өөдөлө=өйдөлө, соо=сак, чыргоо=чыргай, кайкы=кайкак, т.б.*; **C>CC (CC>C)**: *мыжы=мыкчы, кайсала=кайсакта-, көчмөлүү=көчмөндүү, т.б.*

б) Бір дыбысы үш дыбысқа алмасқан фонематикалық варианттар.

Қазіргі ұлттық қырғыз әдеби тілінде дыбыстардың альтернациясы формалық айырмашылықтарды жасаған варианттық қатарлардың арасында аз да болса сыңарлардың бірінің дыбыстық түзілісіндегі бір дыбыс басқа формасында үш дыбыспен алмасқан фактілер кездеседі. Мұндай алмасуларда бір дыбысты алмастырған үш дыбыс жаңаша позицияда келеді. Көбінесе варианттардың бірінің дыбыстық құрамындағы созылыңқы дауысты басқа сыңарында VCV типіндегі дыбыстық комплекспенен алмасқан. Бұл түрдегі алмасулар, негізінен, сөз ортасындағы позицияларда ұшырасады. Бір ғана қатарда сөз соңындағы позицияда алмасуын байқадық: **V>VCV (VCV >V)** алмасулары: *жааннам=жаханнам, митаам=митайым, жамаат=жамагат=жамия(йа)т, доогер=добогер, доош=добуш, көзөөч=көзөгүш, канаат=канагат, маала=махала, насаат=насыя(йа)т, мубарек=маарек, сынаа=сыпайы, сынаагерчилик=сыпайыгерчилик зиен=зейин, т.б.* [85].

Мұндай варианттарда созылыңқы дауыстыны алмастырған үш дыбыстан тұрған комплекстер **VйV, VгV, VбV** және **VxV** түрінде болатыны көрініп тұрады.

Бір дыбыстың үш дыбысқа алмасуының басқа жағдайлары: **C>CVC (CVC >C**: *быйпыгый=быйпык, чертигий=чертик.*

в) Екі дыбысы алмасқан варианттар.

Қырғыз тіліндегі екі дыбысы алмасқан варианттарды талдап көрген соң, оларда алмасқан дыбыстар дауыстылар да, дауыссыздар да болатыны,

сөзде иеленген позициясына карай контактылы да, дистактылы да дыбыстык алмасулар орын алатыны байқалды.

Қырғыз тілінде екі дыбысы алмасқан варианттар екі және одан ашық буыннан тұрған сөздер болып саналады. Олардың арасында екі дауысты дыбысы алмасқан варианттар салыстырмалы түрде молырақ ұшырасады. Бұл қырғыз тілінде сингармонизмнің күшті болуымен байланысты. Сөздің басқы буынындағы дауыстыға қарай кейінгі буынындағы дауысты да үндесіп алмасқан. Мысалы, *дабыш* = -*добуш*, *ирең* = *ыраң* ж.б. Бірақ бұл абсолютті емес, үндеспей алмасқан дауыстылар да кездеседі: *жароокер* = *жаракөр*, *картошка* = *картөшкө* ж.б.

Контактылы позициядағы екі дыбысы алмасқан варианттар. Варианттың бірінде қатар келген дауыссыз+дауысты комплексінің басқа вариантта да дауыссыз+дауысты комплексімен алмасуы не **CV>CV** типіндегі алмасулар: *момпосуй* = *момпозий*, *тараптар* = *тарапкер*, *жышкыла* = *жышмала* ж.б.

VC>VC типіндегіне қатар келген дауысты+дауыссыз комплексінің дауысты+дауыссыз комплексіменен алмасуы: *замбар* = *замбил*, *кенаф* = *кенеп*, *кежир* = *кежиел* т.б.

CC>CC типіндегі алмасулар не варианттық сыңарлардың бірінде қатар келген дауыссыз+дауыссыз комплексінің басқа вариантта да дауыссыз+дауыссыз комплексіменен алмасуы: *жарамдуу* = *жарактуу*, *араздашуу* = *арасташуу*, *жадагалса* = *жадаганда*, *абдаары* = *апкаары*, т.б.

CV>VC (VC>CV) типіндегі алмасуларда дауыссыз+дауысты комплексі дауысты+дауыссыз комплексіменен алмасып, варианттар пайда болған: *мурда* = *мурун*, *кайрыдин* = *кайирдин*, *эгерде* = *эгерим* (эч качан маан.) т.б. [83].

Дистактылы позициядағы екі дыбысы алмасқан варианттар. Мұнда жаңаша емес, дистактылы позицияда тұрған дауысты, дауыссыз дыбыстардың комбинациялары алмасып, варианттарды ажыратқан.

V...V>V...V типіндегі алмасулар менен ажыратылған фонетикалық варианттарға төмендегілерді кіргізуге болады: *ботинка* = *батинке*, *бұлка* = *бөлкө*, *дабыш* = -*добуш*, *директор* = *деректир*, *буткул* = *быткыл*, *камзол* = *кемзел*, *жароокер* = *жаракөр*, *дөөпөрөс* = *дөөперес*, *картошка* = *картөшкө*, *парзант* = *перзент*, *ирең* = *ыраң*, *мешок-мүшөк*, *шоолдо* = *шуулда*-, *эңкей* = *өңкөй*-, *чумку* = *чүмкү*-, *ыпча* = *эпчи* т.б.

C...V>C...V дыбыс алмасулар жолымен жасалған варианттар: *жогдор* = *жовдар* (төөнүн жүнү), *мардикер* = *мандыкер*, т.б.

C...C>C...C алмасулары орын алған варианттарға төмендегілерді мысалға келтіруге болады: *зарар* = *залал*, *алааган* = *алаанак*, *кабааган* = *кабаанак*, *үзөөгөн* = *үзөөнөк*, *үлкүнчөк* = *үлбүрчөк* ж.б.

г) Үш дыбысы алмасқан варианттар.

Қырғыз тілінде үш дыбысы алмасқан варианттар өте сирек кездеседі. Дыбыстардың алмасуының бұған дейін белгіленіп кеткен жағдайлары сияқты, үш дыбысы алмасқан варианттық сыңарларда да алмасу контактылы және дистактылы сипаттағы дауысты және дауыссыздарда болуы мүмкін.

Дауысты дыбыстары алмасқан варианттарда, әдетте, дауыстылар дистактылы позицияда не V...V...V түрінде орын алады, мысалы, *қаңылжаар=кеңилжиер*, *бутылка=бөтелкө*, *ыдырғы=удургу-*, *тегерек=төгөрөк*, *дабышта=-добушта-*, *купкалоо=күпкөлөө*, *машиналап=машинелеп*, т.б. Байқалып тұрғандай, бұл жағдайларда да дауыстылар сингармонизм құбылысына лайық, үндесіп алмасады.

Үш дауыссыз дыбыстың алмасуымен айырмаланған варианттарды ұшырата алған жоқпыз.

4-5 дыбысының алмасуымен айырмаланған варианттар қырғыз тілінде бірді-екілі ұшырайды, ондайлар тақыр-таза жоқ деп айтуға болмайды: *тегеректе=-төгөрөктө*, *абалтадан=оболтодон*, *абалкысын=оболкусун*, *дарткам=даттикем* [85].

Прогрессивті ассимиляция кейінгі дауыссыздың алдыңғы дауыссызға бейімделуімен пайда болады, мәселен, н+л > нн: аран “сарай” – аран+лар (> араннар) “сарай”; кьатын “женщина” – кьатын+лар (> кьатыннар) “женщины”; чобан «пастух» – чобан+лар (> чобаннар) «пастухи».

Ассимиляцияға жартылай ұшыраудан: нь+л > ньн: бенълер (> бенънер) «родимые пятна»; манълай (> манънай) «лоб»; чанълар (> чанънар) «звонки»; анъламакъ (> анънамакъ) «понимать»; енълер (> енънер) «рукова».

Мұрын жолы дауыссыз дыбысы өзінен кейін келетін еріндік б дауыссызымен өзара ықпалдаса алатын дауыссыз дыбыстардың ерін үндестігінің кейінді ықпалы түрінде таралуы аз: н+б > мб: анбар (> амбар) “склад”; занбакъ (> замбакъ) “лилия”; тенбель (> тембел’) “лодырь”; он бир (> омбър) “одиннадцать”.

Қатаң дауыссыздардың регрессивті ассимиляцияға ұшырауы ұяң дауыссыздардың үндесіміне қарағанда қырым татарлары тілінде басымдыққа ие болады: тузсуз (айтылуы туссуз) «не соленный»; язмазсынъ (> язмассынъ) «ты не напишешь»; бармазсынъ (> бармассынъ) «ты не пойдешь».

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде дауыстылардың үндестігімен қатар, белгілі бір тілдерде өзіне тән ерекшеліктерімен көрінетін дауыссыз дыбыстардың үндестігі де бар екені белгілі.

«Дауыссыздар үндестігі» және «дауыссыздардың дауыстылармен үндесімі» деп аталып жүрген тіл фактілері түркологияда ассимиляция құбылысы болып есептеледі.

Ғ.Айдаров көне жазбалар тілінде дауыссыздардың қатаң/ұяң болып ықпалдасуы ол дәуірде әлі жүйеленбеген, әлі дамудың бастапқы сатысында болған деген пікір айтады [108, 72 б.].

Дегенмен, бұған қарамастан, дауыссыздардың қатаң-ұяң белгілері бойынша үйлесімі көршілес екі дауыссыздың шеңберінде прогрессивті және регрессивті ассимиляция түрінде әрекет етіп отырған.

А.Кононовтың еңбегі бойынша дауыссыздардың ілгерінді ықпалына мысал келтірейік: *türütka* –Тибетке, *taşqa* – тасқа, *kün batsiqina*– күн батысқа, *tökti*– төкті, *tabıaşqa* –табғачқа, *bodun boızi*–халықтың тамағы,

oғuzdantan–оғуздардан, qırqızda– кыргыздан, ebgärü – үйге (карай) [109, 68 б.].

Ғ.Айдаровтың көрсетуінше, сонор «р», «л», «м», «н» дыбыстарының қатаң сыңарлары болмағандықтан ұяңдармен де, қатаңдармен де тіркесіп келе береді [108, 24 б.].

Соңғы дыбыстары сонор «л», «г», «м», «н» болып келетін негіздер «t», «q», «k» дыбыстарынан басталатын қосымшаларды қабылдайды: qiltim – я сделал, bolti – он стал, körti – он увидел, bertim – я дал, jılqa – в год [109, с.68]; bizinte – с нами, kelti – пришли [109, с. 50]; äkinti – второй [109, 24 б.].

Сонор дауыссыз «г» дыбысына аяқталатын bar- етістігіне тек ұяң дауыссыздар ғана жалғанады: bardim, dardiŋ, bardı, barduq, barzin және т.б. [109, 68 б.].

Ұяң дауыссыздардың кейінді (регрессивті) ықпалына мысалдар: jaratitdim > jaratiddim > jaratidim > jaratdim – я приказал соорудить; bititdim > bitiddim > bitidim – я поручил написать; jökgärü > jöggärü > jögärü – вверх [109, 71 б.].

Чуваш тілінде кең таралған прогрессивті ассимиляциямен қатар, регрессивті ассимиляция да кездеседі.

1) орфографияда көрініс таппаған ызың дауыссыздың қатаң түрінің ұяңмен алмасуы. Соңғы дауыссыз дыбыс, сөздің ұяңға өзгерген кезінде ұяң дыбысталады. Мысалы: акәр (агәр) – сейте, упа кураккө (уба кураге) – папоротник, сапәр (п=б) – поливайте, сап – поливай, пар – дай, ан пар (п=б) – не давай, ан парәр (анбарәр) – не давайте, парать – дает, ёс – работа, ёсе тух (ёзедух) – выходи на работу, ус – открывай, усәр (с=з) – открывайте, сут – продай, сутать (т=д) – продает, пух – собирай, пухать (х=г) – собирает и т.д.

2) қатаң «т» дыбысына аяқталатын зат есімге 3-жақ тәуелдік жалғауы «ё»жалғанғанда қатаң «т» дыбысының ұяң «ч» дыбысымен алмасуы байқалады: хут – бумага, хучё – его бумага, ят – имя, ячё (ч ұяң) – его, ее имя, турат – ветвь, йывақ турачё – ветвь дерева и т.д.

3) -л, -н, -р негізді етістіктерге 3 жақ жекеше және көпше жалғау жалғанғанда ұяң «т» дыбысы ұяң «ч» дыбысымен алмасады: ватәлтәм (т ұяң)– я состарился, ватәлчё, ватәлчёс (ч ұяң) – они состарились, он состарился, килчё – он пришел, килтём – я пришел [110, 214-215 бб.].

Осы келтірілген мысалдарды саралай келіп мынандай қорытынды жасауға болады: дауыссыз дыбыстардың үндесімі басқа түркі тілдеріне қарағанда чуваш тілінде біршама өзгеше түрде көрінеді, яғни бұл тілде қосымшадағы дауыссыздың түбірдегі дауыссызға бейімделуі байқалмайды.

Түркімен тілінде сөзге қосымша жалғанғанда, сондай-ақ екі дербес сөзді біртұтас қылып айтқанда ауызекі сөйлеуде қосымшаның, демеудің немесе екінші дербес сөздің бастапқы дыбысының алдыңғы сөздің соңғы дыбысына артикуляциялық жағынан жуықтауы көрінеді, мысалы: mennen = menden, атым ма:r (=атым bar), berçek-gә:l (=berçek дәл) және т.б. [111, 39 б.].

Түркімен тілінде дауыссыз дыбыстардың ассимиляция құбылысының кеңінен тараған мынандай түрлері бар: attan (=atdan), ettim (=etdim), kitaptan (=kitapdan), cerekten (=cerekden), jassa (=jazsa), mennen (=menden), onno (=onda), atym ma:r (=atym bar); gelli (=geldi), bizze (=biz-de); gelçek-gəl (gelçek dəl), turug gitti (=turyp gitdi); geşti (=gecdi), agaştan (agacdan) [111, 39-40 бб.].

Гагауз тіліндегі бірқатар қосымшалар ұяң және қатаң болып екі вариантта келетіндіктен дауыссыздардың үндестік заңы содан көрінеді. Соңғы дыбысы дауысты немесе ұяң дыбысты болса, онда қосымшаның ұяң варианты жалғанады да, егер негіз қатаң дыбысқа аяқталса, онда қосымшаның қатаң варианты тіркеседі. Гагауз тілінде бұл қағида қатаң сақталады. Мәселен: ал-ды «алды», ат-ты «атты, лақтырды», йавашча «баяу», ев-дә «үйде», балыкчи «балықшы», йазыжи «жазушы», т.б. [111, 77 б.].

Гагауз тіліндегі сингармонизмнің маңызды көрінісі тіл алды жіңішке дауыстылармен келген сөздерде дауыссыздардың жіңішкеленіп айтылуы, өзге түркі тілдеріне қарағанда, айрықша көзге түседі. Сөйтіп, төмендегі: бир – бір, вер – бер, бис – біз, ек – буын, беш – бес, ип – жіп, һен – ең, ел – қол, седеф – інжу, ев – үй деген сөздердегі соңғы дауыссыздар өте жіңішкеленіп айтылады [111, 78 б.].

Әзербайжан тілінде де, өзге түркі тілдеріндегідей, дауыссыздардың үндестік заңы қосымшалардың алғашқы дауыссызы негіздегі соңғы қосымшаға бейімделеді, яғни егер негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, қосымшаның бастапқы дыбысы да ұяң болады: аз-гын – азғын, әз-кин – шаршаулы, дол-ғун – толы, вур-ғун – ғашық, сев-ки – сүю, чал-ғы – музыка, махаббат; егер негіздің соңғы дыбыстары қатаңнан болса, оған жалғанатын қосымшалардың бастапқы дыбысы да қатаңнан немесе әлсіз ұяңнан басталады: даш-гын – тасқын, кәс-кин – өткір, пус-гу – торуыл, өт-күн – пісіп кеткен, уақыты өтіп кеткен, және т.б.

Бұл заң етістіктен зат есім немесе сын есім тудырушы -ғын, -гын, -кин, -ғы, -гы, -ки қосымшаларында ғана сақталғанда, басқа аффикстерде бұл заңды қолдануға болмайды. Бұдан әзербайжан тілінде дауыссыздардың үндестік заңы бірте-бірте жоғалып барады деген тұжырым жасауа болады. [103, 118 б.].

Түрік тіліндегі дауыссыздардың үндестігіне байланысты А.Н.Кононов: «Дыбыстардың үндестік заңы мынада: түбірдегі дауыссыздар бір буында тұрса да, буын жігінде тұрса да түбір мен дауыссыздан басталатын қосымша түйіскен кезде, «үн» мен «салдыр» жағынан бір-біріне үйлеседі, яғни түбір немесе негіздің үнді дауыссызынан кейін қосымша үнді дауыссызбен келеді, ал қатаң дауыссыздан кейін қатаң дауыссыз келеді» [109, 38 б.] - деп, түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ белгінің түрік тіліне де тән екендігін көрсеткен.

Түрік тілінің қазір күшіндегі орфографиялық ережесіне сай, сөздің соңында, оларға сәйкес келетін дауыссыздардың ұяң жұптары емес, тек қатаң (ç, k, p, t) дыбыстар ғана жазылады. Мысалы: ағаш – ағаш, ағашта – ағашта, av – ау, avda – ауда, taş – тас, taştan – тастан, kum – құм, kumdan – құмнан, balık

– балық, balıkcı - балықшы, demir – [91, 39 б.]. темір, demirçi – темірші, уар – жаса, уартı – жасады, yaz – жаз, yazdı – жазды

Бұдан түркі тілдерінің оғыз тобындағы гагауз және түрік тілдері дауыссыздардың үндестігі бойынша бір-бірімен жақындайды да, бұл құбылыс әзербайжан мен түркімен тілдерінде тек сөйлеу тілінің кейбір қосымшаларында ғана байқалады деген қорытындыға келеміз.

Қарайым тілінде қатаң-ұяң дыбыстардың үйлесіміне қосымшалардың (к-г, т-д, х-ъ) үш жұбы ғана кездеседі. Ал көп вариантты аффикстердің ішінде ұяң мен қатаңдардың ассимиляцияға ұшырау барысы төрт және сегіз вариантты қосымшаларда ғана кездесіп отырады.

Үнді дауыссыз дыбыстар *p, л, м, н, ң* және ұяң *й* қатаң дауыссыздармен де, ұяң дауыссыздармен де тіркесіп келе береді: каз-лар, ат-лар, каз-ны, ат-ны және т.б. [112, 75 б.].

Құмық тілінде де дауыссыздар үндесімі қарайым және өзге түркі тілдеріндегідей болып келеді: таш > таш-та «тас - таста», иш > иш-те «іс - істе», йол > йол-да «жол - жолда».

Жазуда дауыссыздардың қатаң варианттары белгіленбейтінін атап көрсеткеніміз дұрыс. Мысалы, таштан, баштан деп естілгенімен таш-дан, баш-дан болып жазылады [112, 22-23 б.].

Қарашай-балқар тіліндегі дауыссыздардың үндестігі, әзербайжан тіліндегідей, түбірдің соңғы дауыссызы қатаң болса да, ұяң болса да жалғанатын қосымшалар ұяңнан басталады: мысалы – эшит-дим «естідім», айт-ды «айтты», джаз- «жаз-», джаз-дыр «джаздыр», джыр «жыр», джырға «жырға» т.б. [77].

Негіз үнді *н, нг, м* дауыссыздарына аяқталғанда шығыс септігінің «д» дыбысынан басталатын жалғауы «н» дыбысына айналады: мен-ден > меннен «менен», тенг-ден > тенг-нен «досымнан, теңімнен», кесим-ден > кесим-нен «өзімнен» [1, 216 б.].

Бірқатар ғалымдардың пайымдауынша, түркі тілдеріндегі барлық дауыссыздардың бір ғана акустикалық және артикуляциялық бейнесі болады, ал сингармонизм басым тілдерде бір дауыссыздың сол дауыссыз дыбысқа тән ортақ сипат белгісінен өзге бірнеше сингармофонемалардан тұратын, артикуляция-акустикалық бейнесінде белгілігі бір деңгейде ерекшелігі болады.

Түркі тілдерінде, оның ішінде қырым татарлары тілінде де, дауыссыздардың маңызды типтерінің саны олардың сингармоварианттарының (реңктеріне) санына қарағанда әлдеқайда аз. Әрбір дыбыстың сингармотембр жүйесі жасалу орнына қарай, қатаң – ұяң белгілерін қарама-қарсы қою жолымен пайда болады.

Дауыссыз [б – б'], [д – д'] дыбыстары бір дауыссыздың екі сингармореңктерінің көрінісі болып табылады. Сингармониялық тұрғыдан [ñ - (ñ)], [ğ - (ğ)] дауыссыздарының сингармореңктері өте көрнекі, өйткені сингармодыбыстар ретінде артикуляциялық тұрғыдан бір-бірінен өте алшақ көрінеді (тіл арты және увулярлы).

Қырым татарлары тіліндегі дауыссыздарының үндестігі екі түрлі жүзеге асады, ол қатаң-ұяң үндестігі және мұрын жолды ассимиляцияның белгісімен үндестігі.

Қатаң-ұяң үндестігі қатаң дыбыстардан кейін қатаң дыбыстардың, ал ұяңдардан кейін ұяңдардың келуімен сипатталады.

Қатаң дыбыстардың үндесуі:

- түбір сөздерде: эски “старый”, эчки “коза”, ястыкъ “подушка”, яхшы “хорошо”;

- түбір + аффикстерде: иш+ке “на работу”, иш+те “на работе”, иш+тен “с работы”, ич+ти “он выпил”.

Ұяң дауыссыз дыбыстардың үндесуі:

- түбір сөздерде: кевгир “шумовка”, чавдар “рожь”, богъдай “пшеница”;

- түбір + аффикс: эв+де “дома”, эв+ден “из дома”, эв+ге “домой”.

Қырым татарлары тіліндегі көптеген қосымшалар жазуда екі түрлі вариантта нормаланған, ол ұяң дыбыстардан басталатын және соған сәйкес қатаңдардан басталатын қосымшалар. Мұндай қосымшаларға жататындар:

- нақты өткен шақтың қосымшалары: -ды/-ты/-ди/-ти — яз-ды “он написал”, чыкъ-ты “он вышел”, кель-ди “он пришел”, кес-ти “он отрезал”;

- болжалды өткен шақтың қосымшалары: -гъан/-къан/-ген/-кен — яз-гъан “он (оказывается) написал”, бас-къан “он (оказывается) наступил”, кель-ген “он (оказывается) пришел”, кес-кен “он (оказывается) отрезал”;

- ырықсыз етістің қосымшалары: -дыр/-тыр/-дир/-тир — яз-дыр-макъ “заставить написать”, бас-тыр-макъ “заставить наступить”, сев-дир-мек “заставить полюбить”, ич-тир-мек “заставить выпить”;

- септік жалғаулары: табыс септігі -да/-та/-де/-те — къол-да “в руке”, баш-та “в голове”; шығыс септігі — дан/-тан/-ден/-тен — азбар-дан “из двора”, баш-тан “из головы”, эв-ден “из дома”, ич-тен “изнутри”; барыс септігі -гъа/-къа/-ге/-ке — адам-гъа “человеку”, китап-къа “книге”, эв-ге “домой”, иш-ке “на работу”;

- сөзтудырушы кейбір жұрнақтар: -джы/-чы/-джу/-чу/-джи/-чи — язы-джы “писатель”, балыкъ-чы “рыбак”, ёл-джу “путника”, къуш-чу “птичник”, кемане-джи “скрипач”, иш-чи “рабочий” [113] т.б.

Шартты рай формасын тудыратын -са/-се қосымшалары етістік негіздің барлық соңғы дыбыстарынан кейін, олар қатаң, ұяң дауыссыздардан кейін де, дауыстылардан кейін де бірдей жалғана береді: яз-са “если он напишет”, ал-са “если он возьмет”, бер-се “если он даст”, бас-са “если он наступит”, окъу-са “если он прочитает”.

Үнді дауыссыздар м, н, л, р, нь және тіл ортасы й дыбыстары, қатаң сыңарлары болмағандықтан, ұяң дауыссыздармен де, қатаң дауыссыздармен де тіркесіп келе береді: ат-лар “кони”, таш-лар “камни”, къол-да “в руке”, къар-лы “снежный”, къар-сыз “без снега”, къар-дан “из снега”, анъ “сознание” — анъ-сыз “несознательный”, анъ-лы “сознательный”, къой-мы? “овца ли?”, алдынъ-мы? “взял ли ты?”

Негізінен ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келетін мұрын жолды дыбыстардың үндесім гармониясы ілгерінді және кейінді сипаттарда көрінеді.

Татар тілінде дауыссыздар қатаң-ұяң белгілері бойынша екі түрде көрінеді: 1) қатаң дауыссыздардың әсерінен кейбір ұяң дыбыстар қатаңдайды: тозсыз [тоссос] «түзсыз», тажсыз [тачсыс] «тәжісіз» т.б. осыдан келіп, кейбір аффикстердің қатаңдардан кейін жалғанатын жаңа варианттары (-ты/-те, -та/-те, -ка/-кә) пайда болды; 2) ұяңдардың әсерінен кейбір қатаңдар ұяңданады: сирэк-рэк > сирэгрэк - реже, , куп-рек > кубрэк - больше, ак-рак > аграк - белее және т.б. [113, 77 б.].

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдерді қарастыра отырып, мынандай тұжырым жасауға болады: бұл тілдердегі дауыссыздардың үндестігі оғыз тобындағы тілдермен ұқсас болып келеді, мысалы, құмық және қарашай-балқар тілдерінде сингармонизм заңы әзербайжан тіліне, ал қарайым және қырымтатар тілдерінде түрік тіліне ұқсастығы бар [106].

Қарлұқ тобындағы тілдерде дауыссыздардың үндестік заңы тек айтылғанда ғана болмаса өте әлсіз түрде көрінеді.

Екінші тарауда айтылғандарды жинақтай келе, мынандай қорытынды жасауға болады: қазіргі түркі тілдеріндегі дауыстылардың тіл (таңдай) үндестігі хакас және ұйғыр тілдерінен басқаларында бірдей, бірізді болып келеді. Ал дауыстылардың ерін үндестігін айтар болсақ, онда түрлі себептерге байланысты әртүрлі болып келетінін байқадық. Зерттеу барысында мына жағдайлар анықталды: ерін үндестігі қырғыз және якут (саха) тілдерінде толық көрініс тапқан. Үндестік заңының көрінуінде айырмашылықтарынан басқа ұқсас жақтары да мол. Ерін үндестігінің ортақ белгілері түркі тілдерінің бір ғана тобына тән емес, өзге топтарына да тән болып келеді. Мұндай жағдай дауыссыздардың үндестік заңының көрінуінен де байқалады. Мысалы, қосымшаларда қысаң еріндік дауыстылардың келуіндегі ұқсастық оғыз тобындағымен қатар қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдерге де ортақ.

Біздің ойымызша, осының бәрі түркі тілдерінің барлығының бір тектілден тарағандығының дәлелі болса керек.

2-тарау бойынша тұжырым

Диссертацияның екінші тарауы «Түркі тілдеріндегі сингармонизм: дауысты, дауыссыз дыбыстар үндесімі» деп аталады және үш тараушадан тұрады. 2.1 «Түркі тілдеріндегі үндесімнің зерттелуі» тараушасында сингармонизм мәселесі отандық және шетелдік түрколог ғалымдардың еңбектері негізінде жан-жақты талданады. А.Реформатский, Н.Дмитриев, В.Радлов, И. Бодуэн-де-Куртенэ, Н.Трубецкой, Ә.Жүнісбеков, А.Кононов және басқа да зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, сингармонизмнің кездейсоқ немесе жекелеген фонетикалық құбылыс емес, керісінше, түркі тілдерінің типологиялық табиғатын айқындайтын іргелі заңдылық екені анықталады. Ғылыми пікірлерді жүйелеу нәтижесінде сөз

тұтастығын сақтайтын негізгі механизм ретінде сингармонизм жетекші рөл атқаратыны, ал екпіннің қызметі қосымша әрі шектеулі екені негізделеді. Осылайша, сингармонизмді дауысты және дауыссыз дыбыстарды біртұтас қамтитын, тілдің құрылымдық ұйымдасуына әсер ететін басты заң ретінде ғылыми тұрғыдан дәлелденеді.

2.2 «Түркі тілдеріндегі дауыстылардың езу және ерін үндесімі» тараушасында дауысты дыбыстар үндестігінің қазіргі түркі тілдеріндегі көрініс беру ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады. Үндестік заңы барлық түркі тілдеріне ортақ болғанымен, оның әр тілде тарихи даму, диалектілік ерекшелік және артикуляциялық жүйеге байланысты түрліше сипат алатыны нақты деректермен дәйектеледі. Оғыз, қыпшақ және алтай тобына жататын қазақ, татар, башқұрт, ноғай, құмық, қарақалпақ, қырғыз, якут, чуваш, түркімен, әзербайжан, гагауыз және басқа да түркі тілдеріндегі еріндік пен езулік дауыстылар үндестігінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары белгілі түркологтар Н.Ильминский, В.Радлов, П. Мелиоранский, Ф.Исхаков, Ә.Жүнісбеков, А.Щербак, Э.Севортян және т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары негізінде талданады. Қорытындылай келгенде, түркі тілдеріндегі ерін және езу дауыстыларының үндестігі сөздің фонетикалық біртектілігін қамтамасыз ететін, артикуляциялық әрі морфологиялық жүйелермен тығыз байланыста жүзеге асатын сингармонизмнің негізгі көрінісі болып табылады. Қазақ тіліндегі еріндік және езулік үндестіктердің өзіндік ерекшеліктері тарихи дамуымен, диалектілік және ауызекі-жазба нормаларымен сабақтас болғанымен, жалпы түркі тілдері аясында бұл заңдылық тілдің біртұтас фонетикалық жүйесін ұйымдастыратын әмбебап қағида ретінде қызмет атқаратыны тұжырымдалады.

Диссертацияның 2.3 тараушасында түркі тілдеріндегі дауыссыздардың үндесімі олардың фонологиялық жүйедегі маңызын айқындайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері дауыссыз дыбыстардың өзара ықпалы ассимиляцияның прогрессивті, регрессивті және тоғыспалы түрлері арқылы жүзеге асатынын және бұл үдерістердің морфемалық құрылымда, сөз тудыру мен сөз түрлендіруде жүйелі қызмет атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар дауыссыздар жүйесінің тарихи даму барысында күрделеніп, әр түркі тілі өзіндік фонетикалық-фонологиялық ерекшеліктер қалыптастырғаны дәлелденеді. Тіл алды, тіл ортасы және тіл арты дауыссыздарының дамуы артикуляциялық және тарихи факторларға тәуелді екені, ал тіл алды дауыссыздарының негізінен ортақ болғанымен, аффрикаттар мен тіс аралық варианттардың таралуы тілдер арасында айырмашылық туғызатыны анықталады. Түркі тілдеріндегі қатаң-ұяң дауыссыздар оппозициясының біркелкі көрінбеуі және сөз басындағы ұяң дауыссыздардың пайда болуы диалектілік ерекшеліктер мен артикуляциялық әлсіреумен байланысты екені тұжырымдалады.

III ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ДИАЛЕКТІЛЕРІ МЕН СӨЙЛЕНІСТЕРІНДЕГІ ҮНДЕСІМ

3.1 Дауыстылардың езу және ерін үндесімдерінің пайда болуы

Түркологтар тарапынан езу және ерін үндестіктерінің бастапқылығы туралы мәселе үнемі айтылып келеді. Түбір құрамындағы дыбыс кешендерін езулік/еріндік сипаттарымен қарама-қарсы қою арқылы түркі сөзіндегі езу үндестігінің аса тұрақтылығы, сондай-ақ оның бастапқылығы туралы пікірді қуаттауға бола ма? Оның үстіне, төменде көретініміздей, бірнеше дауыстыдан тұратын түбір сөздерде де, сөз формаларында да (сөз тудырушы және сөз түрлендіруші қосымшалары бар сөздерде) ерін үндестігінің айтарлықтай тиянақсыздығына, оның бұзылу жағдайы көп байқалатынына (өзбек әдеби тілінің бейүндестігін қараңыз) көз жеткіземіз [1, 441 б.].

Бірнеше дауыстыдан құралған түбірлер мен бүгінгі түркі тілдерінде бөлшектенбейтін негіздер, ең әуелі, палатальді сингармонизмнің тұрақты болуымен сипатталады, шынында, мұндай дыбыстық кешендердегі барлық дауысты дыбыстар бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке болып келеді. Мысалы: *qalyn* «қалың», *ayla* «жыла», *barmaq* «бармақ», *tajaq* «таяқ», *tupraq* «топырақ», *dünen* «дөнен», *ögren* «үйрен», *semiz* «семіз» және т. б. Лексемаларды талдау барысында түбір сөздердегі ерін үндестігі кеңінен тараған құбылыс екендігіне көз жеткіземіз. Мысалы: *burun* «мұрын», *bulut* «бұлыт», *şolpon* «шолпан», *uzun* «ұзын», *örtök~ördök* «үйрек», *bütün~bütün* «бүтін», *bödönö* «бөдене», *qıjruq* «құйрық», *qulun* «құлын», *köbölök* «көбелек», *tüлкü* «түлкі». Осы келтірілген мысалдардың қазақша баламалары жазылуы бойынша емес, айтылуына сәйкес *мұрұн*, *бұлұт*, *ұзұн*, *үйрөк*, *бүтүн*, *бөдөнө*, *құйрұқ*, *құлұн*, *көбөлөк*, *түлкү* түрінде дыбысталатынына назар аударғанымыз жөн болар еді. Дегенмен де, алғашқы ерін дауыстыдан кейін: а) езулік, бірақ палатальді гармония сақталатын, яғни еріндік жуан дауыстыдан кейін жуан езулік дауысты, еріндік жіңішкеден кейін езулік жіңішке келетін; ә) еріндік, дегенмен жасалу жолдарының үндестігіне байланысты ашықтан кейін қысаң немесе керісінше болып, үндестік сақталмайтын құбылыстар да кеңінен тарағанын көреміз. Бұндай құбылыстарға бір тілдің деңгейінен де, сондай-ақ өзге тілдерден де сәйкес мысалдарды көптеп келтіруге болады. Салыстырып көрсек: алт., қырғ. *oşok* «ошак», алт. *Moјun* ~ қырғ. *moјun* «мойын», *oјun* ~ *oјun* «ойын», *ođun* ~ *otun* «отын», *budaq* ~ *butaq* «бұтақ», *qulaq* «құлақ», *uzaq* «ұзақ» және с.с.

В.А.Богородицкийдің шкаласы бойынша, бұл тілдер дауыстылар үндестігінің көріну деңгейі бойынша бірінші орында тұрғанымен, біз бұл жерде ерін үндестігінің тиянақсыздығын көріп отырмыз. Жалпытүркілік мысалдардан келтірсек: *көмүр*, *көбүк*, *жүрек қырғ.* *жүрөк*, *өлүм*, *бөрү* ~ *бөрі* т.б. Осы орайда алғашқы буындағы жалпытүркілік еріндіктің алтай және қырғыз тілдерінде сақталып, ал басқа түркі тілдерінде палатальдік сақталған кезде жоғалып кететінін көреміз: алт. *борогон*, қырғ. *бороон* ~ ж.түрк. *boran*;

алт., қырғ. *орто* ~ ж.түрк. *orta*; алт. *көбөлөк*, қырғ. *көпөлөк* ~ ж.түрк. *köbelek*; алт., қырғ. *бөдөнө* ~ *бөдене*; алт. *өртөк*, қырғ. *өрдөк* ~ ж.түрк. *ördäk* «үйрек»; алт., қырғ. *өзөк* ~ ж.түрк. *özäk* «өзек», алт. *өкрө*, қырғ. *örkö* ~ ж.түрк. *örkä*, *ökrä*; алт., қырғ. *бөрү* ~ ж.түрк. *böri*.

Бір ғана «жұлдыз» сөзін алып қарасақ, осы сөздің түркі тектес халықтардың ішінде әр түрлі фонетикалық ерекшеліктермен кездесетінін байқаймыз. Мысалы, қарашай-балқарша – «жұлдыз», башқұртша – «йондыз», құмықша – «юлдуз», қырғызша – «жылдыз», ноғайша – «юлдыз», татарша – «йолдыз», қазақша – «жұлдыз» [114, 155 б.]. Осы мысалдардан ерін үндестігінің көрінісі әр тілде әрқалай екенін көруге болады. Тағы бір топ мысалдардан қырғыз сөздеріндегі ерін үндестігінің, жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша өзге түркі тілдеріне қарсы тұратын алтай тілін қоса алғанда, жалпытүркілік негізде жоғалып бара жатқанын көруге болады [1, 442 б.]. Салыстырып қарайтын болсақ: қырғ. *күрөк* ~ ж.түрк. *күрек*, *жүрөк* ~ *жүрек*, *күрөң* ~ *күрең*, *түлә-* ~ *түле-*, *үзөңү* ~ *үзеңі* т.б.

Қазіргі хакас тілінің вокализмін экспериментті зерттеу арқылы И.Оглоблин үндесетін дауыстылардың сапасы туралы маңызды тұжырым жасады:

1.«Сингармонизм заңдылығы сақталған хакас сөздерінде алғашқы буынның дауыстылары кейінгі буындардың дауыстыларымен өздерінің объективтік (табиғи) сипаттары жағынан бірдей болады» [115, 16 б.].

2.«Сингармонизм заңы бұзылған сөздердің бірінші және кейінгі буындарындағы дауыстылардың қасиеттерін, олардың екеуінде де еріндік не езулік белгілеріне қарай зерттеу мынаны көрсетті: аталған екі типтегі сөздердің де бірінші және кейінгі буындарындағы дауыстылар өздерінің объективтік сипаттарын толық сақтайды» [115, 16-17 бб.].

Бірақ белгілі бір позицияларда бір немесе басқа тілде сәйкестіктер түзе отырып, өзге тілдерде кейбір сөздер ерін үндестігін сақтайды да, енді біреулері оны жоғалтады деген мәселенің басы ашық қалып отыр. Мұның омонимиядан қашқақтай отырып, әрбір дыбыстық кешенге белгілі бір мағына жүктеуді мақсат еткен тілдегі бар сөз тудырушы модельдердің белгілі бір типтерімен байланысты болуы да мүмкін (салыстыр. *Узун* «ұзын», бірақ *узақ* «ұзақ, алыс»; *узан*—«жұмыс жасау, кәсіппен шұғылдану», қырғ. *Улақ* «/ы/лақ» — улук «ұлық», *унут* — «ұмыт» — *унат* — «көндіру»); мұның тарихи және синхронды тұрғыдан сөздің өн бойында жылжып отыратын екпіннің орнымен, ырғақты екпінмен, көршілес дауыссыздардың сапасымен де байланысты болуы ықтимал. Жүргізіліп жатқан эксперименттік талдаулар қойылып отырған мәселе мен оның шешілуіне айтарлықтай ықпал етері сөзсіз. Егер дыбыс кешені жеке сөз ретінде қаралмай, сөйлеу ағынында зерттелсе, өте нәтижелі болмақ [1, 442 б.]. Әзірше тек түркі тілдеріндегі түбір (негіз) деңгейінде сингармонизмнің езулік (палатальді) үндестігінің жүйелі, тиянақты, ал ерін үндестігінің жүйесіздеу, тиянақсыздау болатынын жалпы заңдылық ретінде атауға болады.

Осы заңдылық көне түркі ескерткіштерінің материалдарынан да көрінеді. Салыстырып қарайық, мысалы: *adaq* «аяқ», *adaş* «жолдас», *ary* «ара», *älig* «қол», *älik* «елік» және *älik/ilik* «билеуші» (жоғарыда келтірілген қырғыз тіліндегі улақ «лақ» – улуқ «ұлық, билеуші» сөздерімен салыстырыңыз), *ämdi* «енді», *ärig* «кеңес», *aryu* «таза; бұлақ», *barut* «мал-мүлік», *borluq* «жүзімдік» (<*bor* «шарап»+ *афф.-luk*), *kičä* «кеш, түн», *kiräk* «керек» (бірақ *kirü* «кері; батысқа» және *ilgärü* «ілгері»), *köñül* «көңіл, жүрек», *körük* «көбік», *obut* «ұят», *oçul* «ұл», *oçur* «жағдай», *ordu* «орда», *ornaq* «орын», *ortu* – *orta* «орта», *otaу* «отай», *otuz* «отыз», *ödläk* «уақыт», *ödrüm* «таңдаулы», *odüq* «өмініш», *ögdüm* «мақтаулы», *ögit-* «мақтау, мадақтау», *ögür* «үйір», *ögir* – «қуану», *ördäk* «үйрек» (қырғ. өрдек), *ulay* «байланыс», *uluу* «ұлық», *ulam* «үнемі, ұдайы», *uruу* «ұрық, ру», *uruq* «жіп», *urat* «көше», *ükür* «үйір», *üzüt* «жан», *üdik* «ынтызарлық» және т.б.

С.Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» (1951) кітабында берілген сөздікте құрамында *ö* дыбысы бар буыннан кейін келетін буындарда осы дыбыспен келетін бір де бір мысал кездеспейді. Сонымен, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде (ең алдымен қырғыз тілінде) ерін үндестігінің өзі жүйелі, тиянақты қолданылуымен бірге ерін үндестігі езу үндестігімен бірлесіп те қолданылатыны көрініс тауып отыр. Бұл ерін үндестігі кейін пайда болған құбылыс екендігін көрсете ме? Ол да мүмкін. Бірақ көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі және қазіргі түркі тілдері мен кейде тілдегі өте көне формаларды сақтап қалатын олардың диалектілерінде аталған құбылыстағы әртүрлілік әзірше тек мынандай ой айтуға ғана мүмкіндік береді: түркі тілдеріне, олардың тілдік ортақтығы дәуірінде, яғни тектүркі тіліне де сингармонизмнің екі типі тән болған, ол – палатальді (неғұрлым жүйелі, бірізді) және еріндік (бірізді емес, жүйесіздеу) сингармонизм.

Түркі тілдерінің шығуындағы орал-алтай теориясына сәйкес өзге де сұрақтарды, оның ішінде алтай тобындағы тілдердегі сингармонизмнің бастапқылығы мен түркі тілдерінің ежелгі тарихи дәуірлердегі құрылымының сипаты сияқты мәселені қоюға болады. М.Черкасский «Тюркский вокализм и сингармонизм» (М., 1965) деген еңбегінде осы мәселені көтеріп, сингармонизм заңындағы қарама-қайшылықтарға сүйенген ол өз қисындарының негізін түркі тілдері құрылымының ертедегі қалпынан іздестіреді. Өз пікірін түйіндей келіп, мынандай тұжырым жасайды: «Қазіргі түркі тілдерінің вокализм жүйесіне тарихи-фонологиялық тұрғыдан түсінік берсек, түркі тілдерінің типологиялық эволюциясының жалпы бағыты мынандай болады: қарапайым негіздердің қатар қойылуынан («протоалтайлық» полисинтетизм), семантикалық жағынан жетекші морфеманы екпін арқылы айқындап, морфемалардың қызметтік жіктелуінен (алтай типіндегі агглютинация), морфемалардың табиғи тұтастыққа бірігуінен және фузия элементтерінің пайда болуынан («түркілік» саты) [116, 130 б.]. Кейбір ғалымдардың пікірінше, дауыстылардың езу және ерін үндестігінің ішінде езу үндестігі барынша көне болып табылады. В.Котвич

ерін үндестігінің кейін пайда болғанын ескерте отырып былай дейді: «Еріндік ассимиляция заңының байқалатын ерекше жағдайлары бұл заңның, әсіресе түркі тілдерінде, салыстырмалы түрде кеш қалыптасқанын болжауға ертеректен-ақ негіз болған» [116, 100 б.]. Якут тіліне қатысты осындай пікір айтқан О.Бетлингтің көзқарасы В.Радлов тарапынан қолдау таппады. Түркі тілдерінде езу және ерін үндестіктерінің әу бастан болғандығын кезінде В.Радлов айтқан болатын [4, 148 б.].

Осыған байланысты В.Котвич В.Радловтың мына пікірін келтіреді: «Еріндік ассимиляция түркі тілдеріне ежелгі дәуірден-ақ тән құбылыс болған, дәл сол сияқты таңдайлық ассимиляция, яғни дауыссыздардың үндестік заңы да ертеден-ақ толық түрде байқалған. Алайда уақыт өте келе еріндік ассимиляция әртүрлі диалектілерде өзгерістерге ұшырап, әлсіреген.» [116, 100 б.].

Сол кезде белгілі болғанындай, дейді В.Котвич, Орхон жазбалары тілінде езу үндесімі жүйелі түрде көрінеді, бірақ осымен қатар ерін үндесімінен көптеген ауытқулар байқалады, сондықтан В.Гренбек, П.Мелиоранский, Х.Педерсендер О.Бетлингтің болжамымен қайтадан келісті [116, 100 б.].

Біздің ойымызша, В.Радловтың пікірі өте дұрыс, өйткені Орхон жазбаларында ерін үндестігінің бұзылуы оның бастапқы екендігін терістемейді қайта бекіте түседі.

В.Котвичтің пікірінше, ерін үндесімінің пайда болуы туралы мәселені зерттеуде жаңа деректер алғанға дейін тек Орхон жазбаларының деректеріне ғана сүйену жаңылыстық болады. Осыған байланысты В.Котвич былай деп жазады: «Шынында, олар бізге түркі тілдерінің архаикалық күйі жөнінде түсінік береді, алайда Х.Педерсен мен басқа ғалымдардың пікіріне қарамастан, бұл күй бастапқы (прототүркілік) кезеңнен емес. Ондағы дауыстылардың атқаратын қызметі елеулі фонетикалық өзгерістердің ізін көрсетеді. Мұндай өзгерістердің бірі – *o* ~ *ø* дауыстыларының қолданылу өрісінің шектелуі болуы» [116, 101 б.].

Тунгус тілдерінде бұл мәселе сәл өзгешерек. Мұнда *o* мен *u* дыбыстарының арасында айтарлықтай бәсекелестік болмаған сияқты, дегенмен *u* жалпы алғанда *o*-ға қарағанда жиірек кездеседі. Қалай болғанда да, барлық диалектілердің көне мәтіндерінде *o* тек түбірлерде ғана емес, қосымшаларда да ұшырасады. Тіпті бұл тұрғыда тунгус тілдері көрші түркі (якут, ойрат) және моңғол (бурят) тілдеріне белгілі бір ықпал еткен деп болжауға да болады және осы тілдерде *o*, *ø* дыбыстарының қосымшаларда қайтадан пайда болуы ертеден, тіпті бірнеше ғасыр бұрын басталған болуы мүмкін. Осыған байланысты В.Котвич тамаша пікір айтқан: «Бұл үрдіс кейін басқа тілдерді де қамтыды: қырғыз және қазақ тілдерінде, моңғол тілдік ортада *o* дыбысы өзінің бұрынғы рөлін әлдеқайда кең ауқымда атқара бастады» [116, 101-102 бб.], - деп таратады.

В.Котвичтің бұл пікіріне біз де қосыламыз, өйткені қырғыз, якут, алтай тілдерінің қосымшаларындағы *o*-*ø* түркі тілдерінен басқа топтағы тілдердің

ықпалының салдарынан болған, бұл жағдай орхон-енисей жазба ескерткіштерінде де, басқа да түркі тілдерінде кездесе бермейді. А.Щербактың пікірінше, таңдайлық (жуан-жіңішкелік) үндестік пратілдік құбылыстардың қатарына жататыны және түркі тілдер қауымдастығы ыдырамай тұрып, әлдеқайда бұрын пайда болғаны күмәнсіз [60, 121 б.].

Осымен байланысты А.Щербак тағы да мынандай ой айтады: оның (үндестік заңының) пайда болуы, шамасы, тілдің аналитикалық құрылымының орнына агглютинативтік құрылым келген, ал сөздердің бір буынды құрылымдық типі үстемдігін жоғалтқан кезеңге сәйкес келеді. Күшті орталық екпіннің болмауының салдарынан дауыстылардың үндесуі сөзді фонетикалық тұрғыдан біріктіретін маңызды құралға айналған [60, 71 б.].

Дауыстылардың езу және ерін үндестіктерінің шығуы туралы Т.Талиповтің пікірі өзгешелеу: «Орхон жазбалар тіліндегі дауыстылардың еріндік үндестік заңынан көптеген ауытқуларды О. Бетлингк, В. Гренбек, П. Мелиоранский, Х. Педерсен және басқа зерттеушілер анықтаған. Бұл деректер еріндік үндестіктің кейін қалыптасқанын емес, керісінше, түркі тілдері тарихындағы параллелизмдердің көне әрі архаикалық сипатын, сондай-ақ Орхон жазбалары дәуіріне дейін-ақ аффикстердің еріндік үндестігі бұзыла бастаған үрдістің пайда болғанын көрсетеді» [117, 148-149 бб.].

Біз де Т.Талиповтың бұл пікіріне қосыламыз, өйткені Орхон-Енисей ескерткіштерінде дауыстылардың езу үндестігі де, ерін үндестігі де бір мезетте кездеседі. Мысалы, йүрек (жүрек) сөзінде ерін үндестігі байқалмағанмен, йүзүк, орун, отуз, ұйку т.б. [118, 144-145 бб.] сөздерінде ерін үндестігі толықтай сақталып тұр.

Ресей түрколог-ғалымдарының жазған ұжымдық «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Фонетика» деген еңбектегі «Сингармонизм тюркского слова» бөлімінің авторы А.Ковшова: «Сонымен, таңдайлық (палаталдық-велярлық) дауыстылардың үндестігі өзбек және қарайым тілдерінен басқа барлық түркі тілдерінде байқалады. Ол еріндік үндестіктен бұрын пайда болған, көне түркі жазба ескерткіштерінде бірізді түрде көрініс тапқан бұл, сөзсіз, түркі тілдеріндегі пратілдік құбылыстардың қатарына жатады», - дей келіп, осы мәселенің қорытындысы ретінде А.Щербактың: «Дауыстылардың еріндік үндестігі кейінірек пайда болған. Ол түркі тілдеріндегі таралу аймағы жағынан да, сондай-ақ оның түбірде, туынды негізде және сөз тұлғасында жүзеге асу дәрежесі жағынан да шектеулі сипатқа ие», - деген пікіріне тоқтайды [60, 454 б.].

Сонымен біз, жоғарыда айтылған, ерін үндестігі езу үндестігімен тығыз байланысты және екеуі бірлесіп бірыңғай сингармонизм жүйесін құрайды деген пікірге келеміз. Тілдің қалыптасуы мен дамуының ұзақ сонар тарихында бұл (езу және ерін) үндесімдер түрлі өзгерістерге ұшырады және жеке тілдер мен диалектілерде түрлі формаларда көрініс тапты; кейбір тілдерде тіпті толық жоғалғандай болса, енді бір тілдерде бұрынғы қалпына келген немесе белгілі деңгейде өзгерген формада көрініс тапты.

3.2 Жазба ескерткіштердегі үндесімнің ерекшеліктері

Қай халықтың тілдік жүйесін алсақ та, оның сол халықтың тұрмыс-тіршілігі мәдениеті және тарихи даму жолымен тығыз байланыста қалыптасатыны айқын. Қазіргі таңда жеке ұлт ретінде қалыптасқан әрбір халықтың тарихы өзіндік кезеңдер мен эволюциялық сатылардан өткен болса, сол халықтың тілі де белгілі бір даму заңдылықтарына бағына отырып қалыптасқан. Тілдің бұл тарихи даму үдерісі оның құрылымдық жүйесінде, әсіресе фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қабаттарында сақталып отырады. Осы заңдылықтар тіліміздің тарихи жадында сақталып, көне және ортағасырлық жазба ескерткіштер арқылы бізге жетті. Жазба мұралар түркі тілдерінің алғашқы қалыптасу кезеңдерін, олардың құрылымдық ерекшеліктерін, ішкі даму динамикасын айқындауға мүмкіндік беретін аса құнды дереккөздер. Өйткені жазба ескерткіштерде қазіргі түркі тілдеріне тән көптеген тілдік элементтер – дыбыстық жүйе, сөзжасамдық үлгілер, морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құрылымдар – айтарлықтай өзгеріссіз сақталған. Олардың ең басты ерекшелігі де осы қазіргі кезеңдегі түркі тілдерінің тілдік элементтерін дәлме-дәл, айқын түрде жеткізуінде. Мұндай деректер түркі тілдерінің тарихи сабақтастығын, туыстық байланысын және ортақ негізін дәлелдейді. Оларға Орхон «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк», «Онгин», «Үкілі шор», «Мойын шор», «Теркін тарият», «Суджы», Енесей «Хемчик – Чыркагы», «Бай Булун», «Уюк-Туран», «Ча-Холль», Талас, «Талас» (Айыртама-Ой жазуы), «Ашық тас жазуы», «Ырық-Йорчы бітігі», ежелгі сақ, қаңлы, Ертіс, Жетісу, Әулие ата, Ақтөбе Баласағұн, Сырдария жазба ескерткіштері. Қарахандықтар дәуіріндегі «Диуани лұғат ат-түрк», «Құтадғу білік», «Ақиқат сыйы», «Диуани хикметі», «Миратул-қулуб», Сүлеймен Бақырғанидің «Хикметтер», «Ақырзаман», «Миғражнама», «Бибі Мариям». Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер «Қиссасул-әнбия», «Нәһжүл Фарадис», «Муғинул-мүрид», «Жұмжұма сұлтан» ортағасырлық қыпшақ «Кодекс Куманикус», мәмлүк-қыпшақ «Иршәдул-мулук уәс-салатин», «Әл-қауанин», Китаб Муқаддима Абу Ләйс әс-Самарқанди», «Муниетул-гузат» «Байтаратул-вазих» т.б., армян-қыпшақ «Алғыш бітігі», «Дана Хикар», «Төре бітігі» т.б. жазба мұралары жатады. Сонымен қатар бұл жазба ескерткіштер түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жүйесінің тарихи қалыптасуын ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да аталған жазба ескерткіштер тіл тарихын зерттеудегі ең құнды әрі сенімді дереккөздер болып табылады. Ескерткіштер тілінде сақталған дыбыстық жүйе, фонемалардың қызметі мен дыбыс сәйкестіктері қазіргі түркі тілдеріндегі фонетикалық үдерістермен тығыз сабақтасып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи фонетика тілдің дыбыстық құрылымының қалыптасуы мен эволюциясын қарастыратын негізгі салалардың бірі ретінде ерекше маңызға ие. Жазба ескерткіштер тілін тарихи-фонетикалық тұрғыдан талдау көне түркі дәуіріндегі бастапқы дыбыстық құрамды қалпына келтіруге, сондай-ақ

оның кейінгі кезеңдердегі даму бағыты мен өзгеру заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер түркі тілдерінің ортақ тарихи тамырдан өрбігенін және уақыт өте келе дербес тілдік жүйелерге жіктелгенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге негіз болады. Осыған байланысты жазба ескерткіштерге сүйенген тарихи-фонологиялық талдаулар түркі тілдерінің тарихи туысқандығын айқындаудың ең пәрменді әдістерінің бірі болып саналады. Өзге тіл тобындағы халықтардың тілдері секілді түркі халықтарының тілдері де күрделі әрі ұзақ тарихи даму сатыларынан өтті. Түркі елдерінің түрлі этностарға бөлінуі секілді тарихи факторлар бұл халықтардың талай ғасыр бойы үзіліссіз дамып жатқан тілдік болмысына да ықпал етті, салдарынан тілдер әртүрлі семантикалық, морфологиялық, фонетикалық өзгерістерге ұшырап отырды, сонымен бірге жекелеген этностардың тілдік жүйесіне ыдырады. Жеке-дара ыдыраған барлық түркі халықтарының тілдері өзіндік сипат-болмыспен, ерекшеліктерімен, тек өзіне ғана сай ішкі заңдылықтарымен қалыптасып жатты. Сол себепті де бұндай тілдер қаншама өзгерістерге ұшырап отырса да, байырғы тілдердің элементтерін, қалыптасып дамуына негіз болған тілдің қасиеттерін өз бойында сақтап қалады. Тілдердің дамуы жолындағы осындай бір тарихи кезеңдер туралы көрнекті ғалым А.Щербак мынандай ой айтады: «Тілдер мен диалектілердің ажырауы әрдайым олардың өзара жақындасуымен, әрекеттесуімен қатар жүреді. Сондықтан әрбір қазіргі заманғы тіл немесе диалект пратілдік күйді тұтас әрі бірыңғай жүйе түрінде емес, көп әрі түрлі кезеңде болған өзгерістердің сүзгісінен өткен, түрлі форма мен белгілердің күрделі жиынтық бейнесі түрінде мұра етеді» [60, 22 б.]. Шындығында, көне жазба ескерткіштер байырғы тілдік элементтерді өз бойына сақтай отырып, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуына негіз болды. Дауысты дыбыстардың үндестік заңына бағынуы, дауыссыз дыбыстардың алмасуы, ассимиляция мен редукция тәрізді құбылыстар көне жазба мұралар мен қазіргі түркі тілдері арасындағы тарихи сабақтастықтың нақты айғағы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, көне, ортатүркі жазба ескерткіштерінің мәтінінің тілін зерттеу ерекше мәнге ие. Жазба ескерткіштердің фонетикалық жүйесін қарастырған белгілі түрколог Ғ.Айдаров ескерткіштер тіліндегі дыбыстық құбылыстардың күрделі әрі көпқырлы екендігін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, «бір ескерткіш көлемінде бүкіл VI–VIII ғасырлардағы түркі тайпаларының барлық дыбыстық ерекшеліктерін жан-жақты қамту мүмкін емес» [119, 10 б.]. Мұның бірнеше себебі бар, біріншіден, әрбір түркі тайпасының өзіне тән диалектілік және фонетикалық ерекшеліктері болған. Екіншіден, көне түркі жазба мұралары әртүрлі жазу жүйелерінде – Орхон-Енисей, көне ұйғыр, сирия, соғды, араб, армян, латын графикаларында т.б. хатқа түскен. Осы себептерге байланысты көне ескерткіштердің тілі жалпы түркі тілдеріне ортақ белгілерді сақтағанымен, VI–VIII ғасырлардағы барлық түркі тайпаларына тән дыбыстық құбылыстарды толық әрі бірдей қамти алмайды. Бұл жағдай көне түркі жазба мұраларын зерттеуде оларды жеке-дара емес, өзара салыстыра қарастырудың маңызын айқындайды. Жазба

ескерткіштердің тілдік құрылымы көне түркі фонетикасының негізгі заңдылықтарын айқын көрсетеді және қазіргі түркі тілдерімен сабақтасады. Мысалы, «Тонықұқ» ескерткішінде 36 дыбыстық таңба қолданылған және онда дыбыс пен буын үндестігі қатаң сақталған. Ескерткіш тіліндегі дауыссыз дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінеді. Мәселен, б шұғыл ұяң дыбысы жуан және жіңішке түрлерінде кездесіп, сөздің барлық шенінде қолданыла береді. Жуан түрі жуан сөздерде (бас, буқа, баслығ, табғач, суб), ал жіңішке түрі жіңішке сөздерде (бег, бен, бірле) жұмсалады. Сонымен қатар сөз басындағы б дыбысының қазақ тілінде м дыбысына ауысуы сияқты құбылыстар да тарихи фонетикалық дамудың нәтижесі ретінде көрінеді (бен – мен, баңа – маған, бенің – менің, бің – мың, бұңайдым – мұңайдым) [119, 15 б.]. Бұл мысалдар көне түркі тіліндегі дыбыс алмасуларының жүйелі сипат алғанын дәлелдейді. Осы деректердің барлығы Тонықұқ жазба ескерткішіндегі дыбыстық жүйенің түркі тілдеріне тән үндестік заңының заңды жалғастырушысы екендігін көрсетеді. Жуан және жіңішке дауыстыларға сәйкес дауыссыздардың да жуан және жіңішке вариантта қолданылуы, сондай-ақ дыбыс алмасуларының жүйелі түрде көрініс беруі көне түркі тілінің ішкі фонетикалық заңдылықтарының сақталғанын айғақтайды. Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы соңғы зерттеулерде көне және ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінің фонетикасын, дауысты мен дауыссыз дыбыстардың үндесімін түркі тілдерімен соның ішінде қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеу кеңінен қолға алынуда. Мұндай зерттеулер тарихи фонетиканың дамуына негіз болып, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің эволюциясын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыздың бұл тарауында тарихи-салыстырмалы әдіске сүйене отырып тіліміздегі фонетикалық құбылыстар диахрондық тұрғыдан зерттеледі. Зерттеу нәтижелері көне түркі, ортағасырлық жазба ескерткіштері мен түркі тілдері арасындағы сабақтастық, туыстық және тарихи жалғастықты айқындауға мүмкіндік береді. Көне түркі тілдері мен ортағасырлық жазба ескерткіштер арасындағы туыстықты анықтау барысында дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде көрінетін альтернация құбылысына сүйенеміз. Негіз тілдің жекелеген түркі тілдеріне жіктелуі дыбыстар жүйесінде де өзгерістерді туғызады. Көне тілдің мұрагерлік қасиетінің бір белгісі дыбыстар сәйкестігі арқылы көрінеді. Әрбір түркі халықтарының тілдерінде кездесіп отыратын дыбыстар сәйкестігі түрлі варианттардың қайсы бірі бұрын, қайсы бірі кейін пайда болғанын анықтауға бағыт береді. Дыбыстар сәйкестігі құбылысының тілдердің ішкі құрамын өзгертуге сеп болатындығын, жекелеген сөздерді тек қана тұлғалық жағынан өзгеріске ұшыратып қоймай, бір негізден бастау алған гомогенді параллельдердің мағыналық астарының жіктелу құбылысына да әсер ететінін профессор Ә.Қайдаров тарихи-салыстырмалы фонетика саласының бүгінгі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан проблемалардың бірі болып отырғанан ерекше атап көрсетті [120, 84-85 бб.].

Қазіргі кезеңде отандық ғылымда тарихи жазба ескерткіштерді тілдік, әдеби және тарихи тұрғыдан кешенді түрде қарастыруға басымдық беріліп отыр. Осы бағытта елімізде әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында ұлттық сананы жаңғырту, тарихи-мәдени құндылықтарды жүйелі түрде зерттеу және оларды кеңінен насихаттау, текстологиялық тұрғыдан қайта қарау үрдісі белең алды. Нәтижесінде жазба ескерткіштердің қазіргі қазақ және жалпы түркі тілдерімен генетикалық әрі сабақтастық байланысы айқындалуда. Мысалы, көне түркі және ортағасырлық жазба ескерткіштерінің тілін Ғ.Айдаров [119], Қ.Сартқожаұлы [121], С.Аманжолов [122], Ә.Құрышжанұлы [123], Қ.Өмірәлиев [124], Р.Сыздықова [125], Б.Сағындықов [126], М.Сабыр [127], А.Н. Гаркавец [128] т.б. ғалымдар әр түрлі бағытта зерттеді.

Түркі тілдеріндегі үндесім өзіндік ерекшеліктерін құрайтын іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс болып табылады. Үндестік заңы әртүрлі деңгейде түркі тілдерінің барлығында сақталған және тұрақты кездесетін езу үндестігіне қарағанда ерін үндестігі әр тілде әртүрлі ерекшеліктерімен көрініс тапқан. Үндестік заңы көне түркі жазба ескерткіштерінде де болғанымен оларда бұл заңның бұзылатын жағдайлары да кездеседі. Жазба ескерткіштер тілінде дауыстылар үндестігінің бұзылу жағдайларын қарастырайық.

Дауысты дыбыстар үндестігінің бұзылуы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де кездеседі. Мысалы, Күлтегін, Білге қаған, Моюнчур, Уюк-Туран, Онгин ескерткіштерінде $u > i$, $\ddot{u} > i$ алмасулары кездеседі де, нәтижесінде дауыстылардың ерін үндестігі бұзылады. Аталған ескерткіштерде төмендегі сөздердің құрамында дыбыс алмасуларының нәтижесінде ерін үндестігінің бұзылу жағдайлары көрінеді: болмыс – болмус «болған», күчин – күчүн «күш» [129, 53 б.], 1) бунсыз – бунсуз «шексіз, көп, мол»; 2) бунсыз – «мұңсыз, қайғысыз» [120, 23 б.; 129, 84 б.]; олуртым – олуртум «отырдым, таққа отырдым», оғлың – оғлуң «ұлын», көрти – көртү «көрді» [129, 71-73 бб.]; оғушым – оғушум «руым, туысым» [129, 92 б.]; түсди – түсдү «қосылды» [129, 118 б.]; тутды – тутду «тұтты» [120, с.129]; сүнүсдим – сүнүсдүм «соғыстым, ұрыстым» [129, 146 б.]; күнчійім – күнчүйүм «ханымым» [129, 220 б.]; йонтым – йонтум «жылқым» [129, 221 б.]; сүсиз – сүсүз «әскерсіз» [130, 21 б.; 131, 341 б.]; кулы – кулу «құлы» [132, 21 б.]; катуны – катуу «қатыны» [130, 10 б.].

И.Батманов Талас ескерткіштеріне ерін үндестігінің аса тән болмағандығын, екінші буында көп жағдайда езу дауыстының келетінін (оғлы – ұлы т.б.) көрсетеді [131, 33 б.]. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі дауыстылардың үндестік заңындағы көптеген ұқсас құбылыстарды салыстыра келіп В.Насилов: «...Бұл көбіне буындағы дауыстылардың, еріндік және езулік дыбыстардың, сондай-ақ жуан және жіңішке қатарлардың арақатынасында көрініс табады: *йару* – «жарқыру», «сәуле шашу»; *анун* – «дайындалу», «жарақтану», «жабдықталу»; *булыт* – «бұлт»; *эдгу* – «жақсылық», «жақсы»; *өгди* – «мадақ», «дәріптеу» және т.б.» [133, 16 б.]. Ең

алдымен, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыссыздардың көпшілігінің жіңішке және жуан варианттары болғанын, яғни екі түрлі таңбаланғанын атап өтуіміз керек. Бір таңба жуан дауыстылармен келсе, екіншісі жіңішке дауыстымен келеді [120, 55 б.]. Көне түркі әліпбиіндегі дауыссыздардың қос вариантты болып келуі жазба ескерткіштердегі қайбір сөздің көне дыбысталу формасын қалпына келтіруде көмекші құрал қызметін атқарады.

Түркі жазбаларының фонетикалық жүйесінде сингармонизмнің екі түрі – палатальді (таңдай) және лабиальді (еріндік) сингармонизм көрініс тапқан. Қазіргі түркі тілдеріндегідей, көне түркі жазбалары тіліндегі үндестік алдыңғы дауыстының кейінге ықпал етуімен сипатталады, яғни сөздің ішінде не бірыңғай жуан, не жіңішке бірыңғай дауыстылар болуы керек. Мысалы: қаған, қара, улуғ «үлкен», қары «кәрі», қаны «қайда» т.б. [129, 61 б.]. Түбірге қосымшалар жалғанғанда үндестік заңы сақталады: қаған+ы, йол+ы «жолы», суб+сыз «сусыз», он+ынч «оныншы»; жіңішке дауыстылармен келгенде: екі, еліг «елу», кісі «кісі», беглер «бектер», бедізчі «бедізші, тас шебері», біліг «білік, білім», екинти «екінші», бітік «жазу» [129, 89 б.]. Ғ.Айдаровтың көрсетуінше, еріндік ашық «о», «ө» дауыстыларының сөздің бірінші буынында ғана қолданылуы байқалады [108, 71 б.]. Мұндай құбылыс қазіргі түркі тілдерінде де байқалады. Мысалы, гагауыз, түрік қарайым, құмық тілдерінде еріндік «о» мен «ө» дауыстылары, көп жағдайда, сөздің бірінші буынында ғана кездеседі. Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген тілдермен қатар, әзербайжан тілінде ерін дауысты сөздерге жалғанған қосымшалар тек қысаң еріндік дауыстылар ғана болады. Мысалы: *корк-у-лу* «қорқынышты», *көпрү-нүн* «көпірдің» (*гаг. т.*); *otuz* «отыз», *öküz* «өгіз» (*түр. т.*); *кол-ум* «қолым», *кёр-сюн* «көрсін»; *увл-ум* «ұлым», *йурю-дюм* «жүрдім» (*қар. т.*); *оймакъ* «оймақ», *оьгуьз* «өгіз», *оьгуьз-уьбуьз* «өгізіміз» (*құм. т.*); *bol-bolluq* «молишылық, байлық», *göl* - *озеро*, *gölümüz* «көліміз» (*әзерб. т.*).

Жазба ескерткіштер тіліндегі дауыстылар үндестігінің бұзылу жағдайларын қарастыра келгенде $u > i$, $ö > i$, $i > ö$ дыбыстарының сәйкестігі анықталды, біздің пікірімізше, бұл үндестіктің бұзылуының қысаң дауыстыларға қатыстылығын көрсетеді. Жазба ескерткіштер тіліндегі үндесім жайы сөз болғанда дауыссыз дыбыстарды да айналып өтпейміз. Қазіргі түркі тілдерінде сөз басының **б** ұяң дауыссызын айтатын тілдердің саны әлдеқайда көп. Бұл топқа оғыз тобындағы тілмен бірге қыпшақ тобындағы тілдерді де, Сібір мен Шығысқа орналасқан тілдерді де, көне түркі, көне ұйғыр, көне қыпшақ тілдерін де, сондай-ақ қарлұқ тобындағы тілдерді де жатқызуға болады. Көне мұралар тілінде сөз басында қатаң **п** өзінің ұяң вариантына қарағанда өте жиі айтылғандығы айқын. Бір кезде В.Радлов Сібірдегі шор, хакас, тува тілдеріне (өйткені олар замандар бойы өздерінің Азиядағы «туыстарынан» оқшауланып келген) жақын болу керек, сондықтан «Құтадғу білік» тілінде сөз басында қатаң **п** дыбысы айтылған деген оймен дастанды солай транскрипциялаған еді. Алайда кейінгі зерттеулер, әсіресе, В.Томсеннің дастан тілін ырғақ, ұйқас жағынан зерттеуі В.Радлов ойының қате екенін көрсетті. С.Маловтың белгілі классификациясы

бойынша көне құрылысты сақтаған деп қаралатын якут тілі де **б** дыбысынан бастап айтылатын тілдер тобына жатады. Мысалы, хакас – **пір, піс, пол, пар, пулут, пурун, пас, палық, палты**; якут – **биэр, биэс, було, быар, баар, былыт, мурун, бас, балық**, т.б. Бұл фактілер көршілес орналасқан, этногенездік жағынан бір-бірімен қабысып жататын екі тілде де дыбыстарды сөз басында қолдану тұрғысынан үлкен айырмашылық бар екенін көрсетеді. Түркологияда осыдан бұрын баяндалғандай, түркі сөздерінің көне дәуірінде қатаң дыбыстан басталып айтылғандығы жайлы байлам орнығып келеді. Бірақ кейбір зерттеушілер сөз басында қатаң дыбыстармен қатаң ұяң дауыссыздардан **б** дыбысы айтылса керек дейтін де пікір айтып келеді. Оған дәлел – көне мұралар тілінде, сондай-ақ бүгінгі көптеген түркі тілдерінде, атап айтсақ, якут тілінде, сөздің басында **б** ұяң дауыссыз дыбысы басым қолданылуы. Ал, батыс өңіріндегі башқұрт халқының тілінде өзге тілдерден (мәселен, орыс тілінен) енген, **п** қатаң дауыссыз дыбысымен айтылатын сөздердің өзі **б** дыбысымен айтылады. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сөз басында ұяң **б** дыбысының қолданылуын тарихи тұрғыдан мына құбылыспен ғана түсіндіруге болады. Тарихқа белгісіз түркі сөздері қатаң дыбыстардан басталып, екпін бірінші буынға түсті (сөздің өзі де бір буынды еді). Тілдің даму барысында сөз құрамының күрделенуіне байланысты бірінші буынды бұрынғыдан гөрі күштірек айту қажеттігі туды. Өйткені, негізгі ой мен негізгі хабар (информация) бірінші буын арқылы беріледі. Сөз құрамының күрделенуіне байланысты екпін сөз соңына (бірінші буыннан соң) қарай жылжыды да, бірінші буын, екінші жағынан, кейінгі буындардың сапасын айқындаушы міндетіне ие болды. Соңғы жағдай басқы дыбыстың да, бірінші буынның да естілуін күшейту қажеттігін арттыра түсті. Мұндай міндетті атқаруға қатаң дауыссыздар қолайлы емес еді. Осындай тілдік қажеттіліктен барып сөз басының ұяңдауы, яғни дауыс қатысы бар дыбыстарды қолдану жүйесі қалыптасты. Тілдегі өзгеріс атаулының қайсысы да тілдің құрамын немесе бүкіл тобын түгелдей қамти бермейтіндігі белгілі [134]. Сондай ерекшелікті (әдетте тіл білімінде «закон исключения» деп аталатын заңдылықты) **б, п** дыбыстарының сөз басында қолданылуынан көруге болады.

Осындай дыбыс алмасуларының бірі – сөз басындағы **б** дыбысының кейінгі кезеңдерде қазақ тілінде **м** дыбысына ауысуы. Бұл құбылыс тарихи фонетикалық даму үдерісінің нәтижесі болып табылады. Аталған мәселе жөнінде ғалым Ғ.Айдаров **б** дыбысын еріннің бір-біріне жабысып, кенет ашылуынан жасалатын, эксплозиясы мен имплозиясы бар шұғыл ұяң фонема ретінде сипаттаса, ал **м** дыбысын еріннің бір-біріне жабысуы арқылы жасалатын имплозивті, мұрын жолды сонор фонема деп көрсетеді [119, 44–61 бб]. Ал профессор М.Сабыр бұл екі дыбыстың генетикалық туыстығы жоқ болғанымен, олардың өзара ауысуы көне түркі тілдерінде ертеден байқалатынын атап өтеді [127, 66 б.]. Сонымен қатар ғалым бұл құбылыстың ортатүркі кезеңінде де жалғасқанын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдейді. Мысалы, «бықынға захм и ханжар йол табты» («уланған қанжар

мықынға жол тапты») деген сөйлемдегі бықын сөзі қазіргі қазақ тіліндегі мықын сөзіне сәйкес келеді [XIII, 45a9]. Осыған ұқсас мысалдар басқа да лексемалардан көрінеді: бойун – мойын [Г, 41a3], буз – мұз [XIII, 88617], бурун – мұрын [НФ, 26a16], быйық – мыйық (мыйығынан күлу, мұртынан күлу) [НФ, 41617], бурундук – мұрындық [Мн, 82a13], бечин – мешін (мешін жылы) [НФ, 92616], байрам – мейрам, бойнақ – мойнақ, сондай-ақ тау асуына қатысты атаулар және т.б. [127, 66 б.]. Осы деректерді қорыта келе, М. Сабыр б дыбысының орнына м дыбысының қолданылуы әртүрлі түркі диалектілерінің өзара ықпалы мен араласуы нәтижесінде пайда болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. Бұл құбылыс қазіргі қазақ тіліне дейінгі дыбыстық эволюцияны айқындайтын маңызды тарихи-лингвистикалық дерек болып табылады. Демек, көне және ортағасырлық жазба ескерткіштері тіліндегі фонетикалық өзгешеліктер бір жағынан көне түркі, орта түркі тілдерінің тұтастығын танытса, екінші жағынан жеке түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің қалыптасу жолындағы сабақтастықты аңғартады. Осылайша, көне және ортағасырлық ескерткіштері түркі тілдерінің тарихи фонетикасын, дыбыс үндестігі мен дыбыс сәйкестіктерін зерттеуде аса құнды тілдік дереккөз болып табылады. «Тонықұқ» жазба ескерткішіндегі дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты ерте кезден қалыптасқан белгілі бір дыбыстық заңдылықтар бар. Ескерткіш тіліндегі жалғаулар мен жұрнақтар үндестік заңы бойынша сөздің соңғы буынымен үндесіп, жуан немесе жіңішке түрде жалғанады. Мәселен, қапыға – қақпаға, қағанлы – қағандық, атлығ – атты, йағымыз – жауымыз, алқынты – алқынды, беглер – бектер, екінті – екінші, үлігі – үлүгі – үлесі, йерчі – жершіл сияқты мысалдар осыны дәлелдейді [119, 26 б.]. Сонымен қатар ескерткіш тілінде ерін үндестігі де қазіргі түркі тілдеріндегі сияқты біркелкі сақталмағаны байқалады. Бірқатар сөздерде алғашқы буында еріндік дауыстылар келіп, кейінгі буындарда езулік дауыстылардың қолданылуы кездеседі (буқалы – бұқалы, айғучысы – кеңесшісі, улуғы – ұлығы, сүсі – әскері, учы – ұшы, тутдымыз – тұттық, ұстадық). Ал кейбір жағдайларда алғашқы буындағы еріндік дауысты кейінгі буындарда да сақталып отырады (көргүг – көруші, өтүнтүм – өттім, таң үнтүрү – таң ата, үчегу – үшеуі, олуруп – отыратын) [119, 26 б.]. Тағы бір назар аударарлық жайт – ескерткіш тіліндегі түбір сөздердің соңғы дыбысы қатаң, ұяң немесе сонор болуына қарамастан, жалғанатын қосымшалардың басқы дыбысы кейде қатаң, кейде ұяң түрде қолданылуы. Мысалы, болты – болды, сақынтым – ойландым, ічікдік – бағынған, қағанқа – қағанға, сүңүсдіміз – біз соғыстық, елігче – елудей тәрізді қолданыстар осы құбылысты көрсетеді [119, 27 б.]. Осы тілдік деректерден шығатын қорытынды – көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштері тілінде сөз тұлғасын құрайтын буындардың үндестік заңына бағынуы болғанымен, бұл заңдылықтар қазіргі қазақ тіліндегідей тұрақты әрі бірізді сипат алмаған. Әсіресе дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі мен ерін үндестігінің сақталуы бір қалыпты емес екендігі байқалады. Бұл көне, орта түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық жүйесінің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Бүгінгі таңда түркі тілдерін байырғы түркі тілдері мен ортағасыр жазба ескерткіштерінің тарихи материалдары деректерінің көмегімен талдау үрдісі белең алды. Мұның негізгі себебі тарихи дәстүрді жалғастыру болып табылады. Қазақ халқы да басқа көршілес туысқан түркі халықтары мен этностары секілді өзінің тарихи дамуын көнетүркі және ортағасыр түркі дәуірлерінен бастау алады. Сондықтан да қазақ тіл білімінің қалыптасуында бұл мәселе маңызды қызмет атқарады.

Қазіргі түркі тілдерінің лексикалық құрамында, грамматикалық құрылысында жазба ескерткіштерге тән түркілік тектестік, ұқсастық болғанымен, фонетикалық жағынан салыстырғанда, елеулі ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтар бары сөзсіз. Сондықтан белгілі бір тілдік ерекшеліктері арқылы олар бір-бірінен ажыратылады. Сан ғасырлық тарихы бар бұл тілдердің әрқайсысының бойында әртүрлі сипат болуы заңды. Себебі олардың арғы тегі бір болғанмен, әрқайсысының өзіндік мекені, қалыптасу, даму жолы, тұрмыс-тіршілік, ғылым-білім, мәдениеті салт-дәстүрі бар. Яғни олардың әрқайсысы – жеке ұлт ретінде өзіндік тіл иелері болып табылады. Сондықтан бұлардың тілінің өзіндік ерекшелігі болмауы мүмкін емес.

3.3 Қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесімнің ерекшеліктері

Сыртқы күштердің ықпалдары лингвистикалық жүйені түбегейлі өзгерте алмағанымен, этностардың қалыптасу үдерісінде оның тілінің негізін қалаған туыс тілдер мен говорлардың ерекше белгілерін танытатын дыбыстық айырмашылықтардың тілдік заңдылыққа айналуына түрткі болады. Басқа халықтардың тілдері секілді, түркі халықтарының тілдері де ұзақ та күрделі тарихи даму жолынан өтті. Бастапқы негіз тілдің ғасырлар бойғы үздіксіз эволюциясы нәтижесінде түрлі фонетикалық, морфологиялық және семантикалық өзгерістер жүріп, оның құрамындағы этностар тілдерінің жіктелуі, қайта тоғысуы мен өзара бөлінуі, туыстас не өзге жүйедегі тілдермен тығыз байланыста болуы – әр тілдің өзіндік табиғатын, ішкі құрылымын және ерекше болмысын айқындап қалыптастырды.

Тілдің сөздік қоры – көптеген тарихи дәуірлердің жемісі екені белгілі. Ежелгі кезеңде ортақ түркі тілі өз дамуы барысында біртіндеп бірнеше жеке тілге жіктелгенімен, бастапқы түбір сөздер сол тілдердің әрқайсысының негізін құрады. Басқаша айтқанда, әр тіл өз бастауындағы ортақтықтың бір бөлігін сақтап қалды. Осылайша бөлінген тілдер өз үлесіне тиген ортақ лексикалық қорды тірек етті. Шынында да, көне түркі тайпалары өзара тығыз байланыста, бір мәдени және тарихи кеңістікте өмір сүрген. Уақыт өте келе кейбір тілдердің арасы ажырап, жеке бағытта дамып, туыстас негізден алыстай түсті (мысалы, чуваш, шор, хакас, алтай тілдері), ал енді бір тілдер, керісінше, өзара жақындасып, бірігу үрдісін бастан кешірді. Дегенмен, қаншалықты алыстаса да, туыстас тілдердің ортақ белгілері мен іздері тілдік жүйеден өшпей, айқын байқалып отырды [135, 12 б.].

Әрбір тілдің өзіндік болмысын айқындап, ішкі жүйесінің қалыптасуына интралингвистикалық, экстралингвистикалық, физио-биологиялық және психо-физиологиялық факторлар бірлесе әсер етеді. Бұл ықпалдардың нәтижесі тілдік құрылымның барлық деңгейінде байқалуы мүмкін. Алайда олардың ішінде фонетикалық-фонемалық деңгейдегі өзгерістер кейінгі морфемалық және лексемалық деңгейлерде жүретін түрленулердің іргетасын қалаушы негізгі тетік қызметін атқарады. Бұл жөнінде Э.Тенишев, әрбір тіл екі факторға негізделіп реттеледі: физикалық фактор – дыбыстарды айту, дыбыстау үдерісі; психикалық фактор – ойды жеткізу үшін дыбыстарды қолдану үдерісі [136, 38 б.] деп атап, тілді ретке келтіруші факторды фонетикалық және фонемалық деңгейде қарастырады.

Сөйлеу барысында жүзеге асатын және тілдің өз дамуына айтарлықтай ықпал ететін дыбыстық өзгерістер [137, 21 б.] туралы Ф.де Соссюр көрсеткендей, кез келген тілдің тек фонологиялық жүйесін емес, сонымен қатар морфологиялық құрылымын, лексикалық қорын және семантикалық өрісін зерттеу барысында тарихи дыбыстық сәйкестіктердің фоно-морфосемантикалық табиғатын негізге алу маңызды. Бұл құбылыстар функционалдық және сапалық тұрғыдан бір деңгейде орналасып, өзара ықпалдаса, байланыса отырып, сөздің тұлғасы мен мағынасына тікелей әсер етеді. Толық мағыналы лексема түзу үдерісінде дауысты мен дауыссыз дыбыстарды жеке қарастырып, бірін екіншісінен жоғары қою – тілдің онтогенездік болмысына қайшы. Тілдің шынайы табиғаты тек консонантизм мен вокализм жүйесін біртұтас, тең дәрежеде қарастырғанда ғана айқындалады. Сондықтан түркі тілдеріндегі моносиллабтардың тұлғалық әрі мағыналық дамуын анықтауда дауыстылар мен дауыссыздардың өзара сәйкестігі айрықша маңызға ие.

Түркологтар түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығы бұзылуының басты себебінің бірі ретінде сингармонизм құбылысы жоқ өзге тілдердің әсерін атап көрсетеді. Түрік тілі сингармонизм заңынан тек ерекше жағдайларда, яғни бөгде, түркі тектес емес және сингармонизм құбылысы тән емес тілдердің күшті ықпалы нәтижесінде ғана айырылуы мүмкін еді [138, 17 б.].

Сондай-ақ, түркі тілдеріндегі сингармонизмнің бұзылуы белгілі бір тілдің дамуының ішкі заңдылығымен де байланысты болып келеді. Н.Дмитриевтің пайымдауынша, құмық тіліндегі бичакъ «нож», бишлакъ «сыр» сөздерінде үндесімнің бұзылуы бір тілде бір мезгілде, қатар жүрген кері ассимиляциялық процеспен, яғни диссимиляциямен байланысты [95, 21-22 бб.]. Сингармонизмнің бұзылуы түркі тілдерінде -докъ, -ки, -сув сияқты жекелеген қосымшалармен де байланысты. Анлаутта [и] дыбысы келген сөздерде жіңішке дауыссыздар үндесуі бұзылады: құмық *ишыкъ* «укромное от ветра место», *икълыкъ* «укромное место», терекме говорында *ишыгълы* «солнечный» [139, 232 б.].

Ерін үндестігінің бұзылуы кейбір аффикстердің қысаң дауысты варианттарының болмауымен де, сонымен қатар еріндік [о, оь]

дауыстыларының позициясының орналасу орнының шектелуімен тығыз байланысты: бура «поворачивай», оьсе «растет». Еріндік үндесімнің ерін дауыссыз дыбыстардың (б, в, м, п,) қасында тұрып бұзылуы да кездеседі [139, 233-235 бб.].

Зерттеушілер Н.Дмитриев пен И.Керимов құмық тілінің қайтағ және подгорный (тау бөктері) диалектісінің говорларын сингармонизм құбылысын жоғалтқан (десингармонизированные) диалектілерге жатқызады. Н.Дмитриев қайтағ диалектісіндегі сингармонизм диссимилятивті сипатта деген болжамға келеді. Бұл дегеніңіз түбірдегі немесе негіздегі дауыстының сапасы қосымшадағы дауыстылардың сапасына үндесу тұрғысынан емес, керісінше, сингармонизм бұзылмаған, жоғалмаған, бірақ іші сыртына айналған [95, 32 б.] дегенді білдіреді. Дербент говорын зерттеушілер де сингармонизмді фонетикалық құбылыс ретінде, яғни түбір мен негіздің немесе соңғы форманттың дыбыстық құрамына қарай дауыстылар мен дауыссыздардың бейімделуі деп қарайды [140, 53 б.]. Сонымен, соңғы кездерге дейін түркологияда, оның ішінде құмық тіл білімінде де, әзербайжан тіл білімінде де сингармонизмді аффикстердің құрамындағы дауыстылардың сөздің түбіріндегі негізгі дауыстылармен үйлесіп келуі керек деп түсіндірілді. Н.Дмитриев дауыссыздардың үйлесімі туралы айтқанда аффикстің құрамындағы алғашқы дауыссыздың түбірдің құрамындағы соңғы дауыссызбен қатаң және ұяңдық сипатымен үйлесуін ескерген болатын. Мұндай үйлесім жағдайында қосымшалардың барлық дауыссыздары түбірдегі дауыссыздарға бейімделе бермейтіні белгілі.

Сингармонизмнің негізгі қызметі сөздің бейнесін түзетін дыбыстарды біріктіру, просодикалық: белгілі семантикалық бірлігі бар, бірдей дыбыстардың кешенінен құралатын тарихи түбірге өзге варианттары бар қосымшалар жалғанғанда дыбыстың артикуляциясы жағынан негізге өте жақын дыбыстырдан құралғандары жалғанады. Демек, сингармонизм сөздің өзімен тең келе алатын дыбыстық кешенді құрайтын дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да бір әуезбен үйлесімді айтылуы болып табылады. Сингармонизм сөз просодиясының артикуляциядық-акустикалық белгісі, оның біртұтас құралымының, сөйлеу үдерісінде сөздің шегін белгілеуші құрал болып табылады. Сингармонизм бір түбірлі сөздерде дауысты, дауыссыз дыбыстарды, көп буынды сөздерде буындарды біріктіреді. Буын құраушы негізгі қызметті дауысты дыбыстар атқарады. Олар дауыссыздармен тіркесе келіп түрлі типтегі (ашық, тұйық, бітеу) буындарды құрайды. Дауыстылардың үндесуі басыңқы, ал дауыссыздардың қатаң және ұяң болып үндесуі бағыныңқы болады [139, 202 б.].

Сингармонизмнің просодикалық қызметі жалпы сөзді түзетін дыбыстарды біріктіру болып табылады. Егер сөз көп буынды болса, онда сингармонизм (өзінің еріндік немесе езулік болып келуі арқылы) сөздің мағынасын тудырады [140, 114 б.].

Н.Ашмарин дауыстылардың үндестігі бұзылуының бірнеше себептерін көрсетеді. Бұл заңдылықтан ауытқулардың себебі мынадай болуы мүмкін: не

белгілі бір сөз өзге дыбыстық жүйесі бар тілден енген кірме сөз болып табылады, не кейінгі ішкі тілдік өзгерістердің нәтижесінде қалыптасқан, бәлкім, зерттеліп отырған говорларда басқа тілдердің әсерінен пайда болған; немесе сөздің үндестік процесі толық аяқталмаған болуы мүмкін [103, 58 б.].

Езу үндестігінің бұзылуына байланысты ең көп тараған көзқарас – оны сыртқы факторлардың әсерімен байланыстыру.

Осыған қатысты Е.Поливановтың пікірін мыслға алсақ болады. Сингармонизмнің түркі тілдеріне тән болғаны соншалықты, олардың морфологиялық құрылымымен, сөздік құрамымен және өзге де жүйелерімен терең қабысқан құбылыс болғандықтан, түркі тілі бұл қасиеттен тек ерекше жағдайларда, яғни түркі тектес емес және сингармонизмге тән емес тілдердің күшті ықпалы әсерінен ғана айырылуы мүмкін [141, 17 б.].

Е.Поливанов Н.Дмитриевтің құмық тілінің диалектілерінде езу үндестігінің бұзылу себебі сыртқы әсерге байланысты болған деген пікірін алға тартады. Е.Поливанов пен Н.Дмитриевтің бұл пікірімен біз келіспейміз, өйткені зерттеу материалдар көрсеткендей, түркі тілдерінде үндесім заңының бұзылуы тек қана сыртқы факторлардың ықпал жасауына ғана қатысты емес. Сингармонизм құбылысының бұзылуы үрдісі кірме сөздерден бөлек, байырғы түркі сөздерінде де кездесіп отырады. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі сингармонизмнің бұзылуының тағы бір себебі дауыстылардың қарама-қарсы жұптарының болуы мен болмауынан шығады.

В.Решетов өзінің «Узбекский язык» деген еңбегінде өзбек сөйленістеріндегі сингармонизмнің жоғалуы мен конвергенция процестерінің бір-біріне өзара тәуелді болатынын, яғни түркі вокализміндегі қарама-қарсы дауыстылардың сапалық тұрғыдан сәйкес келуін жан-жақты көрсетіп берді. В.В.Решетовтің айтуынша, өзбек әдеби тіліндегі үш фонема – *и, у, ў* қазіргі уақытта түркі вокализмінің алты фонемасының (*и-ы, ү-у, ө-о*) орнына қолданылуда, ал көрсетілген *и-ы, ү-у, ө-о* фонемалары *дж*-мен айтылатын және *й*-мен айтылатын сөйленістерде жеке фонема ретінде қолданылады [142, 117 б.].

Ұйғыр тіліндегі дауыстылар үндестігінің бұзылуын Ә.Қайдаров ол тілде сингармониялық қосарлары жоқ индифферентті (*и, е*) фонемалардың болуымен түсіндіреді, олар бейтарап дыбыстар болғандықтан түрлі қатардағы дауыстылардың (дауыссыздардың да) тіркесімдеріне мүмкіндік береді, грамматикалық формалардың индифферентті варианттарын түзеді (салыстыр.: *-ні, -нін, -дін, -ісі* т.б.).

Ә.Қайдаров мұны дауыстылардың үндестігі бұзылуының жалғыз себебі деп есептемейді, сонымен қатар шет тілдің әсерінен, әсіресе ұйғыр тілі ұзақ уақыттар бойы қарым-қатынаста болған бейүндес тілдердің әсерінен болғандығын айтады [143, 163 б.].

«А» фонемасының тұрақсыздығы, оның түрлі фонетикалық трансформацияларға бейімділігі (*а-ы, а-о, жіңішкеленуі, умлаут құбылысы*) езу үндестігін бұзатын ішкі фактор болып саналады. Сонымен, «а» дауыстысының дыбыс жүйесіндегі тұрақсыздығы, оның «е», «о», «ы»

дыбыстарына айналуға бейімділігі дауыстылардың жасалу орнына қарай қарама-қарсы қойылуының бұзылуына жол берді.

А.Щербактың көрсетуінше, өзбек тілінде дауыстыларды жуан дауыстылар және жіңішке дауыстылар деп параллель бөлу жоқ. Бұл құбылыстың кейін пайда болғандығы күмәнсіз, өйткені түркі тілдері үшін өте маңызды және жалпытүркілік дауыстылар үндестігі бұзылған болып тұр [60, с. 35].

Ә.Қайдаров ұйғыр тілінде индифферентті дауыстылардың пайда болуын дауыстылардың кейінді таңдай үндестігінің Іле бойы тілдік ұжымында кеңінен таралуымен байланыстырады [143, с. 240].

Н.Гаджиева бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Е.Поливановтың пікірін де орынды деп санауға болады: Г.Яррингтің терминологиясы бойынша, дауыстылардың регрессивтік үндестігі – «i-умлаут» (мысалы, *ati – eti* түрінде) – тілде «ы» дыбысы сақталған жағдайда мүмкін болмас еді, өйткені бұл умлаут тек алдыңғы қатарлы *i* дауыстысының көне артқы *y* дауыстысын алмастыруының нәтижесі ретінде ғана түсіндіріледі» [144, 39 б.].

Жоғарыда айтылғандардың барлығы дауыстылардың жуан-жіңішке болып қатар түзуінің әлсіреуіне, ал ол өз кезегінде үндеспейтін дауыстылар қатарының пайда болуына әкеліп соққанын көрсетеді.

Әзербайжан тіліндегі дауысты дыбыстар үндестігінің бұзылуына байланысты Э.Азизовтың талдауларынан мысалдар келтіргенді жөн деп білеміз. Қазіргі әзербайжан әдеби тілінде дауыстылардың үндестігіне қатысты бірқатар ерекшеліктер түбір сөздерде кездеседі. Кейбір зерттеушілер бұл ерекшеліктерге (мысалы: *илан, ишыг, инанмаг, ылыг, дәјирман* және т.б.) сүйене отырып, әзербайжан тілінде дауыстылар үндестігінің әлсірегенін көрсетеді. Алайда әдеби тілде сингармонизм заңынан ауытқитын мұндай сөздер диалектілер мен говорларда жиі жағдайда үндестік формаларын сақтап қалады: мысалы, *ылан // илән, ышых, дәјірмән, ынам, ынанмах, ылых, ылдырым // жылдырым // јулдурум // јилдирим // илдирим, жылхы // јилхи // илхи, тыкан // тикән, ышылдамаг, ишылты, ысламмах* және т.б. Осыған байланысты түрколог мынандай пікір айтады: «Жалпы, *ылыг, ишыг, илан* сияқты сөздердегі сөз басындағы дауысты дыбыс қазіргі әзербайжан әдеби тілі тұрғысынан «и» фонемасына жатқызылғанымен, тарихи тұрғыдан бұл дауысты дыбыс «ы» фонемасының бір нұсқасы болып есептеледі» [145, 11-12 бб.].

Дауысты «и» дыбысы тарихи тұрғыдан «ы» фонемасының варианты болып саналуы керек деген пікірге біз де қосыламыз.

Үндестік заңының бұзылуына қатысты Б.Тодаева: «Дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі тек моңғол тілдерінде ғана емес, кейбір түркі және тунгус-маньчжур тілдерінде де қатаң сақталмайды» [146, 17 б.], – деген тұжырымға келеді.

Осыған жуық пікірді кезінде В.Котвич те айтқан болатын. Кейбір дауыстылардың түсіп қалуы немесе олардың қолданылу аясының шектелуі

бастапқы сегіз дауыстыдан тұратын жүйенің тұтастығын бұзды. Соның нәтижесінде, мысалы, моңғол және кейбір түркі тілдеріндегі *i* немесе тунгус-маньчжур тілдеріндегі *и* өзіне сәйкес жұп дыбыстардан айырылып, дауыстылардың үндесу заңына бағынбайтын бейтарап дыбысқа айналды. Осының бәрінің нәтижесінде алтай тілдеріндегі түбірлерді өзгермейтін деп тек шартты түрде ғана атауға болады, ал қосымшаларда дауысты және дауыссыз үндестігі заңының мүлтіксіз сақталуы да абсолютті қатаң емес [116, 33 б.].

Ежелгі түркі тілдерінен бүгінгі күнге дейін ашық-қысаң дауысты дыбыстардың алмасып отыруы кездеседі. Мысалы, а-и, ә-и, е (э)-и (ы) дыбыс алмасулары сөздің басында және соңында үндестік заңын бірде сақтап, бірде сақтамай кездесе береді. Түркі тілдерінде жиі кездесетін «Тәңір» сөзін алтайлықтар «Тенгри», «Тенгери», шорлар «Тегри», сахалар «Тангара», хакастар «Тигир», моңғолдар «Тэнгэр», буряттар «Тэнгэри», балқарлар «Тейри», болғарлар «Тангра», венгрлер «Тенри», гагауыздар «Тангры», қырғыздар «Тенир», қарайымдар «Тары», қарашайлар «Тейри», татарлар мен башқұрттар «Тэнре», түркімендер «Танри» деп атайды [114, 156 б.].

Шындығында да сигармонизмнің бұзылуына тек сыртқы факторлар немесе ішкі факторлар үлкен әсер етті деуге болмайды, өйткені тілдің тарихи дамуында сыртқы және ішкі факторлар өзара қарым-қатынаста, байланыста болады [147, 83 б.]; және тіл жүйесінің дамуындағы экстралингвистикалық фактордың мәселесі лингвистиканың басты назарында қалып отыр [136, 45 б.].

Бірақ олардың өзара қарым-қатынасына, байланыстарына қарамастан егер ішкі түрткі болмаса тек сыртқы факторлар, кейбір тілдерде сингармонизмнің мұнша деңгейде бұзылуына әкеп соқтыра алмас еді.

Үндестік заңының бұзылу жағдайлары қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістерінде де байқалады.

Құмық тілінің ұлыбыауыл говорында дауыстылардың езу үндесуі сақталады, бірақ дыбыстық сапасы жағынан құмық әдеби тіліндегіден керісінше болады. Бұл процесс сөздің құрамындағы жіңішке дауыстылардың барлығы [о, у, а] дыбыстарымен алмасуынан, дауысты [э] келесі буындарда, әсіресе, дауысты дыбысты қосымшаларда [а] дыбысына алмасуынан көрінеді. Оның себебі, жоғарыда көрсетілгендей, құмық әдеби тілі мен говордағы дауысты дыбыстардың сандық тұрғыдан бір-бірімен сәйкес келмеуімен түсіндіріледі.

Езу үндесуі төрт вариантты аффикстерде де бұзылатынын көреміз: *-чи, -чю, -чу, -чы; -мы, -ми, -му, -мю; -си, -су, -сю, сы; ды, -ди, -дю, -ду; -ги, -гю, -гъы; -ны, -ну, -ню, -ни; -гъынча, -гинче, -гъунча, -гюнче...* [138, 17 б.]. Мұның себебі Ұлыбыауыл говорында **ы** дауыссызының ауық-ауық қолданылуынан: ул. *иннир* - әд. *инныр* «гумно», ул. *йилаън* - әд. *йылан* «змея», ул. *ати* - әд. *аты* «его имя», ул. *къайнатип* - әд. *къайнатып* «вскипятив», ул. *алии* - әд. *альт* «взяв», ул. *бариш* - әд. *барыш* «хождение», ул. *йили* - әд. *йылы* «теплый».

Әдеби тілдегі бірінші жақ көптік жалғауы *-биз, -быз, -бюз, -буз*. Ұлыбиауыл говорындағы тек бір ғана нұсқада – тіл алды езулік **и** дауыстысымен жасалады. Бұған Янгикент говорында кездесетін *-миз*, башлыкент говорында кездесетін *-виз* қосымшалары сай келеді. Салыстырыңыз: *таламиз* ЯГ, *талавиз* БГ, *талавиз* УГ – әд.: *талабыз* «наша поляна»; *къозуммиз* ЯГ, *къозувиз* БГ, *къозувиз* УГ – әд.: *къозубуз* «наш ягненок»; *анаммиз* ЯГ, *анавиз* БГ, *анавиз* УГ – әд.: *анабыз* «наша мать».

Дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерге жалғанатын бірінші жақ қосымшалары *-ыбыз, -убуз, -юбюз, -ибиз* говорда екі вариантта — *-ивиз, -увуз* түрінде қолданылып, сингармонизмнің бұзылуына әкеледі. Мысалы, *созуьвуьз* «наше слово», *ативиз* «наша лошадь», *йуртувуз* «наше село», *эшигивиз* «наша дверь», *китавивиз* «наша книга», *къурдашивиз* «наш друг», *ашивиз* «наша еда» *тузувуз* «наша соль».

Сингармонизм заңы *-да, -де* деген жалғаулық шылаулары негізінде де бұзылып, қос нұсқалы аффикстердей сипатта болады: *бучен дэ - бичен де* «и сено», *иш да – иш де* «и работа», *чечеклер дэ – чечеклер де* «и цветы», *суйгеним на – суйге-ним де* «и любимая моя», *мэн дэ-мен де* «и я», т.б.

Біздің еріндік үндесуді езулік үндесуден бөліп қарастырып отырғанымыз олар бір-бірімен байланысы жоқ морфологиялық процестерді білдіреді дегендік емес. Керісінше, Н.Дмитриев көрсеткендей, еріндік үндесудің принципі езулік үндесудің принципімен бір мезгілде жүзеге асырылады, сөйтіп, еріндік үндесуді езулік үндесуге тәуелсіз, бөлек процесс деп қарамай, біртұтас езулік-еріндік үйлесім тұрғысынан қарастырған дұрыс [95, 9 б.].

Ұлыбиауыл говорында ауық-ауық тіл алды еріндік **оь, уь** дауыстылары кездеседі де, өз кезегінде ерін үндесуі бұзылатын бірнеше жағдайларды тыңдатады. Ерін үндесуі де езу үндесуі сияқты төрт вариантты қосымшаларда бірізді болып келмейді. Әдеби тілдегі төрт варианты бар қосымшалар негізге жалғанғанда Ұлыбиауыл говорында ерін үндесімі мынадай өзгешеліктермен сақталады, яғни еріндік жуан дауыстының орнына еріндік жіңішке дауысты қолданылады: ул. *гургур* - әд. *гюргюр* «индюк», ул. *оксузму?* - әд. *оьксюзмя* «сирота ли?», ул. *улгуму*) - әд. *уьлгюмя!* «образец ли?». Мұндай құбылыс тек қосымшаларда ғана емес, түбірлерде де байқалады: ул. *кор* - әд. *коьр* «могила», ул. *мугьур* - әд. *мюгьюр* «печать», ул. *октэм* - әд. *оьктэм* «гордый» т.с.с.

Келтірілген мысалдардан көз жеткізгеніміздей, зерттеліп отырған говордағы мұндай сөздерге тіл арты еріндік сингармонизмі, ал құмық әдеби тіліне тіл алды еріндік сингармонизмі тән болады екен.

Әзербайжан тіл білімінде де сингармонизм фонетикалық құбылыс ретінде қарастырылады, яғни қосымшалар құрамындағы дауыстылар түбірдегі дауыстының еріндік және езулік сипатына бағынышты болады [148, 53 б.]. Сөйтсе де, сингармониялық дыбыс кешенінің элементі болып табылатын дауыстылар да, сондай-ақ дауыссыздар да сингармониялық әуеннің (тембрдің) ықпалына бірдей ұшырайды. Дауыстының дыбыстық

бояуына дауыссыз әсер етсе, ал дауыссыздың дыбыстық бояуына дауысты көбірек әсер етеді.

Әзербайжан тілінің терекеме говорында дыбыстардың ерін және езу үндесімі көрініс тапқан. Езу үндесімі бірнеше дауыстыдан тұратын түбір сөздер мен бөлінбейтін негіздердің құрамындағы барлық дауыстылар жуан болса, онда сәйкесінше, барлық дауыссыздар қатаң болып келуімен сипатталады: аджыгъламма–аджыгланма «не нервничай», һакъкбулу–пытраг «лопух», құмық тілінде (салстырамыз) ахтармалар–чыхыг «на-весь», гъакъули (сол мағынада), къарынкъадж–гарангуш «ласточка», хатын // хатун–арвад «жена», құмық тілінде (салстырамыз) къатын //къатун (в том же значении). Егер түбірдегі дауысты жіңішке болса, келсі буындарда да жіңішке дауыстылар қолданылады да, барлық дауыссыздар ұяң болып келеді: наышаър-кечи «4-х годичный козел, баран», еллик – ел мешаъси «общественный, общий лес», құмық тілінде (салстырамыз) нешер ирк (сол мағынада), мишмиши – аърик «абрикос с горькой косточкой», боъйрекляър – боъйраъкляър «почки», баъһаър – маъһсул «урожай».

Ерін үндесімі түбірдегі ерін дауыстылардан кейін қосымшаларда ерін дауыстылар, ал езу дауыстылардан соң езулік дыбыстардың қолданылуымен сипатталады: бойундуругъ – бойундуруг «ярмо», къойун «овца», йонгъу «опилки, стружки», құмық тілінде (салстырамыз) йонгуч «стружки», агъыз «молозиво», коъруыг «хлебная печка», құмық тілінде (салстырамыз) коъруык (сол мағынада).

Терекеме говорында жіңішке дыбыстардың үндесуі барынша бірізді болып келеді. Говордағы жіңішке дыбыстардың үндесімінің жүзеге асуына, басқа да түркі тілдері мен диалектілеріндегідей, қосымшалардың екі варианты ықпал етеді: һалсыз – чох агъыр хаъстаъ «очень больной человек», агъызлыкъ – йуъйаън агъызлыкъы, даъһнаъ «уздечка», гавалы – гаъвалы «слива», гугуртган – боъйуърткаън «ежевика». Еріндік дыбыстардың үндесімі негізінен екі буыннан тұратын сөздерде байқалады: уршу – биноъвраъ «фундамент», куъкуъ – гайгъанаг «яичница», къупу – тохна «тяпка».

Құрамында жуан дауысты бар аффикстер тіл алды жіңішке [э] және тіл арты жуан [а] дыбыстан тұратын екі фонетикалық вариантқа ие болады. Тіл алды жіңішке [э] дауыстысымен келетін қосымшалар сөздің түбіріне немесе өзінен алдыңғы аффикстерге мынандай жағдайларда үндесіп жалғанады:

1) сөздегі дауыстылардың барлығы жартылай ашық тіл алды жіңішке [э] болғанда ұяң дауыссыздармен тіркесіп келеді: эгер «если», элек «сито», шекер «сахар», эгев «напильник», бермек «давать», этек «подол», беземек «украшать», кершен «корыто», геземек «гулять».

2) негіздің соңындағы дауысты дыбыс [э] тіл ады дыбысымен келсе: арек «даль», куъсмэк «отвращение», гумелек «бабочка», ордек «утка», инче «тонкий», дженнет «рай», джиелек «земляника».

Әзербайжан тілінде езу үндестігінің бұзылуы, негізінен шығыс және солтүстік диалект топтарына тән, оңтүстік топтарында сирек байқалады [148, 25 б.]. Мысалы, бакы диалектісінде сөздердің төмендегідей дыбысталуы

кездеседі: guzi – әд. guzu «қозы», goşi < gonşu «көрші»; сөзтудырушы қосымшалар құрамында: čajči < čajču «шай өсіруші», daddi < dadly «тәтті» (бұл сөзде езулік сингармонизмінің бұзылуынан басқа дауыссыздардың ілгерінді ықпалы да байқалады).

Әзербайжан тілінің терекеме говорының әдеби тілден сипатты ерекшелігі әдеби тілде негізінен сақталған сингармонизм процесінің бұзылуы болып табылады. Говорда еріндік үндесімнің бұзылуы: 1) түбірлер мен бөлінбейтін негіздерде [и] дыбысынан кейінгі позицияда келетін жіңішке дауыстының орнына, қайтағ диалектісінің говорларындағыдай, терекеме говорында жуан дауысты қолданылады: бичан «сено», ичмагъ – лит. ичмаък «пить», хинджал – хаьнджаьр «кинжал»; 2) тіл арты дауыссыздарының жанындағы позицияда кездейсоқ ы>и ауысып келуі: кьаси «возвышенное место для сидения», ср. кум. хаси, дагъи, ср. кум. дагъы (усилительная частица), ср. кайт. дагъи, къариш – гарыш «мерка между большим пальцем и мизинцем», аригъ – арыг «худой», къарин – гарын «живот», ул. къашигъ – гашыг «ложка», сиргъа – сырға «сережка», ул. гирагъда – гырагда «на улице»; 3) сөз тудырушы төрт вариантты -чы жұрнағы говорда кейде бір ғана -чи вариантында қолданылады: йаланчи // дел. аллатанчи – йаланчы «обманщик», дел. кьизкъанчи «жадный»; 4) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігі мен көне жазба ескерткіштері тілдеріндегідей терекеме говорында да [у] мен [ы] дыбыстары кезектесіп қолданылатыны бар: къатын – къатун «женщина», йастугъ – йастыгъ «подушка», йумурта // йумуртгъа – йымырта // йымыртгъа «яйцо», къамуш – къамыш «камыш», дел. бугъда «пшеница»; 5) өзге тілдерген енген кірме сөздер құрамында: касиб – касыб «бедный», финдыгъ – фындыгъ «фундук», ср. дел. касыб; 6) жуан дауысты сөздердің басында дауысты [ы] дыбысының қолданылмауына байланысты сөз басында [и] қолданылып, сингармонизмнің бұзылғандығы көрінеді: ишыгълы «солнечный», илан «змея».

Ерін үндесуінің бұзылуы: 1) ерін дауыссыздарымен қатар позицияда езу дауыстылар еріндікке айналады. Құмық тілі диалектілерінің бәрін қамтитын бұл үрдіс терекеме говорында анық көрінеді: това – говалы – гавалы «слива», тава «сковородка», наьрдуван – наьрдиван «лестница», йарпуз – йарпыз «дикая мята», дувар – дивар, къапу – гапы «ворота», һамусу – һамысы «все», айув – айы «медведь», пад. къарпуз, татл. самирсагъ – сарымсаг «чеснок», кърпуьз «арбуз», самурсагъ, ул. дерневудж – дырмаг «грабли»; 2) тіл арты дауыссыз дыбыстарымен қатар позицияда езу дауысты дыбыстары кездейсоқ еріндік сипат алады: балугъ – балыг «рыба», чалгъу – чалгъы «коса», ул. сандугъ – сандыг «сундук». Еріндік үндесімнің бұзылуы тер диалектісінің говорларында да кездеседі: уьйагълиси – лит. уьйахлуьсуь «его семья», уфирди – уьфуьрдуь «подул» [149, 60 б.]. Қайтағ диалектісінің янгикент говорында сұраулық шылауы бір ғана жуан дауысты [у] арқылы жасалады. Ал құрамында жуан не жіңішке ерін дауыстылар бар негіздерге – му шылауы жалғанғанда дауыстылардың да, дауыссыздардың да үндесуі бұзылады: гэлдиму? «пришел?», саламу? «положил?» [150, 23 б.].

Қайтағ диалектісінің Ұлыбиауыл говорында сөз сингармонизмінің бұзылуы кейбір қосымшалардың сингармониялық варианттарының болмауымен байланысты. Мысалы, *ажакъ*, *-ежек*, *-макъ*, *-мек* қосымшаларының жалғануы дауыстылардың езу үндесуінің бұзылуына әкеп соғады: ул. *геледжакъ* - әд. *гележек* «придет», ул. *береджакъ* - әд. *бережэк* «даст», ул. *биладжакъ* - әд. *билежек* «узнает», ул. *гирмакъ* - әд. *гирмек* «заходить», ул. *юзмакъ* - әд. *юзмек* «плавать».

Ұлыбиауыл говорында сингармонизмнің бұзылуы белгілі бір жүйе бойынша болады. Езулік үндесімнің бұзылуы, көп жағдайда, сөзге қосымшалардың жалғануынан, яғни құрамында тіл алды жіңішке дауыстысы бар сөздерге тіл арты жуан дауыстылы аффикстер жалғанады: ул. *билмай* - әд. *билмей* «не знает», ул. *илмай* - әд. *илмей* «не вешает», ул. *гирмай* - әд. *гирмей* «не заходит», ул. *бишмай* - әд. *бишмей* «не варится», ул. *иримай* - әд. *иримей* «не тает», ул. *чечилмай* - әд. *«чечилмэй»* «не снимается», ул. *къырайи* - әд. *къырыйы* «рядом», ул. *сир* - әд. *сыр* «краска».

Құрамында жуан дауысты бар аффикстер тіл алды жіңішке [э] және тіл арты жуан [а] дыбыстан тұратын екі фонетикалық вариантқа ие болады. Тіл алды жіңішке [э] дауыстысымен келетін қосымшалар сөздің түбіріне немесе өзінен алдыңғы аффикстерге кей жағдайларда үндесіп жалғанатынын біз бұдан бұрын да айтқан болатынбыз.

Бұл мысалдарға қарап, Ұлыбиауыл говорында дауыстылардың езу үндесуі сақталатынын, дегенмен дыбыстық сапасы жағынан құмық әдеби тіліндегіден керісінше болатынын байқаймыз. Бұл процесте сөздің құрамындағы жіңішке дауыстылардың барлығы [о, у, а] дыбыстарымен алмасуынан, дауысты [э] келесі буындарда [а] дыбысына алмасуынан көрінетінін түсіндік. Жоғарыда көрсетілгендей, құмық әдеби тілі мен говорындағы дауысты дыбыстардың сандық тұрғыдан бір-бірімен сәйкес келмейтінін байқадық [134].

Бұлай еріндік үндесуді езулік үндесуден бөліп қарастырған себебіміз: олар бір-бірімен морфологиялық байланысы жоқ деп емес, керісінше, еріндік үндесудің принципі езулік үндесудің принципімен бір мезгілде жүзеге асырылады, еріндік үндесуді езулік үндесуге тәуелсіз, бөлек процесс деп қарамай, біртұтас езулік-еріндік үйлесім тұрғысынан қарастырған дұрыс деп ойлаймыз [95, 9 б.].

Мысалдардан көрінгендей, говорлардағы мұндай сөздерге тіл арты еріндік сингармонизмі, ал құмық әдеби тіліне тіл алды еріндік сингармонизмі тән болады.

Сонымен, сингармонизмнің негізгі фонологиялық қызметі сөздің фонологиялық бейнесінің міндетті элементі ретіндегі оның бірыңғай әуезін сақтау болып табылады.

Сингармониялық дыбыс кешенінің элементтері болатын дауыстылар да, дауыссыздар да сингармониялық әуездің ықпалына бірдей ұшырайды. Дауыссыздардың дыбыстық бояуына дауыстылар, ал дауыстылардың дыбыстық бояуына дауыссыздар ықпал етеді.

Сингармонизмнің просодикалық қызметі жалпы сөзді түзетін дыбыстарды біріктіру болып табылады. Егер сөз көп буынды болса, онда сингармонизм (өзінің еріндік немесе езулік болып келуі арқылы) сөздің мағынасын тудырады [140, 114 б.].

Қазіргі түркі тілдеріндегі үндесімнің ерекшеліктері жайлы сөз болғанда түрік тілінің дыбыстық жүйесін зерттеген ғалым Ө.Özçelik еңбегіне қазақ тілімен салыстыра отырып тоқталғанды жөн көреміз.

Түрік тілінің фонологиялық моделі бойынша, түрік тілі агглютинативті тіл болғандықтан, сөз ішінде дыбыстардың өзара ықпалы (үндесімі) өте күшті екенін көруге болады. Ғалым түрік тілін фонологиялық тұрғыдан «просодиялық сөз», «аяқталған сөз» және «фраза» деңгейінде қарастырады.

Дауысты дыбыстар жүйесі:

- Түрік тілінде 8 негізгі дауысты бар: *a, e, ı, i, o, ö, u, ü*.
- Олар алдыңғы/артқы және еріндік/езу болып бөлінеді.
- Дауыстылар үндесімі түркі тілдеріне тән басты заң ретінде сипатталады.

Ө.Özçelik бұл үндесімді фонотактикалық шектеулердің нәтижесі ретінде түсіндіреді (яғни, үндесім — грамматикалық емес, фонологиялық құбылыс) [151, 17 б.].

Дауыссыз дыбыстар жүйесі:

- Түрік тілінің дауыссыздары акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай топтастырылады.
- *b-p, d-t, g-k* сияқты жұптардың өзара сәйкестігі фонологиялық ережелерге сай.
- Сөз соңындағы *ğ* дыбысының әлсіреуі мен буын құрылымына әсері ерекше болып табылады.

Буын және екпін:

- Буын түрлері: ашық (CV) және бітеу (CVC).
- Түрік тілінде сөз екпіні көбінесе соңғы буынға түседі, бірақ морфологиялық құрам мен синтаксистік контекст әсер етеді.
- Түрік тіліндегі екпін «ритмикалық құрылыммен» байланысты. Бұл қазақ тіліндегі екпін жүйесіне де ұқсас.

Түрік тілінде үндестік жүйесі - фонологиялық симметрияның көрінісі. Бұл құбылыстың тарихи бастауы көне түркі дәуіріне кетеді [151, 110 б.].

Түрік тілі мен қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі, сингармонизм құбылысындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын кесте түрінде салыстырайық (кесте-5,6).

Кесте 5 – Түрік тілі мен қазақ тілінің ұқсастықтары

Көрсеткіш	Түрік тілі	Қазақ тілі	Ұқсастық
Тілдің типі	Агглютинативті	Агглютинативті	Екі тіл де қосымшалы, үндестік заңына

			бағынып жалғанады.
Дауысты дыбыстар саны	8 (а, е, і, і, о, ө, и, ü)	9 (а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү)	Дыбыстардың жуан/жіңішке және еріндік/ерінсіз қатарлары бар.
Дауыстылар үндесімі	Алдыңғы–артқы және еріндік үндестік бар.	Жуан–жіңішке үндестігі негізгі, ерін үндестігі шектеулі.	Негізгі фонологиялық принцип бірдей – түбір мен қосымша үндесуі тиіс.
Дауыссыздар үндесімі	Шектеулі: мысалы, түбір мен қосымшада <i>k–g, p–b</i> сәйкестігі байқалады.	Белсенді емес, бірақ <i>қ–к, з–з</i> сәйкестігі бар.	Кейбір сәйкестіктер тарихи ортақ негізден шыққан.
Екпін жүйесі	Көп жағдайда соңғы буында; морфологиялық фактор әсер етеді.	Екпін көбіне соңғы буында, кейде сөз мағынасына қарай ығысады.	Ритмикалық құрылым ұқсас.

Кесте 6 – Түрік тілі мен қазақ тілінің айырмашылықтары

Қырлар	Түрік тілі	Қазақ тілі
Ерін үндесімі	Толық дамыған: еріндік дауыстыдан кейін келесі буында да еріндік естіледі (<i>gölüm, okulda</i>).	Ілкі буында ғана әсер етеді, кейінгі буындарда әлсірейді (<i>көрік – көрікті</i>).
Жуан-жіңішке шектеуі	Қатаң жүйелі: бір сөз ішінде аралас дыбыстар болмайды (шет тілдік кірмелерден басқа).	Кейбір кірме сөздерде жуан-жіңішке араласа береді (<i>мектеп, пәрмен</i>).
Сөз соңындағы дыбыс әлсіреуі	<i>ğ</i> дыбысы буын соңында әлсіреп, жиі айтылмайды.	Қазақ тілінде мұндай әлсіреу жоқ, дыбыс толық айтылады.
Интонациялық құрылым	Просодия өте зерттелген, сұрау–леп–баяндау сөйлемдерде тон өзгереді.	Интонация зерттелгенімен, фонологиялық сипаттан гөрі синтаксистік рөл басым.
Грамматикалық әсер	Кейбір жалғаулар үндестікпен бірге	Үндестік қосымша жалғану тәсілінің негізгі

	фонологиялық бейімделеді.	заңдылығы саналады.	болып
--	------------------------------	------------------------	-------

Қазақ тілі, әдебиеті көршілес түркі мәдениеті мен әдебиетімен қатар дамыды. Мұны әзербайжан, қырғыз, түркі қолбасшысы Тоныкөкке арналған Күлтегін, Білге қаған, Орхон ескерткіштері сияқты ең көне тарихи ескерткіштерден көрсетуге болады [152, 116 б.].

Қазақ тілінде мына төмендегі қосымшалар өздерінен бұрынғы буынның жуан – жіңішкелігіне қарамай осы күйінде жалғанады:

- мен (-бен, - пен): қалам – мен, ағаш – пен;
- паз: әсем – паз, өнер – паз;
- қор: пәле – қор;
- қой: сән – қой;
- кер: жұмыс – кер;
- дік (-нікі, - тікі): колхоз – дікі;
- кеш: арба – кеш;
- хана: шеберхана
- күнем: пайда – күнем [5, 137 б].

Басқа тілден енген сөздер қазақ тілінің сингорманизім заңына бағынбайды. Мысалы: кі-тап-тар, пи-о-нер-лер. Бірақ бұларға қазақ тілінің қосымшалары жалғанады. Мысалы: депутат-тар-ға, пио-нер-лер-ге, қызмет-ші-лер-ге.

Сөз соңында тұрған буындарға бағынбай тіркесетін осы қосымшалардың дені өзге тілдерден кірген не өлі қосымшаға толық айналып үлгермеген (сөз бен қосымша арасында) тілдік құралдар.

Осылармен бірге, тілімізде ерін үндестігі айту мен жазуда бұзылып жатады. Ол еріндік о, ө, ұ, ү дыбыстарын айтуда еріндік дыбыстарға жақындатады:

1. Алғашқы буындағы о немесе ұ дыбыстары екінші буындағы ы дыбысын ұ-ға айналдырады. Мысалы: орын – орұн, құлын – құлұн. Ал ашық дауысты а дыбысына о-ның да, ұ-ның да әсері байқалмайды. Мысалы: орақ, құлан.

2. Алғашқы буындағы о немесе ұ дыбыстары екінші буындағы і дыбысын ү-ге айналдырады. Мысалы: көрік – көрүк, күдік – күдүк.

3. Алғашқы буындағы ө немесе ұ дыбыстары екінші буындағы е дыбысын ө-ге айналдырады. Мысалы: өлең - өлөң, күрек – күрөк.

Мұны жинақтап, мына секілді схемамен көрсетуге болады:

1. Жуан дауыстының еріндікке алмасуы: -о - ы -ұ, - ұ - ы - ү. Мысалы: орын – орұн, құлын – құлұн.

2. Жіңішке дауыстының еріндікке алмасуы:

а) ө - і - ұ, ү - і - ү. Мысалы: көрік – көрүк, күндік – күндүк.

б) ө - е - ө, ү - е - ө. Мысалы: өлең – өлөң, күрек – күрөк.

Езулік дыбыстардың еріндікке алмасуы тек қана айту нормасына жатады, жазуда оны елемейміз.

Түркі тілдеріндегі байырғы сөздерде сингармонизм екі түрде ұшырасады.

Түбірдегі дауыстылармен үндесе алмайтын бірен-саран аффикстерді (қосымшаларды) еске алмағанда, түркі тілдерінде қосымшалардың түбір сөзге бағынып жалғануы – оларға тән және қалыптасқан заңдылық.

Біркелкі жуан буындардан немесе біркелкі жіңішке буындардан құралған сөздер көбінесе байырғы сөздер болып табылады. Жуанды-жіңішкелі аралас буындардан құралған сөздер басқа тілдерден енген сөздердің тобына енеді. Аралас буынды сөздерге қосымшалар соңғы буынның ыңғайына икемделіп жалғанады (кітап-қа, мұғалім-ге, антонимдер).

Лингвальдық сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде бар. Түркі тілдерінде де аффикстердің басым көпшілігі түбір сөздегі дауыстының ыңғайына (жуан немесе жіңішке болуына) қарай жалғанады да, бірен-саран аффикстер ғана үндесуден сырт қалып, бір вариантта ғана ұшырасады. Қазақ тіліндегі – нікі, (-дікі, - тікі) аффиксі, (баланікі, әкенікі, досымдікі, қарындастікі), -паз, - қор, - кеш, - гөй, -хана аффикстері (өнерпаз, білімпаз, дүниеқор, пәлеқор, ақылгөй, асхана, шеберхана).

Бастапқы буындағы ерін дауыстының ыңғайына қарай, соңғы буындар да ерін дауыстылардың келуі дауысты дыбыстардың ерін қатысы жағынан үндесуі нәтижесінде болады. Дауысты дыбыстардың үндесуінің бұл түрі, ерін үндестігі немесе лабиальдық сингармонизм, өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің барлығына да бірдей тән болатын болса, лабиальдық сингармонизмнің, біріншіден, түркі тілдерінің әрқайсысына көріну дәрежесінің өзі әртүрлі. Атап айтқанда, ерін үндестік заңы орын тепкен түркі тілдерінде алдыңғы буынның ерін дауыстысының соңғы буынның немесе буындардың дауыстысына еріндік болуы жағынан әсер етуі түрліше болады. Мысалы, түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндіктің өзінен кейінгі езулік дауыстылардың тарапынан болса, қайсыбіреулерінде тек қысаң еріндік дауыстылардың тарапынан болады, сондай-ақ түркі тілдерінің кейбіреулерінде алдыңғы буындағы еріндік соңғы буындардағы дауыстылардың бәріне бірдей әсер етсе, енді біреулерінде тек ашық немесе қысаң езулікке әсер етеді. Еріндік дауыстының әсері буын санының мөлшеріне қарай да ажыратылады. Мысалы, түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндік дауыстының әсері барлық аффикстерді қамтып, сөздің өн бойына тарайтын болса, қайсыбіреулерінде сөздің негізін ғана қамтиды, енді біреулерінде аффикстердің біреуіндегі ғана дауыстыға әсер етіп, басқаларына әсер етпейді. Лабиальды сингармонизмнің табиғаты лингвальдық сингармонизмге қарағанда өте-мөте күрделі және оның сөз құрамындағы келесі буындарға әсері түркі тілдерінің әрқайсысында түрлі-түрлі болады.

Құрамында бірыңғай дауыстылары бар сөздердің молдығы ерін үндестігінің грамматикалық сөзформаларында да бірізді болуын қамтамасыз ететін нақты артикуляциялық база жасайтыны белгілі. Мұндай база жоқ жерде ерін үндестігінің де бірізділігі болмайды.

Тілдік жүйедегі қарама-қарсы қатынастар тілдегі семантикалық парадигманы көрсетеді. Бинарлы оппозициялық жұп тек тілдік категория емес, ол философия, логика, психология сияқты ғылым салаларымен сабақтас ұғым [153, 5 б.].

Бірқатар тілдерде сингармонизмнің бұзылу тенденциясы байқалады. Бұл ретте И.Оглоблиннің хакас тіліндегі сингармонизм құбылысын экспериментті жолмен зерттеуден алған нәтижелері назар аударарлық. Оның айтуынша, зерттеуге байланысты мәтіндердегі зерттелген сөздердің жалпы санының үштен бірі сингармонизм заңы бұзылған сөздер болып шықты. Сингармонизмнің бұзылуы тілдің әрі қатар (яғни, жуан-жіңішке — палатальдық үндестік), әрі еріндік (лабиалдық үндестік) белгілері бойынша, сондай-ақ аралас түрінде — қатар мен ерін үндестігінің бір уақытта бұзылуы түрінде көрінеді. Сонымен бірге ерін үндестігі бойынша сингармонизм бұзылуының үлес салмағы қатар үндестігі бойынша бұзылудан әлдеқайда жоғары екені байқалады, ал аралас типтегі бұзылулар ең сирек кездеседі [115, 8 б.].

Сингармонизм заңы бұзылуының көптеген мысалдары Н.Гаджиеваның еңбектерінде [1975, 1979] келтірілген. Оның айтуынша, Әзербайжан тілінде дауыстылардың палатальді үндестігінің бұзылуына иран және кавказ тілдерінің әсері көп болған. Сонымен қатар түркі тілдерінде сингармонизмнің бұзылуына байланысты өте құнды пікір айтқан Н.Гаджиева мынандай мәселеге назар аудартады, оның сөзінше, ерін үндестігінің ең жоғары дәрежеде көріну құбылысы миграциялық сипатқа ие [154, 57 б.]. Сонымен еріндік үндесімнің толық сақталған қалпы туралы мына пікірге назар аударған дұрыс: Сібір, Алтай, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Батыс Сібір, Башқұртстан – еріндік үндестіктің ең жоғары көрініс табатын аймақтары болып табылады. Бұл құбылыстың негізгі таралу орталығы қырғыз халқының оңтүстік өңірлерін, ішінара ұйғыр және алтай халықтарының мекен ету аймақтарын қамтиды [155, 144].

Осы келтірілген пікірлердің барлығы әрбір түркі тілінің фонетикалық құрылымын зерттеген кезде аса мұқият болуды талап етеді. Ал әзірше, көрсетілген «бұзылулары» мен «сөне бастауына» қарамастан түркі тілдеріндегі сингармонизм іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс ретінде қала береді.

Әрбір түркі тілінің просодиялық құралдарына, сондай-ақ олардың грамматикалық құрылымына жүйелі талдау жүргізумен қатар, семантикалық заңдылықтарды есепке алу кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай зерттеу түркі сөзінің сингармонизміндегі әлі толық шешілмеген және даулы мәселелерді анықтауға ықпал етеді. Қорытындылардың дәл болуын қамтамасыз ету үшін эксперименттік зерттеулер әдістерін қолдану және перфокарталау тәсілі арқылы материалдарды жүйелі жинау маңызды. Ұзақ ғылыми ізденіс нәтижесінде қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесім ерекшеліктеріне қатысты эксперименттік талдау жүргізіліп, *қырғыз, өзбек, саха (якут), ноғай, башқұрт, құмық және татар,*

түрік тілдерімен салыстырмалы түрде ұсынылды. Эксперимент барысында әртүрлі түркі тілдерінде үндесім заңдарының (дауысты және дауыссыз) сақталу немесе әлсіреу деңгейі анықталып, қазақ тілінің үлгісімен салыстырылды. Бақылау кезінде ерін үндестігі, жуан-жіңішке үндесім және үндесімнің бұзылу белгілері талданды. Эксперименттік нәтижелер көрсеткендей, қыпшақ тілдерінде (қазақ, ноғай, құмық, башқұрт, татар) үндесім заңы негізінен сақталған, ал қарлұқ тілдерінде (өзбек) үндесім әлсіреген. Оғыз тобына жататын түрік тілінде кейбір қазақша төл сөздер басқа түбірмен беріледі (кестеде көрсетілген). Түрік тілінде үндесім заңы бар, бірақ ерін үндестігі әлсіз, және кейбір сөздер морфологиялық тұрғыдан төл түркі формаларымен салыстырғанда өзгеріске ұшыраған. Ал саха тілінде үндесімнің ең көне, толық үлгісі сақталған. Осыдан шығатын қорытынды: қазіргі түркі тілдерінде үндесім заңдарының сақталуы біркелкі емес. Саха, қырғыз, қазақ тілдері үндесімнің классикалық үлгісін сақтаса, өзбек тілінде бұл заң жүйелі түрде бұзылған. Түрік тілінде, оғыз тобына тән өзгерістер нәтижесінде, үндесім заңын толық сақтау байқалмаса да, фонетикалық бейімделу арқылы кейбір жүйелі белгілер сақталған. Аталған айырмашылықтар тілдердің тарихи даму жолы, тілдік контактілер және сыртқы тілдік әсерлер нәтижесінде қалыптасқан.

Кесте 7 – Қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесімнің ерекшеліктері

қазақ	қырғыз	өзбек	саха	ноғай	башқұрт	құмық	татар	түрік
бала	бала	бола	оқо	бала	бала	бала	бала	çocu k
көл	көл	кўл	күөл	көл	күл	көл	күл	göl
мектеп	мектеп	мактап	школа		мәктәп		мәктәп	okul
көз	көз	кўз	күөс	көз	күз	көз	күз	göz
қол	кол	қўл	хол	қол	кул	қол	кул	el

Болашақ зерттеулер барысында қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесім ерекшеліктерін тереңірек, перфакарталау әдісі арқылы қарастыру көзделеді. Алайда диссертация көлемінің шектеулі болуы салдарынан кейбір мәселелерге, соның ішінде сингармонизмнің нақты диалектілік өзгерістері мен морфофонологиялық ерекшеліктеріне толық талдау жасау мүмкін болмады. Сондықтан алдағы зерттеулерде осы бағыттар бойынша кеңейтілген эксперименттік және салыстырмалы талдаулар жүргізу міндеті жоспарлануда.

3- тарау бойынша тұжырым

Диссертацияның 3.1 «**Дауыстылардың езу және ерін үндесімдерінің пайда болуы**» атты тараушасында жүргізілген тарихи-салыстырмалы және типологиялық талдау түркі тілдеріндегі дауыстылардың езу (палатальді) және ерін үндестіктері өзара тығыз байланысты, біртұтас сингармонизм жүйесінің өзара шарттас қырлары екенін көрсетті. Белгілі түрколог ғалымдар В.Богородицкий, М.Черкасский, В.Котвич, О.Бетлинг, В.Радлов, В.Гренбек, П.Мелиоранский, Х.Педерсен, А.Щербак, Т.Талипов және басқалардың еңбектеріне сүйене отырып, ерін үндестігінің езу үндестігінен бөлек дербес құбылыс емес, онымен органикалық бірлікте жүзеге асатын жүйелік заңдылық екені анықталды. Түркі тілдерінің тарихи даму барысында бұл екі үндесім әртүрлі эволюциялық өзгерістерге ұшырап, жеке тілдер мен диалектілерде әрқилы деңгейде сақталды: кейбірінде әлсіреп не жойылғандай көрінсе, енді бірінде бастапқы қалпына жақын немесе өзгерген түрде қайта көрініс тапты. Соның нәтижесінде езу және ерін үндестіктерінің дамуы түркі тілдеріндегі сингармонизм жүйесінің динамикалық әрі көпқырлы сипатын айқындайды.

Диссертациямыздың 3.2. тараушасы «**Жазба ескерткіштердегі үндесімнің ерекшеліктері**» деп аталады. Бұл тараушада көне, орта түркі жазба ескерткіштеріндегі үндесім құбылысы қарастырылады. Зерттеу барысында көне, орта түркі жазба ескерткіштеріндегі үндесім құбылысы тілдің тарихи дамуы мен қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми құрал екендігі дәлелденді. Түйгеніміз бұл деректер қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуында да маңызды рөл атқарып, тілдің тарихи даму жолын түсінуге негіз береді.

Диссертациямыздың 3.3 тараушасы «**Қазіргі түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесімнің ерекшеліктері**» деп аталады. Бұл тараушада түркі тілдеріндегі сингармонизм тарихи, типологиялық және диалектологиялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылып, оның тілдік жүйедегі іргелі, бірақ динамикалық сипаттағы заңдылық екені анықталды.

Қорыта айтқанда, түркі тілдеріндегі сингармонизм – өзгермелі, көпфакторлы және көпдеңгейлі құбылыс. Ол дауыстылар мен дауыссыздардың өзара ықпалдасуы арқылы сөздің фонологиялық бейнесін, морфологиялық ұйымдасуын және семантикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Сингармонизмді тек фонетикалық заңдылық ретінде емес, тарихи-фонологиялық, морфо-семантикалық және просодикалық жүйелер тоғысында қарастыру оның табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында түркі тілдерінің диалектілері мен сөйленістеріндегі үндесім ерекшеліктеріне қатысты эксперименттік талдау жүргізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Түркі тілдеріндегі сингармонизм заңдылығының зерттелуіне назар аударсақ, бұл ерекше тілдік құбылыстың көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналғанын байқаймыз. Оны тек түркологтар ғана емес, жалпы әлемдік тіл білімі өкілдері де өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Зерттеушілердің көпшілігі түрлі генеологиялық топтағы тілдермен салыстырмалы-типологиялық талдау жасай отырып, сингармонизм құбылысының толық әрі жүйелі түрде тек түркі тілдерінде ғана сақталғанын тілге тиек еткен.

Сингармонизмге қатысты алғашқы зерттеулер негізінен танымдық сипатта болды. Олар көбіне тіл үйретуге арналған оқулықтар мен сөздіктер түрінде дайындалып, сөздердің және олардың құрамындағы дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін сипаттаумен ғана шектелді. Бұл еңбектердегі фонетикалық мәліметтер жүйелілік пен нақтылық тұрғысынан жеткілікті деңгейде болмады, бірізді талдау тәсілдері де толық қалыптаса қойған жоқ.

Жазба мұралардан қазақ сөзінің үндесімдік (сингармониялық) айтылым үлгілеріне қатысты құнды деректер табылды. Қазіргі кезде жазба тілдің ықпалымен біртіндеп жоғалып бара жатқан үндесім заңдылығына негізделген көне айтылым нұсқаларын салыстыра талдау арқылы тілдің дыбыстық құрамы мен жүйесіндегі тарихи өзгерістер айқындалды, соның негізінде тілдің даму бағытына болжам жасауға мүмкіндік туды.

Бастапқы кезеңде тілші ғалымдар жуан және жіңішке қасиеттерді тек дауысты дыбыстарға тән деп санаған, себебі сол уақытта сингармонизм құбылысы «дауыстылар үндестігі» тұрғысынан түсіндірілді. Осыған орай зерттеушілер тілдегі үндестік заңында дауыстылардың рөлін шешуші деп бағалаған. Алайда қазіргі зерттеулер нәтижесі бұл көзқарасты толықтырды. Дауыссыздардың да жуан-жіңішкелігі тілдің фонетикалық жүйесінде маңызды қызмет атқарып, қазақ тілінің өзіндік құрылымдық ерекшелігін айқындайтын белгілердің бірі екені анықталды.

Сингармонизм теориясының жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы өткен ғасырдың соңына тән құбылыс болды. Осы кезеңде қазақ тіл білімінде сингармонизм мәселесін арнайы зерттеген еңбектердің саны едәуір артты. Сингармонизм түркі, соның ішінде қазақ тіліне тән ерекше заңдылық ретінде бағаланып, оның негізгі лингвистикалық қызметі – сөзқұраушы (просодикалық) рөлі екенін ғалымдар кеңінен мойындады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі сингармонизм тұрғысынан талданып, бұрын назардан тыс қалып келген бірқатар жаңа фонетикалық құбылыстардың табиғаты айқындалды. Нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жаңаша сипатталып, оның құрылымдық ерекшелігі тереңірек танылды.

Уақыт өте келе сингармонизмге деген ғылыми көзқарас айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Ең бастысы, сингармонизм енді сөздің тұтас құрылымына тән просодикалық құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Осы тұрғыдан алғанда, сөз құрамындағы буындар мен қосымшалардың алдыңғы

дыбыстық сегментке бағынып үндесуі туралы дәстүрлі түсінік өз маңызын жоғалтты. Демек, буындар арасындағы немесе түбір мен қосымша арасындағы үндестік заңдылықтары енді синтагматикалық (тізбектік) құбылыс ретінде емес, сөздің тұтас фонологиялық құрылымына тән қасиет ретінде бағаланады. Сондай-ақ сөздіктер мен оқулықтардағы лексикалық материалдарды талдау барысында үндесімнің өзіндік ерекшелігін сақтаған көптеген төл сөздер анықталды. Біз бұл еңбекте солардың ішінен сингармониялық үндесімнің айқын үлгісін көрсететін сөздерге ғана назар аудардық.

Қорытындылай айтқанда, сингармонизм – түркі, соның ішінде қазақ тілінің де күрделі әрі тұтастықты білдіретін құбылысы ретінде сөздің просодикалық сипатын айқындайтыны дәлелденді. Ол сөз құрамындағы барлық дыбыстарды өзара біріктіріп, олардың үйлесімді байланысын қамтамасыз етеді, соның нәтижесінде дыбыстар біртұтас жүйе құрап, толық мағыналы сөз жасайды. Демек, қазақ сөзінің дұрыс айтылуы мен дұрыс танылуы сингармонизм заңдылығына тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда түркі тілдеріндегі сингармонизмге қатысты зерттеулер кеңейіп, оның артикуляциялық (дыбыстау) және фонологиялық (қызметтік) қырлары түрколог-ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. Сол еңбектердің нәтижесінде сингармонизмнің фонетикалық теориялар деңгейінде нақты сипаттамасы жасалып, оның тіл жүйесіндегі орны айқындалды.

Түркі тілдерінің фонетикасы артикуляция-акустикалық аспекті тұрғысынан кең түрде қарастырылуда. Физикалық сипаттар ретінде тіл дыбыстарының артикуляторлық және жиілік көрсеткіштерімен қатар олардың естілім табиғаты да зерттелуде.

Қазіргі кезде дыбыстардың естілім сипаты бойынша тәжірибелерге зерттеу жүргізуге қызығушылық барынша артуда, себебі зерттеушілер олардан тілдік сигналдың сипаттамаларының маңыздылығын анықтауға және дыбыстық анализіне көшуге мүмкіндік беретін тілдік единицаларды фонетикалық сипаттаудың дербес әдісін анықтауға мүмкіндік алады. Тілдегі фонетикалық белгілерді қабылдау, тілдік қатынаста маңызды қызмет атқарады. Оның тәжірибеде зерттелуі тілдің дыбыстық қасиетін қарастыруда маңызы жоғары.

Сингармонизм теориясында шығу тегі бір болғанымен, ұғымдық, терминдік, процесуалдық, т.б. айырмашылықтары бар ірі ғылыми ағымдар пайда болғанын баса айту керек. Бұл ғылыми ағымдар бүгінде жеке-жеке теориялар деңгейіне көтерілді. Сонымен бірге сингармонизм ілімінің құрамында екі фонологиялық көзқараста ізденіс жүргізетін, екі ғылыми топты дүниеге келтірді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдің дыбыстық жүйесін жан-жақты зерттеуге арналған еңбектер аз емес. Қазақ тілі дыбыстарының табиғаты, олардың тарихи қалыптасуы, сегменттік және просодикалық деңгейдегі ұйымдасуы туралы зерттеулердің мазмұны мен бағыты кеңейіп келеді. Бұл

еңбектер негізінен екі ірі бағытқа топтастырылады: біріншісі: дәстүрлі фонема-акценттік теория негізінде дыбыстардың реңктері мен артикуляциялық ерекшеліктерін, сөздің просодикалық құрылымын талдауға бағытталған зерттеулер; екіншісі: дыбыстардың өзара үндесу (коартикуляция) заңдылығына сүйенген, яғни сингармония теориясы тұрғысынан қарастырылған еңбектер. Біздің зерттеу жұмысымыз осы екі бағыттың арақатынасын талдап, соның ішінде екінші, сингармония теориясына негізделген бағыттың дамуына тереңірек назар аударуға, оның ғылыми тұжырымдары мен әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталды.

Біз түркі тілдерінің тарихи даму үдерісіндегі фонетикалық жүйенің өзіндік сипатын әлем тілдерінен ерекше, жүйелік айырмашылық ретінде танылатын сингармонизм құбылысын жан-жақты қырынан талдауға талпыныс жасадық. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі ортақ белгілердің табиғатын, олардың өзгеру себептері мен айырым ерекшеліктерін түсіндіруде ғылыми көзқарастар мен әдістемелердің бірізді болмауы бұл мәселені қазіргі тіл білімінің ең өзекті тақырыптарының біріне айналдырды.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің басты ерекшелігі саналатын сингармонизм теориясы ұзақ уақыт бойы тек дауысты дыбыстар үндестігі ретінде түсіндіріліп келді. Бүгінгі күнге дейін көптеген оқулықтарда, ғылыми еңбектерде және сөздіктерде осы ұстаным үстемдік етіп отыр. Алайда сингармониялық тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуде акценттік тілдерге тән заңдылықтар мен үлгілердің қолданылып жүргені байқалады, бұл өз кезегінде түркі тілдерінің табиғи жүйесін тереңірек түсіндіруге кедергі келтіріп отыр.

Соңғы жылдары тіл білімінің дыбыстық жүйесінде сингармониялық және сингармофологиялық жаңа бағыттар айқындалып, өзіндік теориялық негізін қалыптастырды. Үндестікке құрылған бұл теориялардың акцентті-фонемалық тұжырымдармен қатар тілдің фонологиялық кеңістігінде маңызды орын алуы – тек қазақ тілтанымының емес, жалпы түркология мен әлем тіл білімінің зор жетістігі екені дәлелденіп келеді.

Қазіргі акцентті – фонемалық және сингармониялық теориялардың қалыптасу тарихын, олардың өзегін құрайтын негізгі ұғымдары мен терминологиялық жүйесін, сондай-ақ зерттеу әдістері мен бағыттарының ерекшеліктерін талдап сипаттау – бүгінгі тілтанымдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Бұл диссертациялық зерттеуде түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі мен ондағы фонетикалық құбылыстардың өзіндік табиғаты айқындалып, осы салада қалыптасқан ғылыми көзқарастарға жан-жақты талдау жасалды. Түркі тілдеріне тән сингармонизм құбылысының ерекшеліктері сипатталып, оның тілдік жүйедегі орны мен маңызы ашып көрсетілді. Сонымен қатар дыбыстардың қолданылу заңдылықтары, тарихи қалыптасу арналары мен функционалдық қызметі тұрғысынан лингвистикалық тұрғыда кешенді талдау жүргізілді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде:

- түркі тілдеріндегі дыбыстардың негізгі ерекшеліктері айқындалды;
- түркі тілдеріндегі дыбыстардың генезисі тарихи тілдік материалдармен негізделді;
- түркі тілдеріндегі сингармонизм теориясы ғылыми тұрғыда қарастырылды;
- түркі тілдерінің фонетикалық, фонологиялық ерекшеліктеріне сингармонизм тұрғысынан жүйелі түрде ғылыми түсініктеме берілді және лингвистикалық талдау жасалды.

Жұмысты қорытындылай келе, біз мынандай тұжырым жасаймыз: *бірінші тарау бойынша*, қазақ тілтанымындағы сингармонизм заңдылығы аясындағы ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен анықтамалары бірізді емес, сол себепті де қазақ тілінің дыбыстық жүйесін эксперимент әдісімен зерттеген қазақ ғалымдарының қорытынды пікірлері қазіргі түркологиялық зерттеулерде алдыңғы қатардан көрінеді деген тоқтамға келдік. Осы тарауда тіліміздегі үндесім бірліктердің құрылымын сөз, буын, дыбыс деңгейінде талдап, жалаң, қос, тоғыз, он екі құрамды үндесім бірліктер бойынша біршама мысалдар бердік, аталған бірліктердің үндесім модельдерін, қазақша атауларын, анықтамаларын жүйеге келтіріп, кестелермен көрнекілеп шықтық.

Екінші тарауда айтылғандарды жинақтай келе, мынандай қорытынды жасауға болады: түркі тілдеріндегі үндестік заңы көп қырлы құбылыс, сондықтан оны қарастырған кезде бірнеше қырынан келуіміз қажет. Басқаша айтқанда, сингармонизмді зерттеген кезде сингармонизмнің морфонологиямен тікелей байланысын ескеру маңызды. Мұнан басқа, «дауыстылар үндестігі» мен «екпін» ұғымының арасын шектеу, дауыстылардың ерін және езу үндестіктерінің бір мезгілде пайда болғандығын көрсетеді. Сонымен бірге сингармонизмді агглютинациямен тығыз байланыста және ассимилятивті тұрғыда қарастыруымыз дұрыс болмақ. Қазіргі түркі тілдеріндегі дауыстылардың тіл (таңдай) үндестігі хакас және ұйғыр тілдерінен басқаларында бірдей, бірізді болып келеді. Ал дауыстылардың ерін үндестігін айтар болсақ, онда түрлі себептерге байланысты әртүрлі болып келетінін байқадық.

Үшінші тарауда жазба ескерткіштердегі үндестік заңына сипаттама жасалды. Қазіргі түркі тілдерінің кейбір говорларында үндестік заңының бұзылып қолданылу себептеріне талдау жүргіздік. Үндестік заңының бұзылуына тілдің сыртқы факторларымен бірге ішкі факторларының әсер ететінін байқадық.

Зерттеу барысында мына жағдайлар анықталды: ерін үндестігі қырғыз және якут (саха) тілдерінде толық көрініс тапқан. Түркі тілдеріндегі үндестік заңындағы ерекшеліктермен қатар ұқсас жақтары да мол. Ерін үндестігінің ортақ белгілері түркі тілдерінің бір ғана тобына тән емес, өзге топтарына да тән екендігі байқалады. Мұндай жағдай дауыссыздардың үндестігіне де тән. Мысалы, қосымшаларда қысаң еріндік дауыстылардың

өзара ұқсастығы оғыз тобында да, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдерге де ортақ.

Біздің ойымызша, осының бәрі түркі тілдерінің барлығының бір тектілден тарағандығының тағы дәлелі болса керек.

Әрбір түркі тілінің просодикалық құралдарына түркі тілдерінің грамматикалық құрылымына жүйелі талдау жүргізумен ұштастыра отырып, олардағы семантикалық заңдарды жадта ұстап, кешенді зерттеу жүргізу-түркі тілі сингармонизміндегі әлі шешімін таппаған және даулы мәселелерге жауап табуға мүмкіндік берері сөзсіз. Бұл жерде дәл қорытындылауда эксперименттік зерттеулердің әдіс-тәсілдерін қолдану мен перфокарталау тәсілімен материалдарды жүйелеп жинаудың маңызы үлкен.

Түркі тілдеріндегі сингармонизм құбылысының табиғаты мен ерекшеліктерін анықтап, оны жан-жақты сипаттау түркі халықтарының этногенезі мен глоттогенезі мәселелерін тереңірек түсінуге және олардың тарихи-тілдік даму үдерісін нақтылауға мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан тарихи сөздіктер құрастыруға, сөз этимологиясын ашуға, тарихи фонетика мен сөз сингармонизмі жайлы арнайы курстар мен лекциялар ұйымдастыруға септігін тигізеді. Бұл зерттеу қазақ сөзінің қазіргі айтылым (орфоэпиялық) және жазылған (орфографиялық) үлгілері арасындағы алшақтықты реттеуге негіз бола алады. Сондай-ақ қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен жүйесін, буын түрлері мен олардың дыбыстық құрылымын, сөз сингармонизмінің үндесімдік варианттарының өзгеру, түрлену заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. –М.: Наука, 1984. – 484 с.
2. Махмуд ал – Кашгари. Диван лугат ат - турк / перевод предисловие и каментарий З-А. М.Ауезовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом.- Алматы: Дайк-пресс, 2005. -1288 с.
3. Ильминский И.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861. – 49 с.
4. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х томах (8-и книгах). Санкт-Петербург, 1888-1911.– 318 с.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 247 б.
6. Жунибек А. Ведение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Издательство "Арыс", 2009. – 108 с.
7. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 215 б.
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
9. Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. дисс. ...д-ра филол.наук. – Алма-Ата, 1988. – 60 с.
10. Кемеңгерұлы Қ. Шығармалар жинағы. 2 том, «Алаш», Алматы, 2005. 235 б.
11. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1993. – 663 б.
12. Джунибеков А. Просодика слова в казахском языке.– Алма-Ата: Наука, 1987. – 92 с.
13. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – 69 б.
14. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1993. – 200 б.
15. Абуов Ж. Перцептивная фонетика. – Алматы: КазГЮА, 1999. – 226с.
16. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 75 с.
17. Абуов Ж. Сингармоническая основа восприятия тюркской речи. – Алматы, 1997. – 217 с.
18. Кенесбаев С.К. Исследования по казахскому языкознанию. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 420 с.
19. Современный казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1962. – 452 с.
20. Мырзабеков С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 320 б.
21. Бартольд В.В. Тюрки. изд. Алматы: Жалын, 1998. 192 с.
22. Мелиоранский П.М.Краткая грамматика қазақ\киргизского языка. Фонетика, этимология. Ч. I. - СПб., 1894. – 135 с.
23. Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А., Гордина М.В. Основы общей фонетики. 1-е изд. – Л., 1983. – 152 с.

24. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – 206 с.
25. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. «Мектеп», Алматы, 1981. 207 бет.
26. Фазылжанова А. Қазақ тіліндегі қос құрамды құрмалас сөйлем интонациясы. Филолог. ғылым. канд... дисс. авторефераты. – Алматы, 2000. – 25 б.
27. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А., 2018. – 368 б.
28. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – А., 2009. – 312 б.
29. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИРО, 1998. – 480 б.
30. Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита. // В кн.: Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970, С. 123-148.
31. Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов. В кн.: Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970. С. 157-162.
32. Қалиев Б. Редукция узких гласных в казахском и каракалпакском языках. Автореф. дис... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1967. – 16 с.
33. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 115 б.
34. Исаев М. Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. – 352 с.
35. Базарбаева З. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 224 б.
36. Қошқаров А. Фрикативные согласные казахского языка. Автореф. дис... докт. филолог. наук. – Алматы, 1996. – 40 с.
37. Татубаев С. Тайны звука (очерки по фонетике казахского языка по сравнению с речью). – Алма-Ата, 1978.
38. Райымбекова М. Ассимилятивные сегменты в казахском языке. Автореф. дис... докт. наук. – Алматы, 1998. – 57 с.
39. Нәзбиев Ж. Сингармонические сегменты в казахском языке. Автореф. дис... докт. филолог. наук. – Алматы, 1998. – 57 с.
40. Сәдуақас Н. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. Филолог. ғылым. канд... дисс. авторефераты. – Алматы, 1999. – 28 б.
41. Оразалин І. Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының жасалым түрленімі. Филолог. ғылым. канд... дисс. авторефераты. – Алматы, 2001. – 30 б.
42. Бәйімбетова Ә. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелу жайы. // Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 39-41.
43. Исаева Ж. Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филолог. ғылым. канд... дис. автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.

44. Қайдарова Г. Қазақ тіліндегі орфографиялық буын жайлы. //Тілтаным,
– Алматы, 2005, № 2. – Б. 117-123.
45. Молдашева А. Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың үйлесім түрленімі. Филолог. ғылым. канд... дис. автореф. –Алматы, 2007. - 22 б.
46. Әлімбаев М. Қазақ тіліндегі үндесім (сингармонизм) құбылысының артикуляциялық сипаты. Филолог. ғылым. канд... дис. автореф. – Алматы, 2006. – 22 б.
47. Аманбаева А. Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. дисс... автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.
48. Жұмабаева Ж. Түркі тілдеріндегі дауыстылардың фонологизациялануы. Филлол. ғылым. канд... дисс. автореф. – Алматы, 2006. – 26 б.
49. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 93 с.
50. Көпбосынов Б.К., Боранбаев С.Р. Қазақ тіліндегі сингармонизмнің зерттелуі. // Ясауи университетінің хабаршысы. №4 (126), 2022. Б.19-28.
51. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
52. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: Ғылым, 1975. – 304 б.
53. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 144 б.
54. Тайлакбаев Б.Ж. Экспериментально-фонетическое исследование шумных смычных согласных казахского языка и сопоставление их переходных участков с соответствующими локусами аналогичных согласных английского языка: АКД. – Алма-Ата, 1972.
55. Бәйімбетова Ә. Қазақ тілі тоғысыңқы дауыссыздарының фонетикалық түрленімі: КДА. – Алматы, 1999. – 24 б.
56. Баймұханов Б. Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалым және түрленім жүйесі: КДА, – Алматы, 2005. – 22 б.
57. Көпбосынов Б.К., Алимбаев М.Ә., Серкебаева Г.Ы. Character and synharmony of consonants in the Kazakh language (Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың сипаты және сингармонизмі) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. №2 (151), 2025. Б.77-87.
58. Реформатский А.А. Иерархия фонологических единиц и явления сингармонизма. // Исследования по фонологии. – М.: Наука, 1966. – С 186-198.
59. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л., 1948. – 275с.
60. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Издательство “Наука”, 1970. – 204 с.
61. Норман Б.Ю., Павленко Н.А. Введение в языкознание. – Минск: “Вышэйшая школа”, 1984. – 365 с.

62. Ахунзянов Э.М. Общее языкознание. – Казань: Издательство Казанского университета, 1981. – 256 с.
63. Cəlilov F. Azərbaycan dilinin morfonologiyası. – Bakı: «Maarif» nəşriyyatı, 1988. -286 s.
64. Шухардт Г. Избранные статьи по языкознанию. – М.: Издательство иностранной литературы, 1950. – 292 с.
65. Касевич В.Б. Морфонология. – Л.: Издательство Ленинградского университета, 1986. – 160 с.
66. Садыков Т. Теоретические основы кыргызской фонологии и морфонологии. Автореф. на соиск. докт. фил. наук. - Алматы, 1995. – 43 с.
67. Юсифов М.И. Сравнительная фонетика тюркских языков огузской группы. Автореф. на соиск. докт. фил. наук. – Баку, 1986. – 38 с.
68. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953. – 220 с.
69. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – М.: Издательство иностранной литературы, 1960. – 372 с.
70. Бодуэн де Куртэне И.А. Резья и резьяне // Славянский сборник. Т.3. – СПб., 1876. – 400 с.
71. Radloff W.W. Vergleichende Grammatik der nördlichen Türkssprachen. Phonetik. – Leipzig, 1882. – 318 s.
72. Deny J. Grammaire de la langue turque: (Dialecte osmanli). – P., 1920. – 1218 s.
73. Кязимов Ф.А. Принципы сингармонизма в азербайджанском языке. // Изв. ОЛЯ АН СССР. Т. 13. Вып. 1. - М., 1954. С. 88-96.
74. Оглоблин И.А. К проблеме сингармонизма: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. –Л., 1971. – 24 с.
75. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. - М.-Л.: Издательство АН СССР, 1956. –569 с.
76. Золхоев В.И. Фонология и морфонология агглютинативных языков. – Новосибирск: Издательство «Наука», 1980. – 143 с.
77. Көпбосынов Б.К. Сингармонизмнің тілдің фонетикалық, морфологиялық және морфонологиялық деңгейлеріндегі көрінісі жайлы тұжырымдар // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №5 (49). Астана 2017. Б.204-206.
78. Исхаков Ф.Г. Гармония гласных в тюркских языках. // ИСГТЯ, 1955, часть I, с. 122-159.
79. Батманов И. Фонетическая система современного киргизского языка. - Фрунзе, 1946. – 173 с.
80. Hülya Çengel Kirgiz türkçesi gramleri. Анкара 2005 - 422
81. Джунибеков А. Инструментальный анализ гласных // Строй казахского языка. Фонетика. – Алматы: Наука, 1991.
82. Дыренкова Н.П. Грамматика шорского языка. – Л., 1941. – 308 с.
83. Егоров В.Г. Современный чувашский язык. – М., 1971.

84. Торсуев Г.П. Константность и вариативность в фонетической системе (на материале англ. яз.). – Москва: Наука, 1977. – 125 с.
85. Сейдакматов К. Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздүгү. – Фрунзе: Илим, 1988. – 336 с.
86. Грамматика туркменского языка, часть I (под редакцией Н.А.Баскакова, М.Я.Хамзаева и Б.Чарыярова). – Ашхабад, Издательство “Ылым”, 1970. – 503 с.
87. Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка. – М.: Издательство “Наука”, 1964. – 298 с.
88. Русско-карачаево-балкарский словарь (под ред. Х.И. Суюнчева и И.Х. Урусбиева). – М.: “Советская энциклопедия”, 1965. – 744 с.
89. Ширалиев М.Ш. Диалекты и говоры азербайджанского языка. – Баку: Издательство «Элм», 1983. – 197 с.
90. Axundov A. Azarbaycan dilinin fonetikasi, – Baki, “Maarif” nəşriyyati, 1984. – 391 s.
91. Дмитриев Н.К. Турецкий язык, М., Издательство восточной литературы, 1960, 94 с.
92. Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. – М.: Издательство АН СССР, 1955. – 152 с.
93. Турецкорусский словарь / Баскаков Н.А., Голубева Н.П., Кямилева А.А., Любимова К.М., Салимзянова Ф.А., Юсипова Р.Р./ – М.: Издательство “Русский язык”. 1977. – 966 с.
94. Караимско-русско-польский словарь (под редакцией Н.А.Баскакова, А.Зайончковского, С.М.Шапшала), Издательство “Русский язык”, 1974. – 685 с.
95. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – М., -Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – 203 с.
96. Меметов А. Крымскотатарский язык. Фонетика. Учебное пособие. – Симферополь: КРП «Издательство «Крымучпедгиз», 2012. – 72 с. На русском и крымскотатарском языках. 34-37 с.
97. Татарско-русский словарь (под редакцией О.В.Головкиной и М.М.Османова), М.: “Советская энциклопедия”, 1966, -863 с.
98. Языки Народов СССР, Тюркские языки (под редакцией Н.А.Баскакова), т. II, М., Издательство “Наука”, 1966. -531 с.
99. Түймебаев Ж., Ескеева М., Усманова М. Қазақ және башқұрт тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2018. – 272 б.
100. Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка. – Алма-Ата, 1970. – 179 с.
101. Түймебаев Ж., Ескеева М., Абдиназимов Ш. Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2018. – 248 б.
102. Қалыбаева Т., Тымболова А., Алишева А.Н. «Қазақ және кыргыз тілдеріндегі ғұрыптық лексика» // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №1 (169). 2018, 97-100

103. Ашмарин Н.И. Общий обзор народных тюркских говоров гор. Нухи, Баку. Издание Общества обследования и изучения Азербайджана, 1926. – 196 с.
104. Введение в языкознание (под редакцией Л.И. Баранниковой и др.). –Саратов: Издательство Саратовского университета, 1984. -75 с.
105. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. –Алматы, 1994. – 168 б.
106. Чанков Д. И. Согласные хакасского языка. – Абакан, 1957. – 107с.
107. Көпбосынов Б.К. Қазақ тілі фонетикасының (дауысты дыбыстар) зерттелуі // Қазақстанның ғылыми әлемі. – №3 (43), 2012. Б. 30-33.
108. Айдаров Г. Язык орхонского памятника Бильге-Кагана. – Алма-Ата: «Наука», 1966. – 93 с.
109. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. - М.-Л.: Издательство АН СССР, 1956. –569 с.
110. Кодухов В.И. Введение в языкознание. -М.: «Просвещение», 1979. –351 с. с ил., 1 отд. л. карт.
111. Баскаков А. Н. Введение в изучение тюркских языков. Изд. 2-ое. - М., 1969. – 384 с.
112. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 192 б.
113. Татарская грамматика (под редакцией М.З.Закиева, Ф.А.Ганиева, К.З.Зиннатуллиной), т. I, Казань, Татарское книжное издательство, 1993, 584 с.
114. Серкебаева Г.Ы., Боранбаев С.Р., Бескемпирова. Г. «Кодекс Куманикус» ескерткіші тіліндегі наным-сенімдерге қатысты лингвомәдени бірліктердің танымдық сипаты. // Ясауи университетінің хабаршысы. №2 (132), 2024. Б.152-166. ISSN-р 2306-7365. ISSN-е 2664-0686.
115. Оглоблин И.А. К проблеме сингармонизма: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Л., 1971. – 24 с.
116. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – М.: Издательство иностранной литературы, 1962. – 71 с.
117. Талипов Т. Фонетика уйгурского языка. – Алма-Ата: «Наука», 1987. – 256 с.
118. Жалмаханов Ш.Ш. Түркі тілдерінің қысқаша тарихи-салыстырмалы сөздігі. Қарағанды, 2021. 284 бет.
119. Айдаров Ғ «Тоникук ескерткішінің тілі (VIII) тілі». Алматы : Қазақстан, 2000. - 119
120. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – А.: Наука, 1986. – 328 с.
121. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. Лингвистикалық ғылыми әдебиет. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 - 304.
122. Аманжолов С. Новый алфавит и орфография казахского литературного языка. Алма-Ата.Казгосполитзат. 1940.-33б

123. Құрышжанұлы Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Мектеп. Алматы-1971 - 262 б
124. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1988 - 280 б
125. Сыздықова Р. Яссауи тілі. Таңдамалы 6 том.
126. Сағындықов Б. Қазақ тілінің тарихы. Жаңа курс: Лекциялар. – Алматы: «Қазақ университеті», 2023-145б
127. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Алматы: «Liber» баспасы, 2021 - 464б
128. Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки куманский и армяно-кипчакский. - Алма-Ата. «Наука» 215
- 129 Rəcəbov Ə., Məmmədov Y. Orxon-yenisey abidlari. – Bakı: «Yazıcı», 1993. – 396 s.
130. Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. – Фрунзе: Издательство «Илим», 1971. – 65 с.
131. Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. Современная и древняя енисейка. – Фрунзе: Издательство АН Киргизской ССР, 1962. – 249 с.
132. Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках (под редакцией академика И.А. Батманова). – Фрунзе: Издательство «Илим», 1971. – 196 с.
133. Насилов В.М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. – М.: Издательство “Наука”, 1974. – 101 с.
134. Korbossynov B. Etymology of many anthroponyms of modern Kazakh language and anthroponyms of old kipchak language // Humanities in the 21st century: scientific problems and searching for effective humanist technologies. 2nd edition Copyright © 2016 by Research and Publishing Center «Colloquium» All rights reserved. Published by B&M Publishing. San Francisco, California, USA ISBN-10:1-941655-39-4.
135. Амирова Г.О., Боранбаев С.Р. Әз-замахшаридің «Мукаддимат әл-адаб» еңбегінің тілдік ерекшелігі. // ҚазҰУ хабаршысы. Арнайы басылым №2. Алматы, 2023. Б. 6-13. ISSN 1563-0358. eISSN 2617-7161.
136. Тенишев Э.Р. В.В. Радлов – фонетист и грамматист // Тюркологический сборник. 1971. – М.: Наука, 1972. – С. 36-40.
137. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – М.: Аспект Пресс, 2000. – С. 5-54.
138. Боранбаев С. Р., Көпбосынов Б.К. Орта түркі тілдік элементтердің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі // Ізденіс (Поиск). Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №2(2) 2012.
139. Ольмесов Н.Х. Сравнительно-исторические исследования диалектной системы кумыкского языка. Фонетика. Морфонология. Махачкала, 1997. – 327 с.
140. Кочакаева З.К. Особенности сингармонизма уллубийаульского говора кумыкского языка // «Известия Российского государственного

педагогического университета». – Санкт-Петербург РГПУ, 2008. – Вып. 36. – С. 113-116.

141. Поливанов Е.Д. Узбекская диалектология и узбекский литературный язык. – Ташкент: Узгосиздат, 1933. – 45 с.

142. Решетов В.В. Узбекский язык, часть I. Ташкент: Государственное учебно-педагогическое издательство Уз. ССР, 1956. – 357 с.

143. Кайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. Часть I. – Алма-Ата, 1969. – 356 с.

144. Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. – М.: «Наука», 1975. – 303 с.

145. Азизов Э.И. Гармония гласных в диалектах и говорах азербайджанского языка. Автореф. на соиск. канд. фил. наук. – Баку, 1974. – 24с.

146. Тодаева Б.Х. Монгорский язык. – М.: «Наука», 1973. – 391 с.

147. Раджабов Н. Карнабский говор узбекского языка. Автореф. на соиск. канд. фил. наук. – Самарканд, 1958. – 17 с.

148. Кадыров Р.С. Дербентский диалект азербайджанского языка в сравнительно-историческом освещении (Фонетика. Лексика). – Махачкала, 2000. – 184 с.

149. Ольмесов Н.Х. Бораганский говор и его место в системе диалектов кумыкского языка. – Махачкала, 1994.

150. Гаджиахмедов Т.И. Янгикентский говор кайтагского диалекта кумыкского языка. -Махачкала, 2006. – 140 с.

151. Özçelik Ö., The Phonology of Turkish. Oxford University Press, 2024. – 304 б.

152. Mamayev Zh. B., Boranbaev S.R., Karabayeva K.A., Issayeva Zh.I., Mamayeva G.B.. Kazakh-Uzbek literary relations: History and Specificity of Literary Translation. // International Journal of Society, Culture and language LJSCL, 9(2), 2021. P. 115-122. ISSN 2329-2210.

153. Serkebaeva G.I., Boranbaev S.R. Binary Oppositions as a Method of Conceptualization: A case of Codex Cumanicus. // International Journal of Society, Culture and language LJSCL, 2023. P. 2-12. ISSN 2329-2210.

154. Гаджиева Н.З. Азербайджанский язык // Языки народов СССР. Т. II. Тюркские языки. – М., 1966.

155. Грамматика киргизского литературного языка (под редакцией Абдулдаева, С.Кудайбергенова, О.В.Захоровой (ответственный редактор), А.Орусбаева, А.Турсунова), часть I.-Фрунзе: Издательство “Илим”, 1987. – 402 с.